Историю Казахской степи исследуют также наши соотечественники, проживающие в ближнем и дальнем зарубежьях. Так, москвич Мурат Аджи установил, что в странах Западной Европы было очень много степных жителей, исповедовавших тенгрианство, а в средневековье в Киевской Руси государственным языком был тюркский (древнеказахский) и все документы заполнялись по-турецки.

Известный поэт-ученый О.Сулейменов доказал, что автором произведения «Слово о полку Игореве», которое считается началом письменной литературы русского народа, является степной житель и само произведение написано на древнем казахском языке. Это в свое время вызывало сенсацию.

Большое каменное письмо о Култегине и Бильге хане, найденное в Орхоне, первым прочитал в 1893 г. датчанин В.Томсен, тем самым он выдвинул предположение о том,

что тюрки произошли от финно-угорских народов. Видимо он тогда не знал, что все наоборот, т.е. финно-угорские народы имеют скифские (сахские) корни и они пользовались клинописью степных жителей, как и тюрки. Вот это единство корней и помогло далекому датчанину найти ключ к чтению Большого Орхонского письма. В России элита тюркского происхождения в XIX в. занялась специальным изучением тюркской культуры и своего происхождения, тем самым внесла большой вклад в историю.

Н.Бичурин отмечал, что историю каждого народа должны писать представители этого же народа, только тогда она будет истинной.

Казахский народ является одним из самых древних народов в мире. У него самобытные традиции. Для познания особенностей казахской нации не достаточно быть казахом, для этого необходимо в совершенстве знать ее язык и культуру. Из этого следует, что историю казахов могут познать и полностью воссоздать сами истинные казахи, а в истории казахов очень много пробелов и неясностей. Например, о древних народах Адай, Алшын и т.д. мы до сих не все знаем. Мастер шежире Машхур Жусуп отмечал, что все сведения доходя до этнонима Аргын останавливаются, а когда он возник, и что было до него неведомо.

В настоящее время разные народы в разных странах путем специальных исследований письменных источников и устных преданий начали восстанавливать историю своих предков, познавать историю своих народов. Например, жители Сибири – якуты восстановили свое исторические самоназвание сахи и провозгласили себя Республика Саха; венгры и турки – открыто заявляют свое родство с казахами, ведь они в разное время ушли с Казахской степи. Со временем этот процесс приведет многих к истокам своей истории и многие познают, что они являются выходцами из степных жителей и сахских племен.

Изучение истории должно сопровождаться в сочетании с исследованием преданий существующих в памяти народа и данных археологических материалов, критическим анализом письменных эпизодов и сведений о нашей древней истории, зная, что они не всегда являются истиной и зачастую даже искажены, все это нужно сопоставлять с данными, передаваемыми из поколения в поколение устно.

СОДЕРЖАНИЕ

Введение	4
1. История развития органического мира на Земле	7
1.1. Историко-геологические сведения	7
1.2. Природная обстановка и органический мир в антропогене	15
1.3. Геологическая история Казахстана	21
1.4. Природная обстановка на территории Казахстана в антропогене.....	24
2. Природные условия возникновения человека.....	32
2.1. Биологический фактор.....	32
2.2. Геолого-географические условия	32
2.3. Экологическая обстановка.....	36
3. Геолого-тектонические изменения в природе	37
3.1. Неогеновый период	37
3.2. Четвертичный период (квартер)	38
3.2.1. Эоплейстоценовое время	39
3.2.2. Раннеплейстоценовое время.....	40
3.2.3. Среднеплейстоценовое время.....	42
3.2.4. Позднеплейстоценовое время	44
3.2.5. Голоценовая эпоха	46
3.3. История Аральского моря и Балхашского озера	51
4. Природная связь между Казахской степью и Северной Евразией	53
4.1. Начало антропогена	53
4.2. Поздний плейстоцен	54
4.3. Голоценовая эпоха	58
4.3.1. Пред boreальный период	59
4.3.2. Бореальный период	60
4.3.2. Атлантический период	60
4.3.4. Суб boreальный период	61
4.3.5. Субатлантический период	62
5. Поселения первых людей	65
5.1. Палеолит	66
5.1.1. Арыстандынская культура.....	68
5.1.2. Ашельская культура.....	73

5.1.3. Мустьерская культура.....	92
5.1.4. Позднепалеолитическая эпоха	104
5.2. Мезолит	105
5.3. Неолит.....	106
5.4. Энеолит (медный век)	109
5.5. Бронзовый век.....	110
5.6. Начало железного века.....	111
6. Расселение людей и формирование рас	112
6.1. Природные причины переселения людей.....	112
6.2. Формирование рас.....	119
7. Протосахские и сахские племена.....	124
7.1. Протосахские племена	124
7.2. Сахские племена.....	125
7.2.1. Племена Тыссахи и Жыраки	128
7.2.2. Племя Гиперборей.....	128
7.2.3. Племя Дай.....	129
7.2.4. Племя Сармат	129
7.2.5. Племя Массах.....	130
7.2.6. Племя Арыс	130
7.2.7. Племя Асы	133
7.2.8. Племя Невр и этруски	134
7.2.9. Племена Будин и Динлин	135
7.2.10. Племя Хансах.....	136
7.2.11. Племя Гун.....	136
7.2.12. Сахские племена Восточной степи	138
8. Коалиции (жузы) сахов и казахский народ	143
8.1. Сообщество Великой коалиции (Улы жуз).....	144
8.2. Сообщество Малой коалиции (Киши жуз)	146
8.3. Казахский народ.....	147
8.4. Древние казахские государства.....	154
9. Культура древних степных жителей, сахов-казахов	164
9.1. Социальное положение.....	164
9.2. Ремесло	169
9.3. Язык	171
9.4. Письменность.....	173
9.5. Религиозные верования	176

9.6. Искусство.....	179
9.7. Наука	182
10. От шежире – к истории	187
11. Исторические персоны	199
11.1. Пророк Зороатуштра (Зората).....	199
11.2. Аристей землепроходец.....	201
11.3. Мудрец Анахарис	202
11.4. Вождь Мади	204
11.5. Царица Тумар (по-эллински Томирис).....	204
11.6. Вождь Уйсын.....	206
11.7. Маден таниркуты.....	207
11.8. Дау би (Даубаба).....	209
11.9. Елсау ханби	212
11.10. Нулы би	214
11.11. Дулы би.....	215
11.12. Майкы би	216
11.13. Вождь Аттила	218
11.14. Естемес хаган	218
11.15. Карапш хан.....	220
11.16. Байдибек би (Байдыхан).....	222
11.17. Коркыт ата	223
12. Топонимы	226
12.1. Ленгер (Илингир)	228
12.2. Арыстанды	228
12.3. Арганаты	229
12.4. Белеуты и Буланты	230
12.5. Теректы.....	231
12.6. Кенгир	231
12.7. Казыгурт.....	232
12.8. Чигу (город в красной долине).....	235
12.9. Тюркубасы (Глава тюрков)	236
12.10. Мынбулак.....	238
12.11. Козыбасы	239
13. Великий Шелковый путь	243
Заключение	248

**ҚАЗАҚСТАН
АНТРОПОГЕНДІК
ТАРИХЫ**

9.6. Искусство.....	179
9.7. Наука	182
10. От шежире – к истории	187
11. Исторические персоны	199
11.1. Пророк Зороатштра (Зората).....	199
11.2. Аристей землепроходец.....	201
11.3. Мудрец Анахарсис	202
11.4. Вождь Мади	204
11.5. Царица Тумар (по-эллински Томирис).....	204
11.6. Вождь Уйсын.....	206
11.7. Маден таниркуты.....	207
11.8. Дау би (Даубаба).	209
11.9. Елсау ханби	212
11.10. Нулы би	214
11.11. Дулы би.....	215
11.12. Майкы би	216
11.13. Вождь Аттила	218
11.14. Естемес хаган	218
11.15. Карапаш хан.....	220
11.16. Байдибек би (Байдыхан).....	222
11.17. Коркыт ата	223
12. Топонимы	226
12.1. Ленгер (Илингир)	228
12.2. Арыстанды	228
12.3. Арганаты	229
12.4. Белеуты и Буланты	230
12.5. Теректы.....	231
12.6. Кенгир.....	231
12.7. Казыгурт.....	232
12.8. Чигу (город в красной долине).....	235
12.9. Тюркубасы (Глава тюрков)	236
12.10. Мынбулак.....	238
12.11. Козыбасы	239
13. Великий Шелковый путь	243
Заключение	248

**ҚАЗАҚСТАН
АНТРОПОГЕНДІК
ТАРИХЫ**

КІРІСПЕ

А н т р о п о г е н (*антропос* – адам, *генезис* – жаралу) – адамзат пайда болып, дамыған кезең. Оның ұзактығы қазіргі ғылыми деректер бойынша 3 млн жылды шамалайды. Ал, жанама деректерге қарасақ, антропоген кезеңі 4–5 млн жылдан асуы мүмкін. Жер тарихында антропоген кезеңі неогеннің жоғарғы бөлімі плиоценнен бастау алады. Антропоген немесе антропоген кезеңі атаудын 1922 жылы академик А.П. Павлов ұсынған.

Зерттеулер берген мәлімет бойынша, антропоген бастау алатын осыдан 4–5 млн жылдай бұрын жаһандық климат экологиялық түрғыдан алғанда қазіргіден әлдеқайда қолайлы, ал жылдық орташа температура қазіргімен салыстырғанда 5 градустан астам жылды болған.

Алғашқы адамдар (гоминидтер) әлемде бір-біріне тәуелсіз, бірақ шамамен бір геологиялық уақыт кезеңінде үш жерде – Африканың шығысында, Индоқытайдың онтүстігінде және Қазақ даласында пайда болғанды байқалады. Барлық континенттер мен елдерді мекендей отырған халықтар осы үш ошақтан таралған гоминидтердің үрпактары болып шығады. Осыдан 2–3 млн жыл бұрын пайда болып, содан бері өсіп-өніп өркендеген адамдар қазір 6,5 млрд-танасып, планетамыздың барлық жерімен қоса, ғарыш кеңістігін де игеруде.

Қасиетті Қазақ даласы Еуразия континентінің орталығында орналасып, көршілес елдерге ежелгі замандардан бері иғі ықпалын тиізіп келеді. Онтүстіктегі Қаратай өңірінде табылған тарихи геологиялық мәліметтерге жүгінсек, Қазақ даласын алғашқы адамдар осыдан 2 млн жылдан астам уақыт бұрын мекендей бастаған. Мұндай тұжырым Үлкен Қаратай жотасында Түркістан өлкесінің Арыстанды өзені аңғарынан ғалымдар Н.Н.Костенко, Х.Алпысбаев тапқан (1958) гоминидтердің мәдени тас құралдарының қалдықтары негізінде жасалып, тарихқа "Арыстанды мәдениеті" деген атпен (А.Медоев, 1982) еніп отыр.

Геологиялық карта түсіру жұмыстары кезінде (1960-шы жылдары) Үлкен және Кіші Қаратай жоталарының алқабында алғашқы адамдардың Арыстанды мәдениеті

кезеңінен бастап, соңғы палеолит заманына дейінгі уақыт аралығындағы көптеген алғашқы адам тұрактары белгілі болды. Бір ғажабы, алғашқы адамдар уақыт ағымында, табиғи ортаның өзгеруіне байланысты қолайсыз жағдай орнағанда басқа жерлерге коныс аударып, ал қолайлы жағдайлар қалыптасқанда осы мекендеріне қайта көшіп келіп отырған.

Алғашқы адамдар мекендеңен екінші ежелгі тұрақ Манғыстаудағы Қаратай жотасында, Каспий теңізінің Сарытас бүғазының жағалауында болғандығы анықталды. Осы мекендеңі Шақпақатасай шатқалынан табылған алғашқы адамдардың *Шақпақата* аталған тұрактарының уақыты да осыдан 2 млн жылдай бүрын басталып, палеолиттің сонына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл табиғи ескерткіштер де "Арыстанды мәдениетіне" жатады.

Ежелгі тұрактар айналасынан сол уақыттарда өмір сүріп, гоминидтер аңшылық жасаған ірі сүткоректілер сүйектерінің табылуы Қазақ даласының хайуанаттар әлемінен де мәліметтер береді.

Адамзат дамуының әр сатысын сипаттайтын палеолит, мезолит, неолит және металды игерген замандардың қазба мәдени ескерткіштерін ғалымдар жүйелі түрде зерттей бастады. Жерімізді мекендеңен көне тайпалар мен мемлекеттер туралы деректерді Батыс және Шығыс елдерінің ғұламалары хатка түсіріп, құнды тарихи мәліметтер жазып қалдырған.

Мәселен, Батыста тарих атасы Геродот (б.д.д. V ғ.) жазып кеткен скиф (*сақ*) тайпалары мен Шығыста көрші Қытай жылнамашылары жазған сә (*сақ*) тайпаларының, Ғұн (Сиунну немесе Хунну) мемлекеті мен Үйсін мемлекеті халықтарының ататегі Қазақ даласына келіп тоғысады. Қазақ даласынан табылған ежелгі адамдардың тастан жасаған құралдары мен мәдени жәдігерлерін орыс зиялдары-гуманисттері Ташкентте 1886 жылы ұйымдастырыған "Түркістан археология әуесқойлары үйрмесінде" зерттеп, ғылымға әйгілей бастаған.

Алғаш Қазақ даласында пайда болып, ортанғы төрттік заманынан шығысы – Қыыр Шығысқа, батысы – Дунай атырабына дейін таралған далалықтар *Ұлы даланы* (Тынық мұхит жағалауы мен Сахалиннен Дунайға дейінгі кеністікті) еркін жайлап, көшіп-конып жүрген. Ұлы дала үш жеке бөлікке:

Шығыс даласына (Тынық мұхиттан Алтайға дейінгі аралық), *Қазақ даласына* (Алтайдан Еділге дейінгі аралық) және *Батыс даласына* (Еділден Дунайға дейінгі аралық) бөлінеді. Ұлы даланың бүл аталған бөліктері өр геологиялық заманда өзіндік табиғи жағдайларымен және экологиялық ахуалымен сипатталып, далалыктардың көші-кон бағыттарын анықтаған. Көші-конның ұзак жолына түсіп алыс аймақтарға, басқа континенттерге коныс аударған, негізінен барған жерлерінің жергілікті халқына айналған Қазақ даласынан шыққан ежелгі қандастарымыз – жергілікті жорамал «қазақантроп» үрпактары болуы ықтимал.

Сонымен, жаратылыстау ғылымдары берген деректер бойынша, Қазақ даласында алғашкы адамдар тарих сахнасынан осыдан 2 млн жылдан астам уақыт бұрын көрінген. Осы алғашкы адамдардың қарапайым қауымынан, олардың кейінгі өркениетті үрпактары *далалық тайпалардан, протосақтар мен сақтардан* тамыр тартып, осыдан 2500 жылдай бұрын дербес **қазақ халқы** сомдала бастаған.

1. ЖЕРДЕ ТІРШІЛІК ӘЛЕМІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

А д а м з а т мекені Жер – ғарыш кеңістігіндегі ерекше планета. Оның Күн жүйесіндегі өзінен басқа 8 планетадан (Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон) басты ерекшелігі – Жерде тіршілік бар. Жер планетасы құрылышы мен физикалық қасиеттері жағынан өте құрделі ғарыштық дene. Оның геологиялық даму тарихы да құрделі: Жердің пайда болуы мен даму тарихын, Жерде тіршіліктің пайда болуы мен дамуын арнайы пәндер жиынтығы – Тарихи геология зерттейді. Жер тура-лы толық және жан-жақты түсінікті тарихи геологиялық зерттеулер береді.

1.1. Тарихи геологиялық мағлумат

Жердің 4,6 млрд жылдан астам ұзақ тарихы бөліктемелерге жіктеліп, Халықаралық геологиялық конгрестерде олардың барлық елдерге ортақ казіргі атаулары қабылдаған. Арнайы зерттеулер негізінде халықаралық жержылнама түзілген (1.1-кесте).

Жер тарихындағы ең үлкен бірлік – эон. Жержылнамада үш эон бөлінеді, олар – *архей*, *протерозой* және *фанерозой*. Архей мен протерозойды біріктіріп *прекембрий* (кембрийге дейінгі) деп те атайды. Архейдің ұзақтығы 1,5 млрд жылдан астам, протерозой – 2 млрд жылдай, ал фанерозой – 542 млн жыл шамасында. Эон – эраларға, эра – дәуірлерге, дәуір – замандарға, заман – ғасырларға, ғасыр – шақтарға, шақ – кездерге жіктеледі. Жержылнамадағы әр бөліктеме өзіне тән тарихи геологиялық оқиғалармен сипатталады. Мәселең, Жер тарихының ең кейінгі даму сатысындағы басты оқиға – *адамзаттың пайда болуы*.

Жердің осыдан 4,6 млрд жылдай бұрын басталған тарихы, яғни ғарыштық тозақ мен газ жиынтығынан біздің планета Жер пайда болған уақыттан, адамдар мекені болған қазіргі кезге дейін ұзак және күрделі даму жолынан өткен. Алғашында салқын жаралған Жер, оған ғарыш денелері келіп соғылуынан, табиғи радиобелсенді элементтер ыдырауынан бөлінген және Айдың тартылыс күшінен туындаған температурадан жылдам қызып, балку жағдайына дейін жеткен. Алғаш атмосфера да, гидросфера да болмаған. Осыдан 260

3,8 млрд жылдай бұрын үлкендігі Марстай (оның диаметрі Жерден екі есе кіші, ал массасы – он есе аз) метеориттің соғуынан, Жердің бір бөлігі ұшып кетіп, одан өзінің мәнгі серігі Ай пайдада болған көрінеді.

Метеорит соғылуынан көтерілген температурадан кратерлерде базальт лавасы балқыған. Жердің жоғарғы қабаты қатты қызыған сайын, оның материалы да балқи бастайды. Жер қойнауынан бөлініп шыққан газдардан атмосфера қалыптаса бастаса, ал содан кейін, шамамен осыдан 4 млрд жылдай бұрын су буының конденсациясы нәтижесінде гидросфера түзіле бастаған. Атмосфераның бастапқы құрамында оттек жоқ болып, ол негізінен көмір қышқыл газынан тұрған.

1.1-кесте.

Жержылнама – жалпы геохронологиялық шкала

Төрттік (квартер) дәүірі (Q)

Дәүір	Тарау – млн жыл	Буын	Тектоникалық фаза
Төрттік (квартер) Q – 1,80 млн жыл	Голоцен Q_H – 0,012	қазіргі Q_{IV}	Алматы
	Плейстоцен Q_P – 0,8	соңғы Q_{III}	Жоңғар
		ортанғы Q_{II}	Баку
		бастапқы Q_I	Қойбын
	Эоплейстоцен Q_E – 1,0	жоғарғы Q_{E_U}	Қорғас
		бастапқы Q_{E_L}	

Фанерозой (Φ)

Эон	эра	Дәүір – млн жыл	Заман – млн жыл
Фанерозої	Палеозой PZ – 291 млн жыл	бастапқы палеозой PZ ₁	542,0 ± 1,0
		ортанғы палеозой PZ ₂	
		соңғы апекзод PZ ₃	
	Мезозой MZ – 185,5 млн жыл	Кайнозой КZ – 65,5 млн жыл	Неоген N – 21,3 23,0
			плиоцен N ₂ – 3,53 миоцен N ₁ – 17,7
			Палеоген Р – 42,5 65,5
			Олигоцен Р ₃ – 10,9 Эоцен Р ₂ – 21,9 Палеоцен Р ₁ – 9,7
			Бор K – 80,0 145,5
			Соңғы K ₂ – 34,1 бастапқы K ₁ – 45,9
			Юра J – 54,1 199,6
			соңғы J ₃ – 15,7 ортанғы J ₂ – 14,4 бастапқы J ₁ – 24,0
			Триас T – 51,4 251
			соңғы T ₃ – 28,4 ортанғы T ₂ – 17,0 бастапқы T ₁ – 6,0
			Пермь Р – 48,0 299
			соңғы Р ₂ – 19,6 бастапқы Р ₁ – 28,4
			Таскемір (карбон) С – 60,2 359,2
			соңғы С ₃ – 7,5 ортанғы С ₂ – 11,6 бастапқы С ₁ – 41,1
			Девон D – 56,8 416
			соңғы D ₃ – 26,1 ортанғы D ₂ – 12,2 бастапқы D ₁ – 18,5
			Силур S – 27,7,0 443,7
			соңғы S ₂ – 6,8 бастапқы S ₁ – 20,8
			Ордовик О – 56,3 500
			соңғы О ₃ – 17,2 ортанғы О ₂ – 10,9 бастапқы О ₁ – 16,5
			Кембрий Е – 42,0 542,0 ± 1,0
			соңғы Е ₃ – 12,7 ортанғы Е ₂ – 12,0 бастапқы Е ₁ – 29,00

Гидросфера түзілген кезден, яғни шамамен осыдан 4,0 млрд жылдай бұрын, Жердің геологиялық эволюциясы басталып, эндогендік (ішкі) және экзогендік (сиртқы) геологиялық процестер туындаиды. Жер бетінде сүзы саяз алаптардан жоғары қөтерілген аралдар, яғни алғашқы протоконтиненттер пайда болады. Оларды қазір "сүр гнейстерге" айналған гранитоидтар құраған. Осы арал-құрлықтардың шайылуы нәтижесінде алғашқы шөгінді таужыныстар түзілген. Бұл түзілген шөгінді қабаттар Жер тарихындағы "жазылған алғашқы беттер" саналады. Олардың қазір Гренландияда табылған ең көнелерінің геологиялық жасы 3,98 млрд жылды көрсетеді.

Шамамен осыдан 3,5 млрд жыл бұрын жаңа маңызды оқиғалардың бірі *магнит өрісі* пайда болған. Магнит өрісі – Жердің сұйық ядросы жаралып, оның құрамында темір түзілінің нәтижесі. Магнит өрісі тіршілік пайда болуға қолайлы, ғарыш сәулесінен қорғайтын жағдай туыннатқан. Тіршіліктің алғашқы белгілері Оңтүстік Африкадағы өте көне таужыныстардан табылған. Бей органикалық материядан органикалық молекулалардың пайда болуына ғарыштық қатқыл сәуленің әсері болуы мүмкін. Ең алғашқы тіршілік белгілері – *бактериялар*.

Архейдің сонында (осыдан 2,8–2,6 млрд жыл бұрын) континенттік қыртыс тұрақтанған, ал протерозойдың басында ол біртұтас *Пангейя–0* суперконтинентін құраған. Пангейя–0 түрлі түсініктер бойынша қазіргі континенттердің 60-тан 80 %-іне дейінгі аумағына сәйкес келеді. Планетаның басқа жағында Әлемдік мұхит – *Панталасса* қалыптасқан. Бұл мұхит алабы Айдың жаралуына себеп болған метеориттің соғылуынан жаралған кратердің төнірегінде орналасуы мүмкін.

Тіршіліктің алғашқы белгісі ерте протерозойдың ортасында, осыдан 2 млрд жылдай бұрын суда білініп, көк-жасыл балдырлар – строматолит құрылыштары түзіледі. Бұл балдырлардың фотосинтездеуші әрекетінен оттек бөлініп, атмосфераның құрамы өзгере бастайды. Атмосфера да таза оттектің Пастер нұктесіне (атмосферадағы оттек мөлшері қазіргінің 0,1 %-не) жетуі, өз кезегінде алғашқы қарапайым тіршілік әлемінің өркендей дамуын қамтамасыз еткен.

Ерте протерозойдың екінші жартысында (осыдан 2,2–1,9 млрд жыл бұрын) Пангейя–0 суперконтиненті жеке

блоктарға – микроконтиненттерге жіктеледі. Олардың аралығында төрөн сулы алаптар орнайды. Эонның сонында (1,9–1,7 млрд жыл бұрын) бірқатар аудандарда салқын түсіп, судың қатуынан мұздық пайда болады. Алғашқы протерозойдың аяғында протоплатформалар бірігіп, континенттік қыртыстың кайта біртұстасануынан жана суперконтинент *Пангея–I* қалыптасады. Ал теңіздер суы қайтадан Панталассаға ығысқан. Рифейдің басында суперконтинент Пангея–I ұсатыла бастайды. Орта рифейде бұл процесс күшіе түскен.

Тіршілік әлемінің дамуы бастапқы-ортанғы рифейде қарқындаған. Бактериялармен және балдырлармен, яғни *прокариоттармен* қатар қарапайым бір клеткалы организмдер – *эукариоттар* пайда болады. Соңғы рифейдің басы (1,0 млрд жылдай бұрын) суперконтиненттің құрылымсыздануы күшейіп, мұхиттық алаптардың дамуымен сипатталады. Тіршілік әлемінде қаңқасыз көп клеткалы организмдер пайда болады.

Тіршілік әлеміндегі айқын өзгеріс венд пен кембрий аралығында орын алып, қаңқалы *организмдер* (трилобиттер, моллюскілер және т.б.) өмірге келген. Бұл өзгеріс протерозой мен фанерозойды жіктеуге негіз болып саналады.

Палеозойдың басында (шамамен 500 млн жылдай бұрын) Пангея–I жіктеліп, онтүстік жарты шарда *Гондвана* (онтүстік Америка, Африка, Австралия, Индостан мен Антарктида континенттерінің бірлестігі) мен солтүстік жарты шар континенттерінің (Солтүстік Америка, Шығыс Еуропа, Сібір, Қазақстан, Қытай-Корея) бірлестігі және оларды бөлөтін мұхиттардың (Палеоантлант, Палеотетис, Палеоазия) контуры айқындалған. Бұл мұхиттардың ені мындаған километр, ал терендігі мындаған метрге жеткен. Олардың өмір сүру ұзактығы да әр түрлі.

Девонның басында Янетус (Палеоатлант) жабылып, Солтүстік Америка мен Шығыс Еуропа (Балтика) – *Лаврессияға* (Еурамерикаға) біріккен. Палеотетис мұхиты өзінің батыс жартысында (Солтүстік Американың онтүстігі, Батыс Еуропа, Африканың солтүстік-батысы) карбонның ортасына дейін өмір сүрген.

Карбонның аяғы мен пермь дәүірінде Америкада Аппалач тау белдеуі түзілген. Бұл белдеу Лаврессия мен Гон-

двананы жымдастырып, жаңа *Пангей-II* суперконтиненті туындағы бастайды.

Палеозойдың соңында Палеоазия мұхиты жабылуынан, Сібір континенті батысында Лаврессиямен, ал онтүстігінде Тарим, *Қазақия* және Қытай-Корея континенттерімен бірігіп, олардың барлығы *Лавразия* суперконтинентін жасаған. Оның шығысында Тынық мұхит жаралған.


Палеозойда Гондвана онтүстік жарты шардың полюс маңы алқабында болып, екі рет жабындық мұзбасудың астында қалған: бірінші мұзбасу ордовикте, ал екіншісі – соңғы палеозойда қалыптасқан.

Палеозойда тіршілік әлемінде де айтарлықтай өзгерістер болған. Силур дәуірінде алғашқы омыртқалылар – *балықтар*, карбонда – *қосмекенділер*, яғни құрлыққа шыққан алғашқы жануарлар пайда болды. Силур-девонда құрлықта алғашқы *өсімдіктер* (мұқ, қына, майда шөп) өссе, ал соңғы девон-карбонда қалың өсімдік жабыны, биік және қалың ормандар пайда болып, нәтижесінде көміржаралу кеңінен таралған. Карбон ормандарында шөппен коректенетін жануарлар өмір сүріп, батпақты алқаптарда шыбын-шіркейлер ерекше дамыған. Олар өте көп және ірі болған. Мәселен, маса мен шыбын тәрізді жәндіктер қанаттарын жайғанда ұзындығы 70 см-ге жеткен.

Мезозойдың басында сол кездегі Лавразия (солтүстік жарты шарда орналасқан) мен Гондвана (онтүстік жарты шарды алып жатқан континенттер бірлестігі) атты алып континенттердің бірігуінен біртұтас суперконтинент *Пангей-II* қалыптасқан. Ол шығысында Тетис мұхитымен жіктеліп, ал Тетис – Тынық мұхитпен жалғасқан (1.1-сурет).

Бор дәуірінің ортасында Орталық Атлантика мен Онтүстік Атлантика бірігіп, Африка Онтүстік Америкадан, Индостан мен Антарктидадан бөлінеді. Индостан өз кезеңінде Австралия мен Антарктидадан ажырап, солтүстікке қарай жылжиды. Бастапқы және соңғы бор аралығында Канада қазанщұңқыры ашылып, Солтүстік Мұзды мұхит пайда бола бастайды.

Бор дәуірінің аяғында Атлантика солтүстікке қарай жалғасып, Гренландияны Солтүстік Америкадан бөледі. Индия мұхиты кеңейе түседі. Австралия Антарктидадан бөлініп, солтүстікке ығысады.



1.1-сурет. Мезозой эрасындағы континенттердің жағдайы
(В.П. Казакова, Д.П. Найдин бойынша)

Мезозой эрасының басында Әлем мұхитының деңгейі қазіргіге жақын немесе одан төмендеу болған. Ал содан кейін мұхит деңгейі көтеріліп, бордың сонына қарай максимумына жеткен, қазіргі деңгейден 500 метрден аса көтерілген. Осының нәтижесінде көптеген құрлықтар су астында қалып, Жерде фанерозойдағы ең күшті теңізбасу болған.

Климат мезозой эрасы ағымында жылы болып, мұзбасулар байқалмаған. Жануарлар әлемінде құрлықта баяурымен жорғалаушылар (динозаврлар) мен қосмекенділер дамыған, құстар пайда болып, қарапайым сұткоректілер өмірге келген.

Мезозой мен кайнозой эраларының (бор-палеоген дәуірлері) аралығында жануарлар әлемінде кембрий дәуірінен бері қарай алғашқы ірі дағдарыс орын алады. Дағдарыс нәтижесінде алтынан динозаврлардан бастап, ұсак теніз жәндіктеріне дейін жойылып кеткен.

Палеоген дәуірінде тектоникалық белсенеділік артады. Оның басты себебі – Еуразия мен онтүстіктен жылжып келген микроконтиненттердің (Иран, Ауған, Индостан) соктығысы. Мұхиттардың контуры қазіргіге жақындаған. Климат жылы және ылғал болған.

Әлем мұхитының деңгейі палеоген дәуірінде соңғы бор заманымен салыстырғанда біршама төмен, бірақ олигоцен заманының ортасына дейін қазіргі кездегіден биіктеу болған. Олигоценнің аяғында мұхит деңгейі күрт төмөндеп, шамамен қазіргіден 400 м-ге дейін түсіп кеткен. Ол тек миоцен заманының ортасында ғана қазіргі деңгейге жеткен.

Миоценде Альпі-Гималай тау белдеуі пайда болады. Оған Апеннин, Карпат, Динарид, Улкен Кавказ, Копетдаг кіреді. Платформалық тұракты режимде дамыған аумактарды да таужаралу қамтиды. Мәселең, Тянь-Шань, Алтай, Саян, Забайкалье, Памир, Гиндукуш, Кунлунь, Наншань, Циньлин, Тибет және басқа тау жүйелері осы заманда пайда бола бастайды. Олардың шындарының біразы 7 км биіктікке дейін көтеріледі. Альпі-Гималай белдеуіндегі таужаралу қарқыны неоген дәуірі бойы жалғасып, ең биік деңгейлерге төрттік дәуірінің қазіргі заманында жеткен.

Плиоцен-төрттік кезеңінің (*антропогенниң*) үлесіне, яғни Жер тарихының соңғы 4–5 млн жылына қазіргі құрылымдық план жарапуының аяқталуы мен біздің планетаның қазіргі кейіпінің қалыптасуы тиеді.

1.2. Антропогендегі табиги жағдай және тіршілік әлемі

Плиоцен заманында, оның ұзактығының аз болғандығына қарамай (3,5 млн жылдай) екі климаттық фаза айқын байқалады. Жылы фаза плиоценнің басында, ал сүйк жағдайлар оның аяғында болған. Экваторлық тропик, субтропик, қоныржай және сүйк климат белдеулері бөлінеді. Тропик белдеудің солтүстік бөлігінде моллюскілер тіршілік еткен ортаның орташа температурасы +20°C-тан төмен түспеген. Осыған жақын температуралық жағдай субтропик белдеу теніздерінде де болған. Құрлықта өсімдік жабыны құрамына қарай, орташа климаттық параметрлердің мәні: орташа температура қантарда +4°C, шілдеде +24°C, ал жылдық жауын-шашын мөлшері 1200 мм шамасында болған.

Қоныржай белдеуде қылқанды-қалың жапыракты орман өсken. Жылы маусымның ұзактығы 4–5 ай, орташа температура қантарда -10– -12°C, ал шілдеде +18– +24°C шамасында болған. Моллюскілер тіршілік еткен ортаның жылдық орташа температурасы +7– +18°C ауқымында өзгерген.

Соңғы плиоцендегі салқындаудан теңіз және жер беті биотасының жылу ұнататын түрлері жойылған. Қылқандықалың жапырақты ормандар, қылқанды-ұсақ жапырақты және қайынды, кара ағашты ормандармен алмасқан. Белдеудің онтүстік бөлігінде далалық ландшафт кеңейген. Жоғарғы ендіктерде тайганың орманды белдеуін тундра өсімдіктері алмастырады. Мұздықтардың ұлғаюы жалғасқан. Осыдан 2 млн жылдай бұрын Антарктиданың барлығы дे-рлік қалың мұзбен жабылған. Осы кезде Аргентинаның онтүстігінде тау мұздықтары пайда болған. Солтүстік жарты шарда алғашқы мұздықтар Исландияда пайда болған. Біршама ертеректе, осыдан шамамен 4 млн жыл бұрын алғашқы теңіз мұздары Солтүстік полюс маңында пайда болған.

Палеогеографиялық белдемділік неоген дәуірінде қазіргіге жақын келеді. Тропик биогеографиялық алқаптар ауқымы қысқарады. Онтүстік және Солтүстік жарты шарларда қоныржай фито- және зоогеографиялық алқаптар ені ұлғаяды.

Төрттік дәуіріндегі табиғи жағдайларды сипаттағанда екі фактор өзіне ерекше назар аударады: 1) мұзбасу кездері; 2) мұзбасу аралық кездері. Континенттік мұзбасулар Солтүстік жарты шарды қамтиды. Мұзбасу орталықтары Балтық және Канада қалқандарында орналасып, оларды басқан мұздың қалындығы 3 км-ге жеткен. Алып мұздық теніздер мен мұхиттар сүйнен қөлемін азайып, Әлем мұхитының деңгейі күрт төмендеп кеткен. Солтүстіктеңі теніздер сүй мұзға, аралдар мен континенттер тұтас мұз басқан құрлыққа айналған. Мәселен, Қара теңіз айдыны күрт кішірейген, Азов теңізі жойылған, Босфор мен Дарденелла – Кіші Азия мен Балкан арасындағы құрғақ өткелге айналған.

Үлкен мұздық жабындары Еуропада солтүстік ендіктің 50° -на, ал Солтүстік Америкада – 40° -қа дейін жеткен. Мұздық қалқаны Альпі, Карпат, Кавказ, Тянь-Шань, Алтай, Орал, Гималай және басқа таулар мен жоталарды етегіне дейін басып жатқан.

Онтүстік жарты шарда да мұзбасу болған. Антарктида да мұз қалқанының қалындығы екі есеге артқан. Басқа онтүстік континенттерінде мұзбасу болмаған. Тек Онтүстік Америка, Африка мен Австралияның тау массивтерін ғана мұз басқан.

Альпіде төрт: *гюнц*, *миндель*, *рисс* пен *вюрм* мұзбасу замандары болған. Осы атаулар батыс Еуропалық стратиграфиялық шкалаға негіз болады, бұл шкаланы 1909 жылы А. Пенк пен Э. Брюкнер ұсынған.

Шығыс Еуропадағы бастапкы төрттік *варяг* және *ока* мұзбасулары гюнц және миндель мұзбасуларына сәйкес келеді. Ортаңғы төрттік пен соңғы төрттік *днепр* және *валдай* мұзбасулары рисс пен вюрм мұзбасуларына сәйкес келеді. Ең қуаттысы ортаңғы төрттік заманындағы *днепр* және *москва* мұзбасулары. Днепр мұзбасуы Шығыс Еуропада Днепропетровск пен Волгоград қалалары ендіктеріне дейін жеткен.

Жаңа мұзбасу толқыны осыдан 20 мың жыл бұрынғы *валдай* мұзбасуы болған, ал осыдан кейін ол жылыммен алмасқан.

Сібірдегі мұзбасу ауқымы еуропалық мұзбасулардан аздау болған.

Ірі көлдердің төрттік дәүіріндегі тарихын зерттеу нәтижелері көрсеткендегі, олардың деңгейі пловиал (ылғал) кездерде қазіргіден әлдеқайда биік болған. Мысалы, Өлі теңіздің қазіргі деңгейі Элем мұхиты деңгейінен 400 м төмен, ал пловиал замандарда — мұхит деңгейінен жоғары көтерілген.

Каспийдің деңгейі де көп рет өзгерген. Ең үлкен трансгрессия (субасу) кездерінде, оның аумағы қазіргіден екі еседей артып, ал деңгейі 100 метрге дейін биіктеген. Плейстоценде Каспий теңізі қазіргі алып көлге айналып, оған Элем мұхитының ешқандай әсері болмаған. Каспийдің деңгейі негізінен су балансымен байланысты. Соңғы плейстоцендегі *валдай* мұзбасуы кезінде Каспийге су аз келген, бірақ оның буланбауы себепті деңгейі биіктеп, айналасына тасыған.

Мұзбасулар мұхит деңгейіне өте үлкен әсер еткен. Максимал мұзбасу болғанда мұхит деңгейі 150 м-гедейін төмөндеген, ал мұздықтар еріген кезде — керісінше, деңгейі көтерілген. Климаттың қатан болуына қарамай, төрттік кезеңінде теңіз биотасының дағдарысы байқалмайды. Мұзбасу кездерімен теңіздер сүйнің карбонаттылығы да байланысты. Мұзбасу кезінде теңіз шеғінділерінде *CaCO₃* мөлшері артқан. Осы себепті Тынық мұхитқа катысты “мұзбасу” және “мұздық аралық” терминдерінің орнына “жоғары карбонатты” және “төмен карбонатты” терминдері айтылады.

Мұзбасу кездерінде қатты құрғақшылық орнап, әолдық процесс (жел) әрекеті күшейген, лёсс түзілімдері жаралған.

Tіршілік әлемі. Антропоген кезеңінде жануарлар мен өсімдіктер өлемі қазіргі органикалық әлемге жақын. Олардың құрамында болған өзгерістер климаттық жағдайлардың күрт өзгеруімен байланысты. Мұзбасу кездерінде сұйқа төзімді түрлер экваторға қарай жылыстаға, мұзбасу аралық жылымықтар орнағанда олар көрі бағытта таралған.

Жылыну және салқындау кезеңдеріндің жиі алмасуы жануарлар мен өсімдіктердің жаңа жағдайларға бейімделуіне ықпал еткен, ал бейімделіп ұлгермегендегі қырылып кеткен. Қырылу және жылыстау процесінің ерекше қүшесі мұзбасулардың максимумы – *днепр* мұзбасуы кезінде болған.

Плиоценнің соны мен төрттік кезеңіннің басында Шығыс Еуропаның онтүстігінде жылу ұнататын жануарлар түрі: мастодонт, онтүстік пілі, Громов пілі, гиппарион, семсер тісті жолбарыс (махайрод), этруск мүйізтұмсығы, т.б. Әмір сүрген. Ал Шығыс Еуропаның онтүстігінде аталған жануарлардан басқа гиппопотамдар мен страустар болған.

Днепр мұзбасуы кезінде бұл жануарлар онтүстікке қарай ауа бастайды. Өсімдіктер бірлестігі де осы бағытта өзгерген. Днепр мұзбасуы заманында Еуропа жазықтарында мұздық шекарасының перигляциялық алқаптарында бұғы, қасқыр, тұлқі, қоңыр аю және жұндес мүйізтұмсық, мамонт, мұскусты (хөш иісті) қойбұқа, солтүстік бұғысы, ақ құрлар, леммингтер болған. Бұлар – сұйқа алқап жануарлары. Қатты сұйқтан ірі жануарлардың көпшілігі қырыла бастайды. Таулы алқаптардың жануарлары биік жоталардан ангарларға ауысқан. Жұндес андар, мүйізтұмсықтар мен мамонттар Батыс және Шығыс Сібірді мекендейдеп, Солтүстік Америкаға да ауған.

Плейстоценнің сонында – голоценнің басында қатал климатқа бейімделген мамонттар, жұндес мүйізтұмсықтар мен үлкен мүйізді бұғылар жойылып кеткен.

Төрттік кезеңінің ең басты оқиғасы – адамдардың жылдам дамуы. Ұзак уақыт бойы адамзат пайда болған жер Азия саналып келген. Жаңа зерттеулер бойынша адамзат пайда болуға ең қолайлы жерлердің бірі Шығыс Африка екендігі (Эфиопия, Кения, Танзания) анықталып отыр. Осы жерлерде алғаш рет ең көне адамзат қаңқалары табылды. Олардың

ең көнесі “Люси” деген жасөспірім қыздың қаңқасын зерттеу 3,0 млн жылдай уакытты көрсөтті. Тік жүретін *австралопитектер* тастан енбек құралдарын жасап, мәдени өмір салтын бастаған. Оларды *Homo habilis* – шебер адам деп атайды. Бұл алғашқы адамдардың өмір салты *Олдувай* (Қазак даласында – *Арыстанды*) мәдениеті деп аталады.

Гоминидтер дамуының келесі буыны – *архантроптар*. Олар біздін дәуірден 1,4–1,2 млн жыл бұрын пайда болған. Архантроптардың өкілдері – *питекантроптар*. Олар өмір сүрген кезең *бастапқы палеолит* деп аталады. Олардың мәдениеті *леваллуа-шель* деген атпен белгілі. Питеантроптар миндель кезінде, яғни осыдан 350–400 мың жылға дейін дамып, *ашель* мәдениетін калыптастырған.

Келесі адамдар үрпағы – *палеоантроптар*, немесе неандартальдықтар шамамен осыдан 350 мың жылдан 35–40 мың жылға дейінгі уақыт аралығында өмір сүрген. Олардың мәдени қалдықтары (енбек құралдары) бойынша соңғы *ашель* мәдениеті бөлінген. Одан жоғары деңгейдегі мәдениет *мусте* деп аталады. Қазақстан тұрақтарында, Әзіrbайжандағы Азық үңгірі мен Франциядағы Арго үңгірінде табылған мәдени қалдықтардан, палеоантроптар кесетін құралдар жасап, отты пайдаланғанын көреміз.


Қазіргі типті адамдар – *неоантроптар* (*Homo sapiens* – салалы адамдар) вюрмнің ортасында, яғни шамамен осыдан 35–40 мың жыл бұрын соңғы *палеолитте* өмір сүрген. Олар киім тігіп, тамак пісіруді менгерген.

Осыдан 10 мың жылдай бұрын, яғни голоценнің басында *мезолит* басталған, ал 7 мың жылдай бұрын мезолитті *неолит* жалғастырады. 5 мың жыл шамасы бұрын қола ғасыры, ал 3,0–2,5 мың жыл бұрын *темір ғасыры* басталған (1.2-сурет).

Соңғы жылдардағы ғылыми жетістіктердің бірі – Қазақ даласы да алғашқы адамдар пайда болған жер екендігінің анықталғаны. Бұл туралы, яғни жорамал *қазақантроптар* жаралуы мен олардың дамуы төменде баяндалады.

1.3. Қазақстанның геологиялық тарихы

Геологиялық тарихты жер қыртысының құрамында *жазылып қалған беттерден*, яғни таужыныс қабаттарының құрамы мен түзілу ерекшеліктеріне қарап біле аламыз. Қазақстандағы ең көне таужыныстардың жасы архейдің соны мен протерозойдың басына сәйкес келеді [20].



1.2-сурет. Адамдар бас сүйегінің дамуы және соңғы палеолит, мезолит пен неолитке тән өзіндік бұйымдардың пішіндері: адамдар бас сүйегінің дамуы: 1—австралопитек, 2—питекантроп, 3—неандертал, 4—казіргі адамдар. Соңғы палеолит заманы бұйымдарының өзіндік пішіндері: 5—граветт типті ұштық, 6—жиегі доғал тілінім, 7—ара, 8—шательпер-

рон типті ұштық, 9—қырғыш, 10—шеттік қырғыш, 11—пышақ тәрізді тілінім, 12—бүйірі ойыс ұштық, 13—ке斯基ші, 14—сүйек ұштық, 15—сүйек ине, 16—тұлқінің тессілген азы, 17—сүйек алқа, 18—сүйек тоқпақтың сыйнығы, 19—сүйектегі өрнек. *Мезолит заманы құралдарының өзіндік пішіндері:* 20—қырғыш тілінім, 21—дөнгелек қырғыш, 22—параллелограмм, 23—трапеция, 24 және 25—сегменттер, 26—ұшбұрыш, 27—свидер типті ұштық. *Неолит заманы құралдарының өзіндік пішіндері:* 28—жапырақ тәрізді наиза ұшы, 29—қүйректы ұштық, 30—тубі ойыс ұштық, 31—тісті ұштық, 32 және 33—оюлы ыдыстар, 34—сүйек гарпун, 35—жылтыр балта

Архей-протерозойда теңіз басып жатқан, гнейстер мен кристалды тақтатастардан тұратын қазіргі Көкшетау масиві, Ұлытау, Қаратай, т.б. аудандар, рифейде көтеріліп, аралға айналғаны белгілі. Осы және басқа ұсак аралдар — теңіз алабында пайда болған алғашқы құрлық өлімдері.

Қазақстан аумағының көп жерін басып жатқан теңіздің терендейтігі айтарлықтай болып, оның түбінде суасты жанартайлары атқылап жатқан. Протерозойдың соңғы өлімдерінде (1,65—0,54 млрд жыл бұрын) оқиғалар осылайша жалғасқан.

Палеозой эрасынан бастап аумақтағы геологиялық оқиғалар мен тіршіліктің дамуын нақты деректермен сипаттауға болады. Кембрий дәуірінде қазіргі Алатау, Кендіктас, Шу-Қаратай, Ұлытау, Көкшетау құрлық доғасының айналасының бәрін терендейтігі әр түрлі теңіз алабы алып жатқан. Қазіргі Қаратай жоталары орналасқан аймакта фосфорит қабаттары түзілген. Ал, ордовик дәуірінде құрлық жекелеген таулар мен аралдар тізбегі ретінде ғана кездесіп, байтақ аумақ теңіз алабына айналған. Бұл теңіздерде түрлі жәндіктер мен бақалшактар мекендеген.

Силур дәуірінде жер беті көтеріліп, құрлықтың аумағы артқан. Девон дәуірінде ауа райы жылы, ылғал болғандықтан құрлықтарда өсімдік өсіп, өзендер пайда болады. Теніздерді балықтар мен бақалшактар мекендегенді. Олар кейін мұнай-газ кенорындарының қалыптасын қамтамасыз еткен. Ауа райының қолайлы болуынан тасқомір дәуіріндегі теңізben көл жағалауарында ормандар қаулап өсіп, қазіргі Қарағанды, Екібастұз және басқа көмірлі алаптар мен кенорындар пайда болған. Бұл ормандарда бауырымен жорғалаушы ірі жануарлар мен әр түрлі жәндіктер мекендеген. Қазіргі Жезқазған кенді ауданындағы өзендер торабы онтүстігіндегі теңізге

келіп күйған. Осы Палеожезқазған өзенінің алабында мыс кенді құмтас түзілген. Оның жағалауы мен атырауында қамыс-құрак өсіп, өсімдіктермен коректенетін бауырымен жорғалаушы жануарлар (алып кесірткелер) болғанын, олардың тасқа таңбаланған ізі айғаттайды. Пермь дәуірінде ауа райы құрт ысып, құрғакшылық орнаған.

Мезозой эрасы құрлықта да, теңізде де түрлі жануарлар мен жәндіктердің, сан-қылы өсімдіктердің дамуымен сипатталады. Триас дәуіріндегі құрғакшылық, юра дәуірінде жылы әрі ылғал ауа райымен алмасады. Нәтижесінде Қазақстанның барлық аумағы дерлік орманды алқапқа айналады. Қалың ормандардың биік ағаштарынан көмір кенорындары түзілген. Батыс аймақтағы саяз сулы жылы теңізді юра мен бор дәуірлерінде мекендереген жәндіктер қалдығынан шөгінді таужыныстар құрамында мұнайлы қабаттар түзілген.

Кайнозой эрасында Қазақстан аумағын бірнеше рет саяз сулы теңіздер басқан. Ылғал ауа райы қалыптасқан кездерде қалың ормандар өсken. Мысалы, палеоген дәуірінің сонында Торғай аймағын тұтас жапқан қалың орманнан белгі ретінде әлі ағаш кейпін сактаған қоныр көмір алабы қалған. Оңтүстік және шығыс аймақтарда неоген дәуірінде Алатау мен Алтай таулары көтеріліп, қазіргі бедер пішініне келе бастаған. Неоген дәуірінде Қазақ даласы оңтүстігіндегі Индия мұхитымен әлі табиғи байланысын үзбекен алқап еді.

Миоценнің бастапқы кезінде Қазақ даласы солтүстігінде Батыс Сібірмен жалғасқан жазыққа айналған, ойпандарында ірі көлдер болған. Алонтүстігінде қатты ыстық болғандықтан көлдердің суы тартылып, олардың түбіне тұз тұнған. Осы кезде алып керіктер – индрикотерийлердің соңғы топтары жойылып кеткен.

Миоценнің ортаңғы кезінде гиппарионның жаңа түрі – үш тұяқты жылқылар пайда болған. Олардың айрықша дамуына байланысты бұл кездегі жануарлар әлемі Қазақстанда *гиппарион фауна комплексі* деп аталады. Аталған комплекске гиппариондар, семсер тісті жолбарыстар (махайродтар), Шлоссер мүйізтұмсығы, бөкендер, мастодонттар мен страустар (олар Павлодар мен Тянь-Шань алқаптарында табылған) кіреді. Гиппарион комплексі көлді-өзенді ашық далалар мен жартылай ашық саванналарда, ыстық климат

жағдайында тіршілік еткен. Осы заманда Қазак даласының мәнгі жаз орманды алқаптарында адам тәріздес маймылдар – *диопитектер* мен *рамапитектер* мекендерген [10].

Миоценнің соңғы кезінде аумактағы ыстық, мәнгі жаз климат жылы ауа райына алмасып, саванналар жойыла бастаған. Дегенмен, палеоихиологиялық зерттеулер берген деректер бойынша, мысалы Ертіс маңы аймағында климат қазіргіден әлдеқайда жылы болған.


Плиоценнің басында жоғарыдағыдан ауа райы мен палеогеографиялық жағдай жалғасқан. Ол осы заманың екінші жартысы Ақшағыл (ежелгі Каспий) теңіз басуымен алмасып, табиғи орта үлкен өзгерістерге түскен. Азияның көп бөлігінде тектоникалық тұрғыдан алғанда жер қыртысының қозғалысы белсенділеніп, жерсілкіндер күшейіп, таужаралу қарқынды жүрген. Таулардан бұлактар ағып шығып, өзендер торабы қалыптасқан.

Неогеннің екінші жартысындағы ыстық әрі құрғак климат жылы әрі ылғал климатқа ауысып, антропогенде жаңа тұрпatty жануарлар мен өсімдіктер пайдада болуына ықпал жасаған. Осындай қолайлыш экологиялық жағдайда алғашқы адамдардың ататегі – алғашқы қарапайым аңшылар тіршілік еткен. Алғашқы адамдардың аңшылық нысаны болған жануар тұрларінің ареалы табиғи ортаның өзіндік экологиялық жағдайымен сипатталады. *Осыған байланысты әр заманда тіршілік еткен жануарлар мен экологиялық ахуалды сипаттау арқылы, алғашқы адамдардың тіршілігі мен алеуметтік жағдайы туралы мағлumat аламыз.*

Осы өзгерістер нәтижесінде тарих сахнасына антропоген кезеңі келген.

1.4. Қазак даласының антропогендегі табиғи сипаты

Антропоген кезеңінің басында, осыдан 4 млн жылдай бұрын палеогеографиялық жағдай күрт өзгеріске түскен. Осы өзгеріс нәтижесінде Қазак даласында жаңа әрі жетілген *Іле фауна комплексі* қалыптасқан. Бұл фауна комплексі құрамына Оверн мастодонты, онтустік орман пілі, Стенон жылқысы, елік, жейран, зерен, аркар, пребактриан түйесі, алып түйе, трогантерий құндызы, сонымен қатар кемірушілер, коян тәрізділер, жәндіктермен коректенушілер және тұяқтылар, ал құстардан – страустың екі түрі кіреді.



Оверн мастодонты өз тобындағы жануарлардың онша үлкен емес түрі, ол сушаралардың (көл, көлшік, өзен) қалың бұталы жағалауында жайылып, ірі нәрлі жапырақтармен қоректенген. Онтүстік орман пілі біздің дала-ны мекендерген кәдімгі пілдердің сол уақытта өмір сүрген алғашқы түрі. Ол өзендер аралығында орманды жерлерде жайылып, бұталы-жапырақты азықпен қоректенген (1.3-сурет).

1.3-сурет. Қазақстанды мекендерген орман пілі – *Palaeoloxodon antiquus* [10]

Страустар қазіргі Африка страустарынан әлдекайда ірілеу болған. Олар түйелер, бөкендер мен жылқылар жайылған далаларда мекендерген.

Аталған жануарлар климат және ландшафт белдемділігіне сәйкес жыл мерзімдерінің өзгерістеріне қарай – күн ысыған кезде солтүстікке, ал салқындағанда онтүстікке ауып, жайылымдарын өзгертіп тұрған.

Стенон жылқысы, одан кейінгі Санмиен жылқысы Еуразияны мекендерген күйма түқкіті жылқылардың алғашқысы. Олар өте ірі жануарлар болған, тоғайлар мен далаларда жайылып жүрген. Тістеріне қарағанда олар қатты құрғақ өсімдіктермен қоректенген. Пребактриандар мен алып түйелер жазық далалар мен шөлейт жерлерде, континенттік климат аймактарында мекендерген.

Тропантерий күндызы да ірі болған. Олар солтүстік аймактардағы тұшы сулы жерлерде, орман-тоғайларда мекендерген.

Іле фауна комплексі жалпы алғанда осы кезеңнің базында климаттың континенттілігін, салқындаудан және құрғақшылықтың жалғасуынан байтак саванналардың далалар мен шөлейттерге айнала бастағанын көрсетеді. Мәңгі жаз саванналарда үйір-үйірімен, тобыр-тобырымен жайылып жүрген орманды алқаптарда, қалың шөп пен жемісті тоғайлар өскен өзен-көлдер жағалауында алғашқы адам-

дар өмірге келіп, дамуын жалғастырған. Мәселен, Қаратай жоталарындағы ежелгі мекендерде табылған алғашкы адамдардың тас құралдары мен мәдени қалдықтарға бай тұрактары осының дәлелі. Олардың өмір сүрген уақыты осыдан 0,8–2,0 млн жыл бұрынғы кезеңге сәйкес келеді.

Бастапқы антропоген заманынаң екінші бөлігінде (осыдан 0,4–0,8 млн жыл бұрын) Қазақстан орналаскан аумақта Қосқорған фауна комплексі қалыптасқан. Оның құрамына кірген жануарлар: орман пілі, алып түйе, зебра тәрізді және кәдімгі жылқылар, құландар, тарпандар, кен мандайлы бұлан, мүйізтұмсық, бизон, марал, бұғы, күзен, жабайы ит.

Пілдер орманды жерлерде, судың жағалауындағы тоғайлы бөліктерде мекендей, бұталармен және ағаштардың қалың жапырағымен қоректенген. Жылқылар қоныржай климатты далаларда жайылып, жылдам қозғалатын үйірлі желаяқ жануарлар болған.

Ал, құландар мен тарпандар көбінесе шөлейт далаларда түйелермен бірге жайылып жүрген. Даға мүйізтұмсығы, өркешті керіктер мен ежелгі бизондар қалың шөп өсken, тоғайлы және шалғынды далаларда мекендейген. Дәл осындай жерлерде маралдар да жайылып жүрген. Айта кететіні, Қазақстанда маралдар XVIII ғ. ортасына дейін далада жайылған, тек осыдан кейін ғана адамдар оларды ормандарға ығысуға мәжбүр еткен. Кен мандайлы бұлан қазіргі құландар сиякты ылғал, батпақты ормандарда мекендейген. Мұндай жағдай еліміздің солтүстік жағында қалыптасқан.


Антропогеннің екінші бөлігінде Қазақстан аумағында Еуропа мен Сібірдегі мұздық және мұзбасу құбылыстары болмағанымен, бұл құбылыстардың ықпалынан байтақ дала маңызыда да ылғалдылығы әр түрлі салқындау және қайта жылыну құбылыстары орын алған. Осындай жағдайларда дала жануарлары мен оларға аңшылық жасаған адамдар табиғи ортаға бейімделе қоныс аударып жүрген.

Қосқорған фаунасының сүйектері Қаратай жотасында, Кентау қаласының маңындағы ежелгі адамдардың Қосқорған тұрағынан табылған. Бұл тұракты адамдар осыдан 500 мың жыл шамасы бұрын мекендейген.

Ортаңғы антропоген заманы (осыдан 0,2–0,4 млн жыл бұрын) Қазақстан мен оның батысындағы Орал, Кав-

каз және Батыс Еуропа жазығы аумағында өзіндік табиғи жағдай орнағанымен сипатталады. Осының нәтижесінде *Хазар* (Каспийдің көне атаяу) немесе *Ertis fauna комплексі* қалыптасқан.

Қазақстан аумағында Хазар-Ертіс фауна комплексінің құрамында трогантерий пілі, ұзын мүйізді ежелгі бизон, түйе, алып мүйізді үлкен бұғы, кең мандайлы бұлан, саванна пілі, мамонттың алғашқы түрі, сондай-ақ мысық кездеседі (1.4-сурет).



1.4-сурет. Кейбір сүткоректілердің салыстырмалы биіктігі, м [10]: трогантерий пілі, онтүстік пілі, саванна пілі, мамонт (зіл), Оверн мастодонты, үлкен мүйізді бұғы, ұзын мүйізді бизон, махайрод, трагоцерус бөкені, сайғақ

Трогантерий пілі мен мамонт (зіл) – ашық далаларға тән қысқа аяқты жануарлар. Қарастырылып отырған уақыт ағымында бұталы далалар мен шалғындар осындаған ландшафт түрін жасаған. Трогантерий пілінің дене құрылышы мен азу тістерінің бітіміне қарағанда, ол негізінен шөптен қоректенген. Ал, піл тобырлары қоректенген шөптің өте бітік және қаулап өскені осыдан байқалады.

Қосымша айта кететіні, бұл пілдердің жүндес болмағаны. Өте жылы климат жағдайында олардың терісінде шамалы ғана түк болуы мүмкін, яғни қазіргі Онтүстік Азия мен Африка дағы жаланаш болған. Ауа райы салқындаған

кездерде піл мен мамонттардың жұндес түрлері пайда болған. Олардың жұндестігі өздері тіршілік еткен ортаға да байланысты. Онтүстік өлкелерде аңдардың терісінде-гі түгі тықыр болса, ал солтүстік аймактардағыларының жұндестігі артқан. Олардың жұндестігі жыл мезгілдеріне де байланысты болуы мүмкін, мысалы, қыста жұні қалыңдап өссе, ал жазда түлеп жұні азайған.

Ұзын мүйізді бизонның өзі де өте ірі, мүйізі де өте үлкен жануар болғандықтан, ол ашық жерлерде ғана емін-еркін жүре алатын болған. Осыған байланысты бұл бизондар шалғынды далаларда жайылып жүрген. Алып мүйізді бұғылар да осындағы жерлерде жайылған.

Кноблох түйесі – ірі жануар, ол күрғақ шөлейт жерлерді мекендейген.

Соңғы антропоген заманында (осыдан 12–200 мың жылдар бұрын) қалыптасқан фауна мамонт немесе жоғарғы палеолит комплексі деп аталады. Қазақстан аумағының әр жерінде бұл фауна комплексінің көптеген түрлерінің қалдығы табылған (олардың көпшілігі кен таралған). Фауна комплексінің күрамында мамонтың соңғы түрі, жұндес мүйізтұмсық, тур бұқасы, ұсақ бизондар, Кноблох түйесі, сайғақ, арқар, муфлон, елік, солтүстік бұғысы, марал, жылқы, құлан, тарпан, үнгір аюы, қошқыл аю, үнгір қорқау қасқыры, жолбарысарыстан, қасқыр, түлкі, қарсак, суыр, сарышұнақ кездеседі. Қазақстандағы антропогендік қазба сүткоректілердің фауна комплекстері табылған жерлер 1.5-суретте көрсетілген.

Алтай маңында табылған мамонт фауна комплексі өзіндік сипатка ие. Қазақстан ауқымында өмір сүрген байкалдық қодас, иір мүйізді киік, сүткоректілердің басқа да көптеген түрі, соңғы палеолит заманындағы қазіргілерге жақын көптеген аңдар мен құстар осыдан 13 мың жыл бұрын өмір сүрген адамдардың аңшылық нысандары болғаны анықталған.

Жоғарғы антропоген мамонты жұндес болған. Сібір мұз тондарында сакталған мамонт қалдықтарына қарап олардың жұні ұзын және тығыз, жирен-қошқыл түсті болғанын көреміз. Мұндай деректерді сол заманда үнгірлерді мекендейген адамдар салған суреттер де береді. Мамонттар, қазіргі пілдер сиякты, азу сүйектерімен ағаштардың қабығын сыйдырып, қардың астында көміліп қалған бұталарды қазып алып коректенген.



1.5-сурет. Қазақстанда антропоген сұткоректілерінің қазба қалдықтары табылған жерлер мен елді мекендер [10]: I—Іле фауна комплексі (An_1^1); II—Қоскорған фауна комплексі (An_1^2); III—Хазар-Ертіс фауна комплексі (An_2); IV—мамонт фауна комплексі (An_3). 1, 2—Атырау; 3—Красный яр; 4—Індер; 5—Мергенев; 6—Бударин; 7—Янайкин; 8—Севоркин; 9—12—Орал қаласы; 13—Дария; 14—Орынбор; 16—Қыыл; 17—Қарауылкелді т.ж.ст.; 18—Шалқар; 19—Григорьев; 20—Кабырға өзені; 21—Ұрғызы; 22—Арал қаласы; 23—Торғай; 24—Николаев; 25—Соколов-Сарыбай кеңіші; 26—Каменка; 27—Александров; 28—Борисов-Роман; 29—Кенгір өзені; 30—Тасеткел; 31—Кириллов; 32—Имантау; 33—Жақсы Жаңғызтау; 34—Сандықтау; 35—Серафимов; 36—Көкшетау; 37—Большеизюм; 38, 40—Чакалов; 39—Ұлкен шабакты өзені; 41—Архангелск; 42—Борки; 43—Новопавлов; 44, 45—Петропавл; 46—Громогласов; 47—Солянов; 48—Орлытебе; 49, 50—Темір; 51—Моисеев; 52—Пятормыжск; 53—Жанағебет; 54—Жаскайрат; 55—Боров; 56—Краснокут; 57—Черноярск; 58—Красноярск; 59—Ольхов; 60—Жанаауыл; 61—Павлодар; 62—Григорьев; 63—Ямышев; 64—Черная; 65—Лебяжье; 66—Подпуск; 67—Төменгі борлық; 68—Селим-Жевар; 69—Преснов; 70—Ақжар карьєри; 71—Новочеркасск; 72, 73—Астана; 74—Қырқыншы т.ж.ст.; 75—Балықшы; 76—Молодецк; 77—Дзержинск; 78—Ақбастау; 79—Актас; 80—Ерейментау; 81, 84—Батпак өзені; 82—Осақаровка; 83—Пионер; 85—Зеленая балка; 86—Кетмен жотасы; 87—Алғабас; 88—Новопокровка; 89—Троицк; 90, 98—Зырянов; 91—Семей; 92—Красный ключ; 93—Сугатов; 94—Риддер; 95—Абылайkit; 96—Усть-Бұқтырма; 97—Усть-Нарым; 99—Парыгин кеңіші; 100—Коробиха; 101—Қанай; 102—Қанайлы; 103—Сарытоғай; 104—Іле өзені; 105—Бұғыты; 106—Есектартқан-сай; 107—Қойбын өзені; 108—Аяққалқан; 109—Ақтау; 110—Қаскелен өзені; 111—Кенсай; 112—Шу т.ж.ст.; 113—Тұрлан; 114—Ұшбас; 115—Қоскорған; 116—Қараңғір; 117—Арыс өзені; 118—Шымкент; 119—Ақсакатасай; 120—Форт-Шевченко; 121—Ростовка; 122—Алматы

Сайғақтар Қазақстан аумағында осыдан 100 мың жылдан астам уақыт бұрын мекендей бастаған. Сондай-ақ сүйрлар мен сарышұнектардың да осы кезде өмір сүргені анықталған. Ал, жүндес мүйізтұмсықтар мен мамонттар (зілдер) жоғарғы антропогеннің сонында жойылып кеткен.

Сүткоректілер фаунасы Ҳазар-Ертіс комплексінің мамонт комплексіне алмасуы Қазақстан аумағында шамамен 100 мың жылдай бұрын климаттың салқындағанын, бірақ ылғал болғанын көрсетеді. Осыдан кейін климат құрғап, заманынң сонына қарай жергілікті шөлейттену басталған. Дегенмен, климат солтүстік аймактардың өзінде қазіргіден құрғақтау, бірақ біршама жылы болған.

Қазірі заман, яғни голоцен (б.д.д. 10-шы мың жылдан бастау алады) соңғы палеолиттегі мұзбасу кезеңінен кейінгі климаттың құрт жылынуымен басталған. Жойылып кеткен ірі әрі жүндес сүткоректілердің орнына жан-жануарлардың қазіргіге ұқсас және қазіргі түрлері қалыптасқан. Бұл заманда да ауа райы тұракты болмауына байланысты, жануарлар түрі өзгеріп отырған. Мәселен, осыдан 5–6 мың жыл бұрын өмірге онтайлы, ылғал әрі жылы голоцен оптимумы кезі қалыптасқанда Қазақдаласында қазіргі Африканың саванналары мен жартылай шөлейт далаларында жағдай орнап, ірі сүткоректілер мен арыстандар мекендерген. Осыдан кейін ауа райының құрт сүйтіп кетуінен ірі сүткоректілер, жалпы тропик аймактарына тән жануарлар (арыстан, керік, піл, т.б.) Қазақдаласынан мәнгі кетіп, қазіргі жануарлар (фауна) мен өсімдіктер (флора) түрі қалыптасқан.

2. АДАМЗАТ ЖАРАЛУЫНЫҢ ТАБИҒИ ШАРТТАРЫ

Археологиялық мәліметтерге жүгінсек, бұғынгі күні әлемде адамзат пайда болған үш кіндік – ошақ белгілі. Олардың бірі – Қазақстанда, екіншісі – Африканың шығысында, ал үшіншісі – Индоқытай түбегі мен Суматра, Ява аралдарын қамтитын аумақта екендігі айтылды. Планетаның басқа жерлерінде емес, тек осы үш өлкеде ғана адамзат бесігі болғанының объективтік табиғи себептері бар.

Адамдардың өмір соқпағымен алға жылжи беруі үшін айналадағы ортада қолайлы табиғи жағдайлардың да болуы шарт. Ондай шарттардың негізгілері қысы-жазы күннің жылы, адамдар мекендерегін жерлер өзен-сұлы болуы көрек. Ал аяу райының мұндай қолайлы жерлерінде күнкөріс қажетін өтейтін жеміс-жидектер сыйып, мәңгі жасыл өсімдіктер өсіп, азық боларлық жан-жануарлар тіршілік етуіне онтайлы жағдай орнайды.

2.1. Биологиялық фактор

Жер планетасында тіршіліктің алғашқы белгісі қарапайым бір клеткалы организмдер осыдан 1,5 миллиард жыл бұрын, яғни протерозойда пайда болған. Қарапайым клеткалар уақыт өте келе күрделеніп, айналадағы ортага бейімделіп, сан-алуан болып түрленді. Кайнозой эрасы неоген (жана тіршілік) дәүірінің басында адам тәріздес маймылдар – *диопитектер* мен *рамапитектер* ағаштар мен жердегі жемістермен қоректенумен катар, аңшылыққа да бейімделе бастаса, ал дәүірдің сонына қарай жасампаз табиғат-ана адамзат баласын өмір сахнасына шығарды. Ұйымы зерттеулер берген мәліметтер бойынша, планетамызда бұғынгі күні табылған ең көне адам қаңқасының уақыты 3 млн жылдай.

2.2. Геологиялық-географиялық жағдайлар

Адамзаттың өсіп жетілуіне қолайлы табиғи жағдайлар жербетінде шектеулі геологиялық-географиялықаймактарда ғана қалыптасты. Жердің бетіндегі табиғи жағдайлар мен процестер оның терең қойнауларындағы геологиялық процестерге және энергетикалық күйлерге байланысты. Бұл байланыстарды түсіну үшін планетамыздың геологиялық даму жолдарының кейбір кезеңдеріне көз жібере кетейік.

Жер планетасының дамуын анықтайтын геологиялық процестер оның құрамындағы *iшкі* (литосфера) және *сыртқы* (атмосфера, биосфера, гидросфера) *геосфералардың* өзара байланысы мен әсер етуінің салдарынан туындайды. Адамдардың мекені болған жер қабығын құрлықтар мен мұхиттар құрайды. Ал, олар өз кезегінде әр түрлі геологиялық құрылымдардан (платформалар, таулы-катпарлы белдеулер, тектоникалық жындар және мұхит ойпандары) тұрады.

Қазіргі жекеленген континенттер (құрылымдар) ерте кезде біртұтас Пангея аталғанын білеміз. Мезозой әрасында планетаның солтүстік бөлігіндегі Еуропа және Сібір континенттерін онтүстікегі Африка және Индостан континенттерінен Тетис атты мұхит алабы бөліп тұрған. Тетис арқылы Атлант және Тынық мұхиттары қосылған. Кайно-зой әрасының басында, палеоген (көне тіршілік) дәуірінде континенттер көтеріліп, Тетис бөлшектене бастады. Негіген (жана тіршілік) дәуірінде тектоникалық қозғалыстар Тетисті шығыстан батысқа қарай шегіндірді. Нәтижесінде Еуропа, Сібір, Индостан, Катазия континенттері қосылып, біртұтас Еуразия континенті пайда болған.

Осыдан 5–10 млн жылдай бұрын, бір кездегі Тетис мұхит алабының орнында қазіргі Жерорта, Қара және Каспий теңіздері қалды. Африканың Солтүстік жағы (казіргі Сахара) мен Еуразияның онтүстік-батыс жағы (казіргі Сауд Арабиясы) Жерорта теңізінің аралдар тізбегі бар қайранына айналды. Аталған жерлер көтерілген сайын теңіз жағалауы құрлықтардан шегіне берген. Толқындар жағалаудағы тау жыныстарды шаймалап, ұсақ құм қабаттарын тұзді. Төрттік кезеңінде Жерорта теңізі қазіргі қалыпқа келді. Сахара мен Сауд Арабиясында құрғақшылық орын алғып, олар негізінен құм суырған шөл далаға айналды. Бір кезде алшак жатқан Африка континенті Гибралтар мен Босфор бұғаздары теңіз деңгейі төмендеуінен қайрандап қалатын уақыттарда, Еуразия континентімен жапсарласатын болған.

Жер қыртысы бір-бірімен тектоникалық жапсармен жымдастан дербес тақталардан тұрады. Мысалы, қазіргі біртұтас Еуразия континенті өткен геологиялық замандарда Сібір, Еуропа, Қазақстан және Қытай тектоникалық тақталарынан тұрып, дербес континенттер болған. Арасындағы тектоникалық жындардың ажырауына немесе жапсарласуына байланысты, көршілес тақталар бірігеді немесе аралары алшактайды.

Осындағы процестер нәтижесінде мезозой-кайнозойға дейін төрт жағын бірдей теңіз қоршаған *Қазақстан континенті* оған басқа континенттер келіп біргігінен біртіндеп қазіргі жабық құрлыққа айналған.

Орал таулары бойынша меридиан бағытында орналасқан тектоникалық жапсардың жымдастырылған Еуропа мен Сібір тақталары қосылып, Еуро-Сібір континенті пайда болды. Екі тақтаның түйісінен қатпарлана көтеріліп Орал тау белдеуі орнады. Сібір тақтасы шығыс жағында су астындағы Тынық мұхит тақтасымен меридианды бойлаған Тынық мұхит • жапсары арқылы байланысады. Ал Орал тектоникалық белдеуінің белсенділігі ұзақ мерзім бойы саябырысьды.

Тынық мұхиттық жапсар бойымен Тынық мұхит тақтасы Сібір тақтасының астына кіруі (субдукция) жалғасуына байланысты, тектоникалық қозғалыстар қазір де болып түрады. Нәтижесінде осы жапсардың бойында жер сілкініп, жанартаулар атқылайды. Белсенді Тынық мұхиттық жапсар белдеу Оңтүстіктері Индостан тақтасын да шектейді. Бір кездері алшақ жатқан Сібір және Индостан континенттерін олардың арасындағы тектоникалық жапсар жақыннатты. Бұл тектоникалық жапсар көлденең бағытта, шығыстан батысқа қарай созыла орналасқан. Қозғалыс кезінде Индостан континентінің жиегі тірелістен (коллизия) жиырылып, әлемдегі ең биік Тибет, Гималай тау қатпарлары түзілді. Тектоникалық жапсар Шығыста Тынық мұхит жымынан басталып, көлденең созылған тау қатпарлары арқылы батысқа қарай созылып, Жерорта теңізінің астымен Атлант мұхиты бойлық жымға барып тіреледі. Тектоникалық белсенділігі басылмаған бул жапсардың бойындағы тау жоталарында жер сілкініп, Жерорта теңізінің аралдарында жанартаулар атқылайды.

Индостан тақтасы солтүстікке қарай сапар шеккенде, оның оңтүстігіндегі орнында қалған қазіргі аралдар тізбегі құрлықтан ажырап, алытай берген. Егер картадағы Тибет, Гималай тау қатпарларын жазып жіберсек, Үлкен Зонд аралдары құрлықпен бірігіп кететінін байқаймыз.

Осыдан 3–5 млн жыл шамасы бұрын Гималай-Тибет тау қатпарлары Индия мұхитынан есетін жылы ауа ағындарының жолын бөгеп таставады. Шығыс даласының ауа райы салқын тартқанымен, астындағы тектоникалық жапсардан келетін жылудың әсерінен жердің беті жылы қалпын сақтаған.

Ал, Қазақдаласына келсек, Индия мұхитынан жылы және ылғалды ауа ағындары тоқтаусыз жетіп, табиғат мамыра-жай қалпын сақтады. Жердің терең қойнауларынан келетін жылыштықтың әсерінен жердің бетінде мәңгі жаз ауа райы қалыптасты. Екі бағыттан (жер бетінде – Индия мұхитынан және терең жер қойнауынан) жеткен жылыштықтан орнаған тропиктік, саванналық табиғи ортада жасыл желең, қалың жапырақты, биік дінді ағаштардан тұратын ормандар өсіп, сан түрлі жануарлар әлемі жетілді.

Қазіргі Тянь-Шань тауларының, Манғыстау Қаратаяуының астынан тектоникалық жапсардың бойымен жер қойнауындағы терең қабаттардан келетін жылыш тасқындар арнасы қалыптасты. Осы арнадан жердің бетінеге жеткен жылыштық тасқындарымен қатар қуатты тектоникалық энергияның құшімен жер қыртысы белдеуленіп көтерілді. Таулардың көтерілуі Хан Тәнірі түйінінен басталған. Биіктей бастаған тау белдеулері мен жоталарынан сылдырап бұлактар шығып, өзендер қалыптасты.

Тянь-Шань белдеулерінің Хан Тәнірі түйіні арқылы Памир тауларымен жалғасқан бөлігінде жер бетінің биікке көтерілуіне байланысты ауа райында салқындық білінді. Тибет пен Памир тауларынан акқан көп сулы өзендер таужыныстарды шаймалап, үгітіп қазіргі Такла-Макан шөлін құм шөгінділерімен толтырды. Бұл жерде құрғакшылық орнады. Күшті жел құмды суырып, ауа тозанданды. Табиғатта тіршілікке қолайсыз жағдай қалыптасты [20, 44, 45].

2.3. Экологиялық ахуал

Казақ даласының онтүстігінде тіршілікке қолайлы экологиялық жағдай антропогеннің басында толық қалыптасады. Жазық алқаптарда жоталана көтерілген белдеулерде өзен торабы жаралып, орман-тоғай мен жасыл желеңті мәңгі жаз климат орнады. Осындай экологиялық қолайлы ортада жануарлар дамып, жеміс-жидек бітік өсті. Алғашқы адамдардың алансыз тіршілігіне қажет жағдай орнады.

Сонымен, антропоген кезеңінің басында Тянь-Шань тауларының тіршілікке қолайлы аңғарлары мен шатқалдарында, Орта Азия мен Қазақ даласында адамзат пайда болып, өсіп-өнуіне қажет шарттарға сәйкес келетін табиғи жағдай орнады. Бірақ, табиғи орта бірқалыпты жағдайын тұрақты сақтаған жоқ. Соңғы 3 миллион жыл бойы Қазақ даласы қандай табиғи өзгерістерді басынан өткізгеніне тоқталайық.

3. ТАБИФАТТАҒЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-ТЕКТОНИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақдаласы Алтайдан Атырауға дейін созылған кең
3.1-кесте

Алатай жоталарының, оның Батыс сілемдерінің және
Каратай жоталарының өсу динамикасы

		Геологиялық бұрынғы кездердегі биіктік деңгейлері, м						
Аудандардың аты (шындардың қазіргі биіктігі, м)		15 млн жыл (N1)	3 млн жыл (N2)	1,5 млн жыл (QE)	0,7 млн жыл (QI)	0,3 млн жыл (QII)	150 мың жыл (QIII)	10 мың жыл (QIV)
1. Жонғар Алатаяуы (Бесбасқан – 4464)	1000	2200	2800	3200	3500	3700	4000	
2. Хан Тәңірі (7010)	1500	3500	4000	5000	5500	6000	6500	
3. Талғар (5036)	1000	2500	3000	3400	3800	4000	4500	
4. Қырғыз								
Алатаяуы (3817)	600	2000	2500	2700	3000	3300	3700	
5. Манас (4484)	800	2000	2800	3200	3500	3700	4100	
6. Сайрам (4299)	600	1600	2500	3000	3400	3800	4000	
7. Дәубаба (1382)	100	200	400	500	600	900	1200	
Үлкен Қаратай:								
8. Бессаз (2176)	400	600	800	900	1100	1600	2000	
9. Боралдай (1813)	400	600	700	800	1000	1400	1700	
10. Шакпак (1199)	300	300	500	500	600	800	1100	
11. Кіші Қаратай								
Беріккара (1611)	300	300	500	700	900	1300	1500	
12. Қошқарата-Жуалы грабені (1100)	300	300	400	600	800	900	1100	

жазықтарды, өзен-көлдерді, құмды-тасты шөлдерді, орман-төфайларды қамтиды. Бұл – даланың бүгінгі көріністері. Ал, бұрынғы замандарда қандай болған? 1930–1940-шы жылдары жүргізілген аймақтық, 1950–1960-шы жылдары жүргізілген ірі масштабты геологиялық карта түсіру жұмыстары мен археологиялық экспедициялар Қазак даласының ежелгі тарихының бұрын белгісіз болып келген жаңа беттерін ашып берді [20].

3.1. Неоген

Даланың шығысینан батысына қарай созылған жазық аймақтарын, солтүстігіндегі жерлерді континенттік теңіздер мен көлдер алып жатса, онтүстігінде тау жотала-

ры көтеріліп біліне бастады. Неоген дәүірінің бас кезінде ақ, шамамен осыдан 20 миллион жыл бұрын қазіргі биік Тянь-Шань тауларының орнындағы тегіс жазықта биіктігі 500–700 метрге жететін жоталар пайда болған. Содан бергі уақытта таулар мен жоталардың өсуі ұдайы жалғасуда (3.1-кесте).

Неогеннің сонында, осыдан 3–5 миллион жылдай бұрын Қазақстанның онтүстігін кәдімгідей таулы жоталар шектеді. Тектоникалық процестердің күшеюі нәтижесінде таулы жоталар мен солтүстік жағынан келіп тірелетін жазықтардың шекарасында, ендік бойымен жер қыртысын қақыратып созылған жарылымдар пайда болды. Осы жарылым-жарықтар арқылы таулардың көтерілуі жеңілдеп, олардың түзілу жылдамдығы артты, бірен-сарап жанартаялар пайда болды. Мын шакырымға созылған таулар биіктеген сайын континенттің онтүстік және солтүстік бөліктегінде ауа алмасу мөлшері азайып, мұның өзі аймақ температурасының жалпы төмендеуіне әкелді.

Жердің беті бұрынғы деңгейінен көтерілгенде ауанын орташа температурасы әр 100 метр сайын $0,6^{\circ}\text{C}$ -қа төмендейді. Біз баяндап отырған кезеңде таулы аймақтарда температура қазіргіден 12 – 20°C -қа дейін төмендеп кетті. Хан Тәнірінің басына түскен қар мұзға айналып, төңірегіне салқындық әсері тиे бастады. Дегенмен, таудан төмендеген сайын етегіндегі аймақтарда күн әлі жылы, жайма-шуак болып, өзендер ағып жатты. Тау беткейлері мен етектерінде қалың орман-тоғайлар жайқала өсіп, жан-жануарлар тобыры мекен етті.

Айналасындағы жазықтардан шоқылары мен қырқалары небәрі 200 – 400 метрге ғана көтеріліп түрған қазіргі Қаратай аймағында бұл кезде күннің қызыу қайтқан жок еді. Өзендер мен көлдердің айналасында орман-тоғай мен қалың шөп өскен. Сыңсыған ормандарда қалың жапыракты, биік дінді мәнгі жасыл ағаштар жайқалған.

Бұл аймақта осыдан 2–5 миллион жылдай бұрын жылы әрі ылғал ауа райы өзгеріп, ландшафт жіктелуі басталды. Қазіргі Африканың саванналары мен далаларына ұқсас климаттық белдеулер пайда болды. Осындағы климаттық жағдайлар осы аймактың өзіне тән жануарлар дүниесін қалыптастыруды. Олар негізінен жылқы, әр түрлі бөкендер, қорқау касқырлар, жолбарыстар, керіктердің кейбір түрлері

және басқа сүткоректілер еді. Климаттың өзгеруіне байланысты гиппариондық фауна комплексі қазақстандық Іле фауна комплексіне ауысты. Іле комплексі сүткоректілерімен қатар далалық аймактарда, Сарыарқаның оңтүстігінде страустар өмір сүргені белгілі.

Мәнгі жасыл, қалың жапырақты ағаштар өсken ормандар мен өзен-көлдердің жағалауындағы тоғайларды алып керіктеген мен пілдер, шалғындар мен далаларды тарпаңдар, құландар мен еліктер, шөлейт далаларда түйелер, сайғактар мен страустар топ-тобымен мекендеген. Жыртқыштардан жолбарыс, қасқыр мен тұлқі көбейген. Антропогеннің олдувай (қазакантроп) кезеңіне сәйкес келетін Қазақдаласының климаттық көріністері осындай болған.

3.2. Квартер (төрттік) дәуірі

Төрттік дәуірінің (Q) палеогеографиялық жағдайлары негізінен тектоникалық процестердің қүшесінен таулар мен жоталардың биіктеп өсуіне, ауа райының қатая түсінен байланысты. Кезең эоплейстоцен (Q_E), бастапқы (Q_I), ортаңғы (Q_{II}), соңғы (Q_{III}) плейстоцен және голоцен (Q_{IV}) замандары мен шақтарына бөлінеді. Әр тарау белсенді тектоникалық фазалармен басталып, соңына қарай геологиялық оқиғалардың саябырсымен аяқталады. Дәуірдің даму процесіндегі мерзімдік қайталану геологияға тән жалпы зандалылық [44, 45, 48].

3.2.1. Эоплейстоцен заманы

Эоплейстоцен заманында (осыдан 0,8–1,8 млн жыл бұрын) басын мұз құрсаған биік таулар көбейе бастаған. Хан Тәңірінің солтүстігіндегі Жонғар Алатауы мен батысындағы Алматы Алатауы биік шындарындағы қар мұзға айналды. Олардың салқыны беткейлеріне жеткенімен, етегіндегі және жазықтардағы орман-тоғайларды мекендеген жанжануарларға әсерін тигізе қойған жоқ. Ал, Қаратай өнірі адамдар мекендеуге қолайлы қалпында қалды.

Қазақстанның солтүстік және батыс аймактары континенттік құрғақ белдеулерге ауысты. Бұл аймактарға Шығыс Еуропа мен Сібірдің салқыны айтартықтай әсер етті. Жер бетінің биіктеп көтерілуі құрғақ ауа райымен қосылып, өсімдік әлемі мен жануарлардың тіршілігін нашарлатты.

3.2.2. Бастапқы плейстоцен

Бастапқы төрттік шағында (0,4–0,8 млн жылдар аралығы) Қойбын тектоникалық фазасының нәтижесінде биіктеп өсken Талас Алатауының басын да мұз құрсаі бастады. Күн жылынған сайын тау басындағы қар мен мұз еріп, етегіндегі жазықта қарай суы мол өзендер сарқырай ақты. Таудан аккан өзендер беткейлерді жырымдап, тілгілеп терен жыраларға айналдырыды. Өзен анғарларында текшелер мен құздар пайда болды. Ағыны қатты су тасқындары беткейлер мен шындардың таужыныстарын шайып, ағызып апарып етектерге шомбал тастар үйді. Өзендер таужыныстарды киратып, ұсактап, жазықтарға апарып шаймалап, қазіргі Балқаш көлінің онтүстігіндегі, Мойынқұм, Қызылқұм аудандарындағы құм шөгінділерін түзді. Таулардың бір кездегі тегіс беткейлері кескіленіп, жырымдалғанына және етегіндегі шөккен малтатас пен құмның мөлшеріне қарап, өзендер суының бұл өнірді қандайлық ерен өзгеріске ұшыратқанын шамалауға болады.

Заманың сонына қарай ауа райы салқынданап, құрғақшылық орнады. Қатты суықтан өзендер қата бастады. Күшті жел Балқаш маңында, Мойынқұм мен Қызылқұм аудандарында шөккен құмды суырып, құм жалдары мен төбелерін үйді. Құм суырған жел ауаға шаң көтеріп, айналаны тозаң басты. Желдің арыны тауға тіреліп басылып тұрғандықтан, Алатаудың етегінде шығыстан батысқа созылған тозаңнан құралған лёсс жалдары мен төбелері пайда болды. Лёсс шөгінділері құрғақтай тығыздалып, тау етегіне үйіле берді. Қазіргі Алматының шығыс жағындағы көпшілікке белгілі Қөктөбе мен сол деңгейдегі текшелер – табиғаттың сол кезден қалған ескерткіші.

Сарыарқада, Шығыс және Батыс аймақтарда Еуропа мен Сібірден келген суықтың әсерінен жердің беті шытынап жарылып, тоңға айналған. Тоңның қалындығы бірнеше метрге дейін жетіп, ұзак уақыт бойы көп жерді құрсаң жатқан. Катал табиғи жағдайлар флора мен фаунаның дамуын тоқтатып, таралуын тежеп отырды. Ал, осы уақыттың басында Ертіс, Есіл өзендері қалыптаса бастады. Онтүстікегі Қаратай жоталары суыққа пана болып, оның шатқалдары мен төнірегінде жылы белдеулерге тән орман-тогайлар, шалғындар өсken. Осындай ортада геологияда

белгілі Қосқорған фауна комплексі өркенdedі. Орманды жерлерде пілдер, дала жерлерде жылқылардың көптеген түрлері, Құландар, түйелер; өзендердің тоғайлы-шалғынды жерлерінде ірі мүйізтұмысқтар жайылып жүрген.

Таулардың көтерілуіне байланысты жердің бетіне өте берік әрі жеңіл таужыныс қабаттары да шықкан. Осындағы қасиеттері бар шақпақтас қабаттары ашылған Кіші Қаратаудың солтүстік алқабынан ашель мәдениетіне жататын гоминидтердің Ақкөл, Бөріказған, Тәнірқазған, Кемер, т.б. көптеген тұрактары табылды. Солтүстік бағыттан соккан желден ықтаған гоминидтер Үлкен Қаратаудың шатқалына қоныс аударып отырған. Оның күесі – Арыстанды өзенінің бойындағы ашель мен мұстє гоминидтері тұрактарының болуы. Мойынқұм мен Қызылқұмнан жел көтерген тозаң Қаратаудың тыныш аңғарларына шөгіп, гоминидтер тұрактарын да көміп тастап отырған.

3.2.3. Ортанғы плейстоцен

Ортанды төрттік шағында (0,2–0,4 млн жылдар аралығы) күшті тектоникалық қозғалыстар таулардың, жалпы жер бетінің көтерілуін жалғастырды. Таулар қазіргі кейіпке келе бастады, олардың жоғарғы бөліктерін қар, ал одан да биік жатқан шындарын мұз құрсады. Қазіргі кездеңі тау өзендерінің аңғары мен торабы негізінен осы заманда қалыптасты. Таудан акқан өзендер суы ағынының күштілігінен берік таужыныстардың өзі кирап, үгітіліп, малтатастанып тау етегіне конус тәріздес шөгінділер үйлді. Балқаш, Мойынқұм, Қызылқұм өнірлерінде су шаймалаған құм массалары молая түсті.

Кезеңнің соңына қарай құрғак әрі суық ауа райының қалыптасуы таулардың басын ғана емес, төменгі аңғарларын да мұз құрсауында қалдырды. Су қатып, өзендер қайырлана бастады. Күшті жел шөгінділерді суырып, құмжалдар, төбелер, шағылдар пайда болады, яғни әолдық бедер қалыптасады. Құмды аймактардан көтерілген тозаң жоталардың және таулардың етегіне шөкті. Балқаш маңынан көтерілген тозаң Алматы Алатауының бөктеріне ұзын жалдар түзсе, Мойынқұм тозаңдары Кіші Қаратай аңғарлары мен етегіне, ал Қызылқұм тозаңдары Үлкен Қаратаудың онтүстік етегіне, Арыс өзенінің аңғарына

казіргі Шакпакбаба ауылынан басталып, Түркістанға дейінгі аралықта жалдана орналасты. Қалыңдығы 10–20 м болатын сарғыш тұсті, біркелкі ұсак тозаннан тұратын лёсс шөгінділер Арыс өзенінің тік жарқабакты жағалауларынан қарағанда жақсы көрінеді. Бұл лёсс шөгінділерді жергілікті адамдар ерте кезден бері құрылышка пайдаланып келеді.

Осы заманда жылы аймакты трогантерийлік пілдер, кодастар, алып бұғылар, ірі Кноблох түйелері, жылқылар мекенедеді. Арыстанды өзенінің алабындағы лёсс қабатынан палеолит гоминидтерінің көп денгейлі тұрактары табылды. Сарыарқала тоң қабаты жібіп, судың көбеюіне байланысты Сарысу, Мойынты, Токырауын, Нұра, Құланөтпес өзендерінің негізгі торабы қалыптасты. Балқаштың солтүстік және Сарыарқаның онтүстік аудандарын гоминидтер тұрактанды.

Онтустіктері таулар мен жоталардан басталатын өзендер негізгі су артерияларына айналып, төмендегі ойпаттарға көп мөлшерде шөгінді материал тасымалдады. Құнгей және Теріскей Алатау аралығындағы тектоникалық ойпатта Ыстыққөл пайда болды.

Қаратая жоталарын көлденен жарып ағатын өзендердің бағыты мен антарларының морфологиясын сараптағанда, тау жоталарының көтерілуі негізінен осыдан 350–400 мың жыл бұрынғы тектоникалық фазада басталғандығы анықталған. Үлкен және Кіші Қаратая жоталарының арасындағы казіргі Қошқарат-Жуалы грабені (оыйсы) ол кезде биік суайрық болған. Белдеуленіп көтерілген суайрықтың шығысына – Кіші Қаратая бағытына қарай Теріс өзені акса, батысина – Үлкен Қаратая бағытында Қошқарат, Боралдай, Бөген өзендері акты. Кейінгі замандарда жердің тереңіндегі тектоникалық жарылымдар арқылы Қаратая жоталарының көтерілуі үдей түсken. Нәтижесінде Үлкен Қаратая мен Кіші Қаратая жоталарының биіктіктері қазіргі Қошқаратта грабенімен (оыйсымен) салыстырғанда жоғарылаپ көтеріліп кетті. Бірақ өзендер алғашкы алған бағыттарынан қайтпай, көтерілген жоталарды шайып, тілгілеп, қиратып, арналарын терендетіп аға берген. Қошқаратта өзенінің табаны Боралдайтаудың Алакүшік және Ақшоқы биіктірінің ауданында 600 м деңгейде болса, жарқабакты жағаларының басы 1100 м деңгейде, яғни өзен суы көтерілген жотаны 500 м

терендікке дейін қып түскен. Дәл осындай "жұмысты" Боралдай өзені де аткарды. Оның Үлкентұра мен Алакүшік биіктірі ауданындағы жарқабағының табаны 600–700 м деңгейде болса, басы 1100–1200 м деңгейде, ал жер бедерін қуалап, қазып түскен қиманың терендігі 500 метрден асады. Сонымен, шамамен 350 мың жылдың ішінде алғашында өзендердің табанында жатқан беткейлердің казіргі кезде 500 метрден астам биіктікке "өскенін" көреміз. Теріс өзені де акқан бағытын өзгерпей, жолындағы Кіші Қарататудың көтерілуінен болған кедергіні "қып" түскен. Су жарып акқан жота Маймақ бекетінің төнірегінде, Құркіреусу өзенімен қосылған тұсында көтеріліп, оның биіктігі 300 метрден асады.

Өзендер пайда болған уақыттан көп кейін "өсіп" биіктеуіне байланысты, арналарына кедергі болған жерлерді шайып, қиратып, терендетіп "салған" бөліктерін *антце-денттік аңғарлар* деп атайды. Антецеденттік аңғарлар әдетте жарқабакты, құз шатқалды келеді, ал олардың терендігі судың эрозиялық қабілеті мен биіктеген аймактардың есу жылдамдығына қарай жүздеген метр болуы мүмкін. Антецеденттік аңғарлар жоталардың өзен пайда болғаннан кейінгі кездерде өскенінің дәлелі. Антецеденттік өзен аңғарлары Алтай, Тарбағатай, Алатау және Қаратату сиякты жас тауларға тән құбылыс.

3.2.4. Соңғы плейстоцен

Соңғы төрттік шак (12–200 мың жылдар аралығы) геологияда елеулі тектоникалық өзгерістерімен белгілі. Жонғар тектоникалық фазасы белсенделілігінің нәтижесінде таулар өсіп, жер бедері негізінен қазіргі кейіпке өте жақын келді. Тектоникалық қозғалыстар тауларды ғана биіктеп қойған жок, Сарыарқа жазығындағы ұсақ шоқылардың да 1000–1500 м деңгейге дейін көтерілуіне ықпал етті. Атальмыш кезеңнің ортасына қарай, күннің жылынына байланысты далалардағы тон жібіп, таулардың басындағы кар мен мұз еріп, өзендердің суы молайды. Жаңа ірі өзендер арна тартты.

Алатау мен Қарататудан акқан өзендердің эрозиялық қуаты артты. Қысқа тау өзендерінің қосылуынан шатқалдар мен етектегі жазықтарда тау жүйелерінің бағыты бойынша

орналасқан ірі анғарлар пайда болды. Мысалы, Күнгей және Іле Алатауларының биік шатқалдарынан Шілік өзені – тауға өрлеген басынан шығысқа қарай, ал Чон-Кемин өзені – батысқа қарай акты. Кетмен, Жонғар және Алматы Алатауларынан көлденен аккан өзендер Жетісудың басты су arterиясы Іле өзенін құрады. Қаратая мен Талас Алатауының сілемдерінен бастау алған бұлактар Арыс өзеніне келіп құйылды. Тарбағатай мен Алтай сілімдерінен аккан бұлактар Ертіс өзенінің суын молайтып, арнасын кеңейте түсті. Сарыарқа жотасынан солтүстік және оңтүстік бағыттарда аккан өзендердің эрозиялық қуаты да біршама артты, анғарларындағы таужыныстарды шайып, күм шөгінділерін қалыптастыруды.

Қаратая, Жетісу, Ертіс, Сарыарқа және Каспий маңындағы аймактарда, өзен бойлары мен шатқалдарда орман-тоғайлар мен шалғындар өсті. Олардың арасында алып пілдер, қодастар, мүйізі қарағайдай бұғылар, азуы сақылдаған жыртқыштар, куан далаларда ман-ман басқан түйелер жайылып, құландар, тарпаңдар мен сайғактар құйындағы жортты. Тіршілікке қолайлы осы аймактарда оларға аңшылық жасаған мұстө заманы гоминидтерінен көптеген мәдени ескерткіштер қалған.

Қазіргі Орталық және Солтүстік Казакстанда бұдан 50–70 мың жылдар шамасы бұрын суық түсіп, үсік жүрді. Құрғақ аумакты жел көтерген шан-тозаннан тұратын лёсс шөгінділері басты. Одан кейін, яғни осыдан 25–50 мың жыл шамасы бұрын, бұл өнірде жылылық орнап, флора мен фаунаның дамуына жағдай туды, ірі сұтқоректілер өмірін жалғастыруды. Аңшылық құрып келген, табиғаттың қаталдығына бейімделген соңғы палеолит адамда-ры тұрактана бастады. Дегенмен, ауа райы солтүстік аймактарда әлі салқындау еді, оның дәлелі – ормандарды бұландар, ал көлдерді құндыздар мекендереген. Соңғы 12–25 мыңжылдықтарда өте суық әрі құрғақ климат қалыптасты. Қазіргі уақытпен салыстырғанда жауын мөлшері 150–200 мм-ге аз, температура шілдеде 2 градуска, қантарда 10–12 градуска дейін төмен болған. Осы аймакты түгел қамтып жатқан тоңның шекарасы қазіргі Мұғалжардың оңтүстігінен бастап, Торғай ойпаны, Ұлытаудың оңтүстігі, Балқаш маңы мен Алтайға дейін тараптады. Қаратаудың солтүстік өніріне де жақындаған [44, 45].

Қатты суықтан онтүстік пен шығыстағы таулы аймақтарда биік жоталарды құрсаған мұз етектердегі аңғарларды да басты. Шөлді аймақтарда күшті жел құм жалдары мен төбелерін үйіп, суырып әлек салса, ауаға көтерілген шаңтозан әдеттегідей тау етектері мен тауаралық жазықтарға шөгіп, лёсс қабаттарын түзді. Суық климаттық жағдайға жан-жануарлар мен сонғы палеолит адамдары бойсынып, бейімделе бастады. Адамдар суықтан панарап, үнгірлерді мекенdedі. Біраз тайпалар ықтап, алыс өнірлерге ауып кетті. Тоғайлар мен шалғынды жерлерді суыққа төзімді мамонттар (зілдер), жұндес мұйізтұмсықтар (керіктер) мен қодастар мекенdedі. Құрғак далаларда турлар, түйелер, құландар мен сайфактар жайылды. Бұл кезеңде үнгірлерді панаған адамдар осы аңдардың бейнелерін салуға әрекеттенгені олардың мәдениетінің өсе бастағанын айфактайды.

Суық қайтып, жылы климат орнай бастаған кезде (осыдан шамамен 25–50 мың жыл бұрын) кар мен мұз еріп, өзендердің суы көбейе бастады. Қуатты тасқындар тау шатқалдары мен беткейлерін бұзып, шайып, мұжіп, сонын салдарынан етектерде малтатас пен құмның конус формалы жаңа шөгінділері түзілді. Осы кезде ойпандарға толған судан Арал, Балқаш, Билікөл, Теніз және басқа көлдер пайда болды.

3.2.5. Голоцен заманы

Голоцен, яғни төрттік кезеңнің қазіргі кезі (б.д.д. 10 мың жылдай уақытты камтиды), қазіргі ғылыми тұжырыммен айтқанда Алматы тектоникалық фазасынан басталып, таулардың өсіумен жалғасты. Бұл кезеңде климат құрт өзгеріп, жер бетінде жана экологиялық жағдайлар қалыптаса бастады. Құн қызуы құрт көтеріліп кетуіне байланысты жер бетінде сіресіп жаткан тоң, таулардың басы мен аңғарларын басқан мұз еріп, жер бетінде тасқын су қалтады. Содан мамонт тәріздес жануарлар түгелімен қырылып, жойылып кетті. Қоғарыда айтқан бұл *апатты* құбылыстың сырын профессор Э.П. Изох [29] айфакты деректердің негізінде біздің дәуірден 10 мың жыл бұрын Жердің кометамен соғысуының салдарынан болды деп түсіндіреді.

Аспаннан жанып түскен метеориттер мен кометалардан ауа ысып, орман мен далаларда өрт шыкты. Ғарыш денелерінің күшті жарылыстары мен сокқылауының салдарынан жер бетінде кратерлер пайда болды. Тозаң көтеріліп, шаш борап, теңіз жағалауларын цунамидің әсерінен су басқан. Кометалар құлап түскен аймақтарда геохимиялық ауытқылар орын алды.


Археологиялық деректерге қарағанда, біздін дәуірден 10—9 мың жыл бұрын адамдардың ежелгі тұрактарын кенеттеп тастап кеткені байқалады. Содан уақыт өте келе, мезолит заманындағы адамдардың әлеуметтік, тұрмыстық тіршілігіне өзгерістер ене бастағанын ғасырлар қойнауынан жеткен деректер дәлелдей түседі.

Бір ғажабы, аспан денелерінің жанып жерге құлап, мұз бен тоңынің еріп, көп аумактарды ораған өрт жалыны — адамдардың көз алдында өткен құбылыстар. Аспаннан жанып түскен тастар *жоғарыдан келген ерекше тылсым*, алапат құдіретті күштің белгісі ретінде адамдар санасында сакталып қалды. Мұндай құбылыс адамдар санасында қалыптаса бастаған діни нанымдарды қүшейте түсті. Адамдар арасында әр түрлі таңғажайып миф, аныз бен лақап тарапуына негіз болды. Топансу туралы әнгіме халық арасында таралып қана қоймай, кейінірек діни шығармаларға арқау болды. Шығыс халықтарының арасында, көне және жаңа діни кітаптарда айтылатын топансу оқиғасы осы жәйттер желісінде құрылған. Қазак даласындағы аныз бойынша жер бетін топансу қаптағанда, Нұх пайғамбардың (Адам Атаның оныншы үрпағы), балалары мен жан-жануарлар мінген кемесі Қазығұрт тауына келіп тірелген. Таю Шығыс елдерінің аныздарында Нұхтың кемесі сол жерлердегі тауларға, ал көп таралған аныздардың бірінде — Аарат тауына токтаған.

Сонымен қатар, аспанда жерді құйдіріп-жандырған көптеген *Күндер болғаны туралы да аныздар баршылық*. Мысалы, Кытай ертегілерінде жерді шарпыған өрттен сактану үшін У (кей басылымдарда И) деген мерген аспандағы он Күннің тоғызын атып түсіріп, жалғыз Күнді ғана калдырған. Бұл ертек атмосфераға кіргенде бөлшектеніп жанған кометаларды қөзімен көргендердің айтуы бойынша дүниеге келген ақыят.

Қазір кометаның (тектилтің) жерге соқтығысуынан пайдада болған, яғни импактілік бес кратер белгілі. Солардың

біреуі – Қазақстанда, Арал теңізінің солтүстігінен табылған Жаманши кратері. Кратер алаңының көлдененеңі 20 км-ден асады, ал орталық воронкасының диаметрі 6 км-дей, оны көлдененеңі 50 мен 300 м аралығындағы ұсақ кратерлер коршайды. Бұл кратер-сателиттер басты кратермен бір уақытта да, одан кейін де пайда болған (3.1-сурет).




3.1-сурет. Жаманши кратерінің геоморфологиялық сұлбасы (И.С. Новиков бойынша): 1—жаксы сакталған кратерлік серіктер; 2—біршама шайылған кратерлер; 3—тегіс төрткіл қыраттар; 4—шайылымданған жазықтар; 5—құрғак арналар мен сужиналу аландары; 6—бас воронканың контуры; 7—кратер үймегі. Тілінімде: бір-бірін жапқан кратерлер (бас кратердің онтүстік онтүстік-батыс жағында)

Қалған кратерлердің екеуі – Африкада (Гана, Мавритания), төртіншісі – Сауд Арабиясында, бесіншісі – Тасманияда. Аспан денелері түскен аландар негізінен Жаманши мен Тасманияны жалғастыратын сызық бойында орналасқан, олар көп түскен жерлер – Қазақ даласы, Онтүстік Қытай, Индокитай, Филиппин аралдары, Индонезия, Ява, Биллитон, Австралия және Тасмания. Мұндай бірен-саран жерлер Африка мен Латын Америкасында да бар (3.2-сурет).

Фарышқа байланысты әр елде тараған мәдени белгілер мен ғарыштық келімsectер туралы аныздардың шығуы да

осы оқиғаларға байланысты. Халқымыздың мындаған жылдар бойы Тәнірге табынуын Жаманши кратеріне құлаған кометаны немесе басқа жерлерге түскен аспан денелерін көрген ежелгі ата-бабаларымыздан калған наным деуге болады. Осы гипотеза негізінде Л. Гумилев (1994) жана этностардың пайда болып, таралуын түсіндірді.



3.2-сурет. Тектиттер мен импактілік кратерлердің сұлба-картасы: 1—импактілік кратерлер (цифрлар): 1—Жаманши, 2—Тасмания, 3—Босумтви (Гана), 4—Аулу (Мавритания), 5—Вабар (Сауд Арабиясы); 2—тектиттер құлаған аландар; 3—Азиялық-Австралиялық тектиттер белдеуі; 4—микротектиттердің мұхит түбіндегі шөгінділерде таралуы; 5—көне аныздарда айтылатын кометалар; 6—әлемнің әр халықтарының аныздарында айтылатын топансулар [29]

Сонымен, плейстоцен мен голоцен замандары тоғысында ерекше өзгерістер мен кометалардың жерге құлауынан болған *анатты құбылыстар* гипотезасы осындаид. Бұл гипотеза көп құбылыстарға түсінік береді. Қазак даласын континенттік мұз құрсамағандықтан, топансу баскан жок. Бірақ Алатау мен оның Батыс сілемдеріндегі таулар мен анғарлар мұзының еруінен сай-сала суға толып, үлкен тасқын болған.

Голоцен кезеңінде басында жалпы жер бедері қазіргі кездегідей болғанымен, таулардың биіктігі қазіргі деңгейінен 300–500 м төмен еді, ал жазықтар айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жок. Экологиялық орта елеулі өзгерді,

ірі сүткоректілер түгелімен жойылып, өсімдіктер мен жануарлардың қазіргі түрлері пайда болды. Біздің дәуірге дейінгі уақыт аралығында ауа райы үш рет сұзытып, үш дүркін қайта жылынған. Адамдар табиғатқа тікелей тәуелді болудан арыла бастады, олар табиғаттың дайын баспаналары үнгірлерден шығып, өздеріне қажетті баспана мен киім дайындауды үйренді. Малды қолға үйретіп, өндірістік мәдениетті игерді.

Тектоникалық қозғалыстарға байланысты табиғи ортаның өзгеруі, таулардың өсуі, зілзалалар, ауа райының ауытқып тұруы бүгінгі күндері де жалғасып келеді. Ғалым Е. Финько (1964) Түркісіб темір жол желісінің бойымен 1300 км Арғыс бекеті-Алматы-Семей аралығында 1935–1955 жылдары жүргізген жоғары дәлдікті геодезиялық өлшеулер нәтижесінде қазір де жер қыртысының даму үстінде екенін, тектоникалық қозғалыстардың әлі де елеулі орын алатынын дәлелдеді. Өлшеу жүргізген аралықта жер қозғалуының әр аудандағы жылдамдығы бірдей емес екендігі анықталды. Жердің ең жылдам көтерілу осі Үлкен Қаратая жотасының Құлантая арқылы өтетін Шақпақ асуында екен. Оның орташа мәні жылына 10–12,5 мм болатындығы есептеп шығарылды. Сонда, соңғы 10 мың жыл ішінде бұл бөлікше 100–125 м-ге көтерілген.

Тектоникалық фазалардағы белсенді кездерде таулардың өсу жылдамдығы әлдеқайда жоғары болған. Ондай тектоникалық қозғалыстар кезінде, таулардың жылдам көтерілуімен қатар жер жарылып, апатты зілзалалар орын алады. Тектоникалық тербелмелі қозғалыстарды қазіргі уақытта өзен арналарына қарап білуге болады. Өзен арнасына малтатастар іріленіп шөгे бастағаны таулардың жылдам өссе бастағанын көрсетеді, ал арналардағы шөгінділердің ұсақтанып, сазға айналуы тектоникалық қозғалыстардың бәсендегенінің белгісі.

3.3. Арал теңізі мен Балқаш көлінің тарихи

Осыдан 25–40 мың жыл бұрынғы геологиялық заманда пайда болған Арал теңізі мен Балқаш көлі Қазақ даласына, көршілес елдердің экологиясына ежелден әсер етіп келе жатқандықтан, олардың геологиялық дамуына арнайы тоқтала кетейік. Арал теңізін қоректендіретін су

көздері – Әмудария мен Сырдария. Орта Азияның басты өзені Әмудария осыдан 2 миллион жыл шамасы бұрын Памир тауларынан бастау алып, батысқа қарай ағып, Каспий теңізіне құйған. Өзеннің осы уақыттан бергі атқарған жұмысының нәтижесі – Қарақұм шөлі. Өсіп, биіктеп келе жатқан Памир тауларынан арыны қатты, сұы мол өзендер басталады. Әмудария тауларға терендеп енген сайын таужыныстарды бұзып-жарып, шайып киыршық-құм массасын алып шықкан. Бұл массалар Памирдің етегінен басталып, Каспий теңізіне дейін созылған ені 300–500 км жазыққа тасымалданып, қазіргі Қарақұмға айналды. Тектоникалық процестердің нәтижесінде өзен арнасы жазықтың екі шетінің арасында ауытқып отыруына байланысты, сумен ағып шықкан құм біркелкі жаймаланып отырған. Орта Азия жазығында төрттік кезеңі бойы құрғакшылық болып, анызақ жел тұрған. Жел қүшейген кездерде қазіргі Қарақұмның сусыма құмын суырып, жалдарға, бархан шағылдарға үймелеп отырған.

Соңғы плейстоцен заманының (Q_{III}) басында қазіргі Аral ойпатының онтүстігі мен шығыс аймағында кен жазық пайда болды. Қарақұм аймағының көтерілуіне байланысты Әмудария арнасы солтүстікке қарай бұрылып, Сырдария, Шу, Сарысу өзендері сиякты Аral жазығына жайылды. Құм, лайсан өзендер сұы жазыққа шөгінді материалды тоғыта берді, ал жазықтың ойпан-шұңқырларына су толып, көлдерге айналды. Осыдан 25–40 мың жыл шамасы бұрын жазық шөгінді таужыныстарға толып, өзендер сүйнан қазіргі Аral теңізі пайда болды.

Сырдария сұы Аral ойпанына Әмудариядан ертерек құйылған. Оның алдында, бастапкы (Q_1) және ортаңғы (Q_{II}) плейстоценде, өзен қазіргі Қызылқұм жазығында жайылып ағып, құрамындағы құм жаймаланып шөгіп отырған. Өзен кейбір кездері батысқа ауытқып, Қарақұм жазығымен аккан. Жалпы Сырдария өзенінің қазіргі арнасы голоцен (Q_{IV}) заманында ғана қалыптаса бастаған. Ал Әмудария голоцен кезінде де арнасын бірнеше рет Каспийге бұрған. Мысалы, осыдан 2800–3200, 2100–2500, 800–1100 және 400–700 жылдар бұрын Әмудария өзені Каспий теңізіне құйған. Мұндай кездерде Аral теңізінің сұы құрт азайып, денгейі төмендеп, кайрандары көрініп қалып отырған.

Плейстоценнің голоценге ауысқан кезінде, яғни біздің дәуірге дейін 10 мың жыл шамасы бұрын, климат құрт өзгеріп, Құннің қызыу қүшейіп, тау басындағы мұз еріп, айналаны су басты. Суы молайған Әмудария өзені арындалап, батысындағы қазіргі Сарықамыс көлін толтырып, ағып барып Узбой арқылы Қаспийге құйған. Қаспий теңізі болса өз кезегінде, Әмудария ғана емес, құйылып жатқан солтүстігіндегі өзендердің де суы молайып тасуынан деңгейі қөтеріліп, Қаспий маңы ойпатын басады. Осы кезде Манғыстаудағы Қарақия, Қара-Бұғаз-Гол ойпаттары да суға толған. Қаптаған топансу шығысындағы жазық алқапты басып, Сыр алабы мен Қаратай жоталарына дейін жеткен.

Балқаш көлі де біздің дәуірге дейінгі 40–20 мың бұрынғы ауа райының жылынуынан Сарыарқа мен Алатау, Жонғар тауларынан мол су әкелген өзендердің Балқаш-Алакөл ойпаңын толтыруынан пайда болған.

Біздің дәуірге дейінгі 20–10 жыл бұрын құн суытып, тоң қатып, ойпаңға құятын судың мөлшері азайды. Ойпаңдағы көлдер бөлшектенді, Балқаш көлінің деңгейі төмендеп кетті. Голоцен кезінде, яғни соңғы 10 мың жыл ішінде климаттың тербелмелі өзгеруіне байланысты, Балқаш көлі суының тасуы (трансгрессия) мен қайтуының (ретрессия) жеті фазасы тіркелген.


Тектониканың және климаттың тұрақсыздығына байланысты Қаспий, Аral теңіздері мен Балқаш көлі деңгейлерінің әр кезенде қөтеріліп-төмендеп, суының көбейіп-азайып отыруы табиғи занды құбылыс болып саналады. Соңғы жылдары айналадағы ортаға адамдар тигізетін ықпалдың әсері геологиялық табиғи процестен де артып кетті. Осының салдарынан бүгінде Аral маңы экологиялық апартты аймақта айналып отыр.

4. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ МЕН СОЛТУСТИК ЕУРАЗИЯ АРАСЫНДАҒЫ ТАБИФИ БАЙЛАНЫС

4.1. Антропогеннің бастауы

Антропогеннің бастауынан ортандырылған плейстоценге дейін Қазақ даласының оңтүстік аймағы тау жоталарының астынан келген жылу мен Индия мұхиты алабынан жететін жылы әрі ылғал ауа массасының иті ықпалында болып, Қаратай жоталары мен Алатау бөктерлерінде және Сарыарқаның оңтүстігінде өмірге оңтайлы табиғи жағдай сақталған [44].

Бастапқы плейстоцен заманынан бастап, Алатаудың Батыс сілемдерінің биіктеп көтеріліп кеткендігіне байланысты оңтүстіктен келетін жылы және ылғал ауа тасқындарына тоқсауыл орнайды. Тау шоқтықтарына түскен қар мұзға айналып, төнірегіне салқын ызығарын шашқан. Әсіреке ортандырылған плейстоценнен бастап Қазақдаласына Еуразияның солтүстік бөлігіндегі табиғи мұзбасу құбылыстардың тигизетін әсері арта бастайды (4.1-сурет).



4.1-сурет. Төрттік кезеңінде Солтүстік жарты шардағы мұзбасудың максимал таралуы, К.К. Марков бойынша: 1-теңіз мұзбасуының қазіргі шекарасы; 2-теңіз мұздарының бұрынғы шекарасы; 3-қазіргі құрлық мұздары; 4-бұрынғы құрлықтың максимал мұзбасу; 5-көпжылдық тоңбасу мен жерасты мұзбасудың қазіргі шекарасы

Шығыс Еуропа мен Батыс Сібірді қамтыған ұзак мерзімді мұзбасу кезеңдерінде Қазақ даласының солтүстік аймақтарында жерге тоң қатып, ауа райы ерекше салқынданап кететін болды. Табиғи ортаға шешуші әсерін тигізген оқиғалар сипаты 4.1-кестеде көрсетілген.

4.1-кесте

Еуразияның солтүстік бөлігінің палеогеографиялық сипаты

Төрттік кезең тараулары	Уақыт, жыл	Блітт-Сернандер шкаласы бойынша голоцен кезеңдері, олардың бөлімдері (индексі) мен температуралық режимі		
Біздін дәуір	1917	Қазіргі кездең табиги орта		
	800	сонғы (SA-3)	салқын	
	200	ортанғы (SA-2)	жылы	
	0	бастапқы (SA-1)	салқын	
	1000	сонғы (SB-3)	өтє сүйк, жұт	
	1500	ортанғы (SB-2)	жылы	
	2300	бастапқы (SB-1)	сүйк	
	3000	сонғы (AT-3)	өтє жылы, ығалды	
	4000	ортанғы (AT-2)	салқын, басы өтє сүйк, жұт	
	5000	бастапқы (AT-1)	жылы	
	6000	сонғы (BO-2)	сүйк	
	6300	бастапқы (BO-1)	жылы	
	7200	сонғы (PB-2)	сүйк	
	7900	бастапқы (PB-1)	жылы	
	8300	Сонғы дриас (DR-3)-сүйк түсіп, тоң қатты, жұт болды		
	9000	Ерекше ыстық (топансу қаптап, ерт шықты) – Жаманаші кезеңі		
	10 000	Алматы белсенді тектоникалық фазасы		
Сонғы плейстоцен Q _{III}		Осташков (сонғы ваддай) мұзбасуы	Сартан мұзбасуы	Таулы-антарлы мұздық
	25 000	Орта ваддай (Дунай) мұздықаралық жылымығы	Каргин мұздықаралық жылымығы	Жылымық орнады
	50 000	Алгашқы ваддай мұздығы	Ермак мұздығы	Қатты сүйк тауларда мұздық
	75 000	Микулин мұздықаралығы	Казанцев мұздықаралығы	Жылы
Органғы плейстоцен Q _{II}	150 000	Тектоникалық белсенді қозғалыстар - Жонгар фазасы		
	200 000	Днепр мұзбасуы	Самарово мұзбасуы	Таудық мұздық
	250 000	Мұзбасу сүйк кезеңдер мұздықаралық жылы мерзімдермен кезектесіп алмасып тұрған		
	350 000	Тектоникалық белсенді қозғалыстар - Баку фазасы		
	400 000			

Мұзбасу сүйк кезеңдері мен мұздықаралық жылы мерзімдердің кезектесіп алмасып тұруына байланысты табиғи ортаның экологиялық жағдайы да аумалы-төкпелі өзгеріске түсken. Осы себепті жан-жануарлар мен алғашқы адамдар қауымы мекендерін әр түрлі географиялық белдеулерге бейімдеп, өзгертуге мәжбүр болған.

Осыдан 200–250 мың жыл бұрынғы кезеңде Батыстан Шығысқа созылған *днепр* (Шығыс Еуропа)-*самарово* (Сібір) мұзбасу аймағының салқын әсері Қазақ даласының солтүстік бөлігіне жеткен. Орман-тоғайларға қыс айла-

рында қалың қар түсіп, сүйк орнап, адамдар мекендеуге қолайсыз болған. Жылы мезгілдерде аңшылар келіп-кетіп жүргенімен, тұрақтап қалуға бекінбей онтүстікегі жылы мекендеріне қайтып оралып отырған.

4.2. Соңғы плейстоцен

Төрттік кезеңі ортаңғы және соңғы плейстоцен буындарының тоғысында - Жонғар белсенді тектоникалық фазасында Жер қойнауындағы қуатты энергияның ықпалынан туындаған қозғалыстар жер бедеріне өзгерістер әкеліп, ауа райы өзгерді. Сүйк кезең жердің бетін жапқан мұз қабаты мен тонды еріткен жылы кезеңмен алмасты [44, 45, 48].

Осыдан 75–150 мың жыл бұрын Шығыс Еуропаның мұздықтарын еріткен *микулин* мұздықаралық, ал Сібірде – *казанцев* мұздықаралық жылы кезеңі орнады. Бұрынғы мұз құрсаған, құрғак жел көтерген тозаң шөккен аймақтарда жылы әрі ылғал ауа райы орнап, құнарлы топырак қабаты түзілді. Жайқалып шөп өсіп, орман-тоғайлардың жасыл желектері дамыды, олардың арасында жайылған андар тобыры көбейді.

Аңшылыққа ғана емес, тұрақты мекендерге қолайлыш табиғи жағдай қалыптасқан Қазақ даласының орталық және солтүстік аймақтарына Қаратай жоталары мен Сыр алабынан адамдар қауымы келіп қоныстана бастады. Сарыарқада еңбек құралдарын жасауға қажет шақпактас қабаттарына жақын орман-тоғайлар өскен өзендердің бойында адамдардың алғашқы тұрақтары пайда болды. Мұстье мәдени кезінің адамдары мекендереген тұрақтар Сарыарканың солтүстік жағынан көпtek табылғаны, бұл аймақта да табиғи жағдайдың тұрмысқа қолайлыш болғандығын көрсетеді.

Табиғатта қайталанып отыратын зандылық бойынша, осыдан 50–75 мың жыл шамасы бұрын Еуразияның Солтүстік бөлігін сүйк қайта қысты. Шығыс Еуропада *бастапқывалдай*, ал Сібірде *ермак* мұзбасуы деп аталған тұтасқан мұз құрсаған кезең басталды. Эрине, бұл мұзбасулар іргелес Қазақ даласына салқынын тигізбей қалған жок. Орман-тоғайларда сүйкқа төзімді андардан басқалары жылы белдеулерге ойысты.

Адамдар қауымдары Қаратай жоталарының шатқалдары мен күнгей беткейлеріндегі ата мекендеріне, Сырдың жоғарғы алабына, Орта Азияның мол сұлы өзендер ақкан жылы шатқалдарына қоныс аударды. Олардың негізгі кәсібі аңшылық болды. Әрине, жеміс пен жидек де на- зардан тыс қалған емес. Сырдың, Әмударияның, Каспий теңізінің жағалаулары мен жақын аралдарын мекендереген қауымдар балық аулап күнелтті. Суық пен қатты желден үңгірлерде паналады. Қарапайым баспаналарды өздері жасап алуды менгерген адамдар қыстың салқынынан от жағып жылынды.

Жылылық орнаған келесі кезең осыдан 25–50 мың жылдар аралығына сәйкес келеді. *Ортавалдай* (Шығыс Еуропа)-*карги* (Батыс Сібір) мұздықаралық заманда бұрынғы мұз бен қалың тоң басқан жерлерде жылылық орнап, үлкенді-кішілі өзендер акты. Ылғал ауа райы барлық жерді суға қанықтырып, нәрлі қара топырак қыртысы түзілуін жеделдettі. Өсімдіктердің өсуі мен жануарлардың көбеюі қарқыннады.

Осы жылылық кезең Қазақ даласына әйгілі иғі әсерін тигізді. Адамдар қауымы барлық аймақтарға таралып, қоныс тепті. Табиғаттың көп құпиясы мен Аспан сырын ұғына бастаған саналы адамдар (*Homo sapiens*) қауымы осы кезде өмір сахнасынан көрінді. Саналы адамдар ата қоныстарынан алыс аймақтарға сапар шегіп, жана мекендерді игере бастады. Оларды алыс мекендерге қоныс аударуға өмір тауқыметі ғана емес, танымға құштарлық, жаналыққа құмарлық сезімдер де итермеледі. Бұл адамзат мәдениетінің соңғы палеолит кезеңі еді.

Жылылық орнаған кезең Қазақ даласының бедеріне де өзгерістер әкелді. Сарыарқаның тоңы жібіп, өзен-бұлактардың сұры көбейді. Ылғалдылық артып, мол сұлы өзендер ойпанндарды суға толтырып, көлдерге айналдыруды. Қазіргі Арас тенізі, Балқаш көлі, басқа да көптеген ірілі-ұсакты көлдер осы кезде пайда болған.

Қазақ даласының тұрғындары үшін тарихи шешуші кезеңнің басы осыдан 12–25 мың жылдар аралығындағы заманда басталды. Еуразия континентін қамтыған соңғы мұзбасу Солтүстік белікті, Батыс Еуропадан Аляскаға дейін созылған белдеуді түгел жапты. Шығыс Еуропада *осташ-*

ков (немесе соңғы валдай), Сібірде *сартан*, Аляскада *нептаян* атты мұзбасудың табиғи ортаға экологиялық ықпалы ерекше болған. Жерге қалың мұз қатқан жерлерде тіршілік негізінен жойылып кетті. Ашық жерлерде сүйк құрғақ жел көтерген қалың тозан отырып, тіршілікті тежеді. Аталған мұзбасулардың ызғары мен сүйк желдің ұскірігі Қазак даласына да айтарлықтай ауырлық әкелді.

Қазакстанның орталық және солтүстік аймақтарында осыдан 12–25 мың жыл бұрын ең сүйк және құрғақ ауа райы орнаған. Ауаның температурасы қазіргімен салыстырғанда 10–12⁰С-тай төмен болып, жауын-шашиның мөлшері 150–200 мм-ге дейін азайған. Катты сүйктан жердің беті шытынай жарылып, қалыңдығы бірнеше метрге жететін тоң қатқан. Тоңды белдеудің жиегі Шығыс Еуропаның қазіргі Украина даласында, Мұғалжардың онтүстігі арқылы Торғай ойпаты мен Ұлытауды қамтып, Сарыарқаның онтүстігі, Балқаштың солтүстік өнірі арқылы өтіп Алтайға созылған, Қаратрудың солтүстік өнірлеріне дейін жеткен [44, 45].

Катты сүйктан Алатаудың, оның Қазығұрт жотасына дейінгі Батыс сілемдерінің басын жапқан мұздық төмөндеп тау аңғарына түсіп, етектеріндегі бұлактар сүнда қатып қалатын. Қыс айларында Қаратай жоталарының шаткалдары мен беткейлеріне қар түсіп, боран соккан. Жаз айларында анызак жел тұрып, шаң сұрып, айнала төніректі тозан басатын болған. Ұзаққа созылған сүйк пен құрғақшылықтан өзен-бұлактардың сүн азайып, орман-тоғайлар мен шалғындар курауын жалғастырды. Осыған дейін көптігінен көз тұнатын, топ-тобырымен еркін жайылып жүрген андар жылы жактарға ауып, саны күрт азайып кетті. Аңшылық қәсіппен шұғылданған адамдардың күн көрісі киындаған сайын, олар коныстарын жайлы өнірлерге аударуды мақсат еткен.

Адамдардың қоныс аударуы андардың ауу бағыттарына байланысты. Оның себебі адамдардың өздеріне қорек болатын андарды өкшелеп, аңшылық жасауында. Андардың жылы жакты сезген топтары Орта Азия арқылы Онтүстікке жылжыды. Олардың сонына түскен адамдар де осы бағытта көш түзеді.

Сыр алабы, Қаратай жоталары мен Жетісу өнірінде, Маңғыстауда тұрақтап қалған адамдар табиғаттың қыындығымен табанды күресіп, жергілікті тайпаларға

айналып, тіршілігін дамытты. Олар күн көрісін жергілікті жағдайларға бейімделген жануарларды аулаумен жалғастырды.

Құрғақшылықтан қурай бастаған орман андары бұтақтары мен жапырақтары қалың орналасқан солтүстік өлкелердің ормандарына ауды. Қалың орманның, тайганың іші андарға жақсы жайылым болғанымен өте суық еді. Суық орманның андары айналадағы ортаға бейімделіп, жұндері қалындалп, геологияда белгілі мамонт *фауналық комплексі* қалыптасты. Мамонттар, қалың сабалак жұнді басқа андар Қазак даласынан Шығысқа қарай ойысып, Сібір ормандарына тереңдеп, Еуразиямен жалғасып жаткан Аляскаға жеткен. Олардың сонынан еріп, аңшылық кәсібін жалғастырған далалық адамдар да осылайша Америка құрлығынан бірақ шығып, жаңа құрлықтың алғашкы жергілікті тұрғындарына айналды. Олар, яғни қазір үндістер деп аталған халықтар бірте-бірте Солтүстік және Оңтүстік Америка құрлықтарын толығымен игеріп, ата жұрты Қазак даласына үқсас Америка далалары мен Анды тауларын мекендеп, ата кәсібі аңшылықпен тіршілігін жалғастырды.

Бір-бірімен кезектесіп, алмасып отырған салқын және жылы, жайлы және жайсыз кезендер қазіргі уақытқа дейін жалғасып келеді.

4.3. Голоцен заманы

Бұл емірде барлығы өтпелі. Біттейтіндегі көрінген суық кезең де өтті. Осыдан 12 мың жыл шамасы бұрын, төрттік кезеңінің плейстоцен мен голоцен тарауларының тоғысында тектоникалық белсенді қозғалыстар мен ғарыштағы ерекше процестер жер бетіне бұрын-соңды болмаған құбылыстар туындасты. Аспаннан құлап, жерге соғылған кометалар мен атмосфера қабатында жанған метеорлар тасқындан ауа құрт ысып кетті.

Қатты ыстықтан мұздықтар мен тондар еріп, жердің бетін телегей-теніз су басты. Шығыс Еуропа мен Қазак Даласының батыс жағын топансу қаптап, Каспий маңы мен Қара теңізді де су басты. Теніздер деңгейінің көтерілуіне байланысты Еуразия мен Африка континенттерін жалғастырып жаткан мойнактар су астында қалып, құрлық аралық қатынастар үзілді.

Тектоникалық процестердің нәтижесінде Еуразия континенті мен Алясканы жалғастырып жатқан мойнаққа жік түсіп, қазіргі Беринг бұғазы пайда болды.

Ауаның тез жылшынып кетуінен Шығыс Еуропа мен Батыс Сібір ормандарының арасындағы аланкайлардың тоны жібіп, ми батпаққа айналды. Орман андары Қазак даласына, Қара теңіздің солтүстігіндегі орманды-тоғайлы жазықтарға ауды. Солтүстік Қазақстандағы сансыз көлдер сол кездегі тоң мен мұз жібіп, ойпандардың суға толуынан пайда болған.

Алапат ыстық кезең өтіп, мың жылдай уақытта, яғни, б.д.д. 10000–9000 жылдары табиғат қалыпты жағдайға келді. Артынша ауа райы салқындал, қысы мен жазы алмасып отыратын кәдімгі жағдай қалыптасты. Қазак даласында жан-жануарлар көбейіп, өмір жанданып, далалық тайпалар барлық аймақтарды мекендеді [45].

4.3.1. Борелалды кезеңі

Б.д.д. 9000–7200 жылдар аралығын қамтыған Бореалалды кезеңінің басында (РВ-І) жылы ауа райы қалыптасып, далалық тайпалар мезолит заманын бастады. Адамдар негізінен Сыр алабындағы Қаратай жоталары мен Манғыстаудағы Қаратайдың ежелгі ата мекендерінен бастау алдып, әр бағытта тарай бастады. Орта Азияны, Балқаштың төнірегі мен Ертістің қазіргі Бұқтырма, Зайсан алқаптарын тұракты қоныстарына айналдырды. Манғыстаудан тараған далалықтар онтүстігіндегі аймақтарды игеріп, Таяу Шығыс жерлеріне қоныстانا бастады. Осы кезеңнің сонына қарай (РВ-2), б.д.д. 7900–7200 жылдар аралығында ауа райы салқындағанымен адамдар өмірі мен табиғи ортаға айтарлықтай өзгеріс әкелген жок. Қысы қатты болған жылдары адамдар көршілес жатқан жылы мекендерге қоныс аударумен шектеліп отырған.

4.3.2. Бореал кезеңі

Б.д.д. 7200–6000 жылдарға сәйкес келетін Бореал кезеңінің басы (ВО-1) жылы ауа райы орнап, табиғи ортада адамдар өміріне қолайлы жағдай қалыптасуымен белгілі. Осы бөлімнің сонында адамдардың мәдениеті

айрықша дамып, жаңа өркениет – *неолит* заманы бастау алды. Далалықтардың тұрақтары көбейіп, олар мекендердеген алқаптарда адамдардың тығыздығы артты. Бұл құбылыс адамдардың басқа аудандарды, жаңа мекендер мен жерлерді қарқынды қоныстануына әкелді. Кезеңнің соңғы – екінші бөлімі (ВО-2) барысында сүйк түсіп, далалықтар тұрмысқа қолайлы аудандарға шоғырланды.

4.3.3. Атлант кезеңі

Б.д.д. 6000–3000 жылдар Атлант кезеңі аталауды, ол үш бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімі (АТ-1) табиғатта жылылық орнап, адамдардың тұрмысы мен мәдениеті дамып, өмірге ерекше жаңалықтар әкелген шақ. Далалықтар ежелгі аңшылық кәсіпптерімен катар жабайы андарды қолға үйретіп, өндірістік өмір салтын қабылдай бастады. Олар алғаш қораланып жайылған қойлар мен сиырларды қолға үйретуге әрекет жасаған. Сонымен катар, адамдардың қонысына жақын келіп, қолға үйренуге көнген иттер осы кезден бастап адамзат өмірінде айрықша орын ала бастады.

Кезеңнің екінші, немесе ортанғы бөлімінде (АТ-2), шамамен б.д.д. 5000–4000 жылдар аралығанда ауа райы күрт сүйтып кетті. Ұзакқа созылған қыс мұсылмандарында ауа өте салқындал, қатты борандар сокты. Қазақ даласында бұрын байқалмаған жұттар болды. Жабайы андар жаппай қырыла бастады. Жұт жайлаған осы кезең барлық жерде ірі сұткоректілердің кенет басталған сүйкқа ұшып, түгелімен дерлік жойылып кетуімен тарихта мәнгі қалды. Сонымен катар, табиғи апатты адамзат мәдениеті женғен кезең десе де болады.

Жабайы андар жаппай қырыла бастаған кезде адамдар өздері қолға үйреткен малдарын аман сақтап, қыстан шығарды. Ирі аңдар жойылып, табиғи ортаның өзгергіштігіне бейімделген түрлері ғана сақталып қалды. Ауа райын болжауды білген адамдар қолға үйренген жылқы мен түйені көлік етіп, сиыр мен қойларын иттердің көмегімен қайырмалап жайып, жылы және тұрмысқа қолайлы өнірлерге күні бұрын қоныс аударып отырды.

Атлант кезеңнің б.д.д. 4000–3000 жылдарды қамтыған соңғы бөлімі (АТ-3) ерекше жылылығымен адамзат тарихында айрықша орын алады. Өте сүйк, жұт жайлаған

кезеңді алмастырған, жылылық орнаған бұл заманда өмірге қолайлы табиғи жағдай Қазак даласындаған емес, Еуразия континентінің Солтүстік бөлігінде түгелдей орнады. Бұл заман геологияда ауа райы өте жылы – *голоцен оптимумы* деген айрықша атпен белгілі.

Голоцен оптимумы заманында орнаған жылы да ылғал ауа райы өсімдік пен жануарлардың дамуына жағдай туғызды. Мал шаруашылығы өркенеді. Жайылымының ынғайымен адамдар Қазак даласынан тыс аймақтарға, Шығыс пен Батысқа қоныс жая бастады. Мысалы, археологиялық материалдар Донның орта алабында табылған алғашқы адамдар тұрактарының осы кезге сәйкес келетінін аныктады.

Голоцен оптимумы кезінде, археологиялық мәліметтер бойынша Жетісуда, Арыс пен Сыр алаптарында, Орта Азияда жабайы дақылдардың дәнін егіп өсірген мәдени егіншіліктің алғашқы белгілері басталған.

Ауа райы солтүстік аймақтарда қазіргімен салыстырғанда әлдеқайда жылы болған. Арал теңізі мен Балқаш көлінің аймағы қазіргідей күрғак, шөлейт емес, ылғал болып, өсімдіктер жақсы өсіп, қолайлы экологиялық жағдай қалыптасқан.

4.3.4. Суббореал кезеңі

Б.д.д. 3000–1000 мың жылдар аралығындағы Суббореал кезеңінде де адамзат тарихында мәнгі есте қалатын әлеуметтік оқиғалар болған. Осы кезеңнің басында (SB-1) *голоцен оптимумын* алмастырған салқын заман орнады. Бұл заман жалпы айтартыктай қыншылық туғызбағанымен, салқын аймактар мекендеріндегі адамдардың малын жұт алып, тұрмысын ауырлатқан. Осы кезде адамдар мал шаруашылығымен, егіншілікпен қатар өнеркәсіптің жана түрі кен ісін игерген. Алғаш сом мыстан тұрмыска қажет заттар жасап, металдың тас пен сүйектен артықшылығын түсінген.

Тарихи деректерден Субборел заманының соңғы бөлімінде (SB-3), б.д.д. 1500–1000 жылдарда, далалық сақ тайпаларының ұлы қоныс аудару процестері басталғанын білеміз. Оның себебі, осы кезде өте қатты сұық түсіп, ерекше күрғақшылық орнаған. Қатты сұықтан майдар мен жабайы андар қырылған жұттар болған. Аңызак жел жер-

ді құрғатып, шөпті кептіріп жіберген. Жел көтерген тозан бұрынғы жайылым мен егіншілік жерлерін жауып, жансыз қуан шөлге айналдырған. Тұрмысы ауырлап, өлімші болған далалыктар өздеріне бұрынғы кездерден белгілі шығысы – Тынық мұхиттың жағалауына, батысы – Қара теңіздің солтүстік жазықтарына, Днепр, Дон, Дунай өзендерінін алаптарына, онтүстігі – Таяу Шығыс пен Индия мұхитының жағалауларына дейінгі аймактарға коныс аударады. Осы ағайындар Шығыстағы Қытай жылнамаларына, Батыста Геродоттың тарихында жазылып, сак немесе скит (скиф) тайпалары деген атпен әлемге әйгілі болды.

Геродот (б.д.д. V ғ.) өзінің “Тарихында” сак-скиттердің Батыс даласына қашан келгені, тайпалық құрамы, салт-дәстүрі, зиялды тұлғалары, Батыс пен Таяу Шығыс елдерімен карым-қатынасы туралы деректерді жазып қалдырған. Осы деректер бойынша сактардың Қара теңіз бен Кавказ тауларынан Солтүстік Мұзды мұхитқа дейінгі аумакты мекендегенін білеміз.

4.3.5. Субатлант кезеңі

Табиғатта б.д.д. 1000–б.д. 1917 жыл аралығында болған оқиғалар Субатлант деп аталатын кезенде өтіп, жазба деректермен баяндалады. Бұл кезенің жоғарғы уақыт деңгейін нақты 1917 жылмен шектеуіміздің себебі, осы жылы Қазақ даласын ғана емес, әлемді қамтып, барша қауымға ықпалын тигізген, қоғам мен табиғатқа бірдей үлкен өзгерістер әкелген Ұлы Қазан төнкерісі болған.

Субатлант кезеңі үшке бөлінеді. Бастаның бөлімі (SA-1), б.д.д. 1000–б.д. 200 жылдар аралығы салқандау болған. Дегенмен, қыста қалың қар түсіп, жазда жауын-шашындастып, ылғалдың мөлшері қөбейген. Қазақ даласының табиғи жағдайы шамамен қазіргі кездегідей болған. Далалыктар аязы катты, қар қалың түсken қыс айларында ауа райы қолайлы, ықтасын жерлері көп Жетісу, Ыстыққөл маны, Қаратай жоталары мен Сыр алабын мекендеген. Қоқтем шығып, құн жылынғанда майдарын Сарыарқадағы жайлауларына өргізіп, жаздың ыстық айларында солтүстік аймактардағы жазықтар мен ормандарға кіріп паналаган. Салқын түсекөшті қайта онтүстікке қарай бұрып, үйреншікті жерлерде қыстаған. Ұлы коныс аудару кездерінде Батыс

пен Шығысқа кеткен тайпалардың Қазақ даласында қалған бөліктегі ата мекенін еркін жайлап, мал-жаны өсіп, іргелі елге айналған.

Ортанғы бөлімі (SA-2), 200–800 жылдар аралығы, Қазақ даласында да, көршілес аймақтарда да жылы және ылғал ауа райы қалыптасуымен сипатталады. Алатаудан Сібір ормандарына дейінгі аралықта өсімдіктер жаксы өсken. Сарыарқаның отты шөптері жаз болысымен өшіп кетпей, күзде пісіп жетілетін болған. Үй малдары мен жабайы аңдардың жайылымы кенеіп, олардың төлдері суықса, аштыққа шалдықпай өсken. Жұтазайып, мал шаруашылығы мен егіншілік жақсы өнім беріп, халықтың тұрмыс жағдайы жақсарған.

Шамамен 800-ші жылдан басталатын соңғы бөлімінде (SA-3) табиғи жағдайлар қазіргі кездегідей болған. Көктемде жауын-шашындағып, жазда құн ысығанымен, қыс маусымында жұтқа ұшырататын аязды, боранды суықтар жиі қайталанатын. Мұндай жұт жылдар Қазақ даласын ғана емес, Шығыс Еуропа мен Алтай, Манғол өнірлерін де қамтып отырған.

Соңғы екі ғасыр ішінде тарихи деректерде, халық жадында сакталған, елді түгелдей немесе жартылай жұтқа шалдықтырған жылдар: 1811–1812, 1826–1827, 1827–1828, 1829–1830, 1838–1839, 1844–1845, 1847–1848, 1848–1849, 1853–1854, 1867–1868 (*Жалпаққоян жұты*) 1873–1874, 1875–1876, 1879–1880 (*Ұлкен қоян*), 1884–1885, 1888–1889, 1891–1892 (*Кіши қоян*), 1893–1894, 1897–1898, 1902–1903, 1907–1908, 1911–1912, 1915–1916 (*Тақыр қоян*).

Негізгі кәсібі мал шаруашылығы болған қазақ халқына жұт қандай қасірет әкелгені айтпаса да түсінікті. Әсірсе, бірнеше жылдар бойы қатар келген жұттардың қасіреті ерекше. Жұттардың қатарласып келуі жаз айларында қуаңшылық болып, шөп өспей, ал қыста қалың қар жауып, аязды борандар соққан табиғи жағдайларға *Тақыр қоян жұты* байланысты. Кейбір жылдары мамыражай жаз, мал жақсы қонданған қоныр құзден кейін де сұрапыл дауылдатқан немесе қар еріп, жаңбыр жауып, арты қек мұзға айналған *Көк қоян* жұт әкелген қыстар болған. Жылы жаздан кейін қамсыз отырған ел осындай жұтқа килігіп, қолдағы бар малынан айрылып, жылқышылар құрығына, қойшылар таяғына сүйеніп қалатын.

1917 жылдан бастап адамдар өмірінде табиғи құбылыстардың емес, мемлекетінде гендердің саяси жағдайлардың маңызы артты. Кеңес үкіметінің Қазақстанда өнеркәсіп алыптарын, жол тораптарын, ауыл шаруашылығын дамытқанда ойлағаны қазақ халқының болашағы емес, басқа мақсат көзделгені қазір баршаға түсінікті. Осы мақсат үшін Қазақстанда 1932—1933 жылдары қоған жұт жасап, малды қырып, қазактардың 42%-тен астамын аштан өлтіріп, кеңес саясатының құрбандағына шалғанын білеміз. Кеңес үкіметі қазактардың кең байтақ жерін де бөліске салып, жырымдал бакты. Бірақ, қазақ зиялыштары бұл әрекеттерді әшкөрелеп, жан аяマイ қүресті. Мысалы, Әлімхан Ермеков еліміздің астында мұнай теніздері бар батыс аудандарын Лениннің алдына барып қайтарып алса, Тұратын Рысқұлов бастаған ұлтжанды қайраткерлеріміз бастарын бәйгеге тігіп, И.Сталиннен қазактарға карсы бағытталған саясатын токтатуды ашық талақ етті.

Иә, киын-қыстау замандар өтіп, Қазақстан тәуелсіздік алып (*1990 жылы 25 қазанды Қазақстанның егемендігі туралы Декларация, ал 1991 жылы 16 желтоқсанда “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Конституциялық заң қабылданды*), қазақ халқының тағдыры мен жарқын болашағының тізгіні өз қолына тиді.

5. АЛҒАШҚЫ АДАМ ҚОНЫСТАРЫ

Е ж е л г і гоминидтер қаңқа сүйектерінің әзірше шығыс Африкадан ғана табылуы, бұл мекеннің меридиан бағыты бойынша созылған ерекше геологиялық құрылым – рифт белдеуі аймағына орналасуына байланысты. Көлдерде, олардың жағалауында жерасты жылуының әсерінен миллиондаған жылдар бойы өсімдіктер өсіп, шөгінді таужыныстар түзіліп, өмірге қолайлар қалыптасқан. Ал, жанартаулар атқылаған кезде аққан лава мен көтерілген қалың құл, гоминидтердің денелері мен палеобиологиялық қалдықтарды көміп, шөгінді таужыныс қабаттарының арасында сақталып қалуын қамтамасыз еткен.

Қазақ даласында гоминидтердің өмір сүруіне қолайлар табиғи жағдайлар неоген дәуірінің соңына қарай толығымен қалыптасты. Қазіргі Қаратай өнірінде топ-тобымен ірі жануарлар өріп, ормандар мен тоғайларда қысы-жазы жемісжидектер өссе, жердің бетінде еңбек құралдарын жасауға лайық берік шакпақтас таужыныстарының қабаттары жатты. Бұлардың бәрі адамдардың өмір сүруіне қолайлар экологиялық факторлар.

Археолог, профессор Ж. Таймағамбетов (1993) бүгінгі күні белгілі болған көне тас дәуірінде өмір сүрген гоминидтер тұрақтарынан табылған мәдениескерктіштердің аралай келіп, әр кезеңдерде негізінен үш аймақта: Онтүстік Қазақстанда (Қаратай, Жетісу), Батыс Қазақстанда (Манғыстау, Мұғалжар) және Орталық Қазақстанда (Сарыарқа, Балқаш маңы) орналасқан деп тұжырымдайды [30].

Антропоген кезеңі ежелгі адамдардың әлеуметтік және мәдени деңгейлеріне қарай палеолит (көне тас), мезолит (ортанғы тас), неолит (жаңа тас), энеолит (мыс), қола және алғашкы темір замандары мен ғасырларына бөлінеді (5.1-кесте).

Қазақ даласын алғаш осыдан 2 млн жылдай бұрын мекендеген гоминидтер өмірдің бұралан, шырғалан даму жолына түсіп, біздің дәуірге дейінгі кезеңге жеткенше алғашкы қауымдық қоғамның сан сатысы мен сынынан өтті. Даму жолының ұзак та қын екендігі белгілі. Археологиялық зерттеулер олардың өмірінің барлық кезеңін қамтитын ауқымды материалдар беруде.

**Қазақ даласын тас замандарында мекендерген
адамдардың сипаты**

Замандар, олардың мәдени сатылары	Б.д.д. уақыт, мың жыл	Басты мәдени жетістіктері	Әлеуметтік жағдайы	Басқа құрлықтарды мекендерген замандастары
Неолит	7-4	Мал шаруашылығы, мата тоқып, киім тірін, ыдыс-аяқ жасау, егіншілікті игерे бастау	Мал мен жерге қоғамдық меншік орнату. Патриархат	Барлық құрлықтарда
Мезолит (тарденуаз, азиль, мадлен)	10-7	Садақ пен пышақтың жаңа үлгілері. Жерден, тастан, ағаштан жасаған басланалар	Ру-тайпаларға жіктелу. Діни нағым қалыптасу	Барлық құрлықтарда
Соңғы палеолит (солютрө, ориньяк, перигё, селет)	40-10	Жетілген тас қарулар, найза. Үңгірлердегі сурет-бейнелер. Сүйек тақталардагы жазу мен есеп үлгілері	Тайпалық қауымдар. Матриархат	Барлық құрлықтарда. Кроманьон (Франция)
Ортаңғы палеолит (мусте)	150-40	Шақпақтастан жасалған кескіштер, қырғыштар, найза ұштары. Отты пайдалана білу	Тайпалық қауымдар	Еуразия, Африка. Неоантроптар: неандертальдық (Германия)
Бастапқы палеолит: -клектон, ашель, шелль	0,8-0,2 млн	Шақпақтастан екі жағы да өңделіп жасалған тас құралдар	Алғашқы қауымдар	Африка, Еуразия. Палеоантроптар: -гейдельберг (Германия)
-арыстанды (олдувай)	3,0-0,8 млн	Жартылай өңделген малтатастар	Алғашқы топтар	Африка, Еуразия. Архантроптар: -олдувай (Африка) -синантроп (Кытай) -питекантроп (Ява)

5.1. Палеолит

Палеолит – Қазақдаласының алғашқы төл перзенттері өмірге келіп, табиғаттың қын да кательлі баспалдақтарынан өтіп, өркениетке жол салған жауапты кезен. Алғашқы адамдарды Қазақ даласына басқа алыс жактардан ауып келді деген ұғым қате, оған негіз жоқ. Алыс замандарда гоминидтердің жолсыз, жөнсіз жүре беруіне мүмкіндік те, қажеттілік де жоқ еді. Жер бетінде алғашқы адамдар бір-біріне байланыссыз, тәуелсіз бірнеше ошақта – Африкада, Оңтүстік Қытай мен Зонд аралдарында, Қазақ даласында осыдан 2–3 млн жыл бұрын, әрқайсысында табиғи автохтондық жолмен пайдада болған.


Палеолит үшке: бастапқы, ортаңғы және соңғы бөлімдерге жіктеледі. Афарда (Эфиопия) табылған ең көне адам сүйегінің (ғалымдар *Люси* деп атаған жасөспірім қызын қаңқасы) жасы 3 млн жылды шамалайтыны анықталған.

Ең көне адам – австралопитектер миының орташа көлемі 522 см^3 ($435\text{--}600 \text{ см}^3$ аралығында өзгереді). Бастапқы ашель заманына тік жүретін архантроптар (*Homo erectus*) сәйкес келеді, олардың миының орташа көлемі шамамен 860 см^3 ($775\text{--}975 \text{ см}^3$ аралығында). Ашельдің соңы мен оның мусте заманына алмасқан кезінде архантроптар палеоантроптарға немесе неандарталь адамдарына (миының көлемі $900\text{--}1800 \text{ см}^3$, ал орташа алғанда 1350 см^3) өткен. Мусте заманы соңғы палеолитке алмасқан кезде палеоантроптарды қазіргі физикалық кейіпті адамдар *Homo sapiens* – саналы адамдар алмастырған. Адамдардың мәдениеті жоғарылағанын олардың тас құралдар даярлау техникасының жетілгеніне қарап білуге болады (5.1-сурет).

Қазақ даласында бастапқы палеолит Арыстанды және Ашель мәдениеті деген аттармен белгілі замандарды қамтиды.

5.1.1. Арыстанды мәдениеті

Арыстанды мәдениеті Қазақ даласында бастапқы палеолитте пайдада болған. Қаратай жотасындағы Арыстанды өзенінің аңғарынан табылған (Х. Алпысбаев, Н. Костенко, 1968) тас құралдар осы кезенде мекендеген адамдар




5.1-сурет. Палеолит заманының тас бүйімдары: 1—жанқа (а—соғу беті, б—соғу томпағы, в—ойығы, г—сынған беттегі ір омырылым); 2—жанқаның жоғарғы беті; 3—радиал жару принципі; 4—призма нуклеус; 5—чоппер типті тасмалта кару; 6—диск пішінді нуклеус; 7—ашель кескіші; 8—ұштық; 9—бүйірлік кырғыш

қалдырыған ескерткіштер екендігі даусыз айғакқа айналды. Бұл тұрактарда табылған мәдени қалдықтарды Африкадағы Олдувай гоминидтерінің ғылымда дәлелденіп, қабылданған мәдениетімен салыстыра зерттеген археолог А. Медоев [35], олардың бір кезеңге жататынын дәлелдеді.

Геологиялық әдістермен жасы шамамен 2 млн жылдан асатын алғашқы адамдар тұрағы *Арыстанды мәдениеті* де-ген атпен ежелгі тарихымыздың беташары болды. Ежелгі тарихымыздың екінші күесі протолеваллуа-ашель заманына сәйкес келетін гоминидтер тұрағы Манғыстауда, Каспий теңізінің Сарытас қолтығында орналасқан. Олардың өмір сүрген уақыты да 2 млн жылды шамалайды.

Ең көне тас құралдар Үлкен Қаратай жотасының (Оңтүстік Қазақстан) Арыстанды өзені аңғарында эоплейстоцен конгломерат қабаты (Х. Алпысбаев, 1959) мен Манғыстау түбегіндегі Қаратай жотасынан табылған.

Бұл табылған жәдігерлер алғашқы адам Қазақстан аумағында автохтондық жолмен, яғни өз бетінше пайда болған деген гипотеза ұсынуға негіз болды [35]. Табылған тас құралдар өзінің даярлану мәдениеті бойынша Африкадағы белгілі олдувай археологиялық заманына сәйкес келіп, өзіндік *арыстанды* мәдениеті деп бөлінген (5.2-сурет).



5.2-сурет. Арыстанды өзені террасаларының көп қабатты палеолит тұрактары орналасқан бөлікшесінің жиынтық сұлбасы. Қаратай, Оңтүстік Қазақстан [35]: 1—саздақ; 2—тозаңды құм; 3—қырышықты малтатас; 4—конгломерат; 5—террасалар атауы мен жасы; 6—төменгі жайылма Q_1 ; 6—жоғарғы жайылма Q_2 ; 7—жайылмаусті террасалары: бірінші $I-Q_1$; екінші $II-Q_2$; үшінші $III-Q^2$; төртінші $IV-Q^1$; 8—Ш. Үэлиханов атындағы тұрактың мәдени қабаттары; 9— Q_1 саздақтарымен жабылған эоплейстоцен (Q_B) конгломератындағы көне "арыстанды" тас индустриясының жекелеген қазба белгілері; 10—қатпарлы палеозой мен юраның түбірлік таужыныстары

Алғашқы адам жасаған ең көне тас құрал Үлкен Қаратай жотасындағы Арыстанды өзені аңғарының биік орналасқан сол жағасында, шайылудан сақталған тәменгі антропоген (эоплейстоцен) конгломераты арасында табылған. Қалындығы 9 м және одан да асатын тәменгі антропоген конгломераты Арыстанды өзенінің оң жағалауын да, сол жағалауын да бойлай бірқатар жерлерде кездеседі. Олар астындағы бор, юра және палеозой таужыныстарына күрт бұрыштық үйлесімсіз жатады. Бұл конгломерат Арыстанды өзенінен шығысқа қарай сарғыш саздақлен жабылған.

Шөгінділердің сипаты климат бастапқы антропоген заманының бірінші жартысында ылғал (конгломерат түзілген), ал екінші жартысында (лессіті саздақ түзілген) құрғақ болғанын көрсетеді. Конгломераттың құрамы полимиктілі. Сынықты материалдың өлшемі мен іріктелу дәрежесі әр түрлі. Кейде өңделген белгілері анық білінетін, жұмырланған кремний тасмалталар көп кездеседі. Конгломераттың цементі құмды-карбонатты, кей жерлерде берік, кей жерлерде босан.

Тәменгі антропоген конгломератында адам жасаған енбек құралдарының кездесуі, ежелді адам тұрақтары Қаратай жотасының қырат бөлікшелерінде орналасқанын көрсетеді. Арыстанды өзені аңғарын қалыптастырған сынықты материал тәмен сырғыған, өзімен бірге сол кездегі бастапқы палеолит адамдары жасаған енбек құралдарын да тасымалдаған.

Қаратай жотасында зерттеу жұмыстарын жүргізген бірқатар геологтар (Н.Н. Костенко, А.Г. Ярмак, т.б.) Қаратай жотасы өзендерінің төртінші жайылмасты террасалары денудациялық жазықтар мен жайпак қыраттар бетінде құмтас, конгломерат пен әктастардан тұратын аллювийлік түзілімдер бар екенін анықтаған. Төртінші жайылмасты террасасы конгломератында жаңқаланған көне тас бүйімдар табылған, олар уақыт ағымында морып, біршама жұмырланған. Жұмырланғанына қарағанда, бұл бүйімдар өздері құрамында орналасқан конгломераттан да көнелеу болып шығады. Тәменгі төрттік, яғни эоплейстоцен конгломераты Арыстанды өзенінің жағасында бұрынғы Буденный атындағы ұжымшар (колхоз) маңында кездескен, осы қатқабатта қарапайым өндеуден етіп,

жанқаланған тас еңбек құралдары табылған. Эоплейстоцен конгломератының қалыптасқан уақытын геологиялық, палинологиялық, т.б. деректер негізінде анықтауға болады. Қаратаяудың ежелгі адамы алғашқы антропоидтар – *жорамал қазақантроптар* мен сол кездегі фауналық комплекс заманында өмір сүрген. Осы адамдарды автохтондық, яғни жергілікті «*қазақантроп*» болар деп жорамалдауға негіз бар (5.3-сурет).



5.3-сурет. Арыстандың анғары тәменгі антропоген конгломератынан табылған қарапайым тас құралдар[2]

Үлкен Қаратай өзендерің анғарындағы конгломерат қатқабаттары үлгілерін споралық-тозандық талдау, бұл қабаттар түзілген кезеңде аймақта далалық жағдай болғанын көрсетеді. Дала өсімдіктері құрамында жусан (41,8 %) мен әр түрлі шөп (22,5 %) басым болған. Сонымен қатар ағаш түрлері – шырша, қарағаш, кайың мен сәмбітал тозандары да кездеседі. Конгломерат қатқабаттары тараған әр түрлі аудандарда 1,30 % ағаштың және 99 %-ке жуық ағаш емес өсімдіктердің тұқымы анықталған. Бұл деректер ксерофит (құрғак) кейіпті дала өсімдіктері дамығанын көрсетеді. Флора ашық саванна кеңістігі өсімдіктеріне сәйкес келеді.

Осындай көрініс атландроп калдықтары бар олдувай (Кения), тель-убедия түзілімдерінде және тернифин (Алжир) қабаттарында байқалады. Табылған ежелгі піл, этруск мүйізтұмсығы, түйе, жылқы, бұғы, бұқа және басқа жануарлар калдықтары мұнда, яғни Қаратаяуда саванна өсімдіктері мен шағын ормандар қоршаған көлдер мен батпақты жерлер болғанының дәлелі.

Қаратаудың ең көне ксерофиттік типті флорасы Африканың бұрынғы далаларындағы өсімдіктерге тұқымдас және олардың бір-бірінен айырмасы да жоқтың қасы [2].

Мұзбасу мен мұздықаралық жылынулар тоғысындағы климаттық өзгерістер экологиялық ортада айтарлықтай ландшафт өзгерістерін туындарып, адамзат тарихында көп өзгерістер әкеліп отырған. Салқындау негізінен жер бетінің биіктеп көтерілуіне байланысты. Мысалы, плиоценнің сонында қазіргі Қаратай жотасының орнында биіктігі Ақшағыл-Апшерон теңізі (осыдан 1,5–3,5 млн жыл бұрын болған) деңгейінен 200–800 м жоғары орналасқан жайпак ұсақ қыраттар білінген, олар жотаның батысы мен солтүстік жағында орналасқан. Жотаның онтүстік-шығысын шектеген Тянь-Шань таулары тізбегінің биіктігі ол кезде 1000–2000 м болған. Ауданының осы кездегі экологиялық ахуалы алғашқы адам пайда болып, дамуына қолайлы еді.

Антропоген кезеңі ағымындағы адамның физикалық дамуы да біршама өзгеріске түсті. Бұл өзгерістерді анықтау үшін стратиграфиялық, палеонтологиялық және палеоантропологиялық материалдар пайдаланылады. Мәселен, арыстанды (олдувай) археологиялық заманына астралопитектер сәйкес келеді, олардың арасында алғашқы тасмалта құралдар жасаған шебер адам – *Homo habilis* бөлінеді.

Палеолиттің басында табиғаттың мейірімі *Арыстанды гоминидтерінің* (жорамал қазақантроптың) карапайым тас құралдармен-ақ өмір сүруіне жағдай жасады. Экологиясы қолайлы ландшафт гоминидтердің жойылып кетпей, миллиондаған жыл бойы тәжірибе жинап, болашаққа сенімді сапар шегуіне мүмкіндік берді. Қоршаған ортаның қолайлы климаттық және экологиялық жағдайлары бастапкы кезде гоминидтердің тұрмысына қарайласса, кейін ол жағдай өзгеріп адамдарды қындықпен күресуге итермеледі.

5.1.2. Ашель мәдениеті

Ашель – бастапқы палеолитте өмірсүрген гоминидтердің дамудың келесі сатысына көтерілген заманы. Ашель заманында гоминидтер тас құралдарын женілдетіп, өткірлеп жетілдіре түсті. Оларды жасайтын арнайы шеберханалар

ұйымдастыра білді. Ал, аңшылар тұрактарын ауыстырғанда құралдар жасауға қажет шикізатты – шакпақтас кесектерін өздерімен бірге алып жүретін болған. Мүмкін, “*керек тастың ауырлығы жоқ*” деген даналық сөз сол заманнан айтылып келе жеткен шығар.

Осы заманының ескерткіштері (Ақкөл, Бөріқазған, Тәнірқазған, Кемер, Кәкіш, Қазанғап, т.б.) Кіші Қаратай жотасының солтүстік жағындағы өңірде көп кездеседі. Мекенжайлардан табылған материал нағыз тасдөнбек индустриясы болып табылады. Кездескен тас өндіре индустриясының барлығы морфологиялық біркелкілігімен, сонымен катар өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Бұл жағдайды – тұтас тас шикізаттан құралдар жасау дәстүрін алдымен кескіш-қырғыш құралдардың ірі кесектерін (олар *core tools* деп аталады) даярлап алынатындығымен түсіндіруге болады. Ал тас құралдарды өндеген кезде пайда болатын көптеген жаңқалар да қажетке жараған. Төменде ежелгі адам мекенжайларының қысқаша сипаты беріледі.

Ақкөл. Бұл мекенжай 1961 ж. ашылған. Ол Тараз қаласынан солтүстік-батысқа қарай 170 км, ал Ақкөл көнтиңен батысқа қарай 13 км жерде, көн куэста қыратының үстінде орналасқан. Қырат онтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай 5–10 км-ге созылған, Ақкөл көлінен онтүстікке қарай 8 км жерде. Қыраттың биіктігі теңіз деңгейінен 473–500 м жоғары, батыс шеті киялау және ол айнала төніректен 80–100 м биік; шығыс беткейлері жайпак, біртінде куэстаниң айналасындағы аллювий түзілімдеріне дейін төмендейді. Шөгінді түзілімдерден құралған бұл қыраттар Н.В. Седовтың пікірінше неоген кезеңінде қалыптасқан, ал бастапқы антропоген заманында аллювий түзілімдері жамылғысымен жабылған. Осыдан кейін басталған көне бедердің денудациясы қазіргі кезге дейін жалғасуда. Куэста қыратының бетін тілімдеген қазіргі жыралар осының күесі.

Топталып шоғырланған тас құралдар жеке тұрған жалпақ төбенің үстінде табылған. Аумағы 20x10 м аланда ежелгі адам жасаған 117 бұйым жиналған, олардың арасында ірі тасжанқалар (ұзындығы 20 см-ден асады) басым. Барлық бұйымдардың бетінде мору таңбасы мен терен түскен сарғыш-сұр немесе күнгірт-сары totық білінеді. Кей-

бір құралдар өте карқынды тотыққан. Ақкөлде жиналған құралдардың 43,5 %-де жалбыр қабыршақ сақталған. Өндіріс қалдықтарының аз болуы – ежелгі адам қажет материалды таңдап алғанын көрсетеді. Тасмалтадан жасаған құралдар мен бұрыс пішінді тасжанқалар көп кездеседі.

1961 ж. палеолит материалы ең көп шоғырланған жерлерде казылған шурф бойынша биіктігі 35–50 м қуэста тәбесі қабаттарының мынадай стратиграфиялық қимасы жасалған:

- | | |
|---|----------------|
| 1) ашық-сары саздақ | – 0–0,18 м; |
| 2) күнгірт-сарғыш саздақ | – 0,18–0,70 м; |
| 3) құрамында тасмалта бар ашық-сұр құмдақ | – 0,70–1,20 м; |
| 4) тасдөнбектермен аралас малтатастар | – 1,20–2,20 м; |
| 5) түбірлік шөгінді таужыныстар. | |


Н.Н. Костенко және басқа геологтар пікірінше, биіктігі бойынша Карагатай жотасы өзендерінің жоғарғы террасаларына сәйкес келетін қалындығы шамалы аллювий түзілімдері бастапқы төрттік (эоплейстоцен) кезінде, яғни осы жерден пра-Асы өзенінің бір саласы ағып жаткан уақытта қалыптасуы мүмкін. Жота беткейлерінің батысында да, шығысында да бірқатар жерлерде байқалған төменгі төрттік (эоплейстоцен) конгломератымен салыстыруға болатын 4-ші және 5-ші қабат малтатастары мен тасдөнбектері де осы өзен саласымен байланысты болуы ықтимал.

Ақкөл мекен-жайында табылған бұйымдарды типологиясы бойынша былай топтауға болады: екі жакты кескіш құралдар (18 дана); унифастар (5 дана); кол кескіштер (2 дана); тас жаңқалардан жасалған кескіштер (5 дана); өнделмеген жаңқалар (86 дана). Материалдың барлығы тас жару мен жаңқалау техникасы бойынша бұл ескерткіштің жасын шелль-ашелль деп анықтауға мүмкіндік береді.

Б ө р і қ а з г а н. Бастапқы палеолиттік Бөріқазған мекенжайы 1958 ж. ашылған, Қаратау жотасының солтүстік-шығыс беткейіндегі археология ескерткіштерінің ең маңыздысы. Бұл ескерткішті түбекейлі зерттеу – осы ауданды біздің ежелгі бабаларымыз мекендерген ең көне замандардан хабардар ететін көптеген шақпақтас бұйымдар комплексін анықтап берді.

Бөріқазған мекенжайы өзі аттас шатқалда, Жамбыл облысы Талас ауданындағы бұрынғы В.И. Ленин

атындағы ұжымшардан онтүстік-батысқа қарай 8 км, ал Қаратай қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 38 км жерде орналаскан. Ол айналадағы жазықтан 30–56 м биік көне куэста қыратында, теніз деңгейінен 480–500 м биіктікте. Қырат бұл аудандағы өзен алабының жоғарғы террасасымен шамамен бір деңгейде. Мекенжайдан онтүстік-батысқа қарай 5 км жерде қырат жекелеген жайпак шоқылармен – бұрынғы замандағы бірегей аккумуляциялық жазықтың жұрнактарымен аяқталады. Барлық куэста қыркаларының беті тегіс, солтүстік-шығысқа қарай шамалы еніс. Жекелеген төбелердің үсті қөбінесе жайпақ, онтүстік-батыс бет-кейлері киялау. Палеозой таужыныстарынан тұратын қатар орналаскан денудациялық қыраттардың кейбіреулерінің биіктігі біршама жоғары – 70 м-дей (5.4-сурет).




5.4-сурет. Бөріқазған мекенжайының онтүстік жактан көрінісі [2]

Бөріқазғандағы көне палеолит табылымдарының бір-келкі жатысы негізінен куэста қыраттарының тазарған ашық бетіне, қалындығы шамалы саздақ тыстың шетіне жақын жерлерде сакталған. Олардың жылыстамай, айтарлықтай өзгермей, бастапкы жағдайында сакталғаны байқалады. Бұйымдардың жатыс жағдайларын нақтылау үшін археологиялық материал ең көп шоғырланған жерлерде 6 шурф қазылған. Барлық шурфтар палеозойдың доломитті құмтас, әктас пен конгломератынан тұратын түбірлік таужыныстарына дейін жетіп, қабаттардың төмендегідей біркелкі көрінісін берген:

- | | |
|---|----------------|
| 1) сарғыш-сұр саздақ | — 0–0,30 м; |
| 2) күнгірт-сұр күмдақ, күрамында
күм басым | — 0,30–0,45 м; |
| 3) күрамында жекелеген ірі
тасдөңбектер бар малтатас | — 0,45–1,5 м; |
| 4) палеозойдың тубірлік таужыныстары. | |

Бір маусым ағымында қазбалардан шақпактас бүйімдарының 442 құралдан тұратын ірі коллекциясы жиналған. Жекелеген бүйімдарда әкті сорғаламалар сақталған (барлық табылымдардың 3,9 %-и); көптеген құралдардың қыры жел корразиясы мен судың химиялық әрекетінен мұқалған; бірақ Бөріказғандаждұмырланған заттар кездеспейді. Шикізат материал ретінде карбонның біркелкі ірі шақпактас жалбырлары мен ұсақ түйірлі қара шақпактас тасмалталары пайдаланылған. Мұндай шақпактастар дислокацияланған көне анғарларда орналасқан конгломерат каткабаттарында мол кездеседі. Бүйімдардың көпшілігіне сарғыш немесе қара және күнгірт-сұр түсті қарқынды тотығу, күн мен желдің әрекетінен беттерінің танаулана тесілуі тән. Нашар тотығу құралдардың біршамасында байқалып, беттерінің барлығын немесе кей жерлерін ғана қамтиды (5.5-сурет).



5.5-сурет. Бөріказған тұрағынан табылған тас құрал үлгілері [2]

Табылған құралдар типологиялық ерекшеліктері бойынша былайша жіктеледі: екі жактама дөрекі өндөлген

қарапайым кескіш құралдар (32 дана); дөңгелекше құралдар (3); тасжанқалардан жасалған құралдар (23); тасжанқалар (342); нуклеус пішінді кесектер (8) және өндіріс қалдықтары (23 дана).

Фактлік деректер бұл кешендеңі барлық формаларды олардың геологиялық жағдайы (Каратату жотасының жоғарғы террасаларында орналасуы мен орын өзгертпегендігі) бойынша даталауға болатынын көрсетті. Мұндай археологиялық ескерткіштерде ашель-мустье заманына жаттын құрал түрлері кездеспеген. Барлық құралдар өздерінін пішінсіздігі, формаларының тұраксызығы бойынша *махадевиан-олдувай* мәдениеті бұйымдарына ұқсас. Бөріқазған бұйымдарының кейбір түрлері басқа ескерткіштердегіге ұқсамайтын, өзіндік автохтондық сипатқа ие.

T ə n i p k a z f a n – Кіші Каратату жотасының шығыс беткейлеріндегі көне палеолит ескерткіштерінің ең ірісі. Бұл мекенжай Аққөл мен Бөріқазған мекенжайларының аralығында, Каратату қаласынан солтүстік-шығыска қарай 34 км, ал Қектал өзенінен шығыска қарай 13–15 км жерде орналасқан. Алғашқы палеолит тас бұйымдарының барлығы құмтас, доломит пен алевролиттен тұратын дислокацияланған жайпақ қыраттан табылған. Қыраттың үстін бастапқы төрттік заманғы аккумуляциялық малтатастардың жұқа тысы жауып жатыр. Бұл жайпақ қыраттың абсолюттікі 460 м, ол маңындағы Тәнірқазған көлі орналасқан ерозиялық анғардан биік орналасқан. Осында зерттеу жұмыстарын жүргізгендердің дерегі бойынша жайпақ қыраттардың беті антропоген кезеңінің басында қалыптасқан көне аллювийлік анғар саналатын Қектал өзенінің ең жоғарғы террасасымен бір гипсометриялық деңгейде. Сол заманда Қектал өзені мен жергілікті көлдер бірегей су алабы болған, оның жағалауында мынғырған ан тобырлары жайылып жүрген. Алғашқы адамдар осы мекенжайда тұрактап, жануарларға аңшылық жасаған.

Мекенжайдың, яғни ежелгі адам тұрактарының ауданы 1 км²-ден аспайды. Тас құрал табылымдары мекенжайдың жекелеген бөлікшелеріндегі бірнеше жерде шоғырланған орналасқан.

Мекенжайда тас бұйымдардың жатыс жағдайларын айқындау мақсатында, олардың ең көп шоғырланған жер-

лерінде 1961 және 1963 жж. шахматтық ретпен 4 шурф казылған. Геологтар Н.Н. Костенко мен Н.В. Седовтың сипаттамасы бойынша қазылған шурфтар кимасының стратиграфиясы мынадай:

- 1) сарғыш-сұр саздақ – 0,20 м;
- 2) сұр құмдақ – 0,20–0,35 м;
- 3) шақпатаст пен құм аралас малтатас – 0,35–0,70 м;
- 4) түбірлік таужыныстар (палеозой құмтасы мен доломиті).


Табылымдардың басым бөлігі жоғарғы қабаттың жұка сұр саздақтарынан алынған. Жекелеген бұйымдар малтатас қабатынан, сондай-ақ түбірлік таужыныстар үстіндегі тасмалтадан табылған. Өндөу техникасы, пішіні мен тотығу дәрежесі бойынша бұл табылымдардың жер бетінде жиналған тас бұйымдардан айырмасы жок. Бұл ауданнан тыс жерде тек қана жекелеген табылымдар кездескен, олар кейінірек жасалған. Ежелгі адам жасаған бұйымдардың шикізаты, Бөріқазған мекенжайындағы сияқты жергілікті материал. Негізінен карбонның сұр, құнғірт-сұр, сұрғылт-кара және қара түсті шақпактасы пайдаланылған. Құралдардың көпшілігінің бетінде сарғыш түсті тотық қабыршағы айтарлықтай карқынды дамыған. Құралдардың қыры шамалы жылтыр, бірақ мору нәтижесінде біршама мұқалған. Морудың белгісі құралдың беттерінде танаутесік түрінде де байкалады. Шақпактастың көпшілігінің (276 данасы немесе 76,4 %) өндөлмеген тасмалта бетінде әкті сауыстар қалдығы сақталған (5.6-сурет).

Осының бәрі Тәнірқазған кешендерінің оншалықты жылжымай, бастапқы орнында сақталғандығын күәландырады. Олар жел мен судың белсенді әрекетіне қарамай ұзақ уақыт бойы бастапқы жатыс жағдайын сақтаған.

Тәнірқазғанда жиналған құралдардың барлығын мынадай негізгі топтарға бөлуге болады: екі жақтама өндөлген қарапайым кескіш құралдар (*chopping-tools*); дөңгелек тәрізді формалар; кол кескіш типті құралдар; унифастар; тасжанқалардан жасалған бұйымдар; нуклеустер; кайтара өндөлген белгілері жок тасжанкалар.

Айта кететіні – Тәнірқазғандағы құралдардың арнағы шеберханаларда даярланғандығы. Олардың көпшілігі

ортогондық сипатты (ұзыншақ тасжанқалардың шеттері параллель және соғу осі бойынша кең қиғаш беттері тегіс). Бұл айтылғандар Тәнірқазған мекенжайында дөнбектас ши-кізаттарын жару тәсілі оншалықты жетіле қоймағандығын көрсетеді. Сонымен, бұл ескерткіш жеткілікті дамымаған, ете қарапайым және көне. Оны Еуразия мен Африканың ең көне археологиялық ескерткіштерімен салыстырғанда, олардың арасында көнелігі бойынша ұқсастық бар екендігі, сонымен қатар Тәнірқазған тас құралдарының формасы өзіндік жергілікті ерекшеліктерімен айрықшаланатыны анықталған.



5.6-сурет. Тәнірқазған тұрағынан табылған тас құрал үлгілері [2]

К е м е р – Қаратая жотасы ауданын мекендерген ежелгі адамдар жасаған құралдар коллекцияларының ішіндегі ең ірілерінің бірі (Бөріқазған мен Тәңірқазғаннан кейінгі). Палеолит құралдарының кешені табылған бұл мекенжай Кемер шатқалында табылған.

Кемер шатқалы Қаратая қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 25 км жерде орналасқан. Тас бұйымдар индустриясы бұл жерде үлкен шоғырлар жасайды. Олардың бәрі шамалы шоқылы және биіктігі 50–70 м күэста қыратының тегіс бетінде орналасқан. Қыраттардың барлығы Қаратаудың жоғарғы террасаларымен бір деңгейде жатыр. Геологтар Н.Н. Костенко, Н.В. Седенко мен Ю.А. Алексиннің пікірінше, бұл жердегі аллювийлік түзілімдер төмөнгі төрттік (эоплейстоцендік). Кіші Қаратая жотасының солтүстік-шығыс беткейлеріндегі күэста қырқаларын пра-Асы өзені осы кезде тілімдей бастаған. Аллювийлік тасындылар түзілгеннен кейінгі заманда күэста аралық колат беткейлерін бастанапы палеолит адамдары мекендерген. Бұл оқиға осы жерде алып түйелер мен онтүстік пілдері мекендерген заманда-ақ орын алуы мүмкін.

Бастапқы палеолиттік кейіпті бұйымдардың ең көп шоғырланған жерлерінде 1961 ж. барлаушурфтары қазылып, олардың мынадай стратиграфиясы анықталған:

- | | |
|---|----------------|
| 1) құнгірт-сұр түсті гумус | – 0,20 м; |
| 2) құрамында өлшемдері әр түрлі тасмалта мен тасдөнбек бар ашық-сары түсті саздақ | – 0,20–0,70 м; |
| 3) құмды сұр саздақ | – 0,70–1,50 м; |
| 4) палеозойдың шөгінді таужыныстары үстінен түскен, тасмалта мен тасдөнбек аралас ірі түйірлі құм | – 1,50–1,70 м. |

Кемер шатқалы аумағында палеолит материалдары шоғырланған үш ашық мекен (Кемер I, II, III) табылған. Олар бір-бірінен 600–700 м қашықтықта орналасқан. Барлық үш шоғырдағы бұйымдар бірдей шикізаттан даярланған. Ол үшін жергілікті сұр түсті шакпактас тасмалталар мен тасдөнбектер пайдаланылған, олар қазылған шурфтың 2-ші қабатында кездескендеге үксас. Бірақ Кемер I материалы қалың сарғыш тотықпен көмкерілгендігімен, қырларының мұқалғандығымен және бетінің танаутесіктілігімен ерекше-

ленеді. Бұл ерекшелік материалдар орнын өзгертуей, ашық бетте жатқандықтан, оларға химиялық агенттердің ұзак және қарқынды әрекет етуіне байланысты. Ашық беттен жиналған материал өзінің сакталу сипатты бойынша шурфтан алынған материалмен бірдей, олар әдейі жарып өндеген нуклеус сияқты кесек – болжам бойынша ол 2-ші немесе 3-ші қабаттан шыққан. Кемер I пунктінен ежелгі адам жасаған барлығы 218 бүйім жиналған, олардың жартысына жуығы (100 данасы) алғашқы жалбырлық бетін сактаған, 75 данасында да осындай қабықтың сакталғандығы байқалады, ал тек кана 43 данасында пайдалынылған шикізаттың бастапқы беті толық шауып түсірілген.

Кемер I пунктінен табылған материалдың барлығын неғізгі 7 топқа бөлуге болады: екі жақтама өнделген қарапайым кескіш құрал (*chopping-tools*); қол кескіш (бифастар); унифастар; қырғыштар (тасжанқадан жасалған); тасжанқадан жасалған құралдар; нуклеустер; тасжанқалар. Жиналған тас материал Кемер мекенжайы түрғындарының құралдар даярлау техникасы біршама жетілгендігін білдіреді, ал бұл кешеннің уақыты бастапқы палеолиттің шелль-ашель кезеңіне сәйкес келеді деп даталанады.

Сипатталған мекенжайлар датабылған ежелгі адамдардың тасмалта құралдарын олардың архαιкалығы (көнелігі), шомбалдығы, даярлау техникасы, сакталғандығы бойынша Олдувай тас құралдарымен салыстыруға келеді. Біздің бұл ежелгі аталарымыз (жорамал казакантроптар) өлшемдері мен пішіні әр түрлі тас материалды пайдаланған. Олар көбінесе жалпақ-сопак, сопак және жұмыр тасмалтانا алып, оларды соққылап өндеу арқылы өткірлеген, ал тастың өнделмеген жағын икемдеп, қолға ұстауға ынғайлы қалыпқа келтірген.

Бұл мекенжайлар тобындағы шақпактас құралдардың басты ерекшеліктері: *шомбалдығы; тасты жүқартаудың жаңқалау техникасы немесе шағылған тасжанқаны ентеп соққылап икемдегені; нуклеустердің қосымша соққылаудың дұрыстап, еңбек құралы ретінде тұтынғаны; тасжанқаның шағу бетінде дөғал бұрыш жасай және соққылаудың дөңес төмпешік пішінін сақтай отырып, шомбал қалпында қалуы.*

Қаратай мекенжайларында табылған шақпактас құралдарды жасауға негізгі шикізат материалы ретін-

де пайдаланылғаны – жергілікті, жасы төменгі карбон түзілімдеріндегі қара және сұр түсті шақпақтас қабаттары. Осы шақпақтасты соққылап жару арқылы шеттері өткір және тегіс омырылымды жаңқалар алынған. Тасмалта жалбырдың жарып, жаңқа алынған бетінде соғу төмпешігі қалып отырған. Тасмалтада да, шағылған бетте де ұсақ белесті шенберлер шоғыры жаралған.

Соққы түскен тасжанқаның бетінен ұсақ жаңқалар бөлінген. Тастың бетіне қиғаш бағыттай соғудың күшіне байланысты, жарылған жаңқаның және оның бетіндегі омырылымдардың өлшемі әр түрлі болып, олар бөлініп түскен әр фасеткада да қайталанған. Осыған қарал нуклеус пішінді құралдар мен қол кескіштерді өндегендегі соққының бағытын және ретін анықтауға болады. Бір малатас жалбырынан бірнеше рет бөлініп алынған сәтті немесе сәтсіз шыққан тасжанқалар шикізаттың осы мақсатта әдейі өнделгенін көрсетеді. Қарататуда табылған екі жақты немесе бір жақты кескіш құралдар мен қол кескіштер, сондай-ак басқа да алғашқы енбек құралдары осылай жасалған.

Бастапқы палеолит мекенжайларының көвшілігі суайрықтардың жоғарғы нүктелерінде, яғни жұрнақ қыраттарда орналасуы бұл кешендердің тас құралдары мен тасжанқаларының геологиялық қөнелігін көрсетеді. Осы ежелгі адам құралдары қөнелігінің белгілері: бетін темірлі, сарғыш-сұр тотық қөмкергені, мору қамтығаны, олардың жузі мұқалып, әр түрлі тесіктер мен төмпешіктер пайда болғаны.

Сонымен, сипатталған тұрактар *bірінші хронологиялық топ ескерткіштеріне* жатады, Табылған енбек құралдарының жасалған уақыты 1,0 млн жылдан бұрынғы заманды мензейді. Ал мекенжайлар орналасқан жоғарғы террасаның стратиграфиялық әдіспен анықталған геологиялық жасы эоплейстоцен, яғни 1,5–1,8 млн жыл. Тұрактар алғаш жердің бетіне шығып жатқан шақпақтас қабатына орналасқан. Тұракқа осы жерді таңдаудың басты себептері: төніректе өзен мен көлдер болып, орман мен қалың шөп өсіп, ірі андар тобы жайылып жүргені. Адамдар жергілікті шақпақтастардан құралдар жасап, жақын жүрген жануарларға аңшылық жасаған.

Екінші хронологиялық топ ескерткіштері [2]. Олар 1957 ж. тамызда Қарататуда жотасы жүйесіне кіретін Кіші

Ақтаудың солтүстік-шығыс бөлігінде *T o k a l y* палеолит мекенжайының үш пункті зерттелген болатын. Олар айналасындағы жерлерден 17–35 м жоғары көтерілген әр түрлі үш жұрнақта орналасқан. Барлық үш күэста қырат – *Toқалы I, II, III* – Көктал өзенінің батысында, Тоқалыбұлак бастауының оңтүстік-батыс жағында орналасқан. Олар үстін лёсс тәрізді саздақ пен құмдақ жапқан карбонат таужыныстардан тұрады. Лёсс тәрізді таужыныстардың құрамы Көктал өзенінің осы аудандағы екінші және үшінші жайылмастылік террасалар жабынына жақын.

Тоқалы кешені бірегей топ құрайтын, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығыска қарай созылған әр түрлі үш жұрнақтың үстіне шоғырланған, олардың төбесінде палеолит табылымдары анықталған. Бұл жұрнақтардың беткейлері мен етектерінде, сондай-ақ оларға солтүстік-шығыс пен оңтүстік-батыс жағынан жанасатын ұсақтау қыраттарда ешқандай археологиялық нысандар табылмаған. Барлық күэста қыраттарының үстінде терендігі 2 м-дей 6 шурф қазылып, үш жұрнақта да шамамен бірдей сипатталатын мынадай қабаттар ашылған:


- 1) күнгірт-сұр саздақ – 0–0,18 м;
- 2) сарғыш-сұр саздақ – 0,18–0,75 м;
- 3) іірлене бейтегіс жатқан гравий мен малтатас – 0,75–1,50 м;
- 4) құрамында құм мен ірі тасдөңбектер бар малтатас – 1,50–1,70 м;
- 5) түбірлік шөгінді карбонат таужыныстар.

Тоқалы мекенжайының үш пунктінде құрамы мынадай палеолит материалы (барлығы 335 дана) табылған, дана: екі жақтама өндөлген қарапайым кескіш құралдар – 27; қол кескіш – 7; дөңгелек пішінді құралдар (нуклеустер) – 23; тасжанқадан жасалған құралдар – 12; өндөлмеген тасжанқалар – 266.

Археологиялық ескерткіштердің бұл тобына Дегерес, Дарбаза III, Сүлейменсай I және IV, Сүлейменсай 31, 32, 33 және 34, Дәуренбек, Қызылрысбек кіреді.

D e g e r e s мекенжайы Жарғымбай төбесінің маңында, Жамбыл облысы Талас ауданының бұрынғы Ленин атындағы кеңшарынан (совхоз) оңтүстікке қарай 18 км жерде орналасқан. Бұл жерде, маңындағы тақырдан 40 м

жоғары орналасқан жайпақ қыраттың үстінде, тас табылымдардың бірнеше кешені шоғырланған. Жиналған құралдардың барлығы (118 дана) даярланған бастапқы материалдың морфологиясы бойынша былай жіктеледі, дана: екі жақтама өндөлген кескіш құралдар – 46; уни-фастар – 10; нуклеус тәрізді бүйымдар – 26; қайта өндөлген тасжанқалар – 5; өндөлмеген тасжанқалар – 30; тасшакпа – 1 дана (5.7-сурет).



5.7-сурет. Дегерес тұрағынан табылған тас құрал үлгілері [2]

Құралдар сұр, құнгірт-сұр және қара түсті тасдөңбектер мен кесектер түрінде жатқан жергілікті шақпактас ши-кізаттан жасалған. Құралдардың көпшілігі сары түсті тотықпен қарқынды көмкерілген, қырлары сүйірленген;

кейбір құралдардың беті жылтыр; басқа бұйымдар әкті сауыс қабыршақпен жабылған, қатты морыған. Бір ғажабы, табылған жалғыз шақпаны даярлауға жергілікті емес, басқа шікізат – ұзыншақ кварцит тасмалтасы пайдаланылған.

Дарбаза III бұрынғы Ленин атындағы кеңшардан 10 км, Дарбаза кентінен солтүстік-шығысқа қарай 8 км жерде. Осы жерде онтүстігі мен солтүстігін тақырлар қоршаған қыраттың үстіндегі ауданы 150x45 м шағын ойпанда палеолит адамы жасаған шақпақтас құралдардың шоғыры табылған. Мекенжайдан табылған 111 құралды мынадай топтарға бөлуге болады, дана: екі жақтама өнделген кескіш құралдар – 17; қол кескіш – 1; нуклеус тәрізді құралдар – 15; унифастар – 2; тасжанқадан жасалған құралдар – 2; өнделмеген тасжанқалар – 74.

Құралдарды даярлауға жергілікті күнгірт-сұр түсті шақпақтас таужыныстың тасдөңбектері пайдаланылған. Құралдардың көпшілігі сары, сарғыш және қошқыл-сары түсті тотықпен көмкерілген. Құралдардың шағын бөлігінің бір жағы қанық сары, ал екінші жағы шамалы сұрғылт тотықпен жабылған. Сондай-ақ сұрғылт тотық кіреуkenін шеті түзу сына тәрізді, беттері параллель жарылған ұзыншак чоппинг пен нуклеус тәрізді құралдың дөңгелек пішінді топшасының бетін жапкан, олар морфологиясы жағынан көне топқа жатпайды. Дарбаза III мекенжайында уақыты әр түрлі аралас кешендердің болуы да мүмкін, бірақ қарататулық палеолит индустрисының ең көне кезіне жататын түрлері кездеспейді.


Сонымен, қолдағы бар материал Дарбаза III тас құралдарын: екі жақты кескіш құралдарды, дөңгелек пішінді және тасбақа тәрізді леваллуа нуклеус құралдарын, тасжанқадан жасалған құралдары, сондай-ақ табаны тар кескіш құралдарды – ашель-мустье деп сенімді даталауға болады, олар екінші хронологиялық топқа жатады.

Сүлейменсай Iжәне IV мекенжайлары Сүлейменсай кентінен солтүстік-шығысқа қарай 9 км жерде орналасқан. Осы жерден палеоген таужыныстарынан тұратын шағын төбелер тізбегі басталады. Бірінші жұрнақ қыраттың бетінде ежелгі адам құралдарының жекелеген табылымдары анықталған. Жарқымбай кентінің маңында, бұрынғы Ленин

атындағы кеншар—Қаратай жолына жақын орналасқан келесі жұрнақ қыраттың бетінде Сүлейменсай IV деп аталған табылымдар кешені орналасқан.

Құралдар сұр және күнгірт-сұр түсті жергілікті шақпақтас тасдөнбектер мен тасмалталардан жасалған. Құралдардың тотық кіреулемен көмкерілу дәрежесі әр түрлі. Олардың көпшілігі сары және сарғыш түсті қалын totallyпен жабылса, кейбіреулерінің бір беті ғана totallyқан. Сонымен қатар, Сүлейменсай мекенжайларының екеуінен де сұр және сарғыш-сұр totallyқты құралдар кездеседі. Жиналған құралдардың көпшілігінің қыры мұқалған және айқын емес, ал морфологиясы жағынан екі пункттегі коллекция да біркелкі дерлік.

Сүлейменсай мекенжайының екі пунктінен барлығы 66 тас құрал жиналған. Олар, дана: екі жақтама өндөлген кескіш құралдар – 12, нуклеустер мен нуклеус және дөңгелек тәрізді құралдар – 18, тасжаңқалар мен олардан жасалған құралдар – 36 (5.8-сурет).



5.8-сурет. Сүлейменсай тұрағынан табылған тас бұйымдар [2]

Дәүрөнбек мекенжайлары (XII және I) Дәуренбек бұлағынан солтүстік-батысқа қарай тиісінше 1,5 және 3,5 км жерде орналасқан. Палеолит заттары тақырдан 27 м биік жатқан терраса тәрізді жайпақ жұрнақ қыраттың үстінде жатыр. Бұл қыраттар Көктал өзенінің шығыс жағасынан 6 км жерде.

Ежелгі адамдар жасаған шақпактас құралдардың кешені мынадай типологиялық топтарға бөлінеді, дана: екі жақтама өндөлген кескіш құралдар – 35; унифастар – 4; қол кескіштер – 2; нуклеус пен нуклеус тәрізді құралдар – 25; тасжанқалар – 65; тасжанқадан жасалған құралдар – 15.

Мекенжайдың екеуінде де шикізат ретінде жергілікті таужыныс пайдаланылған: Дәуренбек I-де – құнгірт-сұр және қара түсті шақпактас тасдөнбектері, ал Дәуренбек XII-де – құнгірт-сұр және ашық түстілері. Сақталу дәрежесі бойынша бұл кешендер бір-бірінен біршама өзгешелеу.

Қызылрысбек мекенжайы Тоқалы тобындағы археологиялық ескерткіштерге жатады. Ол Жамбыл облысындағы Ақкөл кентінен онтүстікке қарай 18 км жерде. Табылымдардың негізгі массасы онтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай 8–18 км-ге созылған Қызылрысбек тауының тегістелген жайпақ бетінде жиналған. Ол батысқа қарай біртіндеп биіктеп, қия беткейлері Ақкөлге құятын Асы өзеніне қарай тәмен түседі. Тау шығыс жағында біртін-деп тәмендеп, суайрықтың осындай қыраттарына ұласады. Мекенжайдың абсолют биіктігі 462 м. Ол айналадағы жазықтан 10–17 м биік жатқан екі жайпақ күестаның аралығында орналасқан, бірақ Ақкөл мен Кемер мекенжайларынан тәмен. Қызылрысбек мекенжайында палеолит адамдары тұрған кезде, ол пра-Асы өзенінің бір саласының жағасы болуы ықтимал.

Қазылған шурф бойынша қабаттардың орналасу реті мынадай:

- 1) сұр түсті құмайт гумус қабаты – 0–0,25 м;
- 2) құм, тасмалта және тасдөнбек аралас құнгірт-сарғыш құмайт – 0,25–0,70 м;
- 3) түбірлі шөгінді таужыныстар.

Құралдарды даярлауға негізінен сұр және қара түсті ұсақ түйірлі малтатас пайдаланылған. Бұл таужыныстардың қабаты қазір мекенжайдан 1,5–2 км жерде орналасқан.

Табылымдардың 60 %-інің біршама бөлігінде тасдөңбек заттың бастапкы беті сақталған, 28 %-і жартылай тазартылған, тек 11 %-інің беті толық өнделген. Откен уақыт ағымында құралдардың беті сарғыш тотықпен көмкеріліп, қыры біршама мұқалған.

Қызылрысбектің бүйымдары типологиясы бойынша мынадай топтарға бөлінеді, дана: екі жақтама өнделген *chopping-tools* – 7; дөңгелек тәрізді құралдар – 4; нуклеус тәрізді бүйымдар – 3; унифастар – 2; тасжанқалардан жасалған құралдар (қырғыштар) – 3; тасжанқалар – 81.

Екінші хронологиялық топтың ескерткіштері бірінші хронологиялық топтың ескерткіштерімен салыстырылғанда алса күэста қыраттары бетінде, немесе үшінші жайылмаустілік терраса деңгейінен төмендеу және жоғарылау орналасады. Олардың құрылышына ашель-мусте кезеңіне жататын тоқалылық жүрнектар кіреді. Қаратай жотасының бұл аймағы антропоген кезеңінің басында-ақ шамалы шоқылы-куесталы өнір болған, ал ортаңғы антропогеннің басында қыраттардың жоғарғы қабаттары жарапған.

Ежелгі адамдар жасаған бүйымдардың негізгі массасы – екі жақтама өнделген кескіш құралдар, ықшам қол кескіштер, нуклеус тәрізді және бір жақтама кескіш құралдар, кливер типті және өлшемдері әр түрлі жанқалар.

Осы кезеңде палеолит адамдары мен олардың мәдениетінің дамуы жана сатыға көтерілген. Өндірістік жағынан алғанда бұл кезең тасты өндеу техникасының жана прогрессиясына өткендігімен аталады. Оның мәнісі мынада. Шикізат тас бір немесе екі жағы бірдей тегіс болатында етіп жарылған. Ол үшін цилиндр пішінді жарғыштар, сүйектен, ағаштан, мүйізден жасалған құралдар пайдаланылған. Тасты осылай жаңаша өндеу тәсілі *леваллуа техникасы* деп аталады.

Сондай-ақ дөңгелек пішінді нуклеустерден құрал дайындаудың ашель кезінде қалыптасқан тәсілі де дамуын жалғастырған. Сұрыпталған дөңгелек пішінді нуклеустердің шетінен орталығына қарай тасжанқалар шағып түсіру арқылы жұқа тілінім қалақтар алынған.

Еңбек құралдарының негізгі шикізаты – жергілікті сүр және қара түсті ұсак түйірлі шақпақтас тасмалта. Өндеу үшін шақпақтас малталардың қолайлары (сопак, ұзыншак,

үшбұрышты, төртбұрышты) түрлері таңдал алынған. Сұрыпталған тасмалта бірнеше рет соққылау арқылы кескіш құралдарға, қарапайым қол кескіштерге, тасжарма типті (палеолит балтасының прототипі) шапқыш құралдарға айналған. Осы кезде нуклеустердің леваллуа және басқа формалары нуклеус тәрізді құралдар ретінде қолданыла бастаған. Жасалынған нуклеустер кескіш құралдар ретінде және басқа мақсаттарға пайдаланылған.

Ірі сұрыптамалар шомбал пішіннен біртіндеп өлшемдері ықшам түрлерге ауыса бастаған. Екі жақты кескіш құралдар мен қол кескіштер, сондай-ақ құралдардың басқа типтері тас өндеу техникасының жетілгендейімен, өзінен бұрынғы замандағы формалармен салыстырғанда өлшемдерінің ықшамдылығымен айрықшаланады. Осыдан кейін бұл құралдар жаңа тастық типті және мұстөве формалы ойық түрлерге алмасқан. Токалы мекенжайлары басқа кешендермен, мысалы, Үәлиханов атындағы аллювийлік тұрактар кешенімен салыстырғанда көне болуы ықтимал.

Тас қарулар формаларын талдау алғашқы кезде олардың өте қарапайым болғанын, уақыт ағымында тәменгі палеолиттің қарапайым қол кескіштерінде дейін жетілгенін дәлелдейді. Мүмкін, бұл тас қарулар шығу тегінің бастауын Онтүстік Қазақстанның бірінші хронологиялық топтағы археологиялық ескерткіштерінен іздеу керек шығар. Классикалық пішінді, өлшемдері ықшам қол кескіштердің болуы оларды алғашқы қауым аңшылары өмірінің екінші хронологиялық сатысына жатқызуға болады.

Кентау қаласының маңынан табылған *Қосқорған*, *Шоқтас* тұрактары үлкен бұлактың басына орналасқан. Гоминидтер андарды өкшелеп күшп, немесе жайылып жүрген жерінде коршап аулаумен қатар, бұлактарға су ішүгे келген кездерінде андып аулағаны байқалады. Бұлактың жағалауындағы шөгінді үйікка үйелеп қалып қойған жануарлардың сүйектерін зерттеу олардың өмір сүрген уақыты 470–530 мың жылдар екенін анықтады. Ал, бұлакқа су ішүгे кодастар, мүйізтұмсықтар, түйелер, қасқырлар, страустар жан-жақтан ағылған. Аңшылар тас құралдарды жақын жерлерден шикізат тауып әкеліп, бұлактың қасындағы тұрақтарында дайындаған (Ж.Таймағанбетов).

Бастапқы палеолит адамдары Орталық Қазақстанға ашель кезеңінің сонына қарай келіп тұрактанған бастаған. Оның себебі, төрттік кезеңінің бастапқы және ортаңғы кездерінде Шығыс Еуропа мен Батыс Сібірді ұзак уақыт бойы қамтыған қатты сүйектің тигізген әсерінен болған. Бірнеше мың жылдарды ғана қамтыған жылы мерзімде Солтүстік және Орталық Қазақстанда құнарлы топырақ қалыптаса қоймағандықтан, флора мен фауна гоминидтердің қажетін өтейтін дәрежеде дамып үлгермеген. Ірі сұтқоректілер тобын өкшелеп келген аңшылар ауған андардың ізін ала тұрағын өзгертип отырғанға үқсайды.


Днепр (Шығыс Еуропада) және *самарово* (Батыс Сібірде) мұзбасу кезеңдері өтіп, ұзак уақыт жылышы өрнәған кезде, яғни шамамен 180—200 мың жылдан бері қарай Сарыарқада да қолайлы климат қалыптасқан. Орман-тоғайлар өсіп, шалғындар жайқалып, ірі сұтқоректілердің тұракты мекеніне айналған. Өзендер мен бұлактар жағалауларында жайылып жүрген андар өмірге бейімделіп қалған адамдардың тұрактануына қолайлы жағдайлар туғызды. Осыған байланысты ашель кезеңінің сонына қарай адамдар қазіргі Сарыарқаны (*Жаман-Айбат*, *Хантау*, *Өгізтау*, *Аршалы* және т.б. тұрактар), Балқаштың солтүстік аймағын (*Торанғы*, *Ақтөгай*, *Саяқ* және т.б.) мен Шығыс Қазақстанды (*Бұқтырма*) мекендейген.

5.1.3. Мустең мәдениеті

Ортаңғы төрттік заманының соында Еуразия континентінің Солтүстік бөлігін толық қамтыған, ұзакқа созылған сүйек кезең мен жоғарғы төрттік заманының басындағы белсенді тектоникалық фазадан кейін, шамамен осыдан 75—150 мың жылдар бұрын орнаған қолайлы кезенде Қазақ даласында гоминидтердің тіршілік ету мәдениеті өркендей бастаған. Өзен-су торабы ортаңғы төрттік кезінде тұракты қалыптасқанын жоғарыда айттық. Соған байланысты мустең заманының бас кезінде, одан кейінгі замандарда өсімдіктер мен жануарлар дүниесі өзен-көлдер мен бұлактардың жағалауларында ерекше дамып, адамдар ашель заманындағы ежелгі тұрактарының төнірегіне қайта шоғырлана бастады.

Геологияда колайлы табиғи жағдайлардың мезгіл-мезгіл қайталанып тұруына байланысты адамдар әр замандарда өздерінің *ата қоныстарына* қайта келіп, тұрактанып отырған. Арыстанды аңғарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде археологтар аршыған ашель заманынан жоғарғы палеолитке дейінгі замандарды камтитын бірнеше стратиграфиялық денгейлерде орналасқан көп қабатты тұрактар осындай пікір туюге негіз болады. Мұндай тұрактар Сарыарқа, Манғыстау, Шығыс Қазақстан өлкелерінде де ұшырасады.


Арыстанды өзені аңғарында 1958 ж. қыркүйекте халцедоннан жасалған ондаған бұйымдар табылған, олардың кейбіреулері жұмырланбай бастапқы күйінде сақталған [2]. Арыстанды өзенінің он жағындағы жарды мұқият қарап шыққанда, *Уәлиханов атындағы көп қабатты палеолит* тұрағын ашуға мүмкіндік туды. Бұл археологиялық кешеннің уақыты ортаңғы және соңғы палеолитті камтиды (5.9-сурет).



5.9-сурет. Ш. Уәлиханов тұрағының онтүстік жағынан көрінісі [2]

Тұракты аршип тазарту халцедон бұйымдардың сүйек сынықтарымен және жанған бұталардың жінішке сабактарынан қалған көмір күлімен бірге жатқандығын көрсетті. Мәдени қалдықтар көлбеу орналасып, бір

жазықтықта жатады. Бұл тұрактарды палеолит адамдары әр заманда орналасып, олар тиісінше әр уақыттың горизонтында орналасып, аралары лёсс түзілімдерімен бөлінген. Қалындығы 1 мм-ден 8 см-ге дейінгі жоғарғы және төменгі мәдени горизонттарында от жаккан ошақ таңдақтары, көмір мен қызыл жоса қалдықтары мол кездеседі, олар онтүстікten солтүстікке қарай жолақтана созылады. Кейінгі кезде жүргізілген казу жұмыстары бұл жерде бес мәдени қабат бар екенін көрсетті (5.10-сурет).



5.10-сурет. Уәлиханов атындағы тұрактың онтүстік жақ қимасы [2]: 1 – сары саздақ; 2 – күйелі қабат; 3 – халцедонолит; 4 – сүйек; 5 – алау ошақ; 6 – жоса

Осылайша алғаш рет Орта Азия мен Қазақстанның геологиялық түзілімдерінде көне тас ғасыры тұрактары мен қазба жануарлардың сүйектері бүлінбеген бастапқы күйінде табылған. Бұл тұрактар біздің Отанымыздың ежелгі тарих беттерін танып білу үшін өте құнды екені даусыз. Алынған


деректер Қазақстанның онтүстігінің геологиялық стратиграфиясының нақтылау үшін де өте маңызды.

Ш. Үәлиханов атындағы көп қабатты палеолит тұрағы Арыстанды өзенінің онтүстік жағасының үшінші жайылмаустілік террасасында, Шаян кентінен солтүстік-шығысқа қарай 43 км, ал Шымкент қаласынан солтүстікке қарай 143 км жерде, Онтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданындағы бұрынғы Алғабас ұжымшарының Қарасу бөлікшесі аумағында орналасқан. Жазда өзеннің жоғарғы жағы бастауына дейін кеүіп қалады, ал көктемде Үлкен Қаратай жотасынан жиналған суға толып, құшті тасқынға айналады. Тұрактар аумағында Арыстанды өзені арна астындағы неоген түзілімдерін қызып өтіп, бордың қызыл түсті таужыныстарына дейін ашады. Осы жерде жұмыс істеген геологтардың дерегі бойынша, Арыстанды өзені бұл ауданда төрт жайылмаустілік терраса қалыптастырылған.

Ш. Үәлиханов атындағы тұракты археологиялық қазу жұмысы табақша тәрізді ойпанда, Арыстанды өзенінің он жағасында, Қарасу ауылынан солтүстікке қарай 2 км жерде жүргізлген. Бұл жерде үшінші жайылмаустілік террасаның бетінен 2,5–7 м терендікте, сұрғылт-сарғыш саздақ қабатында аумағы 10 мың м²-ден астам аланда палеолит шақпактас бұйымдарының шоғыры ашылған. Палеолит мәдени қалдықтары бірката қабатшаларда орналасып, үш стратиграфиялық горизонтка бөлінген: жоғарғы (бірінші), ортаңғы (екінші) және төменгі (үшінші). Олардың бәрі өзара бір-бірін жауып, бес мәдени қабат орналасқан мекендерге бөлімденген.

Тұрактың бірінші горизонтының бірінши мәдени қабатындағы мекен. Ш. Үәлиханов атындағы тұрактың ең жоғарғы, яғни бірінші горизонты ауданы 1200 м² аланда ашылған. Оның ортаңғы бөлігіндегі лёсс қабатында, үшінші жайылмаустілік террасаның бетінен 2,30–2,50 м терендікте халцедоннан жасалған 3 мыңнан астам палеолиттік бұйымдар жиналған. Олардың кейбіреулері қайта тегістеліп өndелген. Бұл бұйымдардың көп бөлігі – шақпактас сынымдары және аяқталмаған қарулар. Олар қазбаның ауданы ауқымында жүйесіз, белгілі бір шаршыларда шоғырланбай таралған. Бірінші қабатта табылған халцедоннан жасалған материал белгілі бір деңгейде орналасқан. Бұл жерде басқа төменгі

қабаттағылармен салыстырғанда алау ошактарының орны, көмірлі қабаттар, сүйектер мен мәдени қабаттың басқа да белгілері көп кездеспеген, күнгірт-сары түсті мәдени қабатша анық қадағаланбаған (5.11-сурет).



5.11-сурет. Ш. Уәлиханов тұрағынан табылған тас бұйымдар [2]

Бірақ қайта тексеру үшін қазылған шурфтар мен орлар бұл террасадағы көрші аумакта да осындай бұйымдар бар екенін көрсетті. Ежелгі мекен орналасқан мәдени қабатпен байланысты бұйымдардың барлығы бір деңгейде, яғни қазылған терендікте орналасқандығы анық болған. Бұйымдардың құрамы мынадай, дана: кескіш құралдар – 5; бұрыс пішінді

қалақтар – 10; нуклеус тәрізді құралдар – 5; нуклеустер – 25; текшелей тегістеп өндеу ізі сакталған тасжанқалар – 15.

Екінші мәдени қабаттағы мекен – Ш. Уәлиханов атындағы тұрактың екінші горизонтының үшінші жайылмағұстілік терраса бетінен 4,0–4,60 м (нөлдік сызықтан 3,20–3,80 м) терендікте. Мәдени қалдықтар сұр саздақ қабаты арасындағы қалындығы 25 см құнгірт-сары лёсс тәрізді қосық саздақ қабатшасында орналасқан. Қазу жұмысы жүргізілген алаңның ауданы 198 м², ол онтүстік-шығыска қарай кеңейтілген. Басқа аландарда тек қана жекелеген тас бұйымдар мен жануарлар сүйегінің кейбір фрагменттері кездескен. Шақпактас бұйымдар мен басқа өндіріс қалдықтары 6 үлкен және 10 шағын алау ошақтың төнірегінде шоғырланғандығы анықталған. Жер бетінен 4,11 м терендікте табылған ең қорнекті алау ошақтың қалындығы КРҒА Археология мұражайына жеткізілген. Оның өлшемі 70x40 см, қалындығы 15–20 см.

Ш.Уәлихановатындағы тұрактың екінші горизонтындағы екінші қабатта көптеген ұсақ тасқабыршақтарды есепке алмағанда, жалпы саны 5 мыңдан аса шақпактас бұйымдар табылған. Шақпактастардың бір бөлігінің беті боялған. Екінші қабаттың негізінен халцедоннан жасалған заттары дөңгелек (диск) пішінді нуклеустерден, үлкен карапайым кескіш құралдардан, үшкір тескіштерден, ықшам қырғыштардан, кескіштерден тұрады. Құралдар ірі, шомбал қалактардан немесе тасжанқалардан жасалған. Олардың арасында ұшбұрышты қалақтар мен тасжанқалар ұзыншақ пышақ тәрізді болып келеді, бірақ соғу алаңқайларының беті анық білінеді. Құралдар негізінен ауланған анды боршалауға: терісін жарып союға (үшкір кескіштер), сүйекті жаруға және кесуге (кескіш құралдар – нуклеустер), теріні іреуге (қырғыштар), т.б. пайдаланылған. Әсіресе кескіш карулардың жетілгендейті қызығарлық.

Қазбаның онтүстік-шығыс бөлігіндегі мәдени қалдықтардың орналасу сипаты бойынша екінші горизонтың екінші қабаты аңшылар ұзақ мекендереген жер екендігі туралы қорытынды жасауға болады, ал қазылған ауданның солтүстік бөлігі – осы мекеннің шеті болғанға ұксайды. Халцедоннан жасалған құралдардың ошақтар мен алаулар төнірегінде шоғырлануы, қабатта қолмен қазылған үнгірлердің және сүйек пен тастан жасалған

кондырылардың кездеспеуі, адамдар бұл жерде шатыр сияқты баспаналарда тұракты қоныстанған болар деген жорамал жасауға мүмкіндік береді.


Үшінші мәдени қабаттағы мекен. Ш. Уәлихановатындағы тұрактың бұл мүстөзе заманғы мекенінің қалдықтары нөлдік сыйықтан 4,5–5,1 м (Арыстанды өзенінің үшінші жайылмастылік террасасы бетінен 4,8–5,5 м) терендікте орналасқан. Үшінші мәдени қабат казбаның онтүстік-шығыс бөлігіндегі 240 м² аланда ашылған. Ол күнгірт-сары саздақтан тұрады, жоғарғы қабатпен салыстырғанда мұнда фауна қалдықтары аз кездеседі, олардың көшілігін анықтау да қыын.

Мәдени қалдықтар алау, ошақ таңдақтары, сүйектер, т.б. түрінде кездеседі. Халцедонның бірнеше шоғыры табылған. Бұл жерде көптеген боялған бұйымдар анықталған, олардың ішінде күйдірілген қара тастан жасалған, бір жактама өндөлген бірнеше қырғыш бар. Үшінші қабаттағы халцедоннан жасалған бұйымдар маңында сүйектер үйіндісі (түяқ, жілік, екі омыртқа, жауырын, т.б.) анықталған. Сонымен катар, Арыстанды өзенінің үшінші жайылмастылік террасасының бетінен 5,6 м терендікте бұғының мүйізі мен қабырғасы табылған. Халцедоннан жасалған бұйымдардың барлығы 5,0 м және одан да төмен терендікте, алаулардың төнірегінде шоғырланған.

Зерделенген Ш. Уәлиханов атындағы тұрактың екінші горизонтындағы үшінші мәдени қабатынан 85 бұйым жиналған, оның ішінде – 12 нуклеус, 11 жарғыш құрал, 2 ықшам қол кескіш, 25 қырғыш пен жонғыш, 7 кескіш, 1 үшкір тескіш, 4 қалақ бар. Бұл қабатта халцедон жанқаларынан жасалған қырғыштардың көп кездесетінін айта кету керек.

Үшінші мәдени қабаттың фауналық қалдықтары жылқы мен сайғақ сүйектерінің қалдығынан тұрады. Бұл қабат мекеніндегі сүйек материал бойынша оның тұрғындары негізінен жылқыларға аншылық жасаған деген қорытынды жасауға әкеледі.

Мекеннен жиналған тас құралдар үшінші мәдени қабаттың, екінші мәдени қабатпен салыстырғанда аншылардың кысқа мерзімдік мекені болғаны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.



5.12-сурет. Ш. Уәлиханов тұрағынан табылған жануарлардың сүйек қалдықтары [2]: 1 – бұғының тесілген мүйізі; 2 – бизонның сүйегі; 3 – сайфактың мүйізі; 4, 5 – жабайы жылқының аяқ және орталық сүйектері; 6, 7 – жылқының тұяғы және жоғарғы жақ сүйегі; 8 – жылқы сүйегі

Төртінші мәдени қабаттағы мекен. Тұрактың төртінші қабатындағы мәдени қалдықтар нәлдік сызықтан 5,25–5,60 м (үшінші жайылмағстайлік терраса бетінен 5,4–5,7 м) терендікте табылған. Бұл мәдени қабаттың қалындығы 25 см-ден асады. Мәдени қалдықтар (қазба жануарлардың ұсақ сүйектерінің жекелеген сындықтары, қызыл жоса түйірлері, қорғасын кесектері, боялған шакпактас бұйымдар) айтарлықтай көп шоғырланған бөлікшелер көлбеу жатқан, олар әркелкі және біршама үзілістер жасай орналасқан. Таң құралдар мен жекелеген сүйектердің көп мөлшері өлшемдері әр түрлі 25 үлкен және шаған алау

ошақтардың төнірегіне шоғырланған. Алау линзалары көмірлі топыракқа, күйген ұсак бұта қалдықтары мен жаңуарлар сүйектеріне толған. Олардың көвшілігінің пішіні сопақша-дәңгелек. Отқа күйген жердің қалындығы 2 см-ден 25 см-ге дейін. Күңгірт күлдің (ағаш пен сүйектің) кейбір алау ошақтардың төнірегінде өте қалын болуы – оларда оттың ұзак уақыт бойы жанып жатқанын көрсетеді.

Үшінші горизонтың төртінші (жоғарғы) қабатынан халцедоннан жасалған 2900-ден астам бұйымдар жиналған. Олар – 35 нуклеус, 19 екі жақтама кескіш құрал, 12 ұшкір тескіш, 10 қырғыш, 5 жалбыр, 10 жонғыш, 3 бұрыштама кескіш, 1 катты жұмырланған тасжанқа, 270 шеті өткірленген тасжанқа, 14 қалак, 150 жарғыш, т.б. Қалған бұйымдар өндөлген халцедонолиттер мен палеозой тақтатасының екі кесегінен тұрады.

Мәдени қалдықтар өзен маңындағы біршама тегіс аланда шоғырланған. Мәдени қабат бұйымдарының шикізаты бұл жерде жоқ, олар Кіші Қаратай мен Шабакты өзені алабының солтүстік-шығыс аудандарында кездесетін халцедоннан және қара шақпақтастан жасалған, мекен тамаша өндөлген бұйымдардың молдығымен сипатталады. Бұл қабатқа тән бұйымдар – халцедоннан жасалған өткір тескіштер мен өндөлген екі жақтама кескіш құралдар.

Тас бұйымдардың орналасу реті мен басқалармен салыстырғанда аз мөлшерде кездесетін сүйектердің қалдығы – адамдар төртінші қабаттағы мекендердің зерттелген бөліктерінде шыжғырған ыстық күннен қорғайтын конус пішінді немесе төбесі екі жақа қарай еңіс шатыр сияқты бірнеше баспана жасап тұрған болар деген пікір айтуға неғіз боларлық. Мекенде алау ошақтардың, тас бұйымдардың (олардың біразы боялған), фауна қалдықтарының, қызыл бояу мен басқа да өндіріс қалдықтарының көп болуына қарағанда – бұл ең қалың мәдени қабаттың мүстүе заманы аңшылары ұзак уақыт бойы мекендеуі нәтижесінде қалыптасқаны туралы байлам жасауға болады. Мекен тұрғындары тамакты негізінен жылқыларға, сыйфактарға, бизондарға аңшылық жасау арқылы тапқан.

Бесінші мәдени қабаттың мекені (үшінші горизонтың томенгі қабаты). Қабаттың мәдени қалдықтары нөлдік сызықтан 5,50–6,30 м терендікте, қалындығы 10–30 см

құнгірт-қүйелі қабатта анықталған. Бұл жерде қазба жануарлардың, шақпактас бұйымдардың, күйген сүйектер мен қызыл жоса түйірлерінің жекелеген шоғырлары табылған. Алау ошактардың бірінен қызыл жосаның тұтас үйінділері шыққан. Бесінші қабаттың шақпактас бұйымдар коллекциясы 8 бүтін нуклеус пен нуклеус тәрізді құралдардан және 24 басқа пішінді заттардан тұрады. Шақпактастың жекелеген кесектерінде қызыл бояу алуға пайдаланылған темірлі шоғырлар бар. Бір алаудың шетінде ұсталар төс ретінде қолданған үлкен жалбыр жатқан, оның бетінде сокқылаудан түскен дактардың ізі бар. Мекен алаңының В–З квадратында боялған құмтастан жасалған шағын (өлшемі 10x6x2 см) сопақ тасмалта табылған, ол бояуды жаңыштап, тамыр мен дәнді үгіп, сокқылауға және жалпайтуға пайдаланылған.

Мекеннің қазып аршылған бөлігінде қазба жылқы мен бизонның сүйектері табылған, олардың кейбіреулері анатомиялық ретпен жатқан (жылқы қанқасы – омыртқалары мен орталық сүйектері). Мәдени калдықтардың біршама аз болуы және олардың алаулар мен ошактардың төнірегінде ғана орналасуы – бесінші қабаттың зерттелген бұл бөлікшесін мұстө заманының адамдары (неандертальдықтардың жергілікті баламасы) қыска уақыт кана тұрақтағанын көрсетеді.

Ш.Уәлиханов атындағы тұракты үш жыл бойы зерттеу барысында жиналған палеозоологиялық қалдықтарды анықтау, мынадай нәтижелер берген: жылқы (*Equus caballus*) басым тараптасан, аз мөлшерде бизон (*Bison priseus*), сайғак (*Saiga imberbis*) пен асыл марал (*Cervus elaphus*) кез-деседі (5.12-сурет).

Алынған археологиялық материалдар жануарлардың түр құрамының шамалы болуына қарамай, Ш.Уәлиханов атындағы палеолит тұрағы қалыптасқан уақыттағы мекендердің ландшафты мен адамдардың шаруашылық әрекетінің сипаты туралы да белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Адамдар жылқы, сайғак, бизон және т.б. жануарларға аңшылық жасаған. Мұндай фаунаның дамуына сол кездегі дала флорасы қолайлы жағдай туындардан. Флора туралы мәліметті екінші және үшінші мәдени горизонттар аралығындағы, яғни Арыстанды өзенінің үшінші

жайылмаустилік террасасы бетінен 5,4 м терендіктегі саздақтан алынған сынаманы споралық-тозандық зерттеу нәтижелері береді.

Мұстє адамдары бұл жерге (үш горизонт, бес қабаттан тұратын тұрақ) бес рет келіп-кетіп мекендерген. Эр мәдени қабатта көптеген алау-ошактардың калдығы табылған. Олардың күлі қатты нығыздалған, ұсақ көмір мен жанған сүйек қалдықтары сақталған, қалындығы 5–20 см-ден асады.

Уақыты бойынша бірінші тұрақ (бесінші мәдени қабаттағы мекен) 5,50–6,30 м терендікте табылған, оның жасы шамамен осыдан 150–180 мың жыл бұрынғы заманға жуықтайды. Тұрактың үсті құрғақшылық орнаған кезде жел әкелген тозаң түзілімдермен жабылған. Келесі үлкен тұрақ (үшінші мәдени қабаттағы мекен) 4,50–5,10 м терендікте ашилып, адамдар оны шамамен 100–120 мың жылдай бұрын қайта келіп тұрақтаған. Бұл мекенге адамдар 75–90 мың жылдай бұрын қайта келіп тұрақтаған, ол 4,0–4,60 м терендікте табылған. Адамдар бұл мекендерін өмірге қолайсыз климаттық жағдайлар орнаған кезде тастап кетіп, қолайлы жағдай орнағанда қайта келіп тұрақтаған. Олар осы ежелгі мекендеріне кейінгі кездері де келіп аңшылығын жалғастырған.

Адамдардың бұл құтты мекенді таңдал, бірнеше дүркін оралып келіп ұзак уақыт тұрақтап қалатындықтары кездейсоқ болмаған. Арыстанды өзенінің кең аңғарындағы бедер пішіндерінің әр түрлі болуына байланысты оны түрлі андар мекендерген. Тұрактар манындағы сушараларға суатқа келген андарды адамдар қаумалап та, куалап та жүріп аулайтын болған. Тұракты осы жерден тандауға және бір себеп – құралдар жасауға қажет шикізат халцедон шакпактасы қабаттарының жақын жерде жатқандығы. Адамдар шикізат шакпактасты іздел алысқа бармаған.

Сонымен, Ш. Үәлихановатындағы көп қабатты тұрақтың топографиясын, фаунасын, мәдени қабаттардың жатыс жағдайын, тас құралдарының формасын зерттеу және оларды Азия мен Еуропадағы осыған ұқсас әйгілі тұрактармен салыстыру, оның уақытын мұстє заманы деп даталауға, ал ең жоғарғы мәдени қабатты – соңғы палеолитке жатқызуға болады [2].

Мұстөе тұрактарынан табылған қадым заманғы ескерктіш қалдықтары оларды жасап, пайдаланған адамдардың мәдениеті ашель заманының мәдениетінен көп жоғары екендігін айғақтайды. Еркектер ан аулап, ұзақ уақыт жолға шығып кеткен кезде әйелдер болса отты өшірмей жағып, ошақ басында қалған. Мұстөе заманының сонына қарай адамдар қауымында әлеуметтік жағдай өзгеріп, адамдардың тұрмысына алғашқы өркениетті қарым-қатынастар орнықкан. Діни наным-сенім белгілері, матриархаттың және тайпалық қоғамдық өмірдің алғашқы түрі қалыптаса бастады.

Мұстөе адамдарының көптеген тұрактары Оңтүстік Қазақстан, Сарыарқа, Батыс Қазақстан өнірлерінде белгілі. Бұл кезеңде адамдар алғашқы коныс мекендеріне түпкілікті үйрене бастаған. Адамдар бұл коныстарына аya райының өзгеруіне байланысты кейінгі кезеңдерде де келіп-кетіп тұрған.

Мұстөе заманы ағымында адамдар бұрын өздері аяқ баспаған, Қазақ даласының шығысы мен батысындағы жаңа аймактарды игере бастады. Мұстөе заманының соңғы кезінің уақыты Шығыс Қазақстан, Алтай, Орта Азия және Кавказ үңгірлеріндегі анықтаулар бойынша осыдан бұрынғы 30–45 мың жылдарға сәйкес келеді.

5.1.4. Соңғы палеолит мәдениеті

Соңғы палеолит заманы – алғашқы адамдар мәдениетінің келесі жоғарғы сатысы. Үңгірлерде өмір сүрудің, аңшылық қәсіптің жана тәртіппері орныға бастады. Адамдар үңгірде отырып көрген-білгендерін ауызша әңгімелумен қатар, тасқа бейнелеуді игере бастаған. Қаратаудың Созақ өніріндегі Үшбас тұрағынан табылған ежелгі аңшының жауырын сүйекке түсірген таңба белгілері – осының күесі. Соңғы палеолит заманындағы адам тұрактары Қазақ даласының барлық аймактарында кездеседі. Әзірше олардың табылып, зерттелгендері өте аз.

Бұл хронологиялық кезеңге Тұрлан, Бұркітті, Арыстанды, Шабакты өзендерінің екінші жайылмағұстілік террасасы деңгейінде орналаскан археологиялық ескерткіштер жатады [2].

Соңғы палеолит заманы миллиондаған жылдарға созылған палеолиттің мәресіне айналды. Адамзат әлемінде

өткен замандардын барлық тәжірибелерін бойына жинаған саналы адамдар (*Homo sapiens*) дүниеге келді. Палеолит кезеңінің адамдарынан тас дәүір мәдениетіне тән белгі құралдар қалды. Олар табиғаттың қыры мен сырын ұғынып, көрген-білгендерінің қарапайым есебін жүргізуге бейімделе бастады. Адамдар үшін бұл жетістіктер қаншалықты бағалы болғанымен, табиғаттың катал сынына төтеп беріп, оған тәуелсіз өмір сұруғе әлі жеткіліксіз еді.

Соңғы палеолит заманы жалпы адамдар өміріне қолайлы бола қойған жок. Заманнын сонына қарай, шамамен осыдан 25 мың жыл бұрын қатты сұық түсті. Еуразия континентінің солтүстігін түгелдей мұз басты. Сұық Қазак даласына дейін жетіп, Сарыарқада қалын тон қатты. Алтай, Тарбағатай, Алатау мен оның Батыс сілемдерінің басындағы мұз төмендеп, өзен аңғарларын басты. Өзендердің сүйтолық катып қалған кездер де болды. 5–10 мың жылдарға созылған осындай сұық кезең жануарлар дүниесінде қатты өзгерістер туғызыды. Iрі сүтқоректілер сүйктан қырылып, қалғаны жылы жакқа – континенттің онтүстігіне қарай ауа бастады. Ал, жануарлардың сүйкка бейімделген түрлері жаңа фауналық комплекс күрады, олар мамонттар, жұндес мүйізтұмысқтар, аюлар мен бұғылар еді. Мамонт фауналық комплексі қорек ізден Сібір ормандарына қоныс аударды.

Ал адамдар бұл заманда қандай қүй кешті? Олардың бір бөлігі онтүстікке қарай ауған андарды қазіргі Орта Азия мекендері арқылы өкшелей қоныс аудара отырып, Индия мен Таяу Шығыска дейін өтіп кетті. Мамонт фаунасын аулаған тайпалар болса Сібірге, Қыыр Шығыска, кейбірі Аляска арқылы Америка континентіне де жетті. Ал Қаратай жоталарын пана еткен тайпалар өмір сұруғе қолайлы жерлерде қоныстанып, осы өңірден өсіп-өнген жергілікті халықтардың негізгі мәйегі болып қалды. Адамдардың қоныс аудару процесі мұнымен біткен жок, көшіп-қону кейінгі замандарда да ауық-ауық болып тұрған.

Француз ғалымы Кайе (1963) палеолит дәүірінің ең дамыған кезеңдегі адамдардың орналасу тығыздығы 50 шаршы километр жерге 1 адамнан аспағанын есептеп шығарған. Қазақстандың тұрактаған адамдардың орналасу тығыздығы да осы есептен аса қоймаған. Мысалы, гоминидтер мекендереген қазіргі Онтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарындағы тіршілік етуге қолайлы жерлерде палеолиттің соңғы

кезеңінде шамамен 5 мыңдай адам мекендеген. Оларды шамамен елу адамнан тұратын қауымға бірігіп өмір сүрді десек, онда барлығы 100-ге жуық тұрак мекендер болған сияқты. Эр топ Қауым радиусы 20 км жерді мекендегенін шамалауға болады. Есептелген ареалда оны мекендеген адамдарға қажет ан-кұс пен жеміс-жидектің жеткілікті болғаны түсінікті. Қазақ даласын мекендеген алғашқы адамдардың жалпы саны шамамен 20–30 мыңдай болуы ықтимал.

5.2. Мезолит

Соңғы плейстоцен мен голоцен замандары тоғысындағы апартты кезеңнен кейін м е з о л и т заманы басталған. Жерді қаптаған топансу мен шарпыған өрттен кейін тіршілік геологияның қазіргі заман кезіне бет бүрді. Осы кезде мәдениеттің дамып, адамдардың жылдам көбейген жері Тау Шығыс болып саналады [36].

Заудалды қысқа ыстық кезден кейінгі алғашқы мыңжылдықта жаппай күн сүйтты. Ауа райының ерекше құбылмалы шақтары жер бетіндегі тіршілік әлеміне айтарлықтай өзгерістер әкелді. Қазіргі жануарлар мен өсімдіктердің алғашқы түрлері дамыды. Қазақ даласында соңғы палеолит заманындағы коньс аударулардан кейін қалған тайпалар жаңа өмірге бейімделе бастады. Олар жанжаққа тарап, өсімдіктер жетілген аймақтарда жеміс-жидек жинап, анды өнірлерде аңшылықты қарастырып, өзен-теніз жағалауларында балық аулап күнелтті. Бұл адамдар карумен құралдарды тастармен қатар сүйектерден де жасауды менгерді. Мамонт фауна комплексі, жалпы ірі сұтқоректілер жойылып, далада оңайлықпен алдыра қоймайтын, жүрісі ширак жануарлар түрі көбейді.

Бұрынғыдай ірі-ірі андарды қоршап алғып, таспен ұрып, наизамен шаншып өлтіруге үйренген аңшылар есکі әдістердің жарамайтынын түсіне бастады. Аңшылар бөкендерді, тарпандар мен құландарды алыстан атып алуға мүмкіндік беретін садак жасап, оны атудын әдістерін менгерді. Ауытқымай алысқа ұшатын, басы тегіс әрі өткір тастан жасалған жебе октарын шеберлікпен дайындауды үйренді. Садак пен пышак дала халқының сол кезден бері қарай сенімді каруына айналды.

Мезолит адамдары сан жағынан көп болмағанымен, еркін жүріп-тұруларына байланысты Қазақ даласының

барлық аймағын мекендерген. Олар ауа райы қолайсыз кездерде тұрактарын өзгертіп отырған. Карапайым киім киіп, қаруларын асынып, аңшылыққа қолайлы жерлерді таңдал, баспанға мәселесін де шеше бастаған. Қолайлар үнгірлерлері жоқ өнірлерде жерді қазып немесе ағаштан, тастан үй жасау өнерін де игерді. Қоршаған ортаға бейімделген адамдар жылдам көбейіп, қоғамға түбегейлі өзгерістер әкелген өркениеттің жана заманына өтті.

5.3. Неолит

Неолит – өркениеттің заманындағы басты жетістіктері – жабайы андарды қолға үйретіп, мал шаруашылығымен катар жер өндеп, егіншілікті игере бастауы. Жабайы андардан алғашқылардың бірі болып қолға ит үйретілді. Бірте-бірте ит адамдардың сенімді серігіне айналды. Андарды құып жетіп, қамалап, аңшыларға көмек көрсетті. Иттердің көмегімен сәтті өткен аңшылық көріністерін алғашқы суретшілер шеберлікпен үнгірлердің қабырғасына, жартастарға шекіп салып, бояулармен өрнектеп отырған. Тасқа салған суреттерден бізге жетпей жер бетінен жойылып кеткен тур, бизон сияқты андардың да бейнесін көреміз [31].

Неолит заманы қалыптаса бастаған кездеңі адамдар мәдениеттің деңгейі мен тұрмысын Онтүстік Қазақстан облысының ежелгі Түркібасы ауданындағы Караңгір тұрағын зерттеу нәтижесінде алынған археологиялық мәліметтер бойынша бейнелейік. Тұрак Қарататудан Арысқа келіп құтыын Қараңгір өзенінің бойында. Қараңгір тұрағы өзен табанынан 7 м биікте орналасқан, табылған мәдени қалдықтар бойынша анықталған мәліметтерге қарағанда, оны адамдар б.д.д. 5 мың жыл бұрын мекендерген.

Әрине, үнгір алғашында қазіргідей күйде болмаған. Адамдар мекендерген кезде кіріп-шығуға ыңғайлар, су арнасына жақын сайдын табанында орналасқан. Тектоникалық қозғалыстардың нәтижесінде Қаратату беткейінің көтерілуіне байланысты үнгірде биіктеп көтерілген. Бәлкім, үнгірге кіріп-шығу киындаған соң адамдар ежелгі баспанасын осыған байланысты тастан кеткен болар. Бұл өнірде палеолит замандарында адамдар тұрағы болған, кейін тау

жоталарының көтерілуіне байланысты биік жартастар мен шатқалдарға ілініп қалған ұңгірлер көп.

Қараңгірден неолит адамдарының тас пен сүйектен жасалған карулары, енбек және іс құралдары, әшекей заттар табылған. Кесетін, тілетін, қыратын және басқа да құралдар тастан шеберлікпен жасалып, мұқият дәлдікпен өнделген. Сүйектен жасалған инелер, ілгектер, басқа да іс құралдарына қарап әйелдердің тері өндеп, жұннен мата тоқып, киім тігуді менгергенін, тұрмысқа қажет басқа заттарды жасай білгенін көреміз. Зергерлер асыл тастан әсемдік және әшекей бұйымдар жасаған.

Тастан, сүйектен жасаған әшекей заттар әйелдердің әдемілікке ұмтылғанын, қоғамда өздерін сәнді ұстап, аңшылықпенауыржұмыстардан шаршап келген еркектердің көнілін аулай білгендігін көрсетеді. Кейбір әшекей заттарды Тәнірге көңілдерінің таза екендігін білдіріп, аңшылықта қолдасын деген сеніммен еркектер де мойындарына тағып жүрген болуы мүмкін.

Қараңгірде табылған жануарлар сүйектерін зерттеу арқылы неолит кезеңінде бұл аймакта мекендерген андарды білеміз. Олар - жабайы қой, бұқа, арқар, елік, сайғак, жылқы, қабан, қасқыр, шиебөрі, тұлкі, жолбарыс, дала мысыры, борсық, қоян, тышқан, кірпі, тасбақа және құстар.

Неолит адамдары мал атаулыдан қолға алғаш қой мен ешкіні үйреткен. Кейін бірте-бірте төрт тұлік малды қолға ұстайды. Күнкөрісі негізінен аңшылыққа байланысты болған адамдар, малшылықпен айналысу нәтижесінде мұқтаждықтан арыла бастады десе де болады. Адамдар жабайы андарды үйретіп қана қоймай, жабайы өскен дақылдарды өсіруді игере бастады.

Мал бағу, егін салу, жалпы өндірістік шаруашылық көп құш пен қажырлылықты қажет етеді. Ауыр жұмыстардың бәрін атқарған еркектер жекеленіп емес, руларға, тайпаларға бірігіп кауымдасты. Рулар мен тайпаларды еркектер басқарып, қоғамда патриархат қайта орнады. Әйелдер атқарған үй жұмысы екінші кезекке көшіп, қоғамдағы мағынасы да өзгерді.

Осы кезеңнің сонында жылқыны қолға үйреткен далалықтар ат құлағында ойнап, басқа халықтар жете қоймаған артықшылыққа жетті. Атқа мінуді еркектермен

қатар әйелдер де менгерді. Алғашқы амазонкалар дүниеге осылай келген.

Неолит адамдарының өркениетке қоскан елеулі үлестерінің бірі – су тасып, тамак құятын қыш ыдыстарды жасауды менгергені. Шаруашылықпен айналысу адамдар өмірін түбекейлі өзгертті. Малға, жайылымдарға рулық, тайпалық меншіктерорнай бастады. Мал шаруашылығының ыңғайына қарай көшіп-қонған көршілес ру-тайпалардың арасында меншік малдар мен жердің бөлісіне байланысты мәселелер туындағы бастайды. Мал мен жер дауы қарулы қақтығыстарға әкелді. Қақтығыстар кезінде, осыған дейін тек қана аңшылық пен жыртқыштардан қорғану үшін қолданылған құралдар енді қантөгіс соғыс қаруларапына айналды. Қоғамда жауларға тойтарыс беру үшін соғыс өнерін менгерген жауынгерлер қалыптасты.

Неолит заманында адамзат мейлінше өсіп-өнді. Америкалық биолог Эдуард Дивей археологиялық және этнографиялық мәліметтерге барынша кең сүйене отырып, неолит заманының ең өркендеген кезінде жер бетін мекендейген адамдардың санын шамалап есептеп шығарған. Ғалым неолиттік төңкөріс кезіндегі мыңжылдықта ойқуменаның халқы 16 есе өсіп, 80 миллионнан асты, ал көне замандардан бергі мәдени ошактар болған жерлерде халықтың тығыздығы әр 1 шаршы км-де 1 адамға жетті дейді.

Біздің ғалымдарымыздың есебінше неолит заманында Қазақстанды шамамен алғанда 180–200 мың адам мекендейген.

5.4. Энеолит (мыс) ғасыры

Энеолит немесе мыс ғасырында (б.д.д. 3–2-ші мыңжылдықтар) адамдар өмірге қажет құралдарды алғаш рет мысттан жасай бастады. Олар алғашында табиғатта металл құйінде кездесетін таза мыстумаларды пайдаланған. Мыс кенорындары жер бетінде ерекше көз тартарлық жасыл (малахит минералы) және көк (азурит) түсті бояулы тастарымен адамдардың назарына іліккен. Мыстың сульфид минералдары жердің бетіне шыққанда оттегімсөн тотығу нәтижесінде кенге ерекше бай тотықты белдем пайда болады. Химиялық процестер тотықты белдемде малахит, азурит минералдарымен қатар таза мыс, алтын, күмісті

де түзеді. Көк-жасыл тұсті белгілері арқылы алғашқы кен іздеушілер мыс кенорындарын онай тауып, олардан сом мыс кесектерін аршып алған. Қазак даласындағы кенді Алтайдың, Қордайдың (Жайсан, Шатырқұл), Сарыарқаның (Жезқазған, Нұрқазған) ірі мыс кенорындары адамдарға сол энеолит заманында-ак белгілі болған. Жалпы, кен тараған қазіргі Қөктас, Қөктасты деген атаулар негізінен мыс кено-рындарына байланысты шыққан.

Малахит пен азурит минералдарына келсек, оларды зергерлер көне замандардан қазірге дейін әшекей заттар жасауға пайдаланып келеді.

Сонымен, энеолит Қазак даласын мекендереген халықтардың кен өнеркәсібін игерे бастаған заманы. Кен өндіріп, металл қорытыкан индустрія өркениеті Қазак дала-сында бастау алып, кен дамыған.

5.5. Қола ғасыры

Қ о л а ғасырында (б.д.д. 2-ші мыңжылдық—VII ғ. аралығы) кен өндірушілер табиғи таза мыстың қоғам сұранысына жеткіліксіздігіне байланысты, металды өздері қорыта бастаған. Алғаш қорытылған металл таза мыс емес, қола (мыс пен қалайының қоспасы) болып шыққан. Оның себебі – кенорындардың кениш казылған жоғарғы белдемінде құрамында мыс қана емес, қалайы да бар станин (Cu_2FeSnS_4) және кассiterит (SnO_2) минералдарының болуына байланысты. Кездейсоқ алынған қоланың сапасы адамдардың бақытына орай мыстан артық болып шыққан. Кейін, өндірілген кеннен таза мыс қорытылған кездерде, оған қалайы, мырыш қосып қоланы арнайы балқыма жасап, қорытып алуға итермелеген.

Осы ғасырда мыс, мырыш, корғасын, қалайы сиякты тұсті металдарды қорытып, олардың сапасын сараптау басталды. Сом алтын мен күміс, қорытылған корғасын өте жұмсақ және ауыр болғандықтан тұрмыста кен колдану тапкан жок. Бірақ алтынды тотықпайтын ерекше жалтырауық және сұлу түсіне байланысты шеберлер одан зергерлік, әсемдік бүйымдар жасауға болатынын біліп, сол замандарда-ак тиісінше әшекей заттар жасауға колданған.

Адамдардың қола заманындағы мәдениеті өркениеттің дамыған мал шаруашылығы, егін шаруашылығы және кен-металлургия салаларыmentтығызбайланысты. Шаруашылық

пен кен ісінің ынғайына қарай адамдар Қазақстанның тыс жерлерге коныстанып, жана жерлерді игерген. Россия археологтары Красноярск өлкесінде Ачинск қаласының манындағы Андронов мекенінде жүргізген жұмыстары мағлұматта бай нәтиже беріп, тарихқа Андронов мәдениеті деген атпен енді. Орал тауларының онтүстігінен алғынан археологиялық мәліметтер Андронов мәдениетін бір-біріне жалғаса дамыған үш кезеңге жіктеуге мүмкіндік берді. Олар – ерте немесе Федоров (б.д.д. XVIII–XVI ғғ.), ортағы немесе Алакөл (б.д.д. XV–XII ғғ.) және соңғы немесе Замаралев (б.д.д. XII–VIII ғғ.) кезеңдері. Ғалымдар осы тұрактарды мекендеген адамдар мен Қазақстанның кола замандағы тұрғындарының антропологиялық негіздері бір халық екенін дәлелдеді.

5.6. Темір ғасырының бастауы

Бастапқы темір ғасыры (б.д.д. VIII–IV ғғ.) – адамзаттың ежелгі өмірін қазіргі заманмен, біздін дәуірмен жалғастырған өтпелі шак. Адамдар темірді қорытып, пайдалану арқылы өркениеттің техника заманына тікелей жол ашты. Темір кендерін балқытып, болат және шойын корытпаларын алу, адамдардың мәдениет сатысының жоғары дәрежеге көтерілгенін көрсетеді. Осы заманда жазуды еркін менгерген халықтар өздері туралы деректерді жазып қалдырыды. Қазір әр елдің біз айтып отырған осы заманының тарихи мен мәдениетін жан-жақты қамтитын ғылыми және көпшілікке арналған шығармалары жеткілікті.

Қазақ даласында алғашқы темір ғасырындағы жазу үлгісі Есік оба қорғанынан табылған Алтын адамның күміс тостағанында жазылған.

Қазақ даласы алғашқы адамдар пайда болып, ел мекеніне айналған жер бетіндегі санаулы кіндіктердің бірі. Алғаш Қаратай өніріндегі табиғи ошақтарды мекендеген адамдар өсіп-өніп, коныстарын барлық аймактарға жайды. Осы кіндіктен өнген адамдар Шығыс Еуропаны, Таяу Шығысты, Азияның солтүстік бөлігін, Орта Азия мен оның Онтүстік жағын, Аляска арқылы барып Америка континентін мекендейдеп келеді.

6. АДАМДАРДЫҢ ТАРАЛУЫ МӘН НӘСІЛДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Гоминидтердің (алғашқы адамдардың) калдықтары немесе мәдени ескерткіштері Африкадан, Қазак дала-сынан, Индоқытай мен оның онтүстігіндегі құрлыктан бөлінген аралдардан табылғанын білеміз. Осы жекелеген шектеулі адамзат ошактарын мекендеген алғашқы адамдар уақыт әміріне бағынып, тіршілік қажеттілігіне байланысты өздеріне жақын аймактарды игере бастады. Саны жағынан көбейген қауымдар шағын топтарға бөлініп алыс мандарға үзап, шартарапқа таралды.

6.1. Адамдардың қоныс аударуларының табиғи себептері

Қазақдаласында алғашқы адам осыдан 2 млн жылдан астам уақыт бұрын пайда болып, дами бастағанын жоғарыда айттық. Сол замандардан бері өсіп-өнген адамдар *самарово* (Сібір)-*днепр* (Шығыс Еуропа) мұзбасуын қайтарған Жонғар тектоникалық фазасынан кейін туындаған *казанцев* (Сібір)-*микулин* (Шығыс Еуропа) жылды кезеңінде батыска да, шығыстағы Сібірге де жеткен. Соңғы палеолит заманында жаппай сүйк түскенде, осыдан 20–25 мың жылдар шамасы бұрын адамдар қоныс аударуларын екі бағытта жалғастырған. Солтүстікке қарай көшкен тайпалар *мамонт* *фауналық комплексін* өкшелеп Сібірге, одан Аляска арқылы Америка континентіне өтіп кетті. Ал басқа тайпалар жылды жакқа ауған андарды қып, Орта Азия арқылы Онтүстік пен Алдыңғы Азия аумағына қоныс аударды. Жаңа жерлерге барған тайпалар өркен жайып, жергілікті тұрғындарға айналды.

Соңғы палеолит заманының екінші жартысында, осыдан 12–25 мың жылдай бұрын Еуразия континентінің Солтүстік бөлігінде қатты сүйк түсіп, жердің бетін мұз құрсады. Шығыс Еуропаның қазіргі Орыс, Украина жазықтарын мындаған жылдар бойы басқан мұздық пен қалың тоңнан тіршілік атаулы жойылып кетті.

Голоцен заманы басталысымен жердің бетін жапқан қалың мұз қабаты кенет орнаған ыстықтан еріген кезде топансу қаптап, Қара теңіз бен Жерорта теңізінің деңгейі көтерілді. Құрлықтарды жалғастырған мойнактар судың астында қалды. Африка мен Еуразия континенттерінің арасындағы құрлықтық катынас үзілді. Жердің бетін су

қаптал, апат болғанда Таяу Шығысты мекендерген халыктар Мысырдан асып, Нубия еліне қоныс аударды. Мезолит заманы басталғанда Батыс Еуропаны, Африканы және Қазақ даласын мекендерген халықтар бір-бірімен байланыссыз дебес өмір сүрге мәжбүр болған.

Күн жылшынып, табиғатта тіршілікке қолайлы жағдай қалыптасқанда, Қазақ даласын мекендерген ежелгі далалық тайпалардың ұрпактары *протосақтар* жылдам өсіп-өніп, Батыс пен Шығыска қоныс аудара бастады. Мезолит заманының басында, осыдан 10 мың жылдай бұрын протосақ тайпалары Таяу Шығыстың бос қалған өлкелеріне келіп мекендейді.

Таяу Шығыска Қазақ даласының тайпалары алғаш б.д.д. 9-шы мыңжылдықтың басында келіп коныстанған. Оның алдында, яғни геологиялық голоцен кезеңінің басындағы тектоникалық белсенді фазасында қатты жерсілкіндер мен таужаралau қозғалысынан жан-жануарлар бұл аймактан ауып кеткен. Осы тектоникалық фазаның артынша қатты ыстық орнап, Еуразияның солтүстік бөлігін тұтастай басқан қалың мұздық пен тоңның еруіне байланысты топансу қаптады. Телегей теңіз топансу онтүстікке қарай сырқыла ағып, Қара Теніз бен Жерорта теңізінің деңгейлері 100 м-ден аса көтеріліп, адамдар мекендерген жағалаулар, жазықтағы өзен аңғарлары мен көлдердің айналасы судың астында қалды. Осындай зауал кезең басталғанда Таяу Шығысты мекендерген халықтар табиғи апаттардан қашып, судың астында қала бастаған Суэц мойнағы арқылы Мысырдан асып Африкаға еніп кетеді. Археологтар анықтағандай, осы кезге сәйкес келетін б.д.д. 10–9-шы мыңжылдықтар арасында бұл өлкеде адамдар тіршілігі токтап қалған көрінеді.

Шығыс Еуропаның жазық даласы топансу жүргенге дейін 15 мың жылдай қалың мұздың астында қалып, тіршіліксіз өлі аймакқа айналған болатын. Онтүстігіндегі Қара теңіздің жағалауларын мекендерген жан-жануарларды топансу шайып кетті. Сонымен, Шығыс Еуропа даласында мұз еріп, топансу сабасына түсіп, тіршілікке қолайлы экологиялық жағдай қалыптасқанша бірнеше мың жылдай мерзім қажет еді. Мәселен, Украина жазығында табылған голоцен кезеңіндегі адамдардың алғашқы тұрақтары археологиялық материалдар бойынша осыдан 7 мың жылдай бұрынғы уақытқа сәйкес келетіні анықталған [45].

Таяу шығыста су тасқыны басылып, өзендер сабасына түсіп, табиғи ортада өмір сүрге қолайлы жағдай орнағанда, бұл аймаққа өркениетті заманның есігін айқара ашып далалық тайпалар қоныстана бастады. Олар уақыт ағымында ежелгі далалықтардың көшпелі өмір салтына жаңа өзгерістер енгізіп, өндіріспен қатар өнеркәсіппен де айналысқан отырықшы елдерге айналды. Бұл елдерге Қазак даласынан қоныс аударушылар легі кейінгі замандарда да болған. Мәселен, б.д.д. 5-ші мыңжылдықта келген Кенгір тайпасы жергілікті шумерлерге айналып, мәдениеттің ең жоғары белгісі жазуды ойлап тапты. Ал Кемер тайпасының халқы Қап, Қаз тауларының аттары сол кезден келе жатқан қазіргі Кура, Терек, Кубань (Субан) алаптарын мекендейп, таулардың онтүстік бөктеріндегі Кенгір тайпасының халықтарымен көршілес қоныстанды.

Олардың ізін баса келіп, Қап, Қаз таулары мен беткейлерін мекендеғен сактардың Алб (Албан), Суб (Субан) және Орта Шығыста Индия-Иран халықтарының негізі болған Ари (Ариан) тайпалары.

Таяу Шығыска Қазак даласының Маңғыстау өнірінен келген протосақ тайпалары жылдам өсіп-өнеге бастады. Атабабаларынан мұра болып келе жатқан аңшылық кесіп адам саны артып, андардың азайып кетуіне байланысты халықты азықпен қамтамасыз ете алмай, оларды тарығуға әкелді. Бұл ауыртпалық халықты күн көрістің жаңа жақтарын табуға, егіншілікпен айналысуға итермеледі. Археологиялық зерттеулер Таяу Шығыста егіншілік мәдениетінің дамуын үш кезенге бөліп қарастырылғанын көрсетті [36].

Бірінші кезенде, яғни б.д.д. 9–8-ші мыңжылдықтарда адамдар жабайы дақылдарды жинап, тамаққа пайдалану мен андарды қырып-жоймай, олардың көбеюіне жағдай жасау керектігін түсіне бастады. Ал, екінші кезенде, б.д.д. 7-ші мыңжылдықта, адамдар дәнді дақылдарды өздері егіп, жинауды менгерді. Жабайы андардан алғашқы үй малдағына қой-ешкілерді үйретті, шошқаларды да өсіре бастады. Жыртқыш андар – бөрілер, адамдардың сенімді серігі және үй шаруашылығының құзетшісі - *иттерге* айналды. Үшінші кезен, б.д.д. 6–5-ші мыңжылдықтар адамдар үшін егіншілік пен малшылықты игерген заман болды. Егінді жана жерлерге, ылғал аймақтар мен өзен бойларындағы суармалы жерлерге егіп, өнім жинауды молайтуға болатынын менгерді. Шаруашылыққа қолайлы сиырлар мен қойларды

өздері отырған жерлерге жайып, өсірумен шұғылданды. Елді мекендер салып, ауылдар мен қалалар тұрғызыды.

Отырықшы тіршілікке көшіп, шаруашылықпен шұғылданған тайпалар жылдам өсіп, қысқа мерзім ішінде өркениеттің шырқау биігіне көтерілгендейді, бұл кезең (б.д.д. 7–6-шы мыңжылдықтар) *неолиттік тоңкеріс* деген атпен енді. Б.д.д. 4-ші мыңжылдықтың сонында Қосөзен (Месопотамия) алқабында шумерлер өркениеті қалыптасты. Өркениеттің осы сатысында алқапта жоғары дамыған сұармалы егіншілік, мамандандырылған кәсіпкерлік, тұрақты сауда катынастары қалыптасты. Елді мекендер мен қалаларда монументтік ғимараттар салынды. Өркениеттің шоктығы немесе мәдениеттің бастауы – жазу пайда болды. Шумерлер маңызды оқиғаларды таска, тақталарға шекіп жазумен айналысты. Осы кезде көне дүниенің бірегей шығармасы *Гильгамеш* дастаны туды. Ал, шумерлер кімдер? Олар протосактардың алдыңғы қатардағы тайпасы. Ғұлама А. Машанов [34] шумерлер өздерін *кенгірлер* деп атаған дейді.

Геологиялық голоцен заманында мың жылға созылған бірнеше дүркін сүйк және жылы мерзімдер алмасты. Сүйк қысқан мерзімдерде адамдар үйреншікті мекендерін тастанап, жайлы коныстарға көшіп жүрді. Табиғаттың кейбір каталдықтарын жеңіп, құбылмалы ауа райына шынықкан адамдар, б.д.д. 3–2-ші мыңжылдықтарда мәдениеттің *сақтайпаларына* бірікті. Эр тайпаны тәжірибелі көсем басқарып, белгіленген жер ауқымында мекендеуін бақылады. Осы кезде басталған, Қазақ даласына жұт әкелген ұзак мерзімді сүйк заманың қыспағынан құтылудың жолын қарастыру қажеттілігі туды. Сақ көсемдері тайпалардың бас қамын ойлап, қоныс аудару мәселелерін ақылдастып, кенес құрган.

Осыған байланысты, қоныс аударулардың келесі ауқымды дүрмегі б.д.д. 2–1-ші мыңжылдықтарда, Еуразия континенттің солтүстік бөлігін тұтас қамтыған геологияда белгілі *Суббореал сүйк кезеңінде* басталды. Қазақ даласының шығыс аймағын мекендейген сак тайпалары Қыыр Шығысқа қарай көшіп, қазіргі Мангол Алтайының шығысынан Тынық мұхитқа дейінгі аралықтағы Шығыс даласына қоныс тепті.

Шығыс даласы Солтүстік Сібір ормандары мен Байкал (Байгол) көлінің өзен алаптарын алып жатқан, ал онтүстігі – Хуанхэ өзенінің сол жақ жағалауына дейін созылған ұлан байтақ кең аймак. Шығыс даласын 1–1,5 мың жылдан аса

уақыт мекендерінде, өсіп-өнген сақ тайпалары гоминидтердің және бір кіндігі – онтүстік Қытайда кәсіп пен өндірісті қатар ұстап көбейген халықтардың солтүстікке қарай қанат жайған тайпаларымен қарым-қатынас орната бастады. Қытай халықтары сақ тайпаларының Шығыс даласында алғаш кездестіргеннен бастап көршілері туралы деректер жинауға кіріседі. Шығыс даласын мекендерінде сақ тайпаларына алда арнайы тоқталамыз.

Осы сұық кезеңде Қазақ даласының онтүстік-батысында да құрғақшылық орнады. Әмудария өзені арнасын батысқа қарай бұрып, Сырдария алабындағы өзендердің сүйе тартыла бастауына байланысты Арап тенізінің деңгейі төмендеп, қайрандал қалады. Қызылқұм, Каракұм, Арысқұм өнірінде жел күшінде. Толассыз тұрған құшті жел сусыма құмды сұырып, ауаға тозаң көтеріп, айнала төніректі шан басады. Құрғақшылықтан бір кездері орман-тогайлы және шалғынды жерлердің бәрі қуан шөлге айналады. Судан балық, құрлықтан ан мен құстар ауып, өмірге қауіп төнген соң, сақ тайпалары басқа жерге қоныс аударуға мәжбүр болады [45, 48].

Сырдарияның бас жағындағы тайпалар онтүстік бағытты ұстап, Индостан мен Таяу Шығыс елдеріне көш түзеген. Әмударияны жағалап, Каракұмды басып, Каспий маңына қарай жылжығандары да болды. Қоныс аударушылардың негізгі бөлігі Арап тенізін жағалап, Торғай ойпаны арқылы Атырау маңына аялдап, Еділ мен Дунай аралығындағы Батыс даланы барып жайлады. Бұл тайпалар Таяу Шығыс елдерінде *сақ* деген атын сақтаса, Батыс елдерінде – Геродоттың тарихында *скиф* (*скит*) деген атпен белгілі болды. Скиф-сактар Таяу Шығыс, Батыс Еуропа елдерінен бастап, Мысырға дейінгі аралықта еркін жүріп-тұрған, жергілікті халықтармен қарым-қатынас жасаған.

Шамамен б.д.д. 1,5 мың жыл бұрын Еуропа мен Онтүстікке қоныс аударған сактар айналасындағы қарым-қатынас жасаған елдерге өздерінің мәдениетін, аныз-әңгімелерін таратты. Сактардың кейбір рулары барған жерлеріне сіңіп, жергілікті халыққа айналып, олардың о бастағы шыққан тегі ұмыт болды.

Москвалық профессор К. Мусаев Батыс Еуропа мен Таяу Шығыс елдерінде, Индостандағы дравид (*драуит*) халықтарының арасында ежелгі сактардың кездесетінін, ал Еуропадағы этруск халқы ежелгі итрусактар деген

пікір айтады. Осы итрусактар Қазак даласын мекендерген халықтардың жетім қалған сәбиді асырап алған көк бөрі (құртқа) туралы ежелгі аңызын жандандырып, оны б.д.д. 754–753 жылы салынған Рим қаласымен байланыстырады. Қасқыр (құртқа) асырап өсірген Ромул кемеліне келген соң, өлген бауырының құрметіне Рим қаласын салып, өзі 37 жылдай қаланың алғашқы билеушісі болған. Қасқыр асырап алған бала туралы аңыз Еуропаның басқа елдерінің бірінде де жок, тек сақ тайпасынан шықкан Этруск (Итруск) – Этруск әулетіне ғана тән көрінеді. Рим қаласының кейінгі билеушілері де осы этруск (итру) әулетінен шығып, болашақ Рим империясының негізін қалаған.

Индияның онтүстігін мекендерген сактардың *draught* тайпасының ұрпақтары да қасқыр (құртқа) асырап алған бала туралы аңызды таратқан. Осы аңыздың негізінде Р. Киплинг «Маугли» шығармасын жазды.

Академик Ә. Марғұлан ежелгі гректердің жалғыз кезді дәүулері – циклоптар және Қекті мекендерген құдайлар туралы мифтері сақ тайпаларының Тәнір туралы әңгімелерінен алған әсерлері негізінде туып, осы әңгімелер желісі бойынша құрылған, деп топшылады.

Геродот «сақтардың атасы Тарғытай мен эллинше Зевс құдайдың ұлы Геракл – екеуі бір адам», - деп жазып кеткен [21].

6.2. Нәсілдердің қалыптасуы

А фрикада өсіп-өнген адамдардың кейбір топтары бастапқы палеолит заманының соңына қарай солтүстік бағытта таралып, Еуропаның қазіргі Германия жеріне дейін жетіп, тұрақтана бастады. Бұл қөші-қон ортанғы палеолит заманында жалғасын тапты. Соңғы палеолит заманында ататегі Африка кіндігінен өрбіген адамдар Батыс Еуропаның Солтүстік және Балтық теңіздерінің жағалауларына, ал шығысында – Орыс жазығына дейін жетті. Қоныс аударулар Ніл өзенін бойлап, Таяу Шығыс арқылы және Жерорта теңізінің оазистерін (шұрратты мекендерін) жағалап барып, Гибралтар арқылы Батыс Еуропаның тұрмысқа қолайлы орман-тоғайлы өнірлеріне бағытталды. Соңғы палеолит заманында, Еуразияның Солтүстік бөлігін мұз құрсаған сүйктар басталғанда адамдар Атлант мұхитының жылы ағыстарының әсеріндегі Еуропаның тұрмысқа қолайлы батыс жағына, қазіргі Франция аумағына ауды.

Палеолит кезеңінде келіп, Батыс Еуропаның тұрғындарына айналған адамдар, мезолит заманынан бастап *europeoid* нәсілінің негізін қалады. Африканың тропик белдеулерін мекендер қалған адамдар осы табиғи ортаға бейімделді. Терілерінде қара түс беретін меланин заты түзілген жергілікті африкалықтар шыжыған ыстықта жалаңаш жұруге қабілетті *negrroid* нәсіліне айналды.

Индоқытай ошағында өсіп-өнген адамдар негізінен осы өнірдің ауқымында өрбуін жалғастырыды. Тұбектің онтүстігіндегі өзендер алабы мен теңіз жағалауларын, құрлықтан бөлініп алыстай бастаған Үлкен Зонд аралдары тізбегін мекендер қалған жерлерге айналды. Қытай халқы Оңтүстік Қытай теңізінің жағалауларынан солтүстікке қарай өзендер алабындағы құнарлы жерлерге қоныстанып, неолиттің сонында Тынық мұхит теңіздерінің жағалауын бойлап, Хуанхэ өзенінің оң жақ сағасына дейінгі өлкелерге жетті.

Қазак даласында өсіп-өнген алғашқы адамдар Еуразия кеңістігімен қатар Америка континентіне жетіп, жергілікті үндістерді қалыптастырыған.

Профессор Э.К. Ахметов [7] Америка үндістері тура-лы Америка дереккөздерінен алған өте қызық мәліметтер келтіреді. 1887 жылы Американың табиғат тарихы мұражайының президенті Морис К. Джезап (1830–1908) американық үндістердің шығу тегін анықтау үшін арнайы экспедиция жасақтаған. Экспедицияның мақсаты солтүстік Азия халықтары мен солтүстік-батыс Американы мекендейтін этностардың қарым-қатынасын жан-жақты салыстыру арқылы сан ғасырлар бойы адамзат ойын мазалап келген жұмбакқа дәйекті түрде жауап беру болатын.

Атальмыш экспедицияның үш тобы Сібірде зерттеу жүргізген: бір тобы Амур өзені мен Сахалин аралын қамтыса, қалған екі тобы солтүстік-шығыс Азияны зерттейді.

Джезап экспедициясы материалдарының негізінде әйгілі американық антрополог Боас (1858–1942) Шығыс Сібір мен Оңтүстік Аляска, Британия Колумбиясы (Канада) мәдениеттерінің бір-біріне ұқсас екеніне көз жеткізді. Мәдениеттің, тілін және типін салыстыру нәтижесінде ол солтүстік-шығыс Сібір этностары оңтүстік Азия этностарына қарағанда американық этностарға әлдекайда жақындау деген қорытындыға келген. Джезап экспедициясының негізгі қорытындысы американық үндістердің ататегі бұл

континентке Азиядан келген деген ғылыми гипотезаны толығымен қуаттайды.

Ғалым Шарон Бегли Солтүстік және Оңтүстік Америка континенттеріне әр кезде жүргізілген археологиялық экспедициялардың материалдарына сүйене отырып, бұл континенттерге адам баласының қоныстануы б.д.д. 45 мың жылдан бермен қарай басталған, әрі адамдар Азиядан Америкаға бір емес, бірнеше дүркін келіп қоныстанған деген тұжырым жасайды.

Дәл осыған ұқсас пайымдауларды басқа енбектерден де кездестіреміз. Мәселен, «Алғашқы» американықтар: шығу тегі, туыстық қарым-катынастары, ортаға бейімделуі» атты ғылыми енбекте де алғашқы американықтардың арғы тегі Азиядан шыққандығы баса көрсетіледі және бұл мәселені әр түрлі ғылымдар тұрғысынан қарастыру қажет екендігі де баса айттылады. Содан соң, “су астынан табылған ескі жұрттар мен мекен-жайлар, адамның, жан-жануарлардың қанқа сүйектері, әр түрлі бұйымдар осының бұлжытпас дәлелі және Солтүстік пен Оңтүстік Америкадан табылған қанқа сүйектер мен тіс сүйектерін зерттеудің нәтижесі Америка континентіне Сібірден келіп қоныстанғандардың барлығы дерлік мангол тектестер (*манғолоидтар*) екенін көрсетеді”, деген жолдарды да кездестіреміз.

Ли Эльдридж Хадистонның «Америкалық үндістердің шығу тегі, Еуропалық көзқарас, 1492–1729 жж.» атты енбегінен әйгілі жиһангер Америго Веспучидің 1506 ж. жазылған соңғы хатында американық үндістерді суреттейтін: «Олар – қызыл-күрен түсті, бірақ ұдайы күн көзінде жүрмese рені басқаша болуы да ықтимал; олар жалпақ бетті келеді. Бұл тұрғыдан қарағанда, олар татарларға (*манғолдарға*) ұқсайды», – деген дерек бар. Және бір енбектен мынадай жолдарды кездестіреміз: “Антрапология және археология ғылымдарының тұрғысынан адам баласы Жана Әлем мен Австралияға шамамен осыдан 20–25 мың жыл бұрын келіп қоныстанған. Осыдан 30 мың жыл бұрын планета географиясында Охот теңізі болмаған. Амур сағасы Сахалинмен, Жапон аралдарымен, Камчаткамен тұтасып жатқан. Ол кезде Беринг, Чукот, Шығыс Сібір теңіздері болмаған. Демек, Азия мен Американың арасы мындаған шақырымға созылған мойнақ арқылы жалғасып жатқан” - дейді.

Ғалым Стюарт Фидельдің “Америкалықтардың байырғы тарихы” атты енбегінде байырғы американықтардың

арғы тегі Азиядан шыққанын қуаттайтын төмендегідей антропологиялық және бір дәлел бар: “Егер біз Американың байырғы тұрғындарын дүниедегі басқа халықтармен салыстыратын болсақ, олардың ең алдымен Азия маңголидтарына өте ұқсас екенін байқаймыз. Көзге ұрып тұрған ортақ ұқсастықты ең алдымен олардың қайратты тұзу қара шашынан, сақал-мұрты мен денеге бітептін шаштың біршама сиректеу болатындығынан, қонырқай түсінен, қоныр көздерінен, шығынқы бет сүйектерінен, күрек тістерінен анық байқауға болады. Сонымен қатар Азияда да, Америкада да жас нәрестелердің жамбастарында ғылымда *маңгол дағы* деп аталатын көкшіл дақ болады”.

Антропологтардың тұжырымдарын генетиктер де құптаиды. Мәселен, Азия мен Америка құрлықтарынан табылған адам тістері мен сол жерлердің күні бүгінге дейін мекендер келе жатқан байырғы этностар тіс сүйектерінің құрылсызында, қан топтарында ұқсастық көп екені ашылып отыр.

Назар аударатын тағы бір жәйт, америкалық ұндістердің сенім-нанымдарында мәжүстің (шаманизмнің) ерекшеорын алатындығы. Ал, мәжүстік нанымдар Азия халықтарының біразына ортақ екендігі дәлелді керек етпейтін ақиқат.

Американың байырғы тұрғындары Азиядан, ежелгі Қазак даласынан қоныс аударып келгендігін қуаттайтын лингвистикалық дәлелдер де бар [7].

Қазіргі зерттеулер жапондар мен корейлер де Қазак даласынан өрбіген тайпалар ұрпағы екенін дәлелдейді. Мәселен, аталған «маңгол дағы» оларға да тән көрінеді.

Сырдария алабының ортаңғы және төменгі жағы мен Қазак даласының батыс өлкелерін мекендеңген сақ тайпалары осыдан 3,5 мың жылдай бұрын Қара теңіздің солтүстік жағындағы Шығыс Еуропа жазығына (Батыс даласына) көшіп келіп мекендеңгені белгілі. Осы сақ тайпаларының солтүстік бағытта өрбіп тараған белігі Шығыс Еуропа мен оның солтүстік өңірлерінің жергілікті халықтарына айналды. Олар қазіргі *europeoid* нәсілі болып қалыптасты.

Сырдарияның жоғарғы жағы мен Орта Азияны мекендеңген сақ тайпаларының жекелеген топтары Оңтүстік бағытта, қазіргі Ауған, Иран, Индия мемлекеттері орналасқан өлкелерге қоныс аударып, тарихтан белгілі *Ari* халқының негізін құрды.

Жетісүдің шығысын, Тұрған мен Алтайды мекенде-ген сақ тайпалары шығыска қоныс аударып, Тынық мұхит жағалауының түбектері мен аралдарына дейін мекендейді. Табиғаты катал Шығыс даласының ерекшеліктеріне бейімделіп, антропологиялық белгілері қазіргі мангол халқына, жалпы Орталық Азия халықтарына сәйкес келетін адамдар манғолоид нәсілін қалыптастырыды. Манғолоид нәсілінің ерекшеліктеріне ерте кезде барып қоныстанған сақ тайпаларының Қызы Шығыстың табиғи ортасына бейімделуі нәтижесінде ғана емес, көршілес Қытай халықтарымен ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан қарым-қатынастардан пайда болған белгілер де кіреді.

Әлем халықтары жоғарыда айтылған үш нәсілмен шектелмейді. Ұзақ жылдар бойы өздері өмір сүрген табиғи ортаға бейімделумен қатар, әр түрлі нәсілдері адамдар үрпактарының қан алмасуына байланысты нәсіларалық *tonqa* жататын халықтар да баршылық. Мысалы, қазір экватордың бойында тұратын халықтардың бәрі негроид емес. Ал, мұз басқан Гренландияның тұрғындары – эскимостар еуропеоид болып кеткен жок.

Қазақ халқының антропологиялық және палеантропологиялық ерекшеліктерін арнайы зерттеген ғалым О. Смағлов (1970, 1982) республикамыздың қазіргі қазақтарында еуропеоид және манғолоид нәсілдері белгілерінің аралас екенін анықтады. Бұл белгілердің ішінде Түрік хандығы заманына (VI–VII ғғ.) дейін еуропеоид нәсіліне тән элементтер басым болған. Манғолоидтық элементтерді алғаш II ғасырдан бастап Қазақ даласына қайта қоныс аударған Шығыс Ғұн-Сионнұ сактарының өкілдері әкелген көрінеді. XIII ғасырда, Қазақ даласын Шыңғысхан жаулап алған кезде қазақтарға келген манғолоидтық элементтер аз болған. Ол түсінікті де, Шыңғысханның әскері де, сол кездегі манғол-татарлар да негізінен Шығыс даласын мекендеғен өзіміздің қандастарымыздың – ежелгі сактардың үрпағы болды емес пе. Қазақтардың бойында еуропеоид нәсілі элементтерінің басым болатыны да түсінікті. Шығыс Еуропа халқы біздің қандастарымыз сактардан тараған. Олар, Еуропаны 3–3,5 мың жылдан бері мекендеғеніне қарамай, әлі бізден алшақ кете қоймаған екен. Бұл мәлімет Қазақ даласын мындаған жылдар бойы мекендей келе жатқан далалық-сақ этностарының нәсілдік тұрақтылығын көрсетеді.

7. ПРОТОСАҚ ЖӘНЕ САҚ ТАЙПАЛАРЫ

7.1. Протосак тайпалары

Мезолит пен неолитте Қазақ даласын мекендеген далалық қауымдар мәдениеті жоғарылау *протосақ тайпалары*на бірккен. Олар Қазақ даласынан тыс аймақтарға да көн қоныс жайған. Осы заманда, б.д.д. 4–2-ші мыңжылдықтарда Қап (Кавказ) тауларының солтүстік және оңтүстік беткейлерін, етегіндегі далалар мен Қара теңіз жағалауларын протосақтардың *Тавр, Кемер тайпалары* мекендегені белгілі. Тауы Шығыста *Кенгір (Шумер)* тайпасы дамығаны жоғарыда айтылды. *Кенгір, Кемер* және басқа *протосақ тайпаларының* негізінде Тауы Шығыста Вавилон, Парсы, Ассирия, Лидия, Мидия, Нинся, Фригия сияқты қөптеген дербес мемлекеттер құрылған. Бұл мемлекеттердің халқы сан-алуан көсіптер мен шаруашылықпен қатар көн өндіріп, алтын-күміс қорытқан. Тасылған су қайтып, Суэц мойнағы арқылы Африка мен Азия құрлықтары жалғасқанда Тауы Шығыс халықтары батысындағы Мысыры елімен қатынас жасаған.

Оте көне деректерден Қазақ даласы мен оның оңтүстігін *Ари* және *Тұр* тайпалары мекендегені белгілі. Ари тайпасы Тауы Шығыска қоныс аударып, сол жерде *Ариан (Ари елі)* мемлекетін қалыптастыrsa, ал Тұр тайпасы өздерінің Орта Азиядағы ата қоныстарын мекендеп, бұл жерлерді *Тұран (Тұр елі)* мемлекеті деп атаған.

Ари тайпасы өте жоғары мәдениетті болған. Жазуды менгеріп, философиялық дастандар мен жыр-аңыздар жазған. Солардың ішінде б.д.д. 2-ші мыңжылдықта жазылған, 21 кітаптан (насктен) тұратын *Авеста* дастаны ерекше орын алады [1]. Авестада арилер ежелгі замандарда өздері мекендеген жерлер мен ол жерден неге қоныс аударғандығы туралы да жазаған. Осы деректерді сараптасақ, олар Қазақ даласының қазіргі Арыс-Сыр алаптарын мекендеген. Ал олардың қоныс аударуларына қатты сүйк орнаған табиги жағдайлар себеп болған. Өздері жазғандай, сүйк өте қатты және ұзак болып, қыстың ұзактығы 10 айға дейін созылған. Мұндай жан шыдатпайтын қатты сүйк мерзім голооцен оптимумынан кейін, б.д.д. 3000–2300 жылдары қалыптасқаны геологиядан белгілі.

Тұр тайпасы негізінен Орта Азия мен Қазақстан ауқымындағы өлкелерді, Арианның солтүстік жағындағы *Тұран* аумағын мекендеген. Кейінгі замандарда *арилер* ата мекені Қазақ даласына қайта қоныс аударуға әрекет

жасағанда *тұрлар* оларға қарсы шығып, кедергі жасайды. Бұл оқиға Әбілқасым Фирдоусидің “Шахнама” дастанына арқау болғанын білеміз.

Таяу және Орта Шығыска мезолит заманының басында қоныс аударған протосактар жергілікті халыққа айналып кетті.

Сондай-ақ, казіргі Кавказ бен Қара теңіздің шығыс жағындағы алқап *Албан* және *Субан* (*Суан*) деп аталып, осы аттас тайпалар мекендегені туралы деректер де бар. Албандар Кавказдың таулы аңғарларында тіршілік еткен. Византия императоры Константин Багрянородный (905—959) “Империяны басқару туралы” деген еңбегінде *Касахиядан жоғарырақ Кавказ тауы, таудың ар жағында Албан жері* деген мәлімет келтіреді. Ал, 558 жылы Естемес хағаның ордасына келген Византия елшісі Земарх өзінің жүріп өткен маршрутын сипаттағанда, Қара теңізден кейін *Суан елі* арқылы жүргенін жазған [18]. Осы Суан елінде мол сулы Суан (казір Кубань деп аталған) өзені ағады. Бұл өлкө Сванетия (*Суанетия*) деген атпен қазір де белгілі.

Қазақ даласының протосақ тайпалары мезолит және неолит замандарында байтақ кеңістікте ата дәстүрі бойынша ежелгі аңшылық кәсібімен тіршілігін жалғастырды. Оларға күн көрістің басқа қөздерін іздел, Таяу Шығысты мекендеген ағайындарындағы егіншілікпен айналысуына қажеттілік болған жоқ. Оттырықшы кәсіппен шұғылданбай, кен далада еркін көшіп жүрген.

7.2. Сақ тайпалары

Н е о л и т т ің сонынан бері қарай Қазақ даласын мекендеген халықтар *сақ тайпалары* деген атпен белгілі бола бастаған. Таяу Шығыс, Антика және Қытай тарихшылары негізінен б.д.д. VII ғасырдан бастап сактар туралы жазба деректер қалдырған.

Сақ тайпаларының аттарын, мекендерін, әлеуметтік жағдайлары мен мәдениетін толық зерттеу үшін белгілі жазба деректермен қатар, халық арасындағы кен тараған ауызша деректерге де сүйенген жөн. Жазба деректер сақ тайпаларының өмірі мен мәдениетін тұтас қамтымайды, олардың кейбір ерекшеліктеріне ғана тоқталады. Көп жағдайларда бұл деректердің өзі көз көрген оқиғаларға, сенімді түпнұсқаларға негізделіп емес, долбар-болжамдарға сүйеніп жазылған. Жазба деректердің күндылығы, олардың белгілі уақыттарға

табан тірейтіндігінде. Ал, ауызша айтылатын, халық жадында сақталған деректер нактылы уақытқа табан тірей алмай, өзгеріске ұшырап, кейінгі оқиғалармен араласып толығып, кейде ұмытылып отыратын болған. Дегенмен бұл деректер де мол мәліметтерге бай.

Сақ тайпалары туралы деректер халық жадында көмескіленгенімен, Қазақ даласының жер-су аттарында мол сақталған. Сақ тайпалары туралы мағлұматтар Қытай жылнамаларында, тарих атасы Геродоттың (б.д.д. V ғ.), Ксенофонттың (б.д.д. 430–354), Страбонның (б.д.д. 64-б.д. 23) шығармаларында айтылады (7.1-сурет).



7.1-сурет. Еуразия кеңістігін б.д.д. мекендеген сақ тайпалары
(Геродот және басқа түпнұсқалар бойынша)

Тарих атасы: “Галикарнастық Геродот уақыт өткен сайын көмескіленіп, ұмыт болмасын деген мақсатпен эллиндер мен варварлардың (жат елдіктердің) ұлы және таңқаларлық істерін сұрастырып жүріп, жинап-теріп жаздым”, – деп өзі айтқандай, сақ-скиф тайпалары туралы қөптеген аса құнды деректер қалдырыды [21].

Сақтар туралы деректерді антикалық тарихшылар да, Қытай жылнамашылары да Қазақ даласына келіп жазған жок. Керісінше, олар Батысқа және Шығысқа коныс аударып барған, сол елдердің жергілікті халқына айналған біздің ежелгі аталастарымызben қарым-қатынас орнатқан кездері жазылған деректер.

Тарих атасы Геродот сақтар туралы мәліметті б.д.д. VIII ғасырда Қазақ даласын аралап келген *Аристей атты жиһангер мұра етіп қалдырған «Аримаспылар туралы дастан»*

негізінде жазған. Геродоттың айтуы бойынша сақ тайпалары Қара теңізден солтүстік бағытқа қоныстануына қарай – Тиссагет (Фиссагет), Йирк, Гиперборей тайпалары, ал Шығыс бағытта қоныстануына қарай – Дай, Сармат, Массагет, Ар-гиппей, Исседон, Аrimаспы тайпалары және алтын күзеткен құмайлар-самұрықтараталған. Неврлер мен Будиндер туралы да дерек келтіреді. Аталған тайпалардың барлығы Батыс даласын және Қазақ даласын мекендеген сақтар. Шығыс даласын мекендегендер туралы мәліметтер Геродотқа жетпегендіктен, исседондардың шығысындағы тайпаларды аrimаспылар – жалғыз көзді, соғыс құмар жауыздар, самұрықтар алтын күзеткен құмайлар деп анызға айналдырып жібереді. Оның себебі «Аrimаспылар» эпосын жазған Аристей исседондар елінен ары аспаған екен, ол өзі көрмеген алыс елдерді мекендеген тайпаларды естіген аныздар бойынша жазған.

Сонымен қатар, Дарий патшаның жорыққа дайындалып жатқанын естіген сақтар (б.д.д 514 жылы), соғысқа дайындық туралы кеңеске Тавр, Агафирс, Невр, Андрофаг, Меланхлен, Гелон, Будин және Сармат тайпаларының патшалары қатысты дейді [21]. Деректен Дарийге қарсы Батыс даласының ғана емес, Қазақ даласындағы сақтардың ру-тайпалары да қарсы шыққанын көреміз (7.1-кесте).

7.1-кесте

Сақ тайпаларының Еуразия кеңістігінде (Ұлы далада) таралуы

Батыс даласы (Геродот бойынша)	Қазақ даласы (Геродот пен Ю.Зуев бойынша)	Шығыс даласы (Қытай түпнұсқалары бойынша)
Тавр Агафирс Невр Андрофаг Меланхлен Гелон Будин Гиперборей	Сармат Дай Масысақ (Массагет) Арыс (Ар-гиппей) Асы (Исседон) Хансақ Кұнсақ (Ғұн) Аrimаспы	Ғұн (Сионуну) Кидан Қыпсақ Қырсақ Толысақ Динлин Ос Остяқ

7.2.1. Тыссақ және Жырақ сақ тайпалары

Г е р о д о т т ы ң *Tissaget* (тыссақ) және *Йирк* (жырақ) тайпалары Еділдің жоғары бойында, Орал тауындағы жерлерде тұрды деген мәліметінен, олардың Қазақ даласынан тыс өнірлерді мекендегені көрінеді. Тыссақтар – Қазақ

даласының батысындағы тыс жердегі далалықтар. Жырактар – өзен бойын, яғни жыра-сайларды мекендеген. Осыған қарағанда, олардың негізгі кәсібі балықшы болғанын шамалаймыз.

7.2.2. Гиперборей тайпасы

Ги пер б о р е й тайпасы туралы Геродот бұл тайпаның адамдары *ақ шыбындар үшқан* (қар жауған құбылысты сол кезде жылы онтүстік алқабын мекендегендер осылай де-ген) алыс солтүстікегі Мұзды мұхитта (Скиф мұхитына) дейін жеткенінен хабардар етеді. Олар Шығыс Еуропаның солтүстігін, Кола түбегін, Мұзды мұхит жағалауларына дейінгі аймақты мекендеген халықтардың шықкан тегі. Орыс ғұламасы М.В. Ломоносов (1711–1765) *Русь* атты ұлтты осы гиперборейлердің *Россолона* (Роксолана) деген халқынан тараған деген пікір айтқан. Ал, академик И.Е. Забелин (1820–1909) *славяндар* жергілікті сактардың сармат тайпасынан (оның құрамына Карапаудан, қазіргі Түркістан өлкесінің Арыс өзені алабынан қоныс аударған ежелгі аорыс-арыстардан *орыстар*) тарап, өздері мекендеген елге және оның халқына атын берген деген [39].

Сонымен, славяндардың да, орыстардың да ататегі Қазак даласынан келген ежелгі сактар болып шығады.

7.2.3. Дай тайпасы

Әмударияның Каспийге құятын жағалауларын, Атырауға дейінгі аймақты дайлар қоныстанған. Әмудария Каракүм арқылы батыска қарай акқанда, өзен бойындағы шалғындарда мал шаруашылығына колайлы жағдайлар туған. Өзен суы тасығанда өткел бермесе, ал күм жалдары сыртқы жаулардан сенімді тосқауыл болған. Әмударияның арнасы басқа бағыттарға ауытқығанда, ескі арнада қалған көлшіктер маңындағы шалғындар біразға дейін шаруашылық манызын жоймаған. Дай сактары құрғақшылық жылдары осындай көлшік-аралдардың бірінен біріне ауыса қоныстанып, Каспий жағалауына қоныс аударған. Олар мал бағып, балық аулаш күнелткен.

Дай тайпасы қазіргі Адай тайпасының арғы тегі деген пікір негізсіз емес.

7.2.4. Сармат тайпасы

С а р м а т тайпасы Каспий теңізінің солтүстік шығыс аймағын, мол сулы өзендердін атырауларынан Мұғалжарға, Еділдің (Волганын) орта ағысына дейінгі жерлерді мекенде-ген. Көршілес қуатты тайпалардың шабуылдарынан Сыртқа, Үстіртке кетіп онай құтылып отырған. Онтүстігіндегі Дай тайпасы және шығысындағы Массагет тайпасымен тығыз қарым-қатынаста болған.

Сарматтар б.д.д. VI ғасырда өздерінің жері арқылы өткен Массагет тайпасының Мәди бастаған жауынгерлерімен бірге Дербент арқылы Қап (Кавказ) таулары мен Каспий теңізінің жағалауындағы өткел жолмен барып, Таяу Шығыс елдеріне жасаған жорыққа қатысып, Мысырға дейін жеткенін парсы деректерінен білеміз. Осы кездері массагеттерге бағынышты болған Сармат халқы кейінгі жылдары ірі тайпаға айналып, массагеттерге және басқа көрші тайпаларға үстемдігін жүргізген. Акад. И.Е. Забелиннің пікірінше славяндар Шығыс Еуропаның халықтары осы сармат тайпасынан шыққан.

Сарматтардың жоғары мәдениетті халық болғанын қазір Батыс Қазақстан аумағынан табылған *Кырықоба* археологиялық ескерткіштері әйгілеп берді.

7.2.5. Масысак тайпасы

Г е р о д о т тарихында баяндалған М а с с а г е т (Масы немесе Массак) тайпасы – Мәди патшаның басшылығымен Таяу Шығыс пен Мысыр елдерін жаулап алып, 28 жыл өз үстемдігін жүргізген құдіретті сактар. Массагеттердің даңқы аспан астына кен жайылған кезі – Тұмар ханым (Томирис) билік жүргізген жылдары.

Геродот: “Білетіндер бұл массагеттерді өте көп және ержүрек халық деп айтады. Олар шығыста Аракс (Арыс немесе Арал теңізіне құйған Эмудария) өзенінің арғы жағында, күн шығыс бағыттағы исседондарға қарама-қарсы тұрады. Оларды скиф (сақ) тайпаларына жатқызады”, – деп жазған [21].

Масылар Арал маңын, қазіргі Орта Азия аумағын мекендеген. Олардың батысында – Сармат, Дай тайпалары, шығысында – Арыс, Асы тайпалары, ал онтүстігі – Қызылқұм алқабы арқылы Иран-Ауған тауларына дейін жеткен.

7.2.6. Арыс тайпасы

А р ы с т а р (Геродот тарихында *аргиппейлер* немесе Арсак тайпасы) батысында – Сырдарияны (эллиндер оны Арыс тайпасының атына байланысты Аракс деген), шығысында – Кіші Қаратая жотасын, онтүстігінде – Арыс өзенінің аңғары, Талас Алатауының Дәубаба, Сайрамтау, Өгем, Қаржантау, Қазығұрт жоталары (Геродот – *арыстар биік таулардың етегін мекендейтін халық* деп, осы тауларға қатысты айтканы көрініп тұр), ал солтүстікте – Арыскұм, Арыс көлі арқылы қазіргі Ұлытау, Қекшетау өнірінде дейінгі аралықтағы аймақты мекендерген сақ тайпасы. Арыс тайпасының негізгі бөлігі б.д.д. 2-ші мыңжылдықта Еуропаға қоныс аударған тайпалармен Батыс даласына кеткен. Жаңа жерге қоныстанған Арыс сактарынан әйгілі ғұлама Анарыс (Анахарис) б.д.д. VIII ғасырда ата жұрты Қазак даласын аралап, сақ тайпалары туралы деректердің бізге жетпеген түпнұсқасы – “Аrimas-pylar эпосын” жазып қалдырыған Аристей және т.б. шыкты.

Белгілі археолог, академик К. Байпақов [6] *аландар, яғни осы – осетиндер Арыс (Аорыс) тайпасынан тарауы мүмкін деген жорамал* айтады.

Еуропаға барған сақ тайпаларының ішіндегі ең құдіреттісі Арыс тайпасы туралы, олардан дарынды елбасылар, әскербасылар мен ержүрек жауынгерлер шыққанын, олардың жалпылама аты арыстар (аорстар) деп Батыстың ежелгі тарихи шығармаларында да дәріптеледі. Жоғарыда айтылғандай, академик И.А. Забелиннің пікірінше, батыска қоныс аударған осы Арыс-Аорыс тайпасынан қазіргі Орыс халқы сомдалып, тарих сахнасына шыққан [39].

Батыска қоныс аударған Арыс сактарының тамырлары олардың Қазақ даласындағы елінде, Қаратудың шатқалдары мен Арыс өзенінің атырабын мекендереп қалған. Уақыт өте олар қайта үлкен тайпаға айналған. Қазіргі Арыс өзені, Арыс көлі, Арыс құмы осы тайпа мекендереп, атын қалдырыған жер сулар. Тарихи деректер бойынша, Батыс халықтары Дунай мен Донның сағасынан келіп қазіргі Сырдариядағы Арыс тайпасының халықтарымен қарым-қатынас жасаған. Геродот Сырдарияны Аракс өзені деп осы аймақты мекендерген Арыс тайпасына байланысты атаған.

Мыс, қола замандарында Арыс тайпасының кен ісін менгерген шеберлері Сарыарқадағы Жезқазғаннан мыс, қола қорытып, қару-жарап пен бүйымдар жасаған. Балқытып алынған алтын мен күмістен, жер бетіндегі малахит (жасыл-

тас) пен азурит (көктас) минералдарынан зергерлер әсемдік бұйымдар жасап, кару-жарактарды безендірген. Қару-жарактар мен зергерлік бұйымдар көршілес тайпалар мен алыс елдерге де тараған. Осы заттарды көріп, көnlіне құрт кірген парсы патшалары Қазақ даласына сиқырланғандай ынтық болмай қайтсін.

Б.д.д. 329 жылы жарты Еуропаны жаулап алған Александр Македонский (мүйізді Ескендір Зұлқарнайын) арындаپ келіп Сырдарияға тірелді. Даланың батысындағы сак тайпаларынан айтарлықтай кедергі көрмеген қолбасы Арап теңізінің онтустік-батыс аймағында қаша ұрыс салған жауынгер халықтарды бағындырамын деп үш жылдай жүрген, әрәп деп Самарқандты алған. Ал, Сырдарияның шығыс жағасына өтемін деген ойы әдірем қалған. Шығыс жағада тұрып Арыс тайпасының бір батыры шірене атқан садақ оғынан жаракат алған Александр Македонский жүргегі шайлығып, Шығыска деген жорығын осымен аяқтайды. Әскерін жинап алып, Сырдарияның батыс жағалауымен Азияның Онтустік елдеріне суыт жүріп кеткені тарихтан белгілі.

Арыс тайпасы б.д.д. V—IV ff. шамасында Қазақ даласының қастерлі тұлғаларының бірі Үйсін көсем бытыранқы сак тайпаларын біріктіріп құрған Ұлы одактың (жұздін) құрамына кірді. Арыс тайпасы іргелі де құдіретті Үйсін мемлекетінің негізі халықтарының бірі болып, даму жолының жаңа тарихи айналымына түсті. Үйсіннің өзі Қаратауда туды деген деректерге сүйенсек, осы Арыс тайпасынан шыққаны көрінеді.

Арыс тайпасының кен ісі шеберлері мыс, алтын, күміс, қалайы мен корғасынның, олардан жасаған қару-жарактар мен еңбек құралдарының жұмсақ, майырылғыштығына байланысты басқа материалдар іздестірген. Арыс өзенінің он жағындағы Тұркібасы (қазір бүрмаланып Тұлкібас аталады) ауданының жоталарының біріне орналасқан казіргі Абайыл (*дұрысы Абылай*) темір кенорның тапқан. Жердін бетіне қара қошқылданып жалдана шығып жатқан темір кенін онай балқытып, өте берік құрыш қорытқан. Құрыштан (темірден) соққан қару-жарактар Үйсін мемлекеті жауынгерлерінің айбынын асырған.

7.2.7. Асы тайпасы

А с ы (Геродоттың тарихында — Исседон немесе Ассак) тарихи деректер бойынша Қазақ даласын мекендеген сак тайпаларының ең үлкені. Асылар батыста Арыс тайпасы-

мен Кіші Қаратаудың жарқабакты жотасы арқылы шектесіп, жазықтағы Асы өзенінің аңғарынан бастап, шығысқа қарай Талас, Шу, Іле өзендерінің жазық аңғарларын, Тарбағатай мен Алтайға дейінгі аралыкты мекендерген. Оңтүстігін Тәңіртау (казіргі Теріскей Алатау жоталары) шектеген. Құн қатты ысыған кезде асылар Сарыарқаны жайлаған. Жетісу – ассактардың ата мекені, сондықтан бұл тайпаның негізгі халқы бастарына қандай қыыншылық түссе де тағдырға мойынсұнып, мекендерін тастап кетпей, қолайлы қоныстар тауып отырған. Суық түсken кезендерде асылар ыстықкөлдің айналасынан жайлы мекендер тауып, топтасқан.

Асылар мал бағып, Жетісу мен Сарыарқаны еркін қоныстанған. Мал шаруашылығымен қатар Асы сактары егін салып, кен ісімен айналысқан. Асылар кен қазып, металл қорытканы туралы кола заманының ескерткіштері Жетісу мен Сарыарқа кенорындарының барлығында кездеседі. Мысалы, Кеген ауданындағы Тұйық, Қордайдағы Жайсан және Шатыркул кенорындарындағы алғашқы кеніштерді асылар қазған. Сол кездерден қалған кен қалдықтарына қарап кен ісінің ауқымды жүргізілгенін көреміз. Өндірлген мыс, кола, күміс, алтын мен корғасыннан қару-жарақ пен еңбек құралдарын, зергерлік бұйымдар жасаған (У. Шалекенов, 1992).

Академик Әлкей Марғұлан Асы халықтарының Сарыарқадағы көптеген мәдени ескерткіштерін ашып берді. Мысалы, казіргі Аксу-Аюлы аймағындағы Беказы (Асы бектерінің) тұрағы б.д.д. X–VII ғғ. дамыған мәдениет ескерткіштері. Асылардың кола, алғашқы темір замандарындағы археологиялық ескерткіштері Балқаш өнірінен, Атасу-Каражал ауданынан да көптеп табылған. Асының кен ісі шеберлері көршілери Арыстармен бірге Жезқазған кенді аудандарында кен өндірген.

Археологтар Алматының шығыс жағындағы Шілік, Асы өзендерінің бойынан осы тайпа халықтарының ерте кездерден бергі қоныстарын тапты. Археолог Т. Сенигова (1970) Саты ауылының маңынан Асы қоныстарының бірінен тапқан қоладан жасалған жүзік, тайпаның бір ру басының белгісі болғанын көрсетеді. Диаметрі 2 см жүзіктің бетіне иіріліп жатқан барыс бейнеленген, бұйымның жасалған уақыты б.д.д. VI–V ғасырларды шамалайды.

Б.д.д. 2-ші мыңжылдықтағы суық кезенде Асы тайпасынан да қоныс аударушылар болған. Олар Батыста да, Шығыста

да *ауарлар* аталған. Батысқа ауған асылар Арыс (Аорс) тайпаларының өкілдерімен бірге *осы – осетин – алаңдарға* айналуы мүмкін. Шығысқа ауған асылар *осы – остықтар* болып кетті.

Ассактар, яғни Асы тайпасы б.д.д. V–IV ғғ. құрылған Ұлы жұз одағындағы тайпалардың бірі болып, Үйсін мемлекетінің құрамына кірген. Олар аса ержүрек, жауыгер тайпалар, елін-жерін жан аямай қорғап, құзетумен болған. Б.д.д. II ғасырда грек-бактриялықтарды тас-талкан еткен Үйсін мемлекетінің Асы, Арыс тайпаларынан жасақталған жауынгерлері еді [27].

7.2.8. Невр және этруск-итрусақ тайпалары

Г е р о д о т сактардың Невр тайпасы туралы да қызық деректер жазған. Неврлер жыл сайын бірнеше күн қасқырға айналып, соңынан қайта адам кейпіне түседі екен. Осы деректен бұл тайпаның көк бөрінің пір тұтқан біздің қандастарымыз екені көрініп тұр. Олар сақ тайпаларының ішіндегі діни ғұрыпты берік ұстаған бөлігі. Жыл сайын белгілі бір мезгілде Көкбөрінің маскасын киіп (терісін басымен бірге жамылып, киіп алатын шығар), бірнеше күнге созылған діни мейрамын өткізу салтын Геродот жазып қалдырған.

Тарихи деректерді сараптасақ, Римді салғандар өздерін Көкбөрінін (немесе иттің) ұрпағымыз деп санайтын Невр тайпасынан шыққан сактардың итулары (*итрусақ-этрусақ-этруск*) болып шығады. Қазақтарда итті жеті қазынаның бірі деп қастерлейтін ғұрып қазір де сақталған. Этруск-итрусақтар, яғни өздерінін озық мәдениетімен әлемге әйгілі адамдар Рұм жеріне Қазақ даласынан б.д.д. 1,5–1,0 мың жыл бұрын келіп қоныстанып, жергілікті халыққа айналған.

Қазір итрусақ-этруск мәдениетін Еуропа мен Америка ғалымдары айрықша назар аударып, шұқшия зерттеп келеді. Алынған ғылыми деректер бойынша олар жергілікті халық пен көршілес грек халқынан өзгеше, өзіндік мәдениетімен осы жергілікті және көрші тайпалардан жоғары тұрган және оларға ғасырлар бойы билік жүргізіп келгенін дәлдеген. Сонымен қатар олардың басқа жерден келіп қоныстанғандын бірауыздан айтады.

Жоғарыда айтылғандай, итрусақтарды Қазақ даласын мекендейген халықтардың *жетім қалған сәбиді асырап алған көк бөрі (құртқа)* туралы ежелгі аңызын жандандырып, оны б.д.д. 754–753 жылы салынған Рим қаласымен байланыстырады. Қасқыр (құртқа) асырап өсірген Ромул кемеліне кел-

ген соң, өлген бауырының құрметіне Рим қаласын салып, өзі 37 жылдай осы қаланың билеушісі болғаны белгілі. Қасқыр асырап алған бала туралы азыз Еуропаның басқа елдерінің бірінде де жоқ, тек сақ тайпасынан шыққан Этрусақ (Ит ру сақ) – Этруск әuletіне ғана тән көрінеді. Рим қаласының кейінгі билеушілері де осы этруск (итру) әuletінен шығып, болашақ Рим империясының негізін қалаған.

Қазіргі Батыс және Америка ғалымдары жасаған қорытындылар мен келтірілген мәліметтердің барлығы өте маңызды.

7.2.9. Будин және Динлин тайпалары

Будиндерді Геродот [21] «осы елдің жергілікті халқы – көшпелілер. Бұлар осы елдегі қарағай жанғақтарымен күнелтетін бірегей халық» деген. Будин сөзінің мағынасы «қарағай жанғағын жеушилөр», яғни «тиін» дегенді білдіреді екен. Осыған қарағанда будиндеген негізінен даланың солтүстік аймағындағы қарағай (кедр) өскен ормандарда, тайгада өмір сүрген.

Бір кызығы, дәл осындай халықтар туралы дерек Қытай жазбаларында да бар. Бұл халық Алтай тауларындағы орманды, Сібір ормандарын, тайганы мекендейген. Орман халықтары атының да түбірі «тиін» (қытайша «тинг-линг») деген сөзден шығып, Динлин деп аталады.

Динлиндер мен будиндеген – сақ тайпаларының орманды аймактарда тұруға икемделгендері. Мүмкін, олар сақ заманынан бұрын, мамонт кезеңінде ормандарға қоныс аударған жерлестеріміз болар. Қалай десек те, Еуразия континентінің Сібір ормандары мен Америка континентінің орман-далаларын мекендейген будиндеген мен динлиндер, қазіргі кезде үндістер (индеецтер) аталған халықтар кезінде Қазақ даласынан қоныс аударған біздің қандастарымыз болып шығатыны көрінеді.

7.2.10. Хансақ тайпасы

Хансақтар – Геродот тарихқа «царские скифы» деп жазған сақтар тайпасы. Олар Сырдарияның бойында, Арыс өзенінің құйысынан төменгі жағындағы аймакта қоныстанған. Мекендейген халықтың атына байланысты Сырдарияның осы бөлігі Канка өзені деп аталған.

Бір айта кететін нәрсе, Сырдарияның әр деректерде әр түрлі аталуы. Оның басты себебі, ерте кездерде өзенді бастан-аяқ бойлап ешкім жүрмелеген. Өзенді оның әр бөліктерін

мекендерген халықтардың атына, бойына орналасқан үлкен қалаларға байланыстыра атاي берген. Сондыктан *Сырдария* әр кезеңдерде *Аракс*, *Яксарт*, *Бенакент*, *Сейхун*, *Шаш*, *Канка*, *Йенчү* (Injus) атала бергенін көреміз.

Батысқа қоныс аударған хансақтар Батыс даласына барғанда да өздерін осылай атаған. Тайпа атауының мағынасы Геродотқа дәл аудармасымен белгілі болған. Атына қарағанда бұл сактар тайпасы өзгеше мәдениетті болып, олардан ел билеушілер көп шыққанға ұксайды.

Ата қонысы Сырдарияның бойында қалған Хансақ тайпасының аз рулары уақыт өте қайта көтеріліп, санатты тайпаға айналған. Геродоттың деректерінде Қазак даласын мекендерген тайпалардың ішінде аталмағанына қарағанда, Аристей келген б.д.д. VIII ғасырда хансақтар айтарлықтай белгілі болмаған, олар Арыс тайпасының құрамында өмір сүрген. Үйсін құрған сақтардың Ұлы Одағына (жузіне) хансақтар жеке тайпа болып кірген. Үйсін мемлекетін билеген кейінгі хандардың заманында хансақтар бөлініп Қанлы мемлекетіне қараған.

7.2.11. Ғұн (Күн) тайпасы

Қазақдаласының шығыс жағын мекендерген сақтар тұралы деректер Қытай жылнамаларында жазылған. Солардың бірі Ғұн тайпасы. Бұл тайпа (*Батыс Ғұн тайпасы*) тарихи деректерде көп айтылатын Шығыс даласын мекендерген Шығыс Ғұн немесе *Сюңу* тайпасы емес, Қазак даласының жергілікті тайпасы. Бізге Ғұн деген атпен жеткен бұл тайпа Қазак даласының күн шығыс жағын мекенденгеніне байланысты, ежелгі заманда *Күн тайпасы* деп аталуы мүмкін.

Ғұндардың Ұлы жұз одағына кіріп, Үйсін мемлекетін құруға қатысқан сақ тайпасы екенін зерттеп, алғаш тұжырым жасаған ғалым Ю.А. Зуев [27, 28]:

«Қытаймен бейбіт келісімге қол жеткізген Шығыс Ғұн мемлекетінің билеушісі Мәден (Модэ)-шаньюй, осы шығыс мекендерге жеткен ұлы жұз үйсіндер тобына б.д.д. 177 жылы шабуыл жасайды. Оларды талқандап, біразын тұтқынға алып, билеушісін өлтіреді. Женіліс тапқан ұлы жұздер өздерінің мекені Тарим, Жетісуға қайта шегінеді. Осы оқиға Сыма Цянның Шицзи текстінде, Бан Гудын Цянь Ханьшу текстінде кейін көшіріліп жазылған жылнамаларда әр түрлі деректермен баяндалады. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, бұл кезде Шығыс Ғұндардың батыс шекарасы Лобнордан аспаған, ал ұлы жұздер Жетісуудағы мекендерінде тұрып жатқан. Қытай

жылнамаларында жазылған б.д.д. II ғасырдың 50-ші жылдары ұлы жүз тайпаларының арасындағы қактығыстарға Шығыс Ғұндары қатысқан деген деректер негізсіз. Бірақ, Үйсін мемлекетінің ішінде болған бұл өзара қактығыстарда, ұлы жүз тайпаларының қатарында жергілікті Ғұн тайпасы да болған. Ұлы жүз ғұндардың Шығыс Ғұн тайпасымен ешкандай байланысы жок. Шығыс Ғұндары Жетісуға келген емес, олардың Ордосты тастап келуі мүмкін емес. Үйсін еліндең Ұлы жүз тайпаларының құрамында Ғұн тайпасы болған.

Екінші мысал: б.д.д. I ғасырдың екінші жартысында үйсіндер қанлыларға қатты қысым жасаған. Қанлы билеушісі өз күшімен үйсіндерге қарсы тұра алмасын біліп, Батыс Манғолды мекендейген ғұндардың билеушісі Чжичжиден көмек сұрайды. Күшімізді біріктірсек үйсіндерді женеміз. Сен барлық үйсін мемлекетінің, яғни Ұлы жүздің билеушісі боласын, сонда саған Шығыс Ғұн (Сюнну) мемлекеті де қауіпті болмайды деп қызықтырады. Біздің ойымызша, бұл батыс ғұндардың үйсін екені даусыз» [27, 28].

Тарихи деректерден Қазак даласында өмір сүріп, шамамен б.д.д. V ғасырда Үйсін мемлекетінің құрамына кірген басты сақ тайпалары Арыс, Асы, Ғұн және Хансақ болғанын көреміміз. Басқа ру-тайпалардың аттары әзірше беймәлім. Оны анықтау алдағы ауқымды зерттеудердің үлесіндегі мәселе.

7.2.12. Шығыс даласын мекендейген сақ тайпалары

Қазақ даласында б.д.д. 1500 жыл шамасында ауа райының күрт өзгеріп, тіршілікке қолайсыз табиғи орта қалыптасуы себепті шығысқа қоныс аударған сақ тайпалары туралы деректер Қытай жылнамаларында б.д.д. VII ғасырдан жазыла бастаған. Осы уақытқа дейін онтүстігі Хуанхэ өзенінің алабын, ал солтүстігі Сібір ормандарын қамтыған байтақ Шығыс даласын мекендейген сақ тайпаларының өзара қарым-қатынасы мен ата жұрты Қазак даласымен байланысы бізге беймәлім.

Қытайлар теңіз жағалауындағы құнарлы топырақты аймақты бойлай қоныстанып, б.д.д. I-ші мыңжылдықтың басында Хуанхэ өзеніне жеткен. Өзеннің оң жағалауында егіншілікпен шұғылданған Қытай халқы оның сол жағалауындағы ежелден жергілікті елге айналған сақ тайпаларын көреді. Қытай жылнамашылары алғаш көршілері туралы “сә (сақ) халқы” деген мәлімет жазса, б.д.д. V–III ғасырларда қуатты Ғұн мемлекеті құрылғанын айғақтайды.

Ғұндар малдарын таулы жазықдалалардағы жайылымдарға өрістетіп бірнеше жылға кеткенде, Хуанхэнің солтүстік інінен Тынық мұхитқа дейінгі аймақты Қытай дикандары мекендереп, егін салады. Бұл өнірге қайта келген ғұндар ежелгі мекендерін қайтарып алмақ болғанда қытайлар олардың билеушілеріне астықпен, матамен салық төлеп, кәсіпптерін жалғастыра берген. Осылайша Қытай дикандары солтүстікке қарай құнарлы жерлерді сүйемдеп иемденіп, құрылыс жүргізіп, ауылдар салып, шоғырланған бастаған. Олар Үлкен және Кіші Хинган (Қадырхан) жоталарының арасындағы өзендері мен бұлақтары көп ылғал жазыққа сұғынып ене берген.


Б.д.д. 214 жылы Цинь династиясынан шыққан Қытай билеушісі Цинь Ши Хуанди Тынық мұхиттан батыска қарай Ұлы Қытай қорғанының бірінші кезегін жанталаса салуға кіріседі. Бұл қорғанды 200 мыңдан аса еріксіздер мен 100 мыңдан аса әскери құрылысшылар он ай ішінде салып бітірген көрінеді. Қытай империясы осылайша солтүстік шекарасын Сары теңіздің Ляодун шығанағы жағасындағы Шанъхай-гунь қаласынан Хуанхэнің жарқабакты жағалауына дейінгі аралыкты Ұлы қорғанмен тас бекітіп тастанды. Биіктігі он метрге жеткен бұл қорған алыстан айбарлана көрініп, оның үстінен бір кездері ғұндар сыйлаған арғымақтарға салт мінген, ғұн шеберлері соққан болат қаруды асынған қытай шекарашибалары күзетіп жүргендіктен далалық көшпелілердің өздері де оған жақындауды кояды.

Айта кету керек, Цинь Ши Хуанди Қытайдың бірінші императоры болып, б.д.д. 221–209 жж. билік жүргізген. Ол мемлекет ішіндегі жіктелуді жойып, оны біртұтас империя деп жариялаған, аталған Ұлы қорғанды тұрғызыған, елде жалпыға ортақ зандарды қабылдаған, бірегей жазуды енгізген, ортақ ұзындық пен салмак бірліктерін орнықтырған, сондай-ақ басқа да көптеген ұлағатты ескерткіштер қалдырған тұлға.

Қытай жылнамашылары сак тайпаларының тарихын, сақтардың Ұлы одағы – Ұлы жүздің, Үйсін мемлекетінің құрылымы мен саяси-әлеуметтік ерекшеліктерін білмеген. Олардың б.д.д. VII ғасырынан бастап білетіні Хуанхэнің солтүстік алқабын мекендейген көршілері – Шығыс ғұндары еді. Империя өркендереп, б.д.д. II ғасырдың сонына қарай батыс жағындағы халықтарға келгенде көргендері және ғұндар болды. Бірак батыстағы ғұндар өздерін Ұлы жүзбіз деген. Қытай жылнамашылары Шығыс ғұндары мен Батыс ғұндарын бір халық деп түсініп, олардың екеуін де сюнну деп жазған. Кейін Үйсін мемлекетінің ордасына келген Қытай

елшісі, оның жері Сырдариядан Маңгол Алтайына, Шығыс ғұндардың мемлекетіне дейін созылатынын білмегендіктен, өзі жазып қалдырыған мәліметтерінде ұлы жүздер (үйсіндер), олардың құрамында да ғұндар болуына байланысты Жетісуға шығыстан қоныс аударып келген деп баяндаған.

Шығыс ғұндарының билеушісі Мәденмен (Маодунь немесе Мөде,) енді ғана бейбіт келісімге келген Қытайды батыстағы үйсін-ғұндар қатты аландатады. Осыған байланысты бірінші бөлігін аяқтап, саябырсыған Ұлы Қытай корғанының құрлысын қайта қолға алып, жанталаса жалғастырады. Қытай империясы Үйсін және Ғұн мемлекеттері арасындағы шиеленісті пайдаланып, Тынық мұхиттан Тибет тауларына дейін созылған, ұзындығы 4–5 мың км, казір Қытай мемлекетінің ортасында қалып, өткен замандардағы тарихи шекара ескерткішіне айналған Ұлы корғаның аяқтауға мүмкіндік алады (7.2-сурет).



7.2-сурет. Ұлы Қытай корғаны – Қытай империясының Үйсін мемлекетімен тарихи шекарасы

Шығыс даласына Қытаймен алғаш араласа бастаған уақыттан 1–1,5 мың жыл бұрын келген сақ тайпалары үлкен өзгерістерді басынан өткізгендегі анық. Десек те, Ғұнсақ (Күнсақ), Толысақ, Қыпсақ (Қыпшак), Қырсақ және басқа ірілі-ұсақты тайпалар туралы деректер там-тұмдап жетіп

отыр. Якут халқы ата тегін осы сақтардан тауып, өздерін *Саха* (*Сак*) мемлекеті деп жариялады. Енисей таулы аймақтарын мекендердеген қырсақтардың үрпағы қырғыздар біздін дәуірдің X ғасырында ұлы Манас көсемнің басшылығымен аман-сau ата жұрты Алатауға қайта келіп қоныстанды. Қыры Шығыста үрпақ жайған Қидандар (қара қытайлар) Уссури өлкесінен XI ғасырда ата жұрты Қазақ даласына қоныс аударып келіп, Қарахан мемлекетіне билік жүргізді. Қөптеген сақ тайпалары Сібірге таралып, сол орманды өлкенін халқына айналды.

Шығыс Даласын мекендереп қалған сақ тайпаларының кейінгі үрпактарын біріктіріп, Ұлы Маңгол империясын құрған Шыңғысхан XIII ғасырда Еуразия континентін Қытай империясымен коса жаулап алып, адамзат тарихында бұрын-сонды болмаған мемлекет бірлестігін құрғаны белгілі. Бұлар ежелгі сақ тайпалары үрпактарының орта ғасырлардағы іс-әрекеттерінің бір көрінісі.

Көп тайпалы ұлken мемлекеттің ішіндегі өзара қақтығыстар – белгілі құбылыс. Тайпа аралық кикілжіндер қанды соғыстарға жалғасып, халқы қырылып, көсемдердің мерт болуымен аяқталып жатады. Осындаі бір жағдай Қазак даласындағы Ұлы жұз үйсіндер ішінде, Асы тайпасы мен Арыс тайпасының арасында б.д.д. 178 жылы Шу өзенінің атырабында болған. Соғыста Ұлы жүздің хан биі (*Даубаба*) қаза табады, ал оның жана туған баласы (*Елсай*) мемлекеттің шығысындағы Ғұн тайпасына жеткізіліп тәрбиеленеді. Кейінірек, шамамен осы аныз-оқиғадан 60 жылдан кейін, бұл оқиға Қытай жылнамашыларына жеткенде, олар Ұлы жұз үйсіндерінің құрамындағы Ғұн тайпасын білмегендіктен, тарихқа Ұлы жүздерді Шығыс ғұндары қырып, Ханбийн өлтіріп кетті деп жазған.

Бұл – Қытай жылнамашыларының қателігі. Өйткені Шығыс Ғұн мемлекетінің билеушісі Мәден көсем бар әскерін жинап алып, 5 мың шақырымнан астам жердегі Шу атырабына соғысуға келуі мүмкін емес. Көп қол азық-тұлғігін артқан керуенмен Шуға жеткенше таулардан асып, шөлдерді басып ең азы жарты жылдай жүреді. Біріншіден, Мәден көсем өзі естімеген, білмеген алыс жерге кете беретіндей ерігіп жүрмеген. Екіншіден, бар әскерін алып кетіп, қорғансыз қалдырған елін көз алмай бағып отырған Қытай, өзі кеткен күннің ертеңіне келіп басып алатынын Мәден көсем жақсы біледі ғой! Сондықтан, жылнамадағы осы оқиғаларға қатысты деректің басқа да кейбір қысынсыз деректер сияқты бұмаланып қате жазылғанын ескеру керек.

8. САҚ ЖҰЗДЕРІ (ҚАУЫМДАРЫ) ЖӘНЕ ҚАЗАКТАР

Қазақдаласын ежелден мекендерген адамдар неолиттің сонына қарай, энеолит заманынан бастап, алғашқы қауымдық қоғамның жіктелуі нәтижесінде сақ тайпаларына бірікті. Қауымдық қоғамда адамдарға ортақ болған жер жана тайпалық қоғамда бөліске түсті. Әр сақ тайпасы өздері мен шіктең аумаққа шоғырланып мекендейді.

Жана қоғамда сақ тайпаларының шаруашылығы мен өнеркәсібі дамып, мәдениеті өркендейді, халқы көбейді. Бірақ тайпалар арасындағы жер аумағын бөлісу процесі олардың қарым-қатынастарында шиеленіс тудырмай қалған жок. Нәтижесінде тайпалар арасында қактығысулар мен соғыстар көбейді. Мұндай наразылықтар мен өзара түсінбеушіліктер тайпа аралық қарым-қатынасты дағдарысқа әкелді. Тайпалар әлсіреп, сыртқы жаулардан корғану қабілеті төмендеді. Қалыптасқан теріс жағдайлар сақ тайпаларын бірігүе итермеледі.

Жер бөлісі, мал жайылымы мен тайпа мекендерінің жекелене бастауы салдарынан көршілес орналасқан сақ тайпаларының арасында шиеленіс туындалып, әлеуметтік жағдайдың қындаған бастауына байланысты, б.д.д. Ұғасырда бытыранқы тайпалардың қауымдастырып тіршілік етуіне итермелеген тарихи қажеттілікті алға шығарды. Осындағы қажеттілікten сақ тайпаларының Ұлы қауымы (жұзі) және Кіші қауымы (жұзі) деген одактар қалыптасып, олардың жана әлеуметтік-мәдени сатыға көтерілуіне әкелді. Осындағы әлеуметтік-саяси жағдайда Қазақ даласын мекендерген сақ (зак) тайпаларының одағы мен ұлыстары осыдан 2500 жылдан бұрын біртіндеп бірегей қазақ халқының қалыптасуына негіз болып қалана бастады.

8.1. Ұлы жұз қауымы

Фалым Н. Мынжан [38] Қытай түпнұсқаларынан алған мәліметтерді сараптау негізінде мынадай қорытынды жасайды. “Жазба жылнамаларда олардың аты ұлы иосі, ұлы иозі, ұлы жүз түрінде кездеседі. Кейін келе бұлар ұлы иозі және кіші иозі деп екіге бөлінген. Ежелгі ханзу (қытай) тілінде жазылған бұл ұлыстардың атын ұлы иуз, кіші иуз, ұлы жуз, кіші жүз деп оқуға да болады. “Хан патшалығы тарихы. Батыс өнір шежіресінде”: “Үйсін халқының ішінде сақ тайпалары да, ұлы жүз тайпалары да бар”, – деп жазылған. Қазақ шежіресінде “ұлы жүз

— үйсін” деген сөз үнемі қосарланып жарыса жүреді. Бұдан, қазақтың ерте замандағы белді ұлыстарының бірі болған үйсін бірлестігінің іргесін қалаған ұлы жүз тайпасының елеулі үлес қосқандығы байқалады.

Ұлы иозылар (жұздер) — б.д.д. III ғасырда Дунхуан мен Чилан (Шулен) тауы аралығын қоныстанған. Бұлар өз кезінде һұндердің батыс жағындағы ірі ел еді. Алғашында һұндер осы иозылерге тәуелді болған...”

Бұрын ұлы иозылар Чилан тауы мен Дунхуан аралығында тұрған кезде үйсін ұлысы да осы өнірде ұлы иозылармен қатынас жасаған еді. Ұлы иозылар Іле өніріне қоныс аударған соң, үйсін ұлысы һұндердің көмегіне сүйеніп күшіе бастады.

Қазақтың байырғы аңыз шежірелері мен жазба әдебиетінде үйсін деген атаяу екі түрлі мағынада — тар мағынада және кен мағынада қолданылады. Тар мағынадағы үйсін — казақтың ұлы жүзінің құрамындағы тайпаның аты. Ал, кен мағынадағы үйсін — Іле алқабы мен Жетісу өнірін және Оңтүстік Қазақстанды мекендерген ұлы жүз тайпаларының жалпы аты. Бұлар ежелгі заманнан бері осы өнірді мекендерген [38].

Бұл деректерден Ұлы жүз одағы сақ тайпаларының қауымдастырынан пайда болғанын және Үйсін мемлекетіне тікелей байланысын көреміз. Бірақ кейбір деректер нактылауды қажет етеді. Мәселен, алғашында һұндар осы иозылерге тәуелді болған деген деректің мәнін Һұндар Ұлы жүз қауымына кірген сақ тайпаларының бірі деп түсіну керек. Бұл ежелден Қазақ даласының шығыс жағын (Тұрған аумағын Манғол Алтайна дейін) мекендерген батыс Ғұн тайпасы. Ұлы жүз құрамына кірген бұл тайпа Қытайға жақсы таныс Шығыс даласын мекендерген шығыс Ғұн (Сюнну) тайпасымен кейде көршілес қоныстанып отырған. Олардың арақатынасын толық білмеген Қытай жылнамашылары Ұлы жүзге оның құрамындағы жекелеген тайпаларды қарсы коя беретіні сондықтан. Осыған байланысты үйсіндер ұлы жүздерді жаулап алды, үйсіндерді ұлы жүздер тықсырды, үйсіндерге ғұндар тәуелді болды немесе үйсіндердің құрамында сақ тайпалары да, ұлы жүз тайпалары да бар... деген сияқты жаңсақ мәліметтер жазыла берген.

Сондай-ақ ұлы жүздер немесе үйсіндер Жетісуға Алтайдан келіп қоныстанған деген пікір де дұрыс емес. Ұлы жүз одағындағы сақ тайпалары ежелден Манғол Алтайынан Сыр алабына дейін созылған кеңістікті мекендерген. Олар далалықтарда ежелден қалыптасқан көші-қон салты байынша осы кеңістік ішінде қоныстарын табиғи жағдайларға байланысты шығыстан батысқа және керісінше, батыстан

шығыска қарай кезектестіріп аударып отырған. Осындағы қоныс аударулардың бір бағытын ғана қамтыған Жылнама деректерін бір жақтама қабылдамау керек. Шын мәнінде Ұлы жүз құрамындағы тайпалар жайылым ретіне қарай әр уақытта мемлекет ауқымындағы жекелеген өнірлерді (Манғол Алтайының батыс жағын, Тұрфанды, Жетісуды, Ысық көлді, Сыр алабын, Сарыарқаны, Құлынды жазығын және т.б.) қоныстанған. Жылнама деректерінде көретініміз осы жекелеген тайпалар мен сол кездегі олардың мекендеген ауماқтары туралы мәліметтер.

Сонымен, ежелгі сақ тайпаларының қауымдасуы нәтижесінде шамамен б.д.д. V ғасырда дүниеге келген мемлекет сактардың Ұлы одағы (жүзі) – Ұлы жүз деп аталды. Ұлы жүз құрамына Арыс, Асы, Ғұн (Күн) және басқа сақ тайпалары кірген. Мемлекеттің атына байланысты оның халқы да ұлы жүздер деп аталған. Ал Ұлы жүз одағы негізінде нығайған Үйсін мемлекеті дүниеге келген. Мемлекет билеушісі Үйсіннің аскан мәртебесіне байланысты оның халқы ұлы жүздер деп аталумен қатар, үйсіндер деп те аталған. Қауымдасқан сақ тайпаларының ынтымактасып өмір сүріп, хал-ахуалының жақсаруы нәтижесінде біртұтас Үйсін мемлекеті мен оның халқы ұлы жүздер-үйсіндер калыптасқан. Осы ежелгі Үйсін мемлекетінің аясында XV ғасырда Қазақ хандығы дүниеге келген.

8.2. Кіші жүз қауымы

Қазақдаласының аумағы Шығыс даласы мен Батыс даласының аралығындағы Манғол Алтайынан Еділге дейін созылған кеңістікті қамтыған. Осы кеңістіктің шығыс бөлігінде сақ тайпаларының Ұлы жүз (ұлкен) одағы құрылса, ал батыс бөлігін мекендеген сақ тайпалары Кіші жүз қауымына біріккен.

Қытай жылнамашыларының *Kіші жүзге ере алмай Оңтүстік тауларда* (*Тянь-Шанның оңтүстік-батысы, Памир*) қалған аз бөлігі дегені дұрыс емес. Бұл мәліметті алғаш Орта Азияға б.д.д. 138–126 жж. келген Қытай дипломаты Чжан Цзянь кіші жүздерді осы жерде көруіне байланысты жазған [15]. Шын мәнінде олар ежелден Қазақ даласының батыс бөлігін мекендеген жергілікті Дай, Масы, Сармат және басқа сақ тайпалары.

Қытай империясы Кіші жүз одағымен көп араласпағанымен, бізге алғашқы деректердің түпнұсқасын

жазып қалдырды. Кіші жұздер б.д.д. замандарда да, кейінгі замандарда да оңтүстігіндегі Иран, Парсы, Араб мемлекеттерімен байланыс жасағаны анық. Бірақ олардың тұпнұсқа мәліметтері өзірше бізге жете қойған жок.

8.3. Қазақ халқы

Ғұлама А. Машанов: “Қазақ деген ат өте көне замандардан келе жатыр, осыдан 3–4 мың жыл бұрынғы тарихта бар ат. Оның біз тек кейінгі, Шыңғыс ханның айналасынан бері басталған шолақ шежірелік түріне, екінші айтылуына жабысамыз”, - деген [34]. Ал, ғалым-жазушы Э. Сарасев (1992) Араб, Византия (Рұм), Россия және Батыс Еуропа елдерінің тарихшылары жазған деректер мен археологиялық ескерткіштердің мәліметтерін жан-жақты сараптау неғізінде “қазақ” атауының, “қазақ халқының” шығу тегі мен уақытының өте көне екенін нақты айғартармен дәлелдеді.

Қазақ этнонимін қытайлық ғалым Н. Мыңжан [38] арнайы зерттеп көне қытай, араб, парсы жазба деректеріне, түрік, манғол шежіре-жылнамаларына сүйене отырып жазып, 1987 жылы Шынжаң халық баспасынан шықкан кітабына кіргізген. Осы мәліметтерге көніл бөлейік:

“Қазақ халқының өз алдына жеке халық болып қалыптасу барысы ұзақ тарихи даму дәуірлерін басынан кешірді. Ежелгі жұңғоның (қытайдың), парсының және гректің жазба деректеріне қарағанда, б.д.д. 7–4 ғасырларда Орта Азия өнірін сақ тайпалары мекен еткен. Бұл сактардың *Шошақ тобелі тымақ киген сақтар* (*тиграхауда сақтары*) деп аталатын тайпаларының орналасқан жерінің орталығы Іле алқабы мен Жетісү өнірі болған. Б.д.д. 4–2 ғасырдың шегінде бұрынғы сақ тайпаларының одағы ыдырап, оның орнына үш ірі тайпалық одақ – үйсіндердің, қанлылардың, аландардың тайпалық одақтары құрылған.

Қазақ халқының тұп төркіні б.д.д. 7 ғасырдан бастап жазба тарихта әйгілі болған сактар еді. Б.д.д. 2 ғасырдан б.д. 5 ғасырға дейін өмір сүрген үйсіндер бірлестігі мен қанлылар бірлестігі қазақ халқының негізгі үйтқысы болды. Осы неғізде Батыс Түрік (6–7 ғасыр), Түркеш-Қаралық (8–10 ғасыр) дәуірінде қазақ қауымы өз алдына жеке халық болып қалыптаса бастады.

Қазақ атауы “Таң патшалығы тарихында (7–8 ғасырларда)” қаса, хаса түрінде жазылған. Бұл атаудың қытай тарихи деректемелерінде жарыққа шығуы тым ертеде”, – деп есептейді [38].

Қазір колда бар дерекнамаларды сараптағанда, қазак халқының атауы сақ заманынан бастау алатыны даусыз екенін көреміз. Сақ тайпаларының Ұлы жұз және Кіші жұз одактары негізінде Қазак даласын мекендеген тайпа мен ұлыстардың барлығы өздеріне ортақ қауымдасқан сақ — қазақ халқы аталаип, оларды дарынды көсемдер басқарған (8.1-сурет).



8.1-сурет. Қауымдасқан сақ-қазактардың көсемі
(суретші П.Агапов)

Бұл тұжырым ежелден келе жатқан жазба деректер негізінде нақтыланған. Бір ескеретіні, Батыс және Шығыс елдері мен Қытай жылнамашылары жазған деректер Қазак даласын толық қамтымайды. Сондыктan бұл деректер көбінесе шектеулі мекендер мен уақыт аралығына ғана қатысты.

Қазак даласының әр жеріне келіп, хатқа түсірген басқа елдер жылнамаларындағы қазақ атауына байланысты айтылған осындай деректерді уақыт ретінде қарай келтірейік.

Қытайдың II ғасырдағы тарихи деректерінде қазіргі Арал мен Каспий теңіздерінің төңірегіндегі елді *хаса*, *қаса* — қазақ деп аталатыны жазылған.

Армян зерттеушісі М.Хоренский (1904) қазақтар бұрын, Иран патшасы Валиритистің кезінде (126–197 ж.) Кур өзенінің онтүстік жағына қоныстанған деген.

С.П. Толстов (1984) Хорезм өнірінен табылған ежелгі Топырақ қала археологиялық ескерткіштерін зерттегендеге, III–IV ғғ. жазылған қазақ атауына қатысты мәліметтерді тапкан.

Ортағасырлық тарихшы Табиридің айтуынша, Әмудария өлкесінде де қазақтар болған. Араб әскербасы Ахнак ибн Қайыс VII ғасырда өзінің әскерімен тұра қазақ өлкесіне тартады.

Араб саяхатшы-жазушысы Мұхаммед Әл-Ауғи Индияда шыққан (1228 ж.) “Тандаулы әңгімелер мен аңыздар жинағы” (Жәміхәлхикаят о Доам Әлроят) атты кітабында 766 жылғы оқиғаға қатысты қазақтар туралы мәлімет келтіреді.

Византиялық сопы Епифани (VIII–IX ғғ.) Кавказда қасогдионе (қазақ елі) халқы бар деп жазып кеткен.

Араб тарихшысы Масуди 934 жылы жазған “Муруджадзахаб” атты еңбегінде қазақтар туралы көлемді дерек келтірген. Ол Алан патшалығының ар жағында, Кавказ тауы мен Азов (Азау) теңізінің аралығында қазақ деген халық бар деген.

Шығыс жұлдыздарының бірі Әбілқасым Фирдоуси (940–1020 жж.) өзінің әйгілі “Шахнама” эпопеясында қазақ, Қазақ хандығы Көкше (Арал) теңізінің солтүстігінде орналасқан күшті және көп санды ел деп, Тұранның жауы Иранды қорқытпақ болған. Ал бұл шығармадағы оқиғалар мен деректерге келсек, олар біздің дәүірге дейінгі замандарға қатысты.

Орыс жылнамашылары да қазақтар туралы ұдайы жазып тұрған. Мәселен, мұндай мәліметтер 965 жылғы Святославтың жорығында, 1022 жылғы бір оқиға туралы баяндағанда айтылады. Жылнамашы Нестор 1223 жылы маңголдармен болған Қалқы шайқасын баяндайтын тұсында: “Кавказды асып келіп, онтүстік Россияны шабуылдаған Шыңғыс хан басқыншылары бұдан бұрын қазақты шапты”, – деп жазады.

Деректемелердің бір көзі 1240 жылғы хатталған “Маңголдың құпия шежіресінде” халқымыздың есімі қазағ болып, біршама анық жазылыпты. Осы кезеңнің екінші бір анық деректемесі 1245 жылы жасалған “Араб-қыпшық” сөздігі. Осы сөздікте қазақ атауына кең түрде жан-жақты түсінік берілген.

Дерек көздерінде қазақтар туралы мәліметтер осылай жалғасып кете береді. Н. Мынжан: “Қазақ атауы ерте кезде қазактармен карым-қатынас жасаған, жазу-сызу мәдениеті бар елдердің көбінің жазба деректерінде, атап айтқанда ханзу (қытай), араб, парсы, византия, орыс, маңгол және түркі тілдеріндегі жазбаларында кездеседі. Бұл елдердің тіл өзгешелігі мен жазу-сызу дағды-дәстүріне сай қазақ атауы әр алуан түрде – аса, қаса, хаса, хайсақ, қасақ, көсек, ғасуг, гасаг, хасық, т.б. болып жазылып келген”, – дегені шындық [38].

А. Левшин (1832), Г. Вамбери (1885), В.В. Радлов (1893), А.Н. Бернштам (1949), әйгілі ғұламаларымыз Әлкей Марғұлан, В.Ф. Шахматов, М. Ақынжанов, С.В. Юшков, т.б. өз еңбектерінде жоғарыдағы пікірлерді куаттайды.

Сонымен, қазақ халқының негізі б.д.д. замандарда Қазак даласында қалыптасып, оның шығысы – Алтай мен Түрфанды,

оңтүстігі – Жетісу, Сырдария мен Әмудария алабын, батысы – Каспий теңізінің атырауын мекендерген. Естемес хан орнатқан Ұлы Түрік қағанаты заманында (VI–VIII ғғ.) қазактар Қазақ даласының аумағынан асып, шығысы Мангол жазығын, батысы Кавказ таулары мен Шығыс Еуропа жазығын жайлаған. Ұлы Түрік қағанаты ыдырағаннан кейін бұл қазактар барған жерлерінде өздерінің атын жоғалттай қазақ деген атпен өмір сүруін жалғастырды. Ал Қазақ даласындағы жергілікті қазактар жеке тайпаларға жіктеле бастайды. Осыған байланысты олар жалпы қазак атауымен емес, мекендерген жерлері мен тайпалардың атымен аталатын болған.

Осы себепті ортағасырларда орыс жылнамашылары Шығыс Еуропаны мекендерген халықтарды, ал Батыс және Араб тарихшылары Кавказды мекендерген халықтарды өздерінің дұрыс атымен қазақтар деп атаған. Ал Қазақ даласына, Сырдария мен Әмудария алабына келген саяхатшылар, ғалымдар халықтарды жалпылама қазақ есімімен атамай, жергілікті тайпалық аттарымен хатка түсірген. Немесе қазақ халқын әр замандардағы мемлекеттердің атымен, мәселен, *түріктер*, *қыпшақтар* деп атап, осы (кенет пайда болуы да, жойылып кетуі де түсініксіз) атаулармен тарихқа, құжаттарға жазған. Халқымыздың осылай атала берген ерекшеліктері өзімізге белгілі жағдай екенін ескеріп, ендігі жерде ұлтымыздың ежелден келе жатқан тарихын дұрыс зерделеуге міндеттіміз.

Ұлттық Қазақ хандығы орнаған 1458 жылдан бастап еліміздің халқы өзінің тарихи дұрыс атымен, яғни қазақ деп аталаған болды. Керісінше, осы заман шамасында Қазақ даласынан тыс аймақтарды мекендерген қазақтар жіктеліп, қазіргі жаңа атауларды иемдене бастады. Мың өліп, мың тірілген қазақ атауы замандар ағымында тарих сахнасына бірде көтеріліп, бірде түсіп қалып отырған. Құні кеше ғана Қазақ даласында отарлау саясатын жүргізген патшалық Россия бізді біліп тұрса да өз атымызбен қазақ деп атамай, қырғыз немесе ашық түрде *жабайылар* дегені белгілі.

Қытай жылнамаларындағы жазба деректер мен Батыс елдері ғалымдарының жазба мәліметтерінің негізінде Ә. Марғұлан, А.Н. Бернштам, А. Машанов, Н. Мынжан, Ә. Сараев және басқа ғалымдар қазақ халқының б.д.д. замандарда қалыптасқанын дәлелдеп берді. Осыдан кейін кейбір зерттеушілердің қазақ этнонимін XV ғасырда қашақ деген сөзден шығарып алып жүргені қисынға келмейтіні айдан анық көрініп тұр. Олар бұл тұжырымға әйгілі қандасымыз Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499–1551) “Тарих-и Рашиди”

дерекнамасында алғаш рет баяндалған Керей мен Жәнібек сұлтандардың, өздеріне қысым жасаған Әбілхайыр ханның қол астынан сонына ерген елімен қашып шыққан оқиғасын негіз етіп алады [37].

Іә, Керей мен Жәнібек 1457 жылы Әбілхайырдан (оны қаламақтардың басып алуын пайдаланып) алыстал, Мойынқұм алқабына келіп қоныстанады. Олар Әбілхайыр ханның билігінен біржолата кетіп, Моголстанға келіп, 1458 жылы Қозыбасы мекенінде (Алматыдан батысқа қарай 95–100 км) Қазак хандығының туын тікті. Қазақтың тұрақты ұлттық мемлекеті осылайша өмірге келді. Әбілхайыр хан өзінің билігінен қашып кеткен сұлтандарды, олардың сонына ергендерді қашақтар деген. Ол үшін басқа айтатын сөзде, сол уақыттағы саяси жағдайға байланысты жасайтын әрекет те қалған жоқ еді. Ортағасырлық ғұлама бабамыз осы мәліметті жазған. Тарихи деректерде кездесетін қашақ сөзі қашқындар, қашып кеткендер деген мағынаны ғана білдіреді, оның қазақ атауымен сырттай дыбыстық ұқсастығынан басқа ортақ ештеңесі жоқ.

Оның бір айғакты дәлелі, қазақ атауы Әбілхайыр ханға дейін, яғни оның Керей мен Жәнібек сұлтандарды қашақ деп атағаннан бұрын осы өнірге белгілі болғаны. Мәселен, тарихшы Шарафаддин Эли Йаздидің жылнамысында Аксак Темірдің әскерінде қазақ мыңы деген жасақ болғаны айтылады. Темірдің баласы Омар Шейх жаугершілік сапарларға ходжент қазақтары, андижан қазақтары деген жасақ топтарын ілестіріп жүрген. Әлкей Марғұлан: “... бұлар негізінен жалайыр, аргын, дулат, қанлы, сіргелі, қонырат руларынан еді”, дейді. Бір қызығы, Омар Шейхтің қол астында болған әлгі ходжент, андижан қазақтары дулат бегі Қамараддин 1376 жылы Андижанды басып алғанда, бірі қалмай соған ілесіп кеткен [37]. Бұл дерек қазақ атының Әбілхайыр ханнан бір ғасыр бұрын да белгілі екенін айғактайды.

Сақ тайпаларын әлем таныды. Бірақ сол әлем сактарды өздерінің тікелей мұрагер үрпактары қазақ халқынан бөліп тастап, бөлек көзбен қарады. Шын мәнінде казактар, яғни қауымдасткан сақ (зак) тайпаларының одағы – қазактар, алғаш осыдан 2500 жылдай бұрын өмір сахнасынан орын алған ежелгі халықтардың жаңа этнонимі еді. Бұрмаланып әр түрлі жазылып, кейде тіпті жазылмай да қалып, жазылса да басқа атаулармен беріліп келген қазақ атауы дәл қазіргі түрде ұлттық Қазак хандығы құрылғаннан кейін ғана тарих беттерінен өз орнын алған.

Жалпы алғанда, Қазақ даласынан тамыр алып, өсіп-өнген халықтар біртіндеп әлемнің барлық жеріне таралды (8.2-сурет).



8.2-сурет. Қазақ даласынан таралған халықтар

Қазіргі қазақ халқының құрамында да Ұлы, Орта және Кіші жүз аталатын қауымдар бар. Ежелгі сак тайпаларының біргігүйен олардың Ұлы және Кіші жүз одактары құрылғаны

белгілі. Ал қазактардың қашан үш жұзге жіктелгені туралы нақты дерек жок. Батыс пен Шығыс жазба деректерінде де, өзіміздің қандастарымыз *Отейбойдақ Тлеуқабылұлы* (1397–1487), *Мұхаммед Хайдар Дулати* (1499–1551), *Қадыргали Жалайыр* (XVI ғ.) жазған тарихи шығармаларда да кездеспейді. Қазіргі Орта жұз құрамындағы тайпалар Қазақ жеріне неғізінен XII ғ. соңында, ал Найман тайпасы алғаш 1208 жылы келгені белгілі. Бірақ олар жұздік белгі бойынша бөлінбеген.

Алғаш қазіргі қазақ жұздері туралы XVIII ғ. бірінші жартысында қалмақтарды толық жеңіп шығу үшін Россия патшалығымен келіссөз жүргізе бастаған кезде айтыла бастаған. Осыған қарап, қазактардың психологиясы мен мемлекеттегі әлеуметтік-саяси жағдайды жақсы зерттеген патша үкіметінің дипломаттары біртұтас халқының арасына іріткі салып, әдейі бөлшектеп, осы саясатты өте тиімді пайдаланғанын көреміз.

8.4. Ежелгі қазақ мемлекеттері

Далалықтардың алғашқы мемлекеттері сақ тайпаларының бірігуі нәтижесінде қалыптасқан. Қытай жылнамаларынан белгілісі: Шығыс даласында – Сиунь (Фұн) мемлекеті, Қазақ даласында – Үйсін мемлекеті, ал Шығыс даласында тарих атасы Геродоттың мәліметі бойынша – скиф (сақ) тайпаларының елі болған. Фұн мемлекеті немесе тайпалар одағы II–III ғғ. ағымында Қытайдың құрамына еніп, мекендерген жерінен айырылып, дербес өмір сүруін тоқтатқан. Ал Үйсін мемлекеті екі мың жылдан ұдайы даму жолынан өтіп, әр кездері Түрік, Түргеш, Карапық, Қарахан және басқа мемлекеттер аталып, XV ғасырда Қазақ ұлттық хандығының тарихи-этностық негізі болып қаланды.

Қытай жылнамасы мен Батыс дереккөздеріндегі үзік-үзік мәліметтерді дұрыс түсінбей тәржімелеген тарихшылар өз шығармаларында мемлекеттер атының өзгеруін, билік басына жаңа хандардың келуін қырғын соғыстармен байланыстырады. Мысалы, түріктерді түргештер, ал оларды өз кезегінде қаралықтар қырып салды деп баяндай береді. Тіпті Қазақ даласын бос жатқан кеңістік ретінде қарастырып, оны Алтайдың қарлы тауларынан келген қарлықтар (қаралық немесе қаралақ деген тарихи атауларды білмегендіктен) келіп мекендейп, мемлекет қалыптастырыды дейтіндер де бар. Бірақ олар сүйк таулардағы “кар адамдары – карлықтар” (егер осындаид адамдар болса) ыстық далаға қалай бейімделіп, мал бағып кеткенін түсіндірмейді.

Үйсін мемлекеті. Жазба дерек бойынша б.д.д. 119—105 ж.ж. Қытай елшісі Жан Чян (Бичуринде — Чжан Цзянь) Үйсін мемлекетіне арнағы дипломатиялық тапсырмамен келіп, Елсау ханбиді Ұлы Жібек жолын салуға көндіргені белгілі. Ол кезде Қытайдың батысындағы 30-ға жуық елді біріктірген ең құтты осы Үйсін мемлекеті (империясы) ол кезде Қазак даласына толықтай үстемдік жүргізген Бұл мемлекет алғаш сақ тайпаларының одақтасуынан б.д.д. V—IV ғғ. шамасында қалыптасып, Ұлы жуз-Үйсін мемлекеті деп аталған. Қытай елшісі келген б.д.д. II-ші ғасырда Үйсін мемлекетіндегі кейбір тайпалар өздері мекендерген аумакта дербестеле бастағаны байқалады. Мысалы, оның батысындағы Сыр алабында *Қаңзы мемлекеті* дербес билік жүргізе бастанды [38].

Деректерде сондай-ақ Үйсін мемлекетінің ханбіи Елсау ханбидің ұлken ұлы Нұлы бидің ұрпактары мекендерген аумак — нұлыбилер (нүшибилер) ұлысы, ал екіші баласы Дұлы бидің ұрпактары дұлыбилер ұлысы деп аталғаны баяндалады.

Ұлы Жібек жолы арқылы сауда қатынасы жүріп тұрған кездерде әр елдің саудагерлері мен мемлекет қайраткерлері Үйсін мемлекеті, оның әр түрлі жерлері мен тайпалары туралы мәліметтерді хаттап, ұдайы өз елдеріне жеткізіп отырған. Сауда қатынасы үзіліп қалған кездері Үйсін мемлекеті туралы мәліметтер де жазылмай қалатын болған.

Бірақ Үйсін мемлекеті өзінің ұлан байтак даласында тіршілігін жалғастырып келген. Қытай империясы өзінің ішкі дағдарыска ұшыраған жылдарынан басқа кездерде Үйсін мемлекетін назардан тыс қалдырмай, үзік-үзік болса да қарым-қатынасын жалғастырып отырған. Мәселен, Қытай империясы дағдарыстан шығып, ішкі жағдайы түзелгеннен кейін Тхай-ву-ди император (424—452) Үйсін мемлекетіне дипломатиялық қатынас орнату мақсатында 435 ж. арнағы елші жібереді. Осыдан кейін Үйсін мемлекетінің билеушісі де өз елшілерін сый-сияптымен Қытайға жіберген [27].

Үйсін мемлекеті туралы деректер осылайша жалғаса береді. Кейін орнаған Түрік хандығы кезінде де Үйсін атауына байланысты мәліметтер бар. Мысалы, Тонықек ескерткіші жазуында (VII ғ.) Хуанхэ (Теніз) өзенінің солтүстігінде, Үйсін жерінде болған оқиғалар туралы айттылады [27].

Батыс елдерінде Үйсін мемлекеті туралы мәлімет Соғды мемлекетіне қатысты баяндалады. Соғды мемлекеті Орта Азияда, Ариан (Иран)-Ауғаннның солтүстігі мен Үйсін мемлекетінің аралығында орналасқан. Соғды мемлекеті көне деректерде Соғдиана деп беріледі. Егер Ари тайпасы мекенден ел Ари-

ан (Ари елі), Тұр тайпасы мекенден ел Тұран (Тұр елі) деп аталғаны белгілі. Сонда Соғдиан (Сақдиан) да Сақ (Соғ) елі болып шығатыны көрініп тұр. Яғни соғды-сақтар ежелгі бауырлас халық үйсіндермен негізінен достық қарым-қатынаста болған, Ұлы Жібек жолы арқылы Қытаймен белсенді сауда жасаған. Қазак даласы арқылы өткен соғды-сақтар көрген-білгендерін, тарихи оқиғаларды өз атынан баяндап отырған. Сонымен, сауда және мәдени қарым-қатынас жасаған елдер Үйсін мемлекеті туралы мәліметтерді Батысқа да, Шығысқа да таратып, дереккөздері ретінде тарихы мұра етіп қалдырыған. Осы дерек көздерінен Үйсін мемлекеті батысында Соғдианадан Сыр алабы мен Жетісу арқылы Манғол алтайына дейінгі аумакты қамтыған ұлы империя [53]. Ол қазіргі Қазакстанның, қазак елінің тарихи мәйігі болып табылады.

Тұрік хана тарихы. Қытай жылнамасында Тұрік мемлекеті туралы алғашқы дерек 545 жылдан басталады [22]. Дерек көздерінде тұріктің үйсіннен шыққаны айттылады. Бұл деректерде үйсін термині *аөшін* – *ашіна* тұрінде жазылып кеткен [27].

Қытай жазбаларында кездесетін «ашіна (бөрі)», «ашидэ (бөрілер)», «ачынұ» тұріктердің көк бөрі текті екендігіне сүйеніп берілген дерек. Бұл дерек ежелгі Қытай жылнамасында жазылған үйсін – көк бөрінің үрпағы деген ұғыммен астасып жатқанын көрсетеді. Сонда Манғол даласын мекендейген тайпалар да ежелгі үйсіндер үрпағы болып шығады. Мәселен, *боржығын (бөрі тегін, яғни бөрі текті)* Шынғыс қағанның ататегінің атауы деп жазылған тарихта. Ю.А. Зуевтін [27] мәліметі бойынша Манғол Алтайы Үйсін мемлекетінің аумағына кіріп, оның шығыс шеті арқылы Үйсін және Ғұн мемлекеттерінің шекарасы өткенін көрсететін карта жасалған екен.

Тұріктер Қытайға алғаш Манғол Алтайында белгілі болған. Қытай жылнамасында тұріктер бұл жерге Үйсіннің ханбі жіберген аз ғана ел болып келген деп жазады. Алғаш бұл топта Дұлының үрпактары Бұмын (Тұмен) мен Естемес (Иштими, Естеми) бастаған 500 адам болған деп баяндалады. Тұріктер бұл жерде мал шаруашылығымен қатар басқа кәсіптермен де шұғылданған. Кен өндіріп, болат қорытқан, сапалы қарулар жасаған.

Тұріктердің билеушісі Бұмын ханға 545 жылы (Н. Бичурин 535 жылы дейді) Қытай империясы алғашқы елшісін жібереді. Қытай дербес мемлекет деп таныған Тұрік елімен осылай ресми дипломатиялық қатынасын бастайды. Бұмын

551 жылы Қытай ханшасына үйленеді. Ол 552 жылы шабуылдап, мазасын ала берген көрші Жужан (Ауар) тайпасын тас-талқан етіп жеңгеннен кейін, өзін хан жариялад, Ел хан (Ган–Су жазбасында Іле ханы, Ілден келген хан) атанады. Бұмын Ел хан 553 жылы 1 наурызда қайтыс болып, орнына үлкен ұлы Қара Ыссық хан отырады. Ол кенет сол жылы қайтыс болған соң таққа інісі, Құсшы Мұқан отырады. Мұқан хан өзінің әкесінің інісі Естеместі бас қолбасшы әрі тақтың мұрагері деп жариялады.

Тұрфанның Үлкен Хинган (Қадырхан) тауларына дейінгі кеңістікті қамтыған Шығыс Түрік хандығын 545–745 жж. аралығында 21 хан билеген [22]. Қытаймен қактығыс пен тайпа аралық шекісу салдарынан аумағы Орхон өзенінің атырабына дейін кішірейген Шығыс Түрік хандығы 745 ж. дербестігінен біржолата айырылған.

Естемес Дұлы 554 ж. ата қонысы Жетісуға қалып қолмен қайтып келеді. Бұл Үйсін мемлекетінің сол кездегі билеушісінің ордасы шайқалып, ел басқаруда дағдарыс орнаған кезі еді. Естемес келген бетте ел билеу ісіне араласып, мемлекетті қүштейтуді қолға алады. Бір жыл ішінде, яғни 555 жылы мемлекетті бұрынғы аумағында – шығысы Тұрған мен батысы Сыр алабы аралығында қалпына келтіреді. Үйсін мемлекеті осы кезде Батыс Түрік хандығы деген атпен әйгілі болған.

Естемес хан ордасын Есіктен (Чигу) батысқа қарай көшіріп, Арыс өзенінің саласы Құланмен құйысындағы кос өркештенген ежелгі Екітаудын (сол кезден Түркібасы аталағып кеткен таудың) етегіне қала салып орналастырады. Осы қалада 556 жылдан өзі қайтыс болған 576 жылға кейін билік жүргізеді. Осы Түркібасыға 558 жылы Византия елшісі Земарх келген. Сол кезде Түрік мемлекетінің батыс шекарасы Батыс Еуропаға дейін жеткен. Бұл елшінің келу мақсаты Византия осы қуатты Батыс Түрік хағанатына (империяға) айналған мемлекетпен бейбіт қатынас жағдайын жасау болатын.

Батыс түрік хағанатын Естемес хаған (император) өлгеннен кейін оны еki баласы екіге бөледі. Хағанаттың Үйсін мемлекеті ауқымындағы Шығыс бөлігін Естеместін үлкен ұлы Қараш хан (576–604) билеп, ордасын қайта Есікке көшіреді. Осы кезден бастап хан ордасы орналасқан бұрынғы Ақтау мекені Қараш таулары аталауды. Мемлекетке 28 жыл билік жүргізген Қараш хан 604 жылы қытайлармен болған сұрапыл соғыста Тараз қаласының шығысында қайтыс болады. Мемлекет билігі осы кезден бастап Қараш ханының үлкен

Байдыханға [37] өтеді. Байдыхан — қазір халық арасында Бәйдібек би деген атпен кең таралған белгілі тарихи тұлға.

Түрік этномині – ежелгі сақ атауының синонимі. Бұл тұралы Естемес хағанның Түркібасыдағы ордасына 558 жылы келген Византияның елшісі Земархтың құнделігін жүргізген Менандр жазып кеткен [18].

Мемлекетті Байдыханнан (Бәйдібек биден) кейін оның немерелері Түргеш, Дулат, олардан кейінгі Қаралақ және басқа ұрпақтары билеген. Мемелекет те осы тұлғалардың атымен Түргеш, Қаралақ және Қарахан хандықтары аталған.

Түргешханадығы – ежелгі Үйсін мемлекетінің мұрагері болған Түрік хандығының тарихи жалғасы. Хандықтың аты Бәйдібектің билікті мұралаған немересі Түргеш ханның атына байланысты шыққан. Халық арасына Түргештің Сарыүйсін деген жанама аты кең таралған.

Тарихтан белгілі түргеш Үшлак (жылнамада Учжилә немесе Ожель деп жазылған) 698–708 жж. хан болған кезде, оның аты асқақтай жайылып, халық арасына да, көрші мемлекеттерге де кең тараған. Мемлекет осы кезде Түргеш хандығы деген атпен мәлім болған. Қытай Игі хан деп таныған Үшлак ханның ордасы ата қонысы Есік аңғарында, Қараш таулары мен Іле бойында орналасқан. Негізгі ордасын кейінгі жылдары Түрік хандығы кезінде астана болған Сұябқа қөшірген. Үшлак хан 708 жылы қайтыс болған соң 300 мыңнан астам әскері бар қуатты мемлекетті оның үлкен ұлы Сөгө (Согэ, Саға) мұралаған.

Сөгө хан Қытай империясының тұртқілеуімен Шығыс Түркістанмен соғысады. Осы соғыста Түргешхандығы женіліп, Сөгө хан 711 жылы қаза табады. Мемлекет билігінде болған көптеген түргештер (сарыүйсіндер) қарамағындағыларымен Қытайға өтіп кетеді.

Осы кезде Бәйдібек бидің немерелері ұлысты өздері орналасқан жеке тайпа елдеріне бөліп, оларды дербес би-лей бастаған. Сыртқы мемлекеттермен соғыс тоқтап, іште бейбітшілік орнаған. Тайпа билерінің арасында Бәйдібекбің (Байдыханның) кенже немересі әрі мұрагері Дулат ер жетіп, батырлығымен катар даналығымен көзге түсіп, ұлыс begi боллады. Дулат өзінің немере ағасы Сөгө қаза болғаннан кейін Түргеш мемлекетінің ханы сайланады.

Халық шежіре деректері бойынша үйсіндер Сарыүйсін (Түргеш), Алүйсін (Шапырашты, Ысты, Ошақты) және Қараүйсін (Албан, Суан, Дулат) болып үшке бөлінеді. Соңда Қытай жазбаларындағы Сары Түргеш дегендер Сарыүйсін

немесе Тұргеш болса, ал Қара Тұргеш – Қарағайсін Дулат болып шығады. Өйткені қазақ халқында Қаратұргеш деген рутайпа жок [51].

Дулат 711–738 жж. хан болып, мемлекеттің Тұргеш атын сақтап, халықтың ынтымаған арттырған. Қытаймен карым-қатынасы салқын болған. Дегенмен Қытай Дулатты хан деп танып, 716 жылдан бастап онымен дипломатиялық катынас жасай бастайды. Осы кезде Араб елі Тибетпен одектаса бастаған. Қытай Тұргеш мемлекетімен байланысын күшетуге тырысып, арабтарға қарсы бірге құресуге шақырады.

Арабтың жаңа билеушісі халиф Хишам (724–743) өзі мемлекет басына келген 724 жылдан бастап исламды тарасту мақсатында Дулат ханның Тараз қаласындағы ордасына дін үағыздаушыларын, елшілерді жібере бастайды. Ол өз нәтижесін берді де. Мәселен, шамамен 751 жылы Тұргеш мемлекетінің негізгі халқы малын өрістеп Арқа асып, алыска ұзап кеткенін пайдаланған Қытай мен Араб әскерлері Тараз қаласының шығысындағы Атлахта (оның қалдырық қазіргі Ақыртас немесе Жуантөбе) қорғанында үлкен соғыс ашады. Осы соғыс дабылын есітіп жеткен тұргештер Арабты қолдап, Қытайды женгенді белгілі.

Тұргеш хандығы ресми түрде 698–766 жж. дербес мемлекет саналған. Қытай жазбаларында Тұргеш атауы алғаш 645–650 жж. оқиғаларына байланысты кездеседі, яғни Тұргеш (Сарығайсін) тайпасы осы кезде белгілі болған.

Қаралақ немесе **Қаралық хандығы**. Ежелгі Үйсін мемлекетінің негізін қалаған қазақ халқы тарих ағымында пайда болған жеке этникалық тайпалар ретінде 766–940 жж. өмір сүрген Қаралақ хандығының да этникалық негізін құрады. Бұл хандық кезінде мемлекеттің байырғы қазақ халқы мәдени дамуын жалғастырды. Мемлекет арқылы өткен Ұлы Жібек жолымен Батыс пен Шығыс елдерінің арасындағы қатынастар жанданып, жол бойындағы қалалардың маңызы арта түсті. Қөптеген жаңа қалалар мен бекеттер салынды. Үлкен өзендер мен көлдердің жағасында да жаңа елді мекендер пайда болды. Осы қалалардан Қаралақ мемлекетінің мәдениетін жазған ғалымдар шықты [16]. Мемлекеттің астанасы Шу бойында бой көтеріп Қаралық деп аталған, ол кейін Баласағұнға айналған [37].

Қаралақ хандығы қазақ халқына арабтардың ықпалы күштегі бастағанда құрылды. Осыған байланысты IX–X ғғ. араб діндарларымен қатар ғалымдары да келіп, қазақ елімен жан-жақты таныса бастаған. Ұлы Жібек жолының

бойындағы қалалар мен бекеттерді, жалпы Қазақ даласының жер жағдайын Араб, Парсы мемлекетінің саяхатшылары мен ғалымдары арнайы келіп, толық сипаттап жазған.

Самани әулетінің негізін салған Исмаил ибн Ахмед 893 жылы Таразға әскери жорық жасайды. Қиян-кескі соғыс ұзаққа созылған. Қалың бүкара арасында көптеген жылдар бойы исламды уағыздаушылардың жүргізген жұмысы нәтижесіз болмаған. Қарамағындағылардың ислам дініне қарсы еместігін білген Тараз әміршісі Оғұлшақ женілгенін мойындап, исламды қабылдауға ықлас білдіреді. Қалада алғашқы мешіт ашылады. Осы кезден мемлекет басқаруда ислам дінінің маңызы арта бастайды.

Қарахан хан әулеті. Бұл мемлекет құрылғанда оны басқаруда жана саяси тәртіп орнады. Ел билеушілері мен ру-тайпа арасындағы дін уағыздаушылары казақ халқының өткенін де, сол кездегі өмірін де ислам қағидаларына сәйкестендірумен болды. Бұл кезде жазу мен бейнелеуге тыйым салынды. Осыған байланысты академик В.В. Бартольд Қарахан әулеті билік жүргізген заман түркілер мемлекеті мәдениетінің көрінісінде арабша аттармен аталған.

Тараздың билеушісі болған Оғұлшақтың немере інісі Сатух Бұғра ханды (915–955) Қарахан әулетінің негізін салушы деп есептейді. Сатух Бұғра хан Тараз, Қашқар, Баласағұн қалаларын өзіне қаратып, ислам дініне кіргізген 940-шы жыл Қарахан мемлекеті тарихының басы саналады. Сатух Бұғра хан қайтыс болған соң, оның орнына баласы Мұса отырады. Ол 960 ж. ислам діні Қарахан елінің мемлекеттік діні деп жариялайды [38].

Қарахан мемлекеті мен оның халқы туралы деректерді XI ғ. бастап жерлес ғалымдарымыз Жүсіп Баласағұни, Махмуд Қашқари, Араб және Батыс ғалымдары жазған. Тарихқа “Қарахан әулеті” деген терминді XIX ғ. проф. В. Григорьев кіргізген. Дегенмен, қарахандардың кім екені, олардың шыққан тегі толық белгісіз. Жалпы алғанда қарахандар жергілікті елдің өкілі екені ақиқат. Мұхаммед Хайдар Дулати Ташкент пен Тұрған аралығындағы өнірді негізінен дулаттар мекендерегенін жазған [37].

Тарихи деректерде Қарахан мемлекетінің халқын *шато* (*жете*) дейді, бұл сөздің қытайша мағынасы *далалықтар* дегенді білдіреді. Қытай барлық далалықтарды осындай жалпылама атпен жете (шато) деп атаған. Ал Батыс пен Араб елдерінде Қазақ даласы XI ғасырда шығыстан келген

қыпшақ тайпасының атымен Дешт-и Қыпшак аталған. Қыры Шығыстан қоныс аударған қидандардан шықкан қыпшактар өзінің жолында Ертіс бойында (қазіргі Павлодар облысы аумағында) орналасқан дербес Қимақ хандығын күретіп базып өтіп Қазак даласына келгені белгілі. Қарахандықтарға келсек, қарахан деген сөздің негізінде “қарауісін” жатқаны көрінеді. Сонда қарауісін—дұлаттар Қарахан мемлекетінің халқы – қарахандар екені байқалады.

Қарахан мемлекетінде XI ғ. сонына қарай саяси дағдарыс белең алды. Ел басылары билікке таласып, жіңі қақтығысатында шығарды. Өзінің жағдайын жақсарту максатында Баласағұн билеушісі Арслан хан Уссури алқабынан (Қыры Шығыстан) Алтайдың онтүстік сілемінен келіп топтасқан қидандарды (қара қытайларды) көмекке Жетісуға шақырады. Қытайдың қысымынан құтылған қидандар 1130 жылы бір бөлігі Қашқарға, екінші бөлігі Баласағұнға жорық жасайды. Тұрған, Жетісу, Мауераннахрды имеденген қидандар көсемі Иелұй Даши өзін горхан (ұлы хан) деп жариялады [38].

Деректемелер бойынша қидандар алғашында халыққа қысым жасамаған, қалаларды қорғаған. Олар 1133 жылы Шу бойындағы Баласағұн қаласының қасына жана астана салып, оны “Құзорда” (өзен жағасындағы қала) деп атаған. Кейін горхан қысымын арттырған кезде халық оған наразылық білдіріп, сырт айнала бастайды. Қазак даласына Монгол жерінен Шыңғыс хан тегеурініне қарсы тұра алмай келіп, Ертіс бойын мекендерген наймандардың Қүшлік (Қүшті) ханы айламен Жилигу горханды оның ордасында өлтіріп, өзін билеуші жариялаған.

Осылайша билікке қол жеткізген Қүшлік хан қарамағындағы әр түрлі дін өкілдерін дұрыс билей алмағандықтан елеулі наразылықтар туындал отырған. Ол түрлі айла қолданып, қарамағындағыларды Шыңғысханға қарсы бағыттаумен болды. Бірақ Жебе басқарған мангол жасағы Қүшлікті Сарықұмда қолға түсіріп, 1218 жылы қозін жойды. Шыңғысханға қарсылық жасап келген Наймен тайпасы толық берілді.

Тұрғаннан Орта Азияға дейінгі аймақты қамтыған біртұтас мемлекеттің бөлшектеніп әліреуі, Қарахан әулетін дәрменсіздікке әкелді. Діни және саяси ұstemдігін пайдаланып, Хорезм шахы Мұхаммед 1212 жылы Қарахан әулетінің соны өкілі Қылыш Арслан ибн Қылышты өлтірді.

Қарахандар заманында Ұлы Жібек жолы арқылы сауда мен мемлекет аралық катынастар дамылсыз жүріп жаткан. Қалалар көркейіп, олардың мәдениеті мен халықаралық маңызы артқан. Жана қалалар мен елді мекендер пайда болды. Тараз, Сайрам, Отырар қалалары ерекше өсіп көркейді. Сәулет өнерінің жаңа ескерткіштері тұрғызылды. Тараз қаласы мен оның маңында Қарахан (әулие Ата), Айшабиі, Бабаджакатун, ал Сайрамда Ибраһим ата, Қараашана кесенелері мен басқа да көптеген діні сәулет ескерткіштері бой көтерді. Уақыт сынына шыдамаған, күтімсіз қалған сәулет ескерткіштері кейінгі кездері қирап кетті.


Қарахандардан кейін қидандарға астана болған Баласағұн қаласын хорезмдіктер қиаратып кетті. Қала қайта қалпына келе бастаған шақта, 1219 жылы Шыңғысханның қалың қолы Қазақ даласына лап койды. Баласағұн билеушілері оларды қаланың қақпаларын ашып қарсы алды. Осыған байланысты ол “Го-балиг – жақсы қала” аталып қала берді. Шыңғысхан әскери Тараз, Сайрам, Отырар мен Орта Азия қалаларын бағытқа алып, даланы дүр сілкінтіп батысқа тарта берді. Осы сілкініс нәтижесінде Қазақ даласында және жалпы Орталық Азияда біртұтас нық империя орнады.

Жарты әлемге үстемдік еткен бұл империя далалықтардың жоғары мәдениетін, олардың әскери және саяси ұйымшылдығын, оның билеушісі Шыңғысханның және оның ұрпактарының ұлылығын дәлелдейді. Шыңғысханның аса дарындылығы мен көрегендігін, білгір саясаткер және қолбасы екендігін оның үстем тап өкілдері ғана емес, қарамағындағы қарапайым халыққа да, әр түрлі дін ағымдары мен оны тұтынушыларға да бірдей жағдай жасағаны көрсетеді. Ол мемлекет басқаруда діннің алатын орнын түсінген. Шыңғысхан орнатқан империя тарихта ұзак өмір сүрген. Бұл империяны алғашкы демокраиялық мемлекет десе де болады. Оның құрамындағы және құрамына өз еркімен кірген мемлекеттер демократиялық қағидалар өздерінің мүддесін қорғайтындығына сүйенген.

9. ЕЖЕЛГІ ДАЛАЛЫҚТАРДЫҢ, САҚ-ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІ

9.1. Әлеуметтік жағдайы

Алғашқы адамдар табиғат-ана берген жеміс-жидектермен, тұрақтарына жақын жайылып жүрген андардың етімен қоректеніп өмір сүрді. Адам санатына жаңа көтерілген табиғаттың төл перзенттері тіршіліктің тауқыметін көп тартқан жок. Құндізгі ыстық пен тұнгі салқыннан денесін жапқан қалың түк қорғады. Тұрақтарын саялды орман-тоғайлар мен сырт көзден қаға беріс ықтасын жерлерден сыйлады. Адамдардың қажеті тамактанумен және жыртқыш андардан қорғанумен ғана шектелді. Осы қажеттерді өтеу үшін қарапайым тас құралдар жеткілікті еді (9.1-сурет).



9.1-сурет. Қазақ даласын мекендең адамдардың даму кезеңдерінің салыстырмалы мөлшері (Париждің Адам мұрағатындағы ұлғі бойынша): 1-мезолит; 2-неолит; 3-энеолит (мыс) ғасыры; 4-қола ғасыры; 5-темір ғасыры

Сырттай қараганда біркелкі көрінгенімен, табиғаттың кездейсок құбылыстарымен арпалысқан алғашқы адамдардың өмірі мыңжылдықтарға созылып, жалғаса берді. Адамдар қауымының саны кебейіп, жаңа тоptар құрылды. Олар жаңа мекендерді игеріп, жаңа тұрактарға ауысының жиletті. Ашель мәдениетіне сәйкес келетін заманға жеткен адамдар өмірден біршама тәжірибе жинақтады. Аңшылық көспіті жетік менгерген адамдардың қолдары еңбекке бейімделіп, тас құралдарды жасауды жетілдірді. Олар құралдар жасайтын шакпактас қабаттары бар жерлерді тауып, шикізат тасы өндіріп, олардан құралдар жасайтын қарапайым шеберханалар үйымдастыра бастады. Өндіріс орындарынан алыс тұрактарға ауысканда адамдар шикізат кесектерін өздерімен алып жүретін болды.

Мұстє мәдениеті заманында адамдар өздерінің табиғи тұрмыстарына өзгерістер енгізе бастады. Олардың сана-сында әлеуметтік өзгерістер орнап, тайпа көсемдігіне да-рынды, қабілетті адамдар келді. Еңбекке бейімделіп, сайлы тұрактарды мекендерген адамдардың денесіндегі тұкттері азайды. Аяу райы салқындан кеткенде терісі жұқарған бұл адамдарды ықтасындағы тұрактары да корғай алмауы жиіледі. Өмірден жеткілікті тәжірибе жинақтап, ойлау қабілеті жетілген адамдар қыыншылықтардан шығу жолдарын карастырады. Тұындаған мәселелерді шешуде тайпа көсемдері окшауланып, ерекше орын ала бастайды.

Адамдар аңшылықты бұрынғыдай ретсіз жолмен емес, ақылласып кеңесіп шешіп отырды. Аңдарды қаумалап немесе қуалап ауламай, наиза сияқты құралдарды алыстан лақтырып құлатудың тиімді жолдарын тапты. Тас құралдарын жетілдіріп, тіршілікке ынғайлы жаңа тұрларін жасауды менгерді.

Алғашқы адамдар қауымының ен негізгі мәдени жетістігіне отты пайдалана білуді жатқызамыз. Отты пайдалануды үйренген адамдар мәдениеттің жаңа сатысына көтерілді. Алғаш, осыдан 150—180 мың жыл бұрын отты кездейсок жай оғынан немесе өрттерден алып, өшірмей қоламталап отырған адамдар, оны өздері жаға алатын дәрежеге жетті. Осы уақыттан бастап адамдар сұықтан корғану мәселесін шешкен. Отқа етті қақтап, дәмді етіп жеу де жетістік еді.

Сұықтан корғанудың және бір жолын тапқан адамдар, өздері аулаған андардың терісін жамылып жүруді үйрене бастады. Тайпалар өздеріне ынғайлы жерлерді таңдал, тұракты мекендеріне айналдырды. Өмірге үрпақ әкелген әйелдер тайпада ерекше құрметке ие болады.

Тайпаларды басқаруға ақылы артық көсемдерді шығарған, от жағуды үйреніп, тері жамылған, дүниеге өмірді жалғастыруши ұрпақтар әкелетін әйелдерді сыйлай білген алғашқы қарапайым адамдар қауымы осы жетістіктерінің арқасында мәдениеттің жана сатысына көтеріліп, *саналы адамдар* санатына шыкты.

Еуропа ғалымдары тарихқа *Ориньяк мәдениеті* деген атпен енгізген соңғы палеолит заманын, осыдан 30–40 мың жыл бұрынғы саналы адамдардың далалық тайпалары өздерінің ататегі – қарапайым адамдар мұра етіп қалдырған жетістіктермен бастады. Бірақ, бұл жетістіктер олардың өскелең өмір қажеттерін толық өтеуге өлі қабілесіз еді (9.2-сурет).

Коршаған ортаға таныммен қарай бастаған адамдар қоғамында, табиғаттың кайталанатын кейбір түсініксіз құбылыстарына табынуға байланысты, нанымның алғашқы белгілері пайда болды. Олар баспанага лайық үнгірлерді өздерінің тұракты мекендеріне айналдырды. Өмірге ұрпақ әкелген, үнгірлер мен өздері жасаған қарапайым баспаналарда тұрмыс тауқыметін қолдарына алған әйелдер үстемдік жасап, *матриархат қоғамы* орнады. Әйелдер тамак дайындала, аң терілерін сұрыптап, жамылатын киімдерді жасап және оларды қауым мүшелеріне бөлуді де өз міндетіне алған.




9.2-сурет. Саналы адамдар өмір сүрген замандар мен қазіргі кезең

Қазак даласына солтүстігіндегі Шығыс Еуропа мен Батыс Сібірден жеткен ұзаққа созылған сүйк мерзімдер саналы адамдарды алыс мекендерге, басқа құрлықтарға қоныс аударуға мәжбүр еткенін білеміз.

Осындағы жетістіктермен сонғы палеолит заманын аяқтаған саналы адамдардың далалық тайпалары плейстоцен мен голоцен замандарының тоғысында әлеуметтік секіріс жасап, мәдениеттің жаңа сатысына – *өркениетті адам* санатына шықты.

Негізгі кәсібі аңшылық болып қалған далалық тайпалар ірі андармен қатар жылдам жүгіретін ұсақ бөкендерді аулаумен де шұғылданды. Бұл ретте аңшылар ескілікті тас қарулары тиісті нәтиже бермеген соң, найзаларын жетілдіріп, алысқа лақтыратын және ататын сақпан, садақ секілді құралдарды ойлап табады (9.3-сурет).



9.3-сурет. Арпаәзен V петроглифі [31]: текені атып түсірген садақшы, олардың екі арасын-да ит бейнеленген (б.д.д. 2-ші мыңжылдық)

Иттер аңшылардың сенімді серігі мен көмекшісі болған (9.4-сурет).



9.4-сурет. Аксу-Жабағылы петроглифі [31]: аңшының теке ұстаған иті бейнеленген (б.д.д. 3–2-ші мыңжылдықтар)


Қазак даласының *protосақ тайпалары* да ата кәсібі аңшылықпен шұғылданып, байтак өлкелерде көшіп-қонып, тұрып жатты. Тастан, сүйектен жасаған енбек құралдарымен

тері өндеп, жұннен мата тоқыды, әр түрлі ыдыс-аяктар жасады. Неолит заманында адамдар жабайы аңдарды колға үйретіп, шаруашылықпен айналысады менгерді. Қол өнері жылдам дамып, шеберлер асыл тастар мен алтыннан әшекей зергерлік бұйымдар жасау кәсібін игерді.

Малшаруашылығы мен қол қүшін қажет ететін қәсіптер ереккетерді алға шығарып, қоғамда *патриархат* орнады. Адамдар су жағалауларына жақын ұнгірлерді мекендеумен қатар, тас пен ағаштан баспа на жасауды үйренді. Ұнгір қабырғаларына, жартас беттеріне аңдарды, аңшылық қөріністерін асқан шеберлікпен бейнелеген суретшілер шықты. Осы суреттерден қазір жойылып кеткен, бір кездері Қазақ даласын мекендейген тур, бизон сиякты аңдарды қөреміз (9.5- және 9.6-суреттер).



9.5-сурет. Қойбағар I петроглифі [31]: ортада үлкен бұқа, оның он жағында – шоқпар үстеган адам, екі арқар; бұқаның төмөнгі жағында – екі им; сол жағында – қабан және мысық түкымдас жыртқыш; бұқаның үстіңгі жағында – елік бейнеленген (б.д.д. 3–2-ші мыңжылдықтар)



9.6-сурет. Қойбағар II петроглифі [31]: ат жеккен адам садақпен текені атып тұр. Үстіңгі сол жақ бұрышта – турдың бейнесі, ал оң жақта және бір садақшы текені атып тұр (б.д.д. 3–2-ші мыңжылдықтар)

Неолит заманының соңына қарай, энеолит (мыс) заманының басында мыс сомтумаларынан еңбек құралдары мен қару жасауды менгеріп, кен-металлургия саласын және басқа кәсіптерді игерген *сақ тайпалары* тарих сахнасына шықты.

9.2. Кәсібі

Қазақ дала сын мекендеғен ежелгі далалықтар мен протосақ тайпалары негізгі кәсібі аңшылықпен қатар өзен бойлары мен көл жағалауларын мекендей, балық аула-умен де шұғылданды. Олар далаларды, өзен алаптарын мекендейді. Осыдан шамамен 10 мың жылдай бұрын сүйк заман басталғанда протосақ тайпалары Таяу Шығыс пен Орта Шығыстың тіршілікке қолайлы мекендеріне қоныс аударған.

Мезолитте Таяу Шығысты қоныстарына айналдырған протосақ тайпалары сан жағынан жылдам көбейіп, халықтың тығыздығы артты. Аңшылық мүмкіндігі шектеулі өлкे адамдарға байырғы кәсібімен шұғылдануына мүмкіндік бермей күн көрісін қыннатып, тіршіліктің басқа жактарын табуға итермеледі. Тығырықтан шығудың бір жолы – жабайы өскен дәнді дақылдарды жинап, тамаққа пайдалану еді.

Неолитте адамдар жабайы дақылдар өнген жерлерді күтімге алып, топырағы құнарлы әрі ылғал өзен алаптарына өздері егін өсіре бастайды. Қораланып жайылған андарды да камқорлығына алып, біртінде үй жануарларына айналдырады. Осылайша өндірістік шаруашылықты игерген отырықшы өркениет қалыптасты.

Өндірістік шаруашылықпен айналысқан отырықшы адамдар мекендеғен өлкелер тұрғындарының тығыздығы өсе түсті. Егін шаруашылығы, мал шаруашылығы және басқа да кәсіптер адамдардың арасында айырбас пен сауда қатынастарын туындасты. Кәсіпкерлер еңбек құралдарын тастан және сүйектен жасады, қыштан ыдыстар дайындады. Терілерді өндеп, жүннен ирген жіптен мата тоқып, киімдер мен тұрмыстық заттар тіккен шеберлер шықты.

Археологиялық деректер бойынша Қазақ даласын мекендеғен тайпалар малды алғаш неолитте қолға үйрете бастаған. Мәселен, Онтүстік Қазақстан облысы Түркібасы ауданындағы *Қарауңғır тұрағында* табылған мәдени қалдықтар, үнгірде сақталған қой, сиыр және жылқы сүйектері – адамдар осыдан 7 мың жыл шамасы бұрын жабайы андарды қолға

үйрете бастағанын көрсетеді. Осы кезден бастап далалықтар мал шаруашылығымен айналысып, өркениетті кәсіпке ауысқан. Голоцен оптимумындағы жылдың кезеңде (осыдан 5–6 мың жыл бұрын) жылқыны мініс көлігіне пайдаланған далалықтар малын жайып *ендік бағытта да, бойлық бағытта да* еркін көшіп жүрген. Бұл кезде Қазақстанның онтүстігі де, солтүстігі де мал шаруашылығына қолайлы болған. Оның күесі – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында табылған **Ботай қазбалары** ескерткіші. Энеолит (неолиттен кейінгі мыс ғасыры) мәдениетіне жататын бұл тұрақты адамдар осыдан 5 мың жылдай бұрын мекендеген. Тұрақта тас құралдар, мыстан жасалған бүйімдар мен қарулар табылған. Әсіресе қой мен жылқы сүйегі көп табылған. Жылқының бас сүйегіндегі тістерді зерттегендеге, оларда ауыздықтың ізі қалғаны анықталған. Яғни, бұл мекенді қоныстанған адамдар жылқыны ауыздық салып көлік ретінде мінген.

Мал шаруашылығымен айналысқан далалықтар кейінгі замандарда жайылымдарын өзгертуенде жылқыны салт мінумен катар, тіршілікке өр түрлі көлікті пайдаланған (9.7-сурет).



9.7-сурет. Қаратай петроглифи [31]: қос ат жеккен екі дөңгелекті және қос өркешті түйе жеккен төрт дөңгелекті арба (б.д.д. 2–I-ши мыңжылдықтар)

Қазақ даласынан шығыска қоныс аударған кенші сақтар Алтайдан асып қазіргі Шор елінде, Саянда, Темірші Ала-тауында жаңа кенонындар ашты. Олардың ішінен болат қорытып, қару-жарап жасайтын шеберлер шықты.

Кен өндіріп, металл игерген замандарда кәсіптің сан түрі қарыштап дами бастады. Отырықшы өмір салтын қабылдаған адамдар тұрғын үйлер салып, ғимараттар тұрғызып, өнеркәсіп өнімдерін алмастырып, біртіндеп сауда жасауды үйренеді. Осының негізінде қазіргі заман мәдениеті бастау алады.

9.3. Тілі

Тіл ге келсек, қазіргі өзіміз сөйлеп жүрген тілдің негізі дала халқында ертеде қалыптасқан. Әрине, уақыт пен замандар ағымына қарай бұл тілге көптеген диалектілік өзгерістер енгені белгілі.

Әйтілі ғалымдар Д. Кішібековтың [32] пікірінше, тіл – адамдар қарым-қатынасының құралы ретінде, олардың табиғи ортаға қатысты білгені мен сезімін жеткізу үшін объективтік қажеттілікten пайда болған. Тілдің дамуы ұзақ процесс. Алғашқы гоминидтердің жекелеген кездейсок дыбыс, айқай түріндегі *nіkір алмасуынан* саналы адамдардың (*Homo sapiens*) мағыналы сөздерді айта білу қабілетіне жеткенге дейін жүздеғен мың жылдар өткен.

Алғаш ауызша қалыптасқан тіл – дыбыс, жест (ишират, қол қымыл) және мимика (ым, бет қымыл) тілдері ретінде қалыптасып, өте ұзақ даму жолынан өткен. Дыбысты тілге дейін жест пен мимика тілдері болған. Ал, жест тілдері өмірге мимика тіліне дейін келген. Жест тілі әр түрлі дыбыстарды пайдалану арқылы қолданылса, ал мимика тілі үнсіз де айтыла алады.

Адамдар алғашқы өзара қарым-қатынасты әр түрлі дыбыс белгілері арқылы жасаған. Ары қарай, алғашқы адамдар еңбек пен өзара байланысты жетілдірген сайын, дыбыс белгілері өзіндік мағынаға ие болып, гоминидтер мен саналы адамдар арасын жақындаға берген. Дыбыс белгісі біртіндеп даму барысында дыбыс тілі пайда болған. Дыбыс тілі – сөзге айналған.

Адамдардың тілі олардың өздері жасаған еңбек құралдарының мәдени деңгейіне сәйкес келген. Тасмалтаны қарапайым өндеуден өткізіп пайдаланған алғашқы адамдардың тілі де қарапайым болған. Адамдардың еңбек құралдарын дайындау шеберлігінің өсуі – олардың мәдениеті мен тілінің даму деңгейінің көрсеткіші.

Тіл басқа табиғи құбылыстар сияқты ұдайы қозғалыс пен даму жолында. Дыбыс, жест, мимика, петроглифтер және әр түрлі белгілер – айқын тіл мен жазу пайда болуының алғышарттары. Табиғатпен бетпе-бет өмір сүрген алғашқы адамдар, далалық тайпалар тілдің осындай алғышарттарын қолданып, саналы адамдар санатына жеткенде, кәдімгі түсінікті адам тілін еркін менгерген [32].

Алғашқы адамдардың, ежелгі халықтардың қандай дыбыс белгілерін пайдаланғанын, дыбыс тілдері қандай болғанын

айту қын. Жанама деректер бойынша Қазақ даласын мекендеген және осы жерден басқа мекендерге коныс аударған біздің қандастарымыз қазіргіге жақын тілде осыдан 20–25 мың жыл бұрын-ақ сөйлесе бастағанын айтуда болады. Оны Қазақ даласынан аталаған уақытта Америка континентіне өтіп кеткен үндістердің, қазіргі Орталық Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтардың тілін салыстыру арқылы онай байқаймыз. Мысалы, *taу* деген сөз алыстағы үндістерде де, жақын көрші қандастарымызда да бірдей тау – *tag* – *dag*, ал тас – *tash* – *daš* түрінде айтылады. Басқа да осындай ұксас немесе ортақ сөздер көп.

Ал, қазіргі қазақ тілі осыдан 5–6 мың жыл бұрын қалыптасқанын айта аламыз. Оның дәлелі – Атлантика кезеңінің соңғы бөлімінде Қазақ даласында орнаған *голосцен оптимумы* кезінде шықкан жер-су аттары. Мәселен, Арыстанды, Бұланты, Білеуті, Қазығұрт, Үрғайты және т.б. сол кезде шығып, бүгінге дейін сол калпында өзгеріссіз жеткен атаулар.

Сонымен, О. Сүлейменов айтқандай: “Алғаш – белгі шықты, одан оның ауызша сипаты – сөз шықты”. Белгіні алғаш ойлап тауып, пайдаланғандар – алғашқы далалықтар екенін ескерсек, алғашқы тілді (оның қандай түрін алсақ та) қалыптастырғандар да біздің қандастарымыз – далалықтар болып шығады [32, 45].

9.4. Жазуы

Қазақдаласында алғашкы жазу үлгісі ретінде Үлкен Караптау жотасындағы *соңғы палеолит* заманының Үшбас тұрағынан табылған сүйек тақтаға белгісіз аңшының арнайы салған белгілері қызығарлық назар аудараады. Бұл белгілер аңшы аулаған андардың саны ма, әлде басқа мағынада жасалған өрнектер ме, қалай десек те алғашкы есеп жүргізу мен жазудың үлгісі боларлықтай (Таймагамбетов, 2002).

Осыдан бастап адамдар табиғаттағы кейбір құбылыстарды, көрген андардың бейнесін қабілеттері жеткенінше жалтыр таастарға, үнгір қабырғаларына бейнелеуді әдетке айналдырыған.

Д. Кішібеков пен Т. Кішібеков айтқандай: “Жазу – тіл сияқты өзойын басқаға жеткізудің объективтік қажеттілігінен пайда болған, бірақ ол дыбысты пайдаланбай-ак, іштей өзара түсінісіді қамтамасыз етеді.” Жазу пайда болғанға дейін адамдар ауызша сөздер арқылы қарым-қатынас жасаған. Жазуды алғаш менгергендер – далалықтар болған [32].

О. Сүлейменов: “Гуманоид гомосапиенс санатына қарай алғашқы қадамды басын жоғары көтергенде Африканың кара тақтадай аспанында алтын бормен сыйылған күн белгісін көргенде емес, оны құмға саусағымен сыйып көрсеткенде жасаған. Осыдан кейін оны жұмсақ сазға таяқпен қайталап салған”, – деп бейнелеп айтады.

Барлық жерде ондаған мың жылдар бойы келе жатқан Күн діні алғашкы иероглифтерден басталып, оны Пайғамбарлар заманына дейін жалғастырыған [45].

Голоцен заманының басында соңғы мұзбасудан кейін қатты ыстық орнағаны белгілі. Бұл құбылыс атмосфера қабатына кіргенде жанған комета сынықтары мен метеорларға байланысты туындаған. Жанған комета-метеорлар адамдарға көптеген Күндер сияқты әсер еткен. Бұл құбылыс біршама ұзак (шамамен мың жылдай) созылып, өзіне табынатындай наным сезімін қалыптастырыған. Алғашкы суретшілір жанған *kiishi Kүnдерді* көргенде, оларға табынумен қатар өздерінің дәстүріне айналған мереке көріністерімен қоса жартастаға бейнелеуді әдетке айналдырыған. Осындай алғашкы өнер туындыларының бірі Алматыдан батыска қарай 180 км жердегі Аңырақай мекенінде табылған, оның жасы шамамен 4-6 (мүмкін тіпті 8–10) мың жылдай екенін айтуға болады. Бұл – қазір корғау мен күтімді қажет ететін әйгілі *Таңбалытас* табиғи жәдігері (9.8-сурет).



9.8-сурет. Таңбалытастағы “әулие көріністер”

Накты тарихи деректер бойынша б.д.д. 4-ші мыңжылдықта шумерлер аталған кенгір тайпасының адамдары сыйналап жазуды ойлап тауып, өркениетті заманның алғашқы беттерін тасқа шекіп жазып, мәнгілік ескерткіштер қалдырыды. Олар сонымен қатар үлкен қалалар салып, ғимараттар тұрғызыған жоғары мәдениетті қауым болған.

Қазақдаласын мекендерген сақтардың адамзат мәдениетінің ең биік шыны саналатын жазу өнері болған. Сақ жазуының бізге жеткен нұсқасы Есік корғанынан табылған «Алтын адамның» бейтінен шықкан *күміс тостағанда* екі жолға жазылған екен. Бұл көне қазак тілінде ерекше әріптермен жазылған қыска да нұсқа жазуды профессор А. Аманжолов (1993) былай тәржімелеген: «*Aға, саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бұк! Халықтың қарны тоқ (болғай)!*». Дегенмен бұл тәржіме ғылыми нақтыланған жок. Қазір бұл жазуды окудың 26 нұсқасы жасалған.

Есік корғанынан *Алтын адам* табылғанға дейін Қазақдаласын мекендерген адамдарда айтарлықтай мәдениет болмаған, ұрпақтар арасындағы ақпарат ете қарапайым жолмен, тек ауызша беріліп келген деген ұғым қалыптасқаны белгілі. Алтын адамның қасынан табылған *күміс тостағандағы* жазу бұл ұғымның теріс екенін, халқымыздың ежелден төл жазуы болғанын дәлелдеді. Есік қорғанынан табылған Алтын адам сияқты жәдігерлер Қазақстанның балық жерінде табыла бастады. Мысалы, дәл сондай және сол уақыт кезеңіне жаттын археологиялық ескерткіштер Шығыс Қазақстандағы *Берел* корғанынан және Батыс Қазақстандағы *Қырықоба* корғандарынан табылды.

Сақ-қазақтардың жазуы шумерлер (кенгірлер) жазуымен қатар, яғни б.д.д. 4–3-ші мыңжылдықтарда шыққанын дәлелдейтін айғақтардың табылатыны да құман келтірмейді. Оның дәлелі – әлі толық толық зертеуден өтпеген Жетісу, Қаратая, Алтай мен Мұғалжар ескерткіштеріндегі ғылыми жәдігерлер.

Батыс зияллылары мен ғалымдары сақ-қазақ халқының б.д.д. замандарда жазуы болғанын әлі білмегендіктен, алғаш жазу мәдениеті VI ғасырда түркілерде ғана болған деген пікір қалыптастырырды. Византия елшісі Менандрың 1860 жылы Санкт-Петербургте грек тілінен аударылып басылған күнделігінің нұсқасында жазылған [18]: *568 жылы... Византия патшасы скифтердің (Естемес хан жіберген) хатын аудармашылары арқылы оқып шыққан соң, елшілерді оте жақсы қабылдан, олардан түріктердің елі мен жерлерін тәппіштеп сұрады...*, деген мәліметті оқыған академик В. Бартольд тан

қалады. Осы деректерге сүйенген академиктің жазуды алғаш Естемес хан білген деген сондыктан.

Қазақ даласы мен қазіргі Орта Азия мемлекеттері арқылы өткен, б.д.д. II ғасырдың сонынан басталған Ұлы Жібек жолы Батыс пен Шығысты жалғастырғанын білеміз. Осы Ұлы жолмен жүрген жат елдіктер бір-бірін түсіну мақсатында түрік (ежелгі қазақ) тілінде арнайы сөздік жазылған. Бұл сөздік заман ағымында сан рет көшіріліп жазылып отырған. Оның латынша жазылған «Кодекус Куманикус» немесе «Кумандар кітабы» атты ортағасырылық нұсқасы бізге жетті. Осы кітап-сөздікті б.д.д. замандардан бері қарай Ұлы Жібек жолымен сапарға шыққан саудагерлер, елшілер, жиһангездер өздерімен міндетті түрде алып жүріп, ол ұшы-қиыры жоқ байтак даланы мекендеген ежелгі қазақ халқымен түсінісетін құралға айналған. Қоңа қазақ тілі Шығыстағы қытайлар үшін де, Батыстағы парсы, араб, грек-латын және санскрит тілдерінде сөйлейтін халықтар үшін де белуге міндетті халықаралық тіл санаған [16].

Ортағасырылық түркі (қоңа қазақ) тілі мен жазуын Киев Русі қабылдаған. Россиялық ғалым Мурад Аджидің мәліметіне сүйенсек, солтүстік өнірлердегі славян тілді орыстар, мысалы москвалықтардың өзі Киевке келгенде түрк тілінде сөйлеген киевтіктермен аудармашылары арқылы түсінісіді екен.

Қазір ежелгі қазақтар жазуды еркін менгерген озық мәдениетті халық екенін, олардың тілі осыдан 1,5 мың жыл шамасы бұрын да бүгінгі күнгідей болғанын Орхоннан табылған Құлтегіннің үлкен тас жазуы әлемге әйгіледі.

9.5. Діни науымы

Дін ілімнің негізі Қазақ даласында осыдан 10–12 мың жыл бұрын, геологиялық жылсанаудың ең жаңа заманы голоцен басталғанда қалана бастады. Табиғатта ерекше орын алған апатты кездегі аз іркілістен кейін Қазақ даласын мекендеген далалық, протосақ тайпалары жылдам өркендеп өсті. Сол кезде аспаннан түсken немесе ауа қабатында жанған ғарыш денелері, метеориттер адамдардың санасына ерекше түсінік тудыруды. Бұл жаңа құбылыс аспаннан Тәңір жіберген тылсым құштің көріністері ретінде қабылданып, далалық тайпалардан келе жатқан алғашқы қаралайым ұғымдар діни науымға ұласты. Халық арасында қазір де сақталған Тәңірге, отқа табыну осы науымның сол кезден бүгінге дейін жеткен көріністері.

Тәңірге табынудан басталған діни түсініктерді б.д.д. 4–3-ші мыңжылдықтардан бұрын (шамамен б.д.д. 7-ші мыңжылдықта) Дала пайғамбары танылған, қазіргі ғылыми

тілде Зороатуштра (ежелгі қазақша – Жаратушы жіберген Зората, көне эллинше – Зороастр) деп аталған тұлға сараптал, ең алғашқы дін зороастризмді дүниеге әкеліп қалыптастырыды. Зороастризм негізінде діни сарында айтылып, жазылған шығармалар туындаған бастады.

Халық жадындағы көп деректер, өкінішке орай Тәнірge табынған Қазақ даласының халықтарына кейінгі замандаarda Шығыстан келген Қытай уағыздыашыларының будда дініне, Батыстан келген уағыздыашылардың христиан дініне, ал VIII–X ғғ. арабтардың ислам дініне кіргізу үшін жасаған басқыншылығы, айла-тәсілдері мен зорлық-зомбылықтарының әсерінен көмексіленіп қана қоймай, жойтылып та кетті.

Мындаған жылдар бойы Көк Тәнірge табынып, б.д.д. 4-ші мыңжылдықтың сонына қарай (Диоген Лаэртский б.д.д. 7-ші мыңжылдықта дейді) Даға пайғамбары Зороатуштра негізін салған зороастризм нанымын санаусына нық сінірген халықты басқа дінге кіргізу онай болмасын уағыздыашылардың барлығы түсінген. Батыс пен Шығыс елдеріне жаңа ислам дінін күшпен қабылдатып келе жатқан арабтар, Орта Азия мен Қазақстанға да осы саясатына сеніп келді. Араб әскербасы Кутейба ибн Муслим қалың қолмен 712 жылы Хорезм мен Самарқандты, 714 жылы Шашты (Ташкент) басып алғып, Испиджабқа (Сайрам) шабуыл жасады. Араб әскербасы Зияд ибн Салих 751 жылы Тараз қаласын иеленген.

Олар жергілікті байырғы дінді уағыздыашыларды қырып-жойып, көнеден келе жатқан мәдени ескерткіштерді киаратты. Жергілікті халықтың ата-бабалары мен батыр тұлғаларына арнап салған балбалдар (*балуандар* – *тас мұсіндер*) мен ғимараттардың барлығы дерлік осы кезде қиаратылды. Ислам діні қазақтарға, жергілікті халықтарға жазуға, бейнелеуге, ес-кілікті түсінікте ғимараттар салуға қатаң тыйым жасады. Ислам дінін зорлықпен қабылдап, ислам дініне кірген далалықтар ежелгі жазуы мен бейнелеу өнерінен айрылып қалды.

Әйгілі шығыс жұлдыздарының бірі, хорезмдік ғұлама Әбубайхан Бируни өзінің осыдан 1000 жыл бұрын мәңгілікке қалдырыған «Өткен бабалар ескерткіштері» атты еңбегінде арабтардың әскери жорықтары туралы: «Кутейба ибн Муслим әл-Бахили барлық сауатты кісілер мен дін қызметшілерін қырып болған соң, олардың кітаптары мен қолжазбаларын жинап алғып өртеумен болды. Хорезмдіктер осылайша қараңғы, сауатсыз жабайы халыққа айналды, адамдардың жадында қалған өздерінің тарихы туралы кейбір деректермен ғана өмір сүрді», – деп жазған.

Зорлық әрекет екі ғасыр бойы жалғасып, өздерінің тарихын билетін саналы адамдар мен мәдени ескерткіштерді жойып отырған. Бұл, әрине, халыққа жасалған қиянат болды [16].

Бірақ, ислам өзінің отаны Араб елдерінде өнер мен ғылымға ерекше қамқорлық жасағаны белгілі. Мысалы, Бағдад қаласы 762 жылы арнайы ғылым ордасы болып салынып, онда «Даналық үйі» аталған ғимарат тұрғызылды. 786–809 жж. халиф болған Һарон-ар Рашид, оның өзінен кейін 813–833 жж. халиф болған ұлы Әл-Мамун 300-дей ғалымдарды арнайы жинап, жаңа іргелі бағыттар мен тақырыптарда ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуга тапсырма берген. «Даналық үйінде», қазіргі тілмен айтқанда Ғылым Академиясында, біздін көптеген қандастарымыз ғылымның сансаласы бойынша енбек етті. Алғебраның негізін салған Орта Азиялық Мұхаммед Хорезми (780–850) 20 жасында Бағдатқа келіп, ғылыми енбектерімен арабтарды әлемдік данққа бөледі, ол 37 жасында «Даналық үйін» басқарды. Біздін жерлесіміз, көне Отырадан шықкан Әбунасыр әл-Фараби (870–950) арабтардың ғылым ордасында жемісті енбек етіп (ол 70 халықтың тілін менгерген деген де дерек бар), өзіне дейінгі ғылыми жетістіктердің бәрінен асып кетті.

Әйтсе де VIII ғасырдан бері халық арасында рухани тұрғыдан үздіксіз насиҳатталып келе жатқан ислам дінін қазактар кабылдады. Қазақ халқы өздерінің жан дүниесі мен рухани талап-тілегіне үндес келетіндіктен Африка, Таяу Шығыс, Орта Азия халықтары сияқты мұсылмандықты қабылдап, ислам дінін тұтынып келеді. Осы жерде баса айтууды қажет ететін нәрсе мынау: имандылық қазақ халқының рухани бірлігін, ислам кеңістігіндегі туысқан елдермен экономикалық және мәдени қарым-қатынастарын нығайтууды қамтамасыз етеді. Сондықтан, халықты ислам дініне тарту жұмысын дәйекті тұрде жүргізу керек. Біздін бұл іске селқостығымызды пайдаланып, басқа діни секталардың (будда, кришна және т.б.) арамызға сыналадап кіруіне, қоғамға жік тузызына жол беруге болмайды.

9.6. Өнері

Табиғаттың төл перзенттері – далалықтар өнерді, спортын атқа шабу, құрес, атыс, сайыс және басқа да сан түрін менгерген. Мысалы, Ксенофонт (б.д.д. 430–354) парсылық Кир патша (б.д.д. VI ғ.) Вавилон елінде өткізген бәйгеде ат құлағында ойнаған сақ барлық шабандоздарды шаш қаптыра озып шыққан екен деп жазған [4].

Өнерге келсек – ақындық, ән салып, жыр айту, би билеу және музыкалық аспаптарда ойнау қазактардың ежелден келе жатқан өмір серіктері. Музыка аспаптары, оларда ойнап ән салу, би билу қөріністері біздің заманға дейігі кездерде жартастарға бейнеленген (9.9-сурет).



9.9-сурет. Таңбалытас шатқалындағы “ежелгі бишілер”
(шамамен б.д.д. 5–3-ші мыңжылдықтар)

XIX ғ. сонында Қазақстанға келіп, жергілікті халықтардың өнері мен мәдениетін зерттеген В. Бартольд орыстар отырып-тұрып билейтін биді далалық қазактардан үйренгенін айтады [13].

Сонымен қатар, ежелгі далалықтар шығарған тоғыз құмалақ ойыны қазір қайта жанданып, ресми ұлттық ойындар қатарына қосылды.

Жергілікті ұфымдар – халық аузындағы өлең, мақал, мәтел, тақпак сөздер, аныздар, жұмбақтар, ежелгі өмір салты мен әр түрлі ғылымдар саласына арналған ауызша шығармалар ұшан-теніз. Бұлардың тамаша мысалдары ертеден мал өсіруді кәсіп еткен қазақ халқының өмірінен мол табылады. Тіршілік қамы үшін халқымыз ғасырлар бойы жұлдыздардың тууын, батуын, козғалысын бақылап, есептеп пайымдағанын поэзиялық формада тұжырымдал, далалықтардың халықтық астрономиясын жасаған.

Далалықтарда бейнелеу өнері жақсы дамығанын петрограф-лифтер (тасқа саланынған бейнелер) айғақтайды. Адамдар табиғи құбылыстарды, жануарлар мен жәндіктерді шеберлікпен бенелеген (9.10-сурет).

Сонымен қатар Қазақ даласының таулы алқаптарында жиі болып тұратын зілзала туралы, жердің пішіні мен өлшемдері

туралы түсінік беретін шығармалар да көп. Халық азызында жер жұмыртқадай, ол көк өгіздің мүйізіне орналаскан. Көк өгіз бір мүйізі талғанда оны екінші мүйізіне ауыстыра салады, сол кезде жерсілкіну болады деген аңыз тараған.



9.10-сурет. Габаевка (Жамбыл облысының Жуалы ауданы) петроглифи [31]: *жыландар, арқарлар, жаяу садақшы, салт атты жауынгер мен жеке адам (қола ғасыры)*

Геродот [21] сактардың киім үлгілері және алтын мен асыл тастардан жасаған әшекей заттарының көптігі туралы мәлімет жазған. Бұл туралы археологиялық ескерткіштер де көптеген мәліметтер беруде.

Казір түркі тілдес халықтардың барлығына ортақ қазынаға айналған ежелгі далалықтардан келе жатқан “Алпамыс”, “Қозы Қөрпеш-Баян сұлу”, т.б. шығармалары белгілі. Академик Элкей Марғұлан анызға айналған “Қозы Қөрпеш-Баян сұлу” эпосын арнайы зерттеп, бұл шығарма б.д.д. III–I ғғ. шамасында шыққан дейді. Лироэпостағы деректерге неғіздел, сол кездегі қазақтардың Жетісу-Сырдария аймағын қыстап, көктемде көліктерін ыңғайлаپ, мал-мұліктерімен Сарыарқаға көш түзейтінін айтады. Қатты ыстық басталмай тұрып Құлынды, Бараба көкмайса жазықтарында биелерін құлыннатқан. Содан ары қарай Батыс Сібір ормандарына кірген. Мұзды мұхиттың жағасына дейін жетеді еken. Салқын тұсқенде малдарын алдына салып, коныр салқынмен кері қарай Жетісу-Сырдария өлкесіне жетіп, осында қалған елжүртімен қайта кауышқан. Шығармадағы бағаналы деген мекен Сібірдің қарағай бағаналары өскен тайгасы, ал Балталылар ну орманда өткір балтаман жол салған өзіміздің қандастарымыз көрінеді. Балталы-бағаналы, өзен-көлді Сібір тайгасы ежелгі замандардан қазақтарға мекен болған [33].

Ежелгі далалықтардың өнері мен мәдениеті туралы мағлұмат беретін ескерткіштер Қазақдаласында кең таралған.



9.11-сурет. Қазақстанда жартасқа салған бейнелердің орналасу картасы [31]

Аңыз сарынында айтылып, басқа елдерге тарағ кеткен шығармалар қаншама. Қазактардың ойын-сауығы, той өткізуі ертеден қалыптасқан дәстүр.

9.7. Ғылымы

Қазіргі астрономия, сәулет (архитектура), сұрыптау (селекция), табиғатты тиімді пайдалану, медицина, ветеринария, философия және т.б. ғылымдар бастаудың ежелгі далалықтар мәдениетінен алады.

Қазактарда сақ тайпалары заманынан бері келе жатқан аспан денелерін бақылап, жұлдыз жорамалар жасау білімі болған. Осы білімнің негізінде, б.д.д. алғашкы ғасырлардан қазірге дейін қолданылып келе жатқан мүшелден (бір мүшел 12 жыл) уақыт өлшемдеу, жыл санау қалыптасқан. Мүшелден жыл санау жүйесі бірте-бірте Азия елдерінің бәріне тараған (9.1-кесте).

Ежелгі қазақ құнтізбесі

Жыл аттары (қазіргі жыл санауга сәйкестенүі)	Ай аттары (арабша аталуы)	Жұлдыз белгілері (қазіргі ай-күндерге сәйкестенүі)
1. Тышқан (1996)	Наурыз (хамал)	Тоқты (21 наурыз – 20 сәуір)
2. Сиыр (1997)	Кекең (сәуір)	Торпак (21 сәуір – 21 мамыр)
3. Барыс (1998)	Мамыр (зауза)	Егіздер (22 мамыр–21 маусым)
4. Қоян (1999)	Маусым (саратан)	Шаян (22 маусым – 22 шілде)
5. Ұлу (2000)	Шілде (асад)	Арыстан (23 шілде – 23 тамыз)
6. Жылан (2001)	Тамыз (сүмбіле)	Бикеш (24 тамыз – 22 қыркүйек)
7. Жылқы (2002)	Қыркүйек (мизан)	Тараразы (23 қыркүйек – 23 қазан)
8. Қой (2003)	Қазан (ғақраб)	Сарышаян-Бүйі (24 қазан – 22 қараша)
9. Мешін (2004)	Караша (қаус)	Мерген (23 қараша–21 желтоқсан)
10. Тауық (2005)	Желтоқсан (жәди)	Тауешкі-Серке (22 желтоқсан–20 қантар)
11. Ит (2006)	Қантар (дәлү)	Сүйфюші (21 қантар – 18 ақпан)
12. Доңыз (2007)	Ақпан (хұт)	Балықтар (19 ақпан – 20 наурыз)

Жұлдыздарға қарап ауа райының өзгеруін, аңдардың жайылу бағыттарын болжап отыруды далалықтар ежелден менгерген. Олар мындаған жылдар бойы аспан денелерінің қоршаған ортаға, жан-жануарлар мен адамдардың мінезіне тіршілігіне тигізетін әсерін бақылап, мол тәжірибе жинаған. Жұлдыздарға, жауырынға қарап және құмалақ шашып болжам жасау қазір де бар. Ғалым F. Ақпанбек Сарыарқада көп кездесетін қола заманы мен ортағасырылых кезең ескерткіштерін зерттеп, оларды жасаған шеберлердің табиғат ерекшеліктері мен аспан денелерінің қозғалысы заңдылығын білген жадышылар мен санау-өлшеу білімін (математиканы) жетік менгерген ғалымдардың көмегіне сүйенгендігі туралы дәлелді пікір айтады. Есепші ғалымдар да, аспан денелерінің орналасу ерекшеліктері арқылы табиғаттағы құрылыштардың құпия сырын білген жұлдызышы-жадышылар да, тас мұсіндер (балуандар) мен ескерткіш ғимараттарды жасаған шеберлер де жергілікті қазақ халқынан шыққан [3].

Жұлдызылымы *астрономия* жаратылыстану ғылымдарының алғашқысы болып ерте замандарда өмір талаптарынан туындалап, мал жайылған жазық далаларда, егін салынған аймақтарда дамыған.

Далалықтар ежелден аңшылық кәсіптің, мал шаруашылығының ыңғайымен аспан астында, аттың жалында – түйенің қомында өмір сүріп келген. Қазақтардың тағдыры да қылыш замандардан малға, ал малдың тағдыры шөбі шүйгін, сұлы жайылымға байланысты болған. Далалықтарды «жеті ағайынды жұт» қүйзелтіп отырған. Соңдықтан көшпелілер

байтак далада жол табуды, жыл мезгілдерін айыруды, мал төлдету, бие байлау, күзем алу, күйек салу мерзімдерін білу-ге мәжбүр болған. Бұл айтылғандар тау бектері мен өзен анғарларында егіншілікпен айналысқандарға да қатысты.

Казак даласының ежелгі тайпалары Күн мен Айдын қозғалысын, жұлдыздардың туатын және бататын кездерін, көрінетін орындарын жақсы білген. Бұл білім халықтың ауыз әдебиетінен берік орын алып, сол арқылы атадан балаға ми-рас болып қалып отырған.

Археологтар Орталық Қазакстанның Жанғабыл өзені бойынан VIII–X ғасырларда жерленген бір жұлдызышының зиратын тапты. Онда қабірге өлікпен бірге бір «жұлдызтас» – метеорит салынған. Қабір үстіне қаланған тастар арқылы Күн бейнесі көрсетілген зират үстіне оба үйіліп, оның жанына жұлдызышының граниттен шабылған тас мүсіні қойылған. Бұл жәйт ежелгі далалықтардың өмірінде жұлдызышылардың алатын орны ерекше болғандығын көрсетеді [9].

Ерте замандардан жеткен аспан денелеріне байланысты мәдени ескерткіштер аныз-әңгімелер, дастандар, жұмбактар ретінде айтылып, халық жадында сакталған. Ортағасырларда түркі халықтарынан әйгілі астроном ғалымдар шыққанын білеміз. Олар ферғаналық-тұрки мен оның баласы Ғабдыл-Хасен (IX ғ.), отырарлық Ғаббас Жауһари (IX), Әбунасыр әл-Фараби (870–950) және баскалар.

Ғалым-астроном және физик Х. Эбішев [9] астрономиялық білімді казак тілінде елге таратуда халықтың бұл жөніндегі замандар бойы қалыптасқан түсінігін, Темірқазық, Үркер, Босаға, Үшарқар-Таразы, Сүмбіле сиякты жұлдыздарға қойған аттарын жүйеге келтіріп, сыннан өткізді. Мысалы, тұтылу, тоғысу, туар ай, шок жұлдызы. Құжолы, Құйрыкты жұлдыз (комета) дегендер қашаннан елге мәлім болып, қалыптасқан терминдер. Планетаны ел арасында ежелден қыдырма жұлдыз – сайран дейді екен.

Казак астрономиялық ұғымдарының және бір өте құнды жері олардың дені халық шығармалары. Тіпті аспан денелері жайындағы ауыз әдебиеттің басым көпшілігінің авторы зерек аншылар, малшылар (койшылар мен жылқышылар) деп айтуға болады. Малшылар қысы-жазы, күні-түні мал соңында жүріп, алдындағы малмен бірге аспанға да көзін сала жүреді. Күрделі есептен тұратын тоғыз құмалак (басында оны қойдың кепкен құмалағынан жасаған) ойынын да ойлап шығарған далалық қойшылар.

Шаруаның жайы үшін халық арасында көп жағдайларда жұлдыз бақылау керек болған. Сарыарқадай шексіз жазира-да, Қызылкүм, Бетпақдала сияқы шөлдерде мaldы жайлауға, сулы құдыққа қарай тұнде өргізген малшылар Темірқазықты, Үркерді, Ұшарқар-Таразыны, Құсжолын белгілеп, адаспай жол табады. Тұнде көшу Алатау ішінде де қындық келтір-менен.

Тұнімен жайылған жылқыны, ашық далада түнейтін қойды көзден таса қылмай құзетіп отырады. Тұннің қаншасы өткенін құзетшілер Жетіқарақшының орнына қарай біліп, уақыт мөлшерін дәл анықтайды. Аңшылар мен диқандар, алыс сапарға шыққан жолаушылар уақытты және баратын жағын жұлдызға қарап айырған. Каспий мен Аral балықшылары ашық тенізде жұлдыз белгілеп, бағыттарын болжаған.

Мал бағып, аңшылық жасаған далалықтар Жетіқарақшыға қарап тұн мезгілдерін белгілеумен қатар, ол арқылы жыл мез-гілдерін де айырған. Аспан денелері өте ерте замандардан далалықтардың назарын аударып, сан қылы көркем ертек-аңыздарға арқау болған. Бұл аңыздар замандар ағымында түрленіп, айтушылардың парасатына қарай өзгеріп отырған. Көп аңыздардың негізгі желісі, ұзын ырғағы үзік-үзік болып бүгінгі қүнге дейін жеткен.

Далалықтардың санасынан берік орын алып, өмірінде манызды мәселелерді шешуге септігін тигізген аспан денелеріне Құйрықты жұлдыз (комета), акпа жұлдыз (метеор), Құсжолы жатады.

Бұл аспан денелері, оларды жіберген Көк Аспан алғашқы діни нанымдарды өмірге әкеліп, адамдарды табындырған. Жұлдыздарды бақылат, есеп жүргізген қарапайым діни нанымның көсемдері «Көк Аспан адамдарға қаһарын төкпесін деп» арнайы құрбандықтар жасап отырған. Егер Құйрықты жұлдыз немесе акпа жұлдыз өтіп кетпей, жерге түсетін болса, оларға «жайлы болсын деп» арнайы қонатын орындар дайындаған. Осындай нанымдық мағынада жасалынған ежелгі замандардың ескерткіштері әлемнің әр түкпірінен та-былып жатыр.

Ежелгі Қазақ даласын мекендереген халықтар мaldы сұрыптау (селекция) мен жайылымдарды тиімді пайдалану-ды (табиғатты пайдалану) ғасырлар бойы жинақталған өмір тәжірибесіне сүйеніп, ғылыми негізде іске асырып отырған. Сонымен қатар халық емшилігі де далалықтарда ежелден келе

жатқан білім саласы, ол қазіргі медицина мен ветеринарияның негізі болып қаланды.

Қазақ даласынан тараған ежелгі далалықтар барған елдерінің барлығын өздерінің озық мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, ғажайып киялдарымен таңдандырған. Қандастарымыздан көп мәдени және шаруашылық-өндірістік тәжірибе қабылдағанын сол елдерден казірге дейін көреміз. Мәселен, ежелгі гректер далалықтардан (сактардан) қабылдалап, мифтеріне қосқан жалғыз көзді дәу – циклоптар, аттан түспейтін батырлардың образдары – кентаврлар (сақтардың Тавр тайпасының ержүрек жауынгерлері), Кек Аспанды мекендеғен құдайлар; Рұм империясының негізін қалаған итруссактардың – этрусктердің қасқыр (құртқа) асырап алған баласы; Индияның дравид (дырау ит) халықтары айтатын қасқыр (құртқа) асырап алған бала – Маутли туралы анызы және т.б.

10. ШЕЖИРЕДЕН – ТАРИХҚА

Қазақхалқының ежелгі шежіресі сақ заманынан бұрын, протосақ тайпалары өмір сүрген кезден басталған. Ұақыт ағымында қоғамдағы әлеуметтік жағдайлардың өзгерісіне қарай, шежіре деректері де өзгеріске үшырап отырған. Кейінгі замандарда қоғамды баскарған, мемлекеттерді билеген тұлғаларды дәріптеуге байланысты аталақтарын солардан бастап таратып, шежіре деректеріне анахронизм элементтері кіре бастаған. Мысалы, шежіре деректерінде көптеген ежелгі этонимдер мен тұлғалар исламды қабылдаған заманға сәйкестендірілген, ал ежелгі және ортағасырлық тұлғалардың аттары Шынғысхан үстемдік орнатқан заманға немесе қалмактармен болған соғыстарға бейімделіп, окиға ұақыттары ығысады.

Бізге жеткен ежелгі тайпалар шежіресінің бірде бірі сол тайпа аталағынан бастап, қазірге дейін өмір сүрген ұрпактарының атын тізіп бере алмайды. Оның себебі, шежіре бұтқатары мен тармақтары заман ағымында өмірге келген кейінгі руладың аталақтарымен басталып, олардың арасындағы бірнеше ұрпактардың аты шежіреге кірмей қалуынан. Қазактар ұрпактарына жеті атасының атын жаттатқызып отырған. Шежірешілер ататегіне байланысты деректерді өзінен бастап таратып, ал жеті атасынан бұрынғы бабаларының тайпа аталағына дейін әр жетіншісінің немесе тарихи оқиғаларға байланысты есімдері ел аудында қалғандарының ғана атын келтіріп отыруы да мүмкін.

Әбілғазы ханының 1663 жылы жазған «Түрік шежіресінде» [8] бірінші адам – Адам ата пайғамбар осыдан 20 мын жылдай бұрын өмір сүрген болып шығады. Адам ата пайғамбар айтылған осы ұақытта өмір сүруі мүмкін, ал адамдарға келсек, олар осыдан 3 млн жылдай бұрын пайда болғаны ғылымда белгілі.

Диоген Лаэртский (I–III ғғ.) мысырлықтар өздерінің абыздары мен пайғамбарлары құпия пайдаланған философияны Пта Құдай (эллинше – Нілдің ұлы Гефест) б.д.д. 49194 жылы білген деген мәлімет келтіреді. Ал, Дала пайғамбары Зороастр (Зороатуштра) б.д.д. 7-ші мынжылдықта өмір сүрген деген накты дерек жазып калдырған [24].

Түркістан өлкесінің елдерінен аңыз-әңгімелер жинап, хаттаған Э. Диваев [23] өзбек пен қазақ халқы өздерінің ата-тектерін Құрандағы пайғамбарлармен байланыстыра баяндайтының жазған. Ал, қазақ пен өзбек этнонимдерін олар

Мұхаммед пайғамбардың өзіне барып қабылдап алған дегенді қисынсыз мәліметтерге жатқызады. Олай деуінің себебі, бұл халықтар Мұхаммед пайғамбарды көрген жоқ, ал оның атын қайтыс болғанына бір-екі ғасыр өтіп кеткеннен кейін ғана біле бастаған ғой.

Қазақ халқының тарихына қатысты мәліметтерді Шапырашты Қазыбек бек Таусарұлы 1779 жылы аталарының жадында сақталған және хатталған деректер негізінде жазып қалдырыған [51]. Бұл деректер Қытай жылнамаларындағы тарихи мәліметтермен негізінен үйлеседі. Бірақ, Үйсіннің алдындағы тұлғалардың аттары мен өмір сүрген уақыттары беймәлімдеу. Мүмкін бұл тұлғалар қазақ халқына дейін өмір сүрген сақ тайпалары билеушілерінің аттары болар.

Жаратылыстану ғылымдары деректеріне сүйенсек, қазақ халқының ежелден басталған тарихы төмендегідей болып шығады.

Біздің бағымызға қарай жасампаз табиғат-ана Еуразия континентінің Қазақ даласына осыдан 2 млн жылдан астам уақыт бұрын алғашқы адамдарды өмірге әкелген. Қазіргі қазақтар ататегін осы алғашқы адамдардан алып, әлемдегі ең ежелгі халықтардың бірі саналады (10.1-кесте).

10.1-кесте

Қазақ даласынан өрбіген адамдардың этногеографиясы

Қауымдар, тайпалар, этнонимдер	Мәдениеті	Өмір сүрген уақыты	Географиялық таралуы
1. Алғашқы адамдар	Қарапайым кезең	Б.д.д. 2 млн–40 мың ж. ж.	Қазақ даласы
2. Далалық тайпалар	Саналы адамдар	Б.д.д. 40–10 мың ж.ж.	Солтүстік Еуразия, Солтүстік және Оңтүстік Америка
3. Протосак тайпалары	Әркениеттің бастауы	Б.д.д. 10–4 мың ж.ж.	Қазақ даласы, Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс
4. Сақтар (скифтер)	Әркениетті кезең	Б.д.д. 3 мың ж.–Vf.	Еуразия Ұлы даласы, Орта және Қыыр Шығыс
5. Қазақ халқы:	Жаңа мәдениет кезеңі	Б.д.д. Vf.	Қазақ даласы
• түріктер		VI f.	Ұлы дала
• қыпшақтар		XII f.	Қазақ даласы, Шығыс Еуропа
• қазақ ұлты		1458 жылдан	Қазақстан және көрші мемлекеттер

Алғашқы адамдардың өмір сокпағының сан-қылы азапты сатыларынан өтіп, жан төзгісіз киындықтарды басынан кешіріп, үрпактарын біздің заманымызға аман-сау жеткізгенін адамзат тарихындағы ерліктердің ең біріншісі деп тану керек.

Алғашқы адамдар соңғы палеолит кезінде қалыптасқан саналы адамдар (*Homo sapiens*) санатына жеткенге дейін 2–3 млн жыл бойы өмірден тәжірибе жинап, бойына сіңірумен болды. Мүмкін, бұл біздің дәуірде қоғамда орын алған әлеуметтік өзгеріс-төңкерістермен салыстырғанда өте ұзак мерзім болып көрінер. Бірақ, алғашқы адамдарға «жабайылар» деген атаудан құтылып, саналылар санатына косылу үшін басқа жол жоқ болды. Қалай десек те, адамзат үшін өмірдің бірінші кезеңі өтіп, екінші – саналы адамдар кезеңі басталды.

Қазак даласын мекендерген саналы адамдар қауымы далалық тайпалар атaldы. Далалық тайпалар – өмірге бейімделген, табиғаттың біраз қыр-сырын менгерген адамдар. Олар аңшылық кәсіппен өмір сүріп, тіршілік қажеттілігіне байланысты байтак өлкелерде көшіп-қонып мекендерді. Дегенмен, табиғаттың адамдарға сыны таусылған ба? Үйреншікті мекендерінде мындаған жылдарға созылған сұық кезендер басталып, далалық тайпалардың басына қара құндер туып отырды.

Соңғы палеолит кезеңінің екінші жартысында, осыдан 12–25 мың жыл бұрын, Еуразия континентінің Солтүстік белігін түгелдей қамтыған мұзбасу кезінде Қазак даласында аңшылық кәсіппен өмір сүру мүмкін болмай қалды. Далалық тайпалар көші-қон жолына түсті.

Мамонт фауна комплексінің ірі сүтқоректілер топтарына аңшылық жасаған далалықтардың көшілігі Сібір тайгасынан асып, Аляскаға жетті. Америка континентінің табиғи жағдайлары Еуразия континентінің Солтүстік белігіне ұқсас болғандықтан, далалықтардың өмір сүру салты өзгеріссіз қалды.

Суыққа шыдамаған андар тобыры онтүстікке ауа бастаған кезде, далалықтардың біраз тайпалары солардың ізімен Орта және Таяу Шығыс өлкелеріне кетті.

Алыс өлкелерге қоныс аударып кеткен халықтар мен Қазак даласының қазіргі халқының, яғни қазактардың арасындағы ұқсастықтар әлі жойылмай сақталып қалған. Мысалы, профессор Ә.К. Ахметов Американың жергілікті халқы үндістер мен қазіргі қазактардың тілі және антропологиялық ерекшеліктерін салыстырып, олардың арасында бүтінге дейін көптеген ортақ белгілердің сақталғаны туралы деректі мәлімет берді [7].

М. Тынышбаевтын [47] қазақ сөзінің мәнін іздеу орыс, араб, француз, ағылшын және басқа сөздердің мәнін табу сияқты пайдасыз әрекет деп айтқандай, біз де этнонимдер мен ру-тайпа аттарының қандай мағына беретінін талдап жатпаймыз.

Қазақ халқының қазіргі ру-тайпалары қоғамдық дамудың белгілі бір деңгейіне жеткен кездегі әлеуметтік жағдайына байланысты қалыптасқан. Осындай жағдай Қазақ даласында негізінен VII—IX ғасырларда, феодалдық қоғам орнығып, жайылымдар мен қоныстарға жеке меншік орнай бастауына байланысты туындейды. Ру-тайпалар дербестелуінің негізгі шарты, олардың өздерінің меншігіндегі жері болуы. Осы заманда шыққан тұлғалар қарамағындағы жерге үрпактары мен жақын туыстарын қоныстандырып билік жүргізді. Өздерінің атындағы рулар осылай пайда болған.

Дербестелген мекендерді қоныстанған елдер өсіп-өніп, үлкен тайпаларға айналды. Тайпа меншігіндегі қоныстарды аталақ тұлғаның үрпактары рулар мен аталарапа бөлініп мекендерген. Ру-тайпа құрамындағы кейінгі аталараС өмір талабына сай бірнеше үрпактар алмасқаннан кейін барып шығып отырған. Тайпалар шежіресіндегі аталараС саны, олардың барлық үрпактарының санынан аз болуы осы жағдайға байланысты.

Ру-тайпа санатына көтерілген елдер өздері құрамына кірген мемлекеттердің ыдырауы салдарынан немесе ішкі-сыртқы саяси жағдайларға байланысты, заман ағымына қарай жиі қоныс аударған. Барған жерлерінде тиісті мекендерді меншіктеп иеленіп отырмаса, олардың жойылып немесе жергілікті елдерге сініп кететіндері де жиі кездеседі. Осы себепті, иелігінде меншікті жері болмаған, көшіп кона берген ежелгі замандардағы Ғұндар қазіргі заманға жетпей жойылып кетті. Қазақ даласына басып кірген, 300 жылдай уstemдік жүргізген жонғар қалмактары да XVIII ғасырда тас-талқан болып женилген сон баратын жері қалмай, негізінен казактардың ру-тайпаларына сініп, жойылып кетті. Ал, Қазақ даласына X—XI ғғ. шамасында Шығыстан қоныс аударып келген қырғыздар онтүстікегі тау шатқалдарына тұрақты мекендейп, ұлт болып қалыптасты.

Қаншалықты ұлы тұлға болғанымен, мемлекет басқарған хандардың көбінің атымен аталатын тайпалардың жоқ болуы осы айтылған әлеуметтік жағдайға байланысты. Мысалы, қазақ халқының қалыптасуына ұйытқы болған ұлы тұлғалардың бірі Майқы би атындағы тайпа жоқ. Сондай-ак,

Тұрік халқы бар, ал Тұрік тайпасы жоқ. Батыс Тұрік хандығын құрып, жарты континентті билеген Естемес ханның, оның хан болған ұлдары Карап пен Түркісант атындағы рутайпалардың болмауы да айтылған себепке байланысты.

Сонымен, тайпалардың дербестелуі Қазақ даласында негізінен VII ғасырдан басталды. Осы кезден бастап **Ұлы жүз-йісіндердің** Сарығісін (Түркеш), Шапырашты, Ысты, Ошақты, Албан, Суан, Дулат тайпалары қалыптасты. Бұлармен шамалас уақыттарда Жалайыр, Сіргелі, Шақшам тайпалары бөлініп шыққан.

Қазақ халқының құрамында б.д.д. белгілі Қанлы, Қатаған тайпалары ең бірінші бөлектенгендер. Шежіре оларға байланысты әр түрлі деректер келтіреді. Солардың ішінде алғаш Ш. Үәлиханов ұсынған, Қанлы мен Қатаған (Шанышқылы) Үйсіннің ұрпактары деген пікір шындыққа жақын. Қазақ халқының бірінші мемлекетін құрған Үйсін, б.д.д. V–IV ғғ. өмір сүрген тұлға. Үйсін қайтыс болған соң біртұтас мемлекетті алғаш шамамен б.д.д. III–II ғғ. бөлшектеп өз бөлігінде дербес билік жүргізіп, жеке ру-тайпаға айналған Қанлы мен Қатаған батырлар – Үйсіннің ұрпактары [49].

Қатағанға келсек, бұл тұлғаның қарамағындағы ел негізінен қазіргі Ауғанстан аумағына өтіп, осы елдің халқына айналған. Қатаған айрықша батыр болған көрінеді, қолынан каруы туспеген бұл тұлға халық арасында Шанышқылы деген атпен сақталған. Осы тұлғаның атын сақтаған Памир тауындағы Қатаған асуы және Қатаған корғаны тарихи деректерден белгілі [37].

Шокан Үәлиханов жазған дерекке сүйеніп және тарихи деректерді сараптағанда, б.д.д. II ғ. басында Хансақ тайпасы мекендердеген аймақты бөліп алып, жеке билік жүргізген Қанлы атты тұлға Үйсіннің жетінші ұрпағы болып шығады.

Қытай елшісі Чжан Цзянь Қазақ даласы арқылы Ұлы Жибек жолын жандандыру мақсатымен келген дипломатиялық сапарында б.д.д. 128 жылы Сырдарияның бойын мекендердеген Қангюй, яғни Қанлы мемлекетінде болып, империя мұддесіне қажет мәліметтер жинаған. Қазактардың әлеуметтік жағдайы мен құрылымын жетік білмеген Чжан Цзянь – Қанлы дерес мемлекет, бірақ Ұлы жүзге тәуелді дейді. Ал, енді бір дерегінде қанлылар Ұлы жүз одағына кіреді деп тұра жазады. Осы мәліметтерге қарап, қанлылардың Ұлы жүз қазақтары екенін, бірақ Қытайдың алғашқы елшісі келген кезде Үйсін мемлекетінің құрамында өз бетінше саясат жүргізгенін көреміз.

Қанлы деген атауды «қаңқа», «қаңсық арба» деген сөздерден шығаратын деректер негізсіз. Арба Қанлы елінде, Қазак даласында Қытай елшісі келген б.д.д. II ғасырда жасалған жок, одан көп бұрын белгілі болып, пайдаланылып келе жатқан көлік (9.5-суретте). Елші осы елге келгенде арба жасап жатқан Қанлы шеберін көрген болар, аныздың осы оқиғаға байланысты шығып, таралуы мүмкін.

Қанлылар VI ғ. дейін Қытаймен дербес дипломатиялық қарым-қатынасын үзбекен. Елшілердің жолы Үйсін мемлекетінің Қанлы жері арқылы өткен. Ары-бері жүрген сапарларында қанлылар Қытаймен екі арадағы Ғұн тайпасымен де жаксы байланыс жасаған. Нәтижесінде ғұндар (ғұз, оғыз) VII ғасырда Қытайдың қысымымен Сырдарияның бойына, қанлылар еліне қоныс аударып, ғұз-оғыз аталып кетті. *Оғыз-ғұз-құз* деген сөздердің мағынасы су, өзен жағасы дегенді билдіреді. Сонда ғұз-оғыздар – өзен жағасын мекендерген халықтар болып шығады. Сыр алабын мекендерген халықтарды Араб ғалымдары оларды ғұздар-оғыздар деп осыған байланысты жазған. Батыска XI ғасырда қоныс аударып, казір негізінен Түркияны мекендерген қандастарымыздың арғы тегі Қанлы тайпасы, ал орта ғасырларда ғұз-оғыз аталған халық.

Ерте ортағасырларда қанлылар Сырдарияның бойына қалалар салып, егіншілікпен, кәсіпшілікпен айналысқан. Қанлы мемлекетін басқарған ханның ордасы Отырап (ол кезде Қангу тарбан) қаласына орналасан. Отырап қаласында барлық керуен жолдары түйісіп, Еуразиядағы барлық елдердің саудагерлері, зиялды адамдары бас қосып, кеңес құратын болған. Қалада керуен-сарайлар, базарлар, мәдениет орындары, қоры өте бай кітапхана болғаны мәлім.

Отырардан сауатын ашып, кітапханасының білім бұлағынан сусындаған, кейін атағы әлемге тараған ұлы ғұлама бабамыз Әбунасыр әл-Фараби шыққаны белгілі. Осы жерде туып-өскеніне қарағанда, ғұламаның ататегі қанлы. Қанлыдан шыққан тұлғалардың бірі – әскербасы, 1219 жылы Отырарды қоршаған Шыңғысханға алты ай бойы қарсылық көрсетіп, қаланы жалғыз өзі қалғанша қорғаған Қайырхан батыр [8].

Қазак даласына Шығыстан қидандардың тықсыруымен келген қыпшактар шамамен XI ғасырда қанлыларды ата жұрты Сырдарияның бойынан ығыстырған. Қаби ханның бастауымен көтеріле көшкен қанлылардың (ғұз-оғыздардың) 50 мың түтіні Еуропаға – Рұмға қоныс аударып, кейінірек Осман түріктерінің империясын құрды [50]. Империяның негізгі халқына айналған қанлылар қазак деген атын да ұмытты.

Елінде, Сырдарияда қалғандары мемлекеттік дербестігінен айрылып, Ұлы жұз қазақтарының арасына Қаңлы рулары болып ыдырап кетті.

Aқарыс (Ұлы жұз аталығы) ұрпағы үйсін Бәйдібек бидің (Сарығісін, Шапырашты, Ошақты, Ысты, Албан, Суан, Дулаттың атасы) мүмкіндігінше толық шежіресін Қазыбек бек Tayасарұлы 1776 жылы атасы Матай бидің жазба дере-ктері бойынша тұзген [51]. Өкінішке орай бұл кітапта ұлы жұздің барлық тайпаларының ататек тізбесі жоқ. Қазак даласын XVIII ғасырда қалмактардан азат ету соғыстарында ере-кше көзге тұсken батырлардың ататек тізбегі ғана жасалған. Қамтылған шежіре деректерін келтірейік.

Бәйдібек бидің ататек тізбегі: Үйсін (б.д.д. V–IV ғ.ғ.) – Байшора – Алым – Есен – Асай – Жұз – Дәу ханби (б.д.д. 178 жылы өлген) – Елсау ханби (б.д.д. 178–104) – Нұлы мен Дұлы билер – Абыл – Қайыр – Бақ, Шақ – Таң – Пәр – Мән – Майқы ханби (б.д.д. I ғ.– б.д. I ғ.) – Ұзын – Сақ – Ал – Иба – Райым – Бармақ – Он – Тағар – Озбай – Өқбай – Егін – Азбек – Әшеке – Ойсыл (– Сіргелі) мен Үйсіл – Сақ – Жан (– Жалайыр), Ақ – Майып (?) – Қарааш хан (530–604 ж.ж.) – Бәйдібек (VI–VII ғ.ғ.).

Бәйдібек би Үйсіннің 35-ші ұрпағы, Жалайыр – 33-ші ұрпағы, Сіргелі – 31-ші ұрпағы, ал Шанышқылы (Қатаған) мен Қаңлы – 7-ші ұрпактары.

Шапырашты Қазыбек бектің ататек тізбегі: Бәйдібек би – Жалмамбет (Алғұйсін) – Ыстық – Құрт – Абадан – Арлан – Алма – Адырбек – Арын – Қалман – Коңыр – Актан – Ұш – Хан – Керал – Барак – Шаш – Үрік – Том – Фарс – Бөрілі – Тұранбай – Ұран – Еменбек – Өркен – Қөркембек – Нарынбай – Ар – Бөрте – Бес – Шам – Желді – Асыл – Байбағыс Батыр – Өмір – Қажықе – Құрман – Дәүлет – Матай – Тауасар – Қазыбек (1692–1776).

Ошақты Ақтамберді жыраудың ататегі: Бәйдібек би – Жалмамбет (Алғұйсін) – Ошақты – Онқай – Ор – Мығым – Мак – Қасты – Тақ – Орхон – Енсай – Іштек – Оқ – Марай би – Моқым – Тарғап – Қарак – Арғын – Қарым – Тоқбай – Керімбек – Жұрімтай – Бәйкебай – Алымкөк – Мер-кітбай – Өренбек – Құрымбек – Асан – Коқымбай – Теке – Қөкімбай – Өрен – Атшабар – Тасжүрек – Сарымсак – Макұлбек – Сары – Ақтамберді (1675–1768).

Албан Шоған абызыдың ататегі: Бәйдібек би – Жарықбас (Қарағұйсін) – Албан – Жауғаш – Шеру – Текті – Жақ – Борай – Елғұлы – Шора – Мұсак – Төлеу – Керде – Қасқал

– Бұғы – Жандар – Алтый – Сақи – Қайлыбек – Торымтай – Абдал – Ақсары – Атанқүл – Меркі – Токымбек – Таңтан – Кенжек – Омарқүл – Жарты – Ерімқүл – Көпсадық – Ақбота – Дархан – Сұнші – Ержан – Көген – Корқуар – Сары – Сүйерқүл – Шоғанabyz (XVI f.).

Суан Бағай батырдың ататегі: Бәйдібек би – Жарықбас (Қараудын) – Суан – Бай – Шақай бөрі – Томық – Сарық – Өрдін – Омахан – Орынхан – Кәрмақ – Шор – Қолуық – Бармақ – Момбай – Оғанбек – Құра – Таңғұт – Faуыт – Ертөбе – Берікбай – Балтабай – Құрым – Шоғыл – Мақатай – Hay – Тұбіт – Майлы – Ақтай – Арқылды – Нак – Текес – Арқас – Қанбағыс, Досбағыс, Бекарыстан, Тоқарыстан. *Бекарыстаннан* Байтүгей – Жылгелді – Елшібек – Бағай батыр (XVII f.).

Үйсін Төле би мен дулат Өтеген батырдың ататегі: Бәйдібек би – Жарықбас (Қараудын) – Дулат – Жаныс – Арқар – Шопан – Қанабек – Серікөк – Соныбай – Тасырбек – Бұлақ – Құлмет – Борақ – Шоқы – Төгірім – Шелдібай – Шортанбай – Жорабек – Тоқымтөр – Бәсімбек – Арғынбай – Бегімбек – Зәрубай – Оғылтай – Оныхан – Тоқай – Шәріпбек – Сарымсақ – Атабай – Төрекан – Сонаrbай – Жортұыл – Жанту, Жантан, Жарылқамыс, Бөгежелі, Оймауыт, Қапал, Шегір. *Жарылқамыстан* Алдан – Қарым – Ерден – Бейсімбет – Қасқараяу – Бұхар – Сырымбет – Өтеғұл – Өтеген батыр (1691–1773). *Жантудан* – ... – Жайылмыс – Кожамберді – Құдайберді – Элібек – Төле би (1663–1757).

Үйсін Төле би Бәйдібек бидін 40-шы, Үйсін ханbidіn 75-ші үрпағы. Төле биден кейін 40 жылдай Ұлы жүздін ұлысбеті болған Шымыр Қойгелді батыр (1712–1795) Дулаттың 38-үрпағы, Үйсінніn 75-үрпағы.

Орта жаз (Бекарыс) ру-тайпалары (Арғын, Найман, Қыпшак, Қонырат, Керей, Үақ) Шығыста, яғни Манғол жерінде VII f. дербестеле бастап, XII–XIII ff. ағымында Қазақ даласына келіп қалыптасқан.

Шежіре зерттеушісі фалым Таракты Ақселеу келтірген (*Балталы, Бағаналы ел аман бол. Алматы, 1993*), ең толық деген далалық ауызша тарихнамада Найман Жанарыстың (Орта жұзаталығы) 12-ші баласы болып шығады. Найманның келіні үйсін Дулат бидің қызы екенін айтады. Әзірше, Найман мен Дулаттың замандас тұлғалар екендігін жадымызда сақтай тұрып, Найман туралы деректерді баяндауды жалғастырайық.

Таракты Ақселеудің кітабындағы Найман шежіресінің бір бұтағы мынадай: Найман – Белгібай – Сүйінші – Төлегетай

— Қытай — Келбұға — Бағаналы — Ақбай — Сабыл — Бактөс — Иманәлі — Шәуешек — Қызылтас — Елтынды — Қожас — Ибеске — Жырық — Сарыбай — Өтеп — Төлек — Сандыбай — Ерден. Найманның бүл бұтағын алуымыздың себебі, кітапта тарихи тұлғаның он үшінші үрпағы Елтынды және жиырма бірінші үрпағы Ерден туралы деректер берілген. Елтынды XV—XVI ғғ., ал Ерден XIX ғасырда өмір сүріп, олардың арасындағы төрт ғасырға жуық уақытта жеті тұлғаның аты аталады.

Найманның замандасы Дулат VII—VIII ғғ. өмір сүрген белгілі тарихи тұлға. Осы кезде Дулат Түркеш мемлекетінің билеушісі болып, Жетісу-Тұрған-Алтай аймағын мекендеген. Ал, наймандар оның шығыс өлкесін, Манғол Алтайын мекендеген. Мекендері Ертістің екі жағында орналасқан Дулат пен Найман елдері еркін аралакан біртұтас қазақ халқының өкілдері.

Найман шежіресінің қандай бұтағын алсақ та оның ататек тізбегі 20—25 атадан аспайды. Шамамен 1200 жылды қамтитын уақытқа шакқанда бүл аталар саны аз, яғни шежіре деректері өлі де толықтыра түсуді қажет етеді.

Белгілі жазушы М. Сәрсекеевтің (*Тарақты жеңе Каракесек шежіресі. Алматы*, 1995) Арғын ата шамамен XIV ғасырда өмір сүрген, Шәкәрім Құдайбердіұлының 21 атасы деген дерегіне қатысты да осындай ой туады. Арғындардың Қазақ даласына XII ғ. соны — XIII ғ. басында, Шыңғысханның жорыктарына дейін келгені белгілі. Ғұлама тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати (1499—1551) Шыңғысханның қол астында Арғын билері мен батырлары болғанын жазып кеткен. Бүл деректер Арғынның Шыңғыс ханға дейін, яғни шамамен VII—IX ғғ. кезінде өмір сүрген тұлға екенін, ал аталған кітаптағы шежіре деректері толықтыра түсуді қажет ететінін аңғартады.

Үйсін Бәйдібектің, оның би-батыр болған үрпактарының ататек тізбелерімен салыстыра қарасақ, орта жүз Қаз дауысты Қазыбек би Арғынның, ал Ерден аға сұлтан Найманның 35—40-шы аралықтарындағы үрпактары болатынын шамалаймызы.

Киши жуз (Бекарыс) тайпалары да осындай әлеуметтік жағдайда, VII—IX ғғ. аралығында тайпаларға дербестеле бастаған. Бірақ, бүл процесті кіші жүздердің жері арқылы Батысқа қоныс аударып, жорық жасаған қанчы-оғыздар, қыпшактар кешеуілдетуінен олардың ру-тайпалардың қалыптасуы X—XV ғғ. дейін созылған.

Кіші жүз тайпалар бірлестігінде *уш ата Каракесек, он екі ата Байұлы* мен *Жетіру* — Жанарыстың тоғызының

ұрпақтары деп көрсетіледі. (*Қазақ шежіресі. Алматы, 1994*). Егер олардың толық ататек тізімін тізу мүмкін болса, тайпа аталақтарының қазірге дейігі уақыт аралығында Әмір сүрген 35–40 ұрпақтар тізбегін көруіміз ықтимал.

Қазақ халқының этононимін тарих ғылымының айналымына кірген уақыттарына қарай қазақтар (б.д.д. V–IV ғ.ғ. бастап), *түріктер* (VI–VIII ғ.ғ.) және қыпшақтар (XI–XV ғ.ғ.) деп атап жүрміз. Егер қазақтарды қыпшақтар дейтін болсақ, онда тарихымызды XI ғасырдан бастаймыз, түріктер десек тарихымызды VI ғасырға дейін алып барамыз. Ал, қазақтармыз десек, халқымыздың осыдан 2500 жылдай бұрын тарих саҳнасына шыққан уақытын дұрыс көрсетеміз. Россияның XVIII ғасырдан бастап жүргізген отаршылдық саясатына байланысты бізде теріс психология қалыптасқаны белгілі. Россия қазақтарды «жабайылар» санап, тіпті өз атымен атамай «киргиз» деді. Қазақ ұлтының атынан нигилизмнің құрбандығына шалынып, құлдық пиғыл қалыптаса бастаған кейір зиялышымақ қандастарымыз да үрке бастаған.

Халқымыздың ар жағындағы Қазақ аты емес, бергі жағындағы *Tүрікті* де қойып, Қыпшақ этононимімен шектеу теріс пиғылды саясатшыларына тиімді болған.

Заман өзгеріп қазіргі қазақ ұлтының аты да, тегі де тарихтын ең терен қойнауларынан тамыр алатынына әлем қауымының көзі жете бастады. Ал, бұған көзі әлі жетпей жүргендер қазақтардың осыдан 2500 жылдай бұрын халық болып қалыптаса бастағаны туралы ақиқатты үкқаны аbzal.

Қазір шежіре деректерін жинап, сараптаумен айналысатындардың қатары көбеюде. Мұның бәрі құптарлық іс. Жинақталған деректердің барлығының түп тамыры ежелгі сак-қазақ халқына әкелетіні даусыз.

11. ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР

Қазақхалқының өркениетін арттырып даму сатыларынан жетелеп өткізген, мемлекеттерді басқарып, ел билеген тарихи түлғалардың барлығын жіпке тізгендей түгелдең шығы әзірше мүмкін емес.

Ал, кейбір түлғаларға келсек, олар туралы кезінде өздері билеген елдерде кітаптар жазылған. Мысалы, Аттила патша туралы Батыс елдерінде үш кітап және бірнеше көркем туындылар жазылғаны белгілі. Бейбарыс сұltан туралы да кітаптар жазылған. Орта ғасырларда Сыр бойында айтылып, кең тараған (жазба нұсқасы Парижде көрінеді) Оғызнама да далалықтар мәдениетінің озық үлгісі. «Алпамыс» дастанының да тарихи мәні үлкен.

Геродот «сақтардың атасы Тарғытай мен Эллинше Зевс құдайдың ұлы Геракл – екеуі бір адам», – деп жазып кеткен. Ал тарих атасының жазба дерегі бойынша сақ тайпаларын осыдан 3,5 мың жылдай бұрын Батыс даласына Тарғытай көсем бастап апарған [21].

Тұрік хандығы заманындағы 69 түлғаға байланысты деректерді Л. Гумилев келтіреді [22]. Ежелгі заманнан ортағасырларға дейінгі 77 түлғаны Т. Жұртбаев асқан ыждағаттылықпен жазып, иғі жұмыс жасады [26].

Бірнеше тарихи түлғалар туралы деректерге қыскаша тоқтала кетейік. Өйткені, халықтың мәдениеттілігінің бірінші айғағы – өздерінің ұлы түлғаларының дарапан, ұлықтай білу екені белгілі.

11.1. Зороатуштра (Зората) пайғамбар (шамамен б.д.д. 7-ші мыңжылдық)

Дала пайғамбары Зороатуштра (дала халықтары Зората, немесе Жаратушы пайғамбар, ал эллиндер Зороастр – Жұлдызшы деп атаған) өте ерте кезде өмір сүрген түлға. Кеменгерлігімен дала халықтарының ерекше ілтиратына бөленіп, олардың ағашқы пір тұтушысы болған Зората замандар тоғысында – қаралайым далалық халықтардың өркениетті протосақ тайпаларына біріккен кезеңінде өмір сүріп, дала халықтарының мәдениетін жаңа сапаға көтерген кеменгер.

Көне грек философы Диоген Лаэртский (II–III ғғ.) өткен замандарды сараптай келіп: «Философиямен бірінші болып айналысқандар – жат елдіктер (варварлар).

Мысырлықтардың тұжырымдауынша, олардың абыздары мен пайғамбарлары құпия пайдаланып келген философияны бастаған Пта құдай (эллинше Нілдің ұлы Гефест); одан Александр Македонскийге (б.д.д. 331 жыл) дейін 48863 жыл (яғни, б.д.д. 49194 жыл), осы уақыт ішінде 373 рет Құн және 332 рет Ай тұтылған. Ал, сиқыршылардың біріншісі парсылық Зороастрдан Троя құлағанға (б.д.д. 1184 ж.) дейін платоник Гермодордың есебі бойынша («Фылымдар туралы» кітабында) 5000 жыл; Лидиялық Ксанфтың есебі бойынша Зороастрдан Ксеркс өткеліне (б.д.д. 480 ж.) дейін 6000 жыл өткен. Зороастрдан кейін Парсыны Александр Македонский күйреткенге дейін (б.д.д. 331 ж.), оның сиқыршы ізбасарларының тізбегі жалғасады. Олар Остан, Астрамнеих, Гобрий, Пазат және басқалар», – деп жазған [24].

Диоген келтірген деректер бойынша Зороастр (Зората) б.д.д. 7-ші мыңжылдықтарда өмір сүрген болып шығады. Бұл уақыт протосактардың Таю Шығысқа жетіп жаңа мекендерді игерген кезіне сәйкес келеді. Эрине, ол кезде Диоген жазған Парсы, Вавилон (Бабыл), Ассирия, Фригия, т.б. елдер болған жок, бұл атаулар кейінрек шыққан.

Қазіргі зерттеушілер Диоген келтірген деректерді теріске шығарып, Зората өмір сүрген, зороастризм ілімі пайда болған уақыт б.д.д. X–VI ғғ. аралығы дейді. Батыстық замандастарымыз жасаған бұл тұжырым бойынша Зороатуштра ежелгі грек философи Фалестің (б.д.д. 625–547), біздің қандасымыз скиф (сак) Анарыс-Анахарсистің (б.д.д. 620–555) замандасы болып шығады. Бұл, әрине, кисынға келмейді. Зороатуштра Інжілдің негізін қалаған Йисус-Иса пайғамбардың арғы атасы Авраам-Ибраһим (шамамен б.д.д. XXIII ғ.) пайғамбардан бұрын өмір сүрген тұлға.

Зората жазуды менгерген, кеменгер тұлға. Ежелгі гректер оны Зороастр-Жұлдызы шылар деп бекер атамаған. Жұлдызылар, жазуды менгерген кеменгерлер Мысыр елінде б.д.д. 3-ші мыңжылдықта дейін болғаны белгілі. Осы тарихи мәліметтерге жүгінсек, Зората бабамыз шамамен б.д.д. 7-ші мыңжылдықта өмір сүріп, даналық-философиялық толғауларымен далалық халықтардың алғашқы пайғамбары болған.

Зороастризм діні бір күнде туған жок. Алғаш, осыдан 10 мың жылдай бұрын аспаннан жаңып түскен метеориттерге қарап, далалық адамдар Тәнір діни сенімін калыптастырыды. Олардың діни көсемдері аспан денелерінің, жұлдыздардың қозғалысын мындаған жылдар бойы бақылап келген.

Кеменгер тұлға Зората өзінедейін жинақталған тәжірибелі, өзі жүргізген жұлдыздарды бақылау жұмыстарының нәтижесін сараптап, Батыс ғұламалары айтқандай зороастризм ілімінің негізін салған. Жаңа ілімді кеменгердің ойшыл ізбасарлары жемісті жалғастырғаны байқалады. Олар, Диоген Лаэртский жазған Остан, Астронеих, Гобрий, Пазат пайғамбарлар және өзірше бізге белгісіз көптеген ғұламалар. Зороастризм ілімінің пайғамбарлары мен абыздарын, адамдардың тағдыры мен қоғамға әсер ететін табиғи құбылыстарды болжап, біліп отыратын қабілетіне байланысты Батыс елінің зиялышылар сиқыршылар деген.

Зороастризм философиялық жаратылыстану ілімі болып қалыптасып, адамдарды қаранды түннен жарық қүнге жетелеп, дүние танымын дамытты. Зороастризм – әр түрлі бағыттардағы кейінгі діндердің негізі. Осы негізде өмірге келген жаңа діндер өркендеп дамып, халықтардың арасына тарап, санасына сіңе бастады. Зороастризм жаңа діндер дамыған сайын қарапайымдалып, алғашқы мәні азайып, аясы тарыла берген.

Зороастризм ілімі өмірге көркем тілмен айтылған, жазылған философиялық дастандар мен жыр-аңыздар әкелді. Солардың ішінде көркемдігімен, даналығымен және көлемімен бүгінгі қүнге дейін адам санасына ерекше әсер ететін, 21 кітаптан (наск) тұратын «Авеста» дастаны. Көптеген мыңжылдықтар бойы жырланып келе жатқан дастан, замандар ағымында сан рет көшіріліп жазылып, көшірілген сайын анахронизм мен жана өзгертулер енүіне қарамай, бастапқы көркемдігі мен мазмұнын сақтап келеді [1].

Зороатуштраны, зороастризмді және «Авестаны» Батыс ғалымдары ерте кезден бері зерттеп, көптеген ғылыми енбектер жазған. Пайғамбардың мұрасын зерттеу бізде де қолға алына бастады.

Зората-Зороатуштраның қай жерде туғанын, өмір сүргенін, қай тайпаға немесе елге жататынын айту қыын және қажеті де жоқ. Бұл кеменгер барлық далалықтарға, олардан тараған Еуразия континенті елдерінің барлық халықына ортақ.

11.2. Аристей жиһангер (шамамен б.д.д. VIII–VII ғ.ғ.)

Тарихатасы Геродот (б.д.д. V ғ.) сақтар туралы де-ректі Аристейдің «Арисмаспылар» эпосынан алып жазғанын айтқан. Аристей бұл дастаның Қазақ даласына арнайы келіп, жергілікті сақ тайпаларын аралап жүріп өзі көріп-білгендерін жазған екен. Геродот аталған дастанды Аристей өзінен 240

жыл бұрын жазған дейді. Өкінішке орай осы өте құнды тарихи дастан жоғалып кетіп, кейінгі ұрпактарға жетпеген [21].

Геродот Аристейді Проконесс тұрғындарының ең зиялыштарынан шықан деген. Шындығында Аристей грек еліне сініп кеткен, Батысқа қоныс аударған ежелгі сактардың Арыс тайпасынан шыққанын байқау қын емес. Атының мәні Арыстық дегенді аңғартады. Жергілікті грек болса, оның гректер үшін тілі де, өзі де белгісіз, тылсым мен сикыр билеген Шығыстағы аңыздар еліне жалғыз келуі екіталай.

Аристей сактардың тілін, салт-дәстүрі мен тіршілік ерекшеліктерін жақсы білген. Үйретушісі, әрине, ата жұрты мен тегін жадында сақтаған өзінің ата-аналары. Тегіне тартып, ата-бабаларының қонысы Қазақ даласына – Арыс және Асы сактарының еліне, Жетісуға дейін Аристей бірнеше мәрте келген көрінеді.

Метапонтиялықтар (Италияды) Аполлон ғимаратының алдындағы аланға жиһангөр ғұламаға оның өзінің өсіеті бойынша сәүлетті ескерткіш орнатып, “Проконестік Аристейге” дегенді ойып жазған, айналасына лавр ағашынан салыя бақ отырғызған.

Айтулы қандасымыз жазған «Аrimаспылар туралы» эпос негізінде сактар туралы, олардың б.д.д. 1,5 мың жылдық тарихын Геродот осыдан екі жарым мың жылдай бұрын бұлжымас айфакты дерек етіп болашаққа жазып кеткен.

11.3. Анахарсис кеменгер (шамамен б.д.д. 620–555)

Өз і ө м і р сүрген кезде Батыстың өркениетті елдерінің ерекше назарына ілігіп, ғұламалығымен таңдандырыған, грекше Анахарсис деп жазылған қандасымыздың дүрыс аты Анарыс (Арыс болар деген де пікірлер бар).

Геродоттың дерегіне қарағанда Анахарсисті (Анарысты) Элладаға оқып, білім алуға Сақ патшасы арнайы жіберген [21]. Асқан дарындылығымен ежелгі грек елін тәнті еткен ұлы қандасымыз әлемге әйгілі жеті кеменгердің бірі деп танылған. Грек ғұламасы Диоген Лаэртскийдің шынайы дерегі бойынша: “Анахарсис – Гнурдың ұлы, скиф патшасы Кадуидің бауыры, шешесі жағынан эллиндердің жиені болғандықтан екі тілді бірдей менгерген. Ол скифтер мен эллиндердің бейбіт өмірі және соғыстағы ерекшеліктері туралы 800 жол өлең шығарған. Тілге шешендігі сондай, одан кейін “скифше сайдайды” деген накыл сөз калған”. Сондай-ақ, кеменің зәкірі (ілінгірі) мен Архимедке дейін шығырлы дөңгелекті ойлап тапқан да Анахарсис (Анарыс). Осы екі өнертабыс кеме

жүргізуші тенізшілер мен техниканың барлық саласында мәнгі қолданыс тапты.

Сосикраттың айтуынша Афиниға ол Евкарт орхондығына 48-ші олимпиада жылы (б.д.д. 588–584) келген. Гермипп айтқандай, ол бірде Элладаның әйгілі кеменгері, елбасқарудың зандық негізін жасаған аскан ойшыл Солон ғұламаның үйіне келіп, құтушілерінің біріне: «қожайынына Сізді қөруге Анахарсис келіп тұр, егер мүмкін болса досы әрі конаға болуға әзір екенімді жеткіз», – дейді. Мұны естіген Солон құтушісіне әдетте досты әркім өз елінде табады емес пе дегенді айт деп әмір береді. Ал Анахарсис сол сәтте: «Солон енді өз елінде отырғой, сонда оған дос табуға кім кедергі болып тұр екен?» – дейді. Оның мұндай тапқырлығына таң қалған Солон бірден үйіне кіргізіп, ен жақын досына айналған екен.

Анарыс ғұлама ел билеу өнері – саясаттан бастап, ғылымның барлық салаларын менгерген, өмірдің қыр-сырын ұғындыратын өнеге қалдырған. Жаңға азық болатын даналық руханияттары әлем елдерінің арасына мұра болып тараған. Шапырашты Қазыбек бек Таусарұлы (1692–1776) бүгінгі күннен 2 мың жыл бұрын, Үйсін мемлекетінің ең тұлғалы хандарының бірі болған Майқы ханби Анарыс бабамызының ел билеу жолдары мен өнегелі сөздерін айтып отыратыны туралы дерек қалдырған [51]. Сактардың Арыс тайпасынан шыққан Анарыс (Анахарсис) бабамыз Батыс әлемінде белгілі тұлға болған.

Анарыс ғұлама Батыска қоныс аударған сактардың белгілі Арыс тайпасынан шыққан сиякты. Ғұламаның ата-бабасы ел билеген хандар. Батыска келген сак аксүйектері өздері араласа бастаған көрші елдердің білімі мен өнерін бағалап, балаларын сол елдерге жіберіп тұрған. Салт бойынша сак билеушісі өз үрпактарының ішінде білімге аскан құштарлығымен көзге түсken бозбала Анарысты да окуға арнайы ежелгі грек еліне – нағашыларына жібереді.

Афиниға келіп, алдыңғы катарлы ұстаздардан сабак алған Анарыс аз уақытта білім мен өнердің барлық саласын жетік менгереді. Білім мен шешендік сайыстарында женіске жетіп, үлкен ғұламалар катарына косылады. Анарыстың даналығы мен түпсіз ойшылдығына тәнті болып, оны аса жоғары бағалаған жат елдіктер қандасымызға «әлемдегі жеті кеменгердің бірі» деп бас иген. Ел басылары мен ғұламалар Анарыстан ақыл-кеңес алатын болған. Ежелгі грек елінің белгілі философтары Анаксимен, Гермипп, Диоген, Платон, Сосикрат, Фалес және басқалар Анарыс ғұламаның тағлымын дәріптеп, шығармалар жазып қалдырды.

Анарыс ғұламаның әлемге тарап кеткен, ежелгі философтардың енбектеріне арқау болған білім, саясат, зан, әскери өнер, табиғат туралы шешендік сөздері мен ғибратты өлендері арнайы зерттеулерді қажет ететін ұрпактарына қалдырыған мәңгі мұра.

Кеменгер бабамыздың бізге жеткен накыл сөздері де баршылық. Мәселен, жүзім сабағында үш сақ болады: *рахатқа болейтін сақ, мас ететін сақ және естен тандырып, жексүрын ететін сақ*.

Сондай-ақ: *бір таң қалатыны Эладада сайыстарға білімді адамдар қатысады, ал бірақ оларға білімсіздер төрелік етеді, – дегені.*

Бабамыздың «Адамның досы да, қасы да – тіл» дегенін қазір де айтып келеміз. Ал, «*Базар – адамдардың бірін бірі алдан-арбан, үрлан-жырлау үшін әдейі жасалған орын*» – деген сөуегейлік сөзін кім теріске шығарар екен.

Кеменгердің ескерткіш мүсініне өзінің: «*Tіліңді, құлқыныңды, нәпсіңді тый*», – деген сөздері қашап жазылыпты [24].

Уақыт өте Анахарис Скифияға қайтып оралады. Бірақ оның гректер мәдениетіне деген жақсы көзқарасынан секем алған отандастары, еліміздің салтын аяққа басты деп кіналайды. Ол бір аңшылықта өз ағайынының жебесінен мерт болады. Көз жұмарда: «*Білімім мені Эладада әрдәйім аман сақтап келсе, ал қызығаныш өз елімде түбіме жетті!*» – деген екен.

Жат елде ерекше ілтипат иесі болған Анарыс кеменгер еліне келгенде өзін түсінбеген туыстарының қолынан каза тапқан [21, 24].

11.4. Мәди көсем (туған жылы белгісіз–б.д.д. 557)

Қазақдаласынан мекендердеген сактардың Масы тайпасының (Массагет – Масы мак, Массак) ханы Мәди туралы, оның Таяу Шығыс пен Мысыр елдерін өзіне қаратып, билік жүргізгеніне байланысты тарихи мәліметтерді Геродот жазып қалдырыған. Сактардың Масы тайпасы Қазак даласының батыс өлкесін, Сырдарияның батыс алқабын, Арас тенізінің маңын мекендердеген. Олар Сырдария арқылы шығысындағы көршілес сактардың Арыс және Асы тайпаларымен достық қарым-қатынас жасаған. Батысындағы Дай және Сармат тайпаларымен аралас болған.

Мәди қарулы жасақтарын Таяу Шығыска Атыраудағы Сармат тайпасының жері арқылы өткізіп, Қап (Кавказ) таулары мен Каспий тенізінің аралығындағы Дербент асу өткелі

арқылы бастап әкелген. Бұл Киаксар патшаның Ассирия, Вавилония, Лидия, Мидия, Нинея сияқты ұсақ иеліктерді біріктіріп, біртұтас мемлекет орнату саясатын жүргізіп жатқан кезең еді. Мидияның билеушісі Киаксар патша сақтардың көсемі Мәдиді көп карсылықсыз қарсы алудына, бір жағынан, ішкі соғыстардан әлсіреп, құйзелген кезі сәйкес келсе, екінші жағынан, Таяу Шығыс елдерінің ежелден далалық сақ тайпаларына бағынышты болғанын көрсетеді. Мұны тарихи деректер де қуаттайды. Түптеп келгенде, Таяу Шығыс елдерінің халықтары өздерінің шыққан тегі далалық тайпалар екенін де білген.

Мәди келгенге дейін Таяу Шығыс елдеріне оның атасы Ишпака көсем мен әкесі Протофийдің (Партатутаның) билік жүргізгені Геродоттың тарихынан белгілі [21].

Таяу Шығыста өз үstemдігін толық орнатқан Мәди көсем Мысыр еліне аттанады. Бұл хабарды естіп, Мысыр фараоны Псамметих Мәдиді жолдағы палестиналық Сириядан күтіп алып, құзырына құлдық етеді.

Геродоттың дерегі бойынша Мәди Таяу Шығысқа тарихта белгілі Лидия мен Мидияның арасындағы соғысты тоқтатқан ерекше табиғи құбылыс (б.д.д. 585 жылы 22 мамырдағы Құннің толық тұтылуы) болған жылы келген. Мүмкін дала жұлдызшылары бұл құбылысты алдын ала біліп, Мәдиге жорық жасауға сәті түсіп тұрғанын хабардар еткен болар. Таяу Шығыста 28 жыл үstemдігін жүргізіп, биліктің буына мастанып, жат елде жүргенін ұмытқан Мәдиді Киаксар патша б.д.д. 557 жылы алдаң қақпанына түсіріп, нөкерлерімен бірге қырып салған. Аман қалған сақтар бас сауғалап еліне жеткен.

11.5. Тұмар (эллинше Томирис) ханым (б.д.д. VI ғ.)

Мәди көсем нің немересі Тұмар ханымның елін жаудан қорғаудағы ерліктері б.д.д. 530 жылы соғыса келген Парсы мемлекетінің патшасы Кирді өлтіріп, шамамен б.д.д. 518 жылы Дарий патшаны өлімші етіп, Қазак даласына кайта келмestей етіп қуып шыққанын білеміз. Бұл оқиғаларға байланысты көркем шығармалар да жазылды (Б. Жандарбеков. *Саки. Алматы, 1993*).

Тұмар ханымның Алдыңғы Азия елдерінің билеушісі Кирдің 300 мың қолын қүйретіп, кесілген басын қантолтырған меске салып, еліне сәлемдеме етіп қайтарып жібергені белгілі оқиға. Бұл оқиғаны Геродоттан бастап, қазіргі күнге дейінгі зерттеушілер тәптіштеп жазғандықтан, оған токталмаймыз.

Бірақ, осы соғысқа байланысты кейбір мәселелердің бетін аша кетейік.

Кир патша сақтар еліне Каспий мен Қап тауларының аralығы емес, төте Қарақұм арқылы келген. Ол кезде Әмудария тарамдалып ағып, оның бір тарауы Каспий теңізінде құйса, екінші тарауы Арал теңізіне құя бастаған. Жойқын соғыс хабары далаға жылдам тараған. Дай сақтары өзен бойындағы мекендерін тастап, Үстіртке шығып кетеді. Масы сақтары Әмударияның Аралға құятын тарамының бойына топтасып, соғысқа дайындалады.

Әмударияның Каспийге құятын батыс тарамынан сал көпірлер арқылы өткен Кирдің қалың қолы өзенде бойлап Шығысқа қарай суыт жүріп отырды. Алдынан кездескен сақтардың шолғыншы жасактарына онай тойтарыс бергендеріне майданып, Кир патша алға қарай үздіксіз тарта берді. Өзеннің солтүстік бағытта аққан, Аралға құятын тарамына жеткенде алдынан әскерімен Тұмар ханым шығып, бейбіт келіссөзге шақырады. Кир патша ұсынысты қабыл алған жок... Жорықтың немен тынғаны белгілі. Белгісіз парсылар мен сақтардың кай жерде соғысқаны, бұл туралы деректер әр түрлі.

Бір деректе Кир патша сақтармен Сырдарияның шығыс жағасына өтіп, Қаратай жотасының етегінде соғысты дейді. Екіншісі соғыс даласын Ұлытауға жеткізсе, үшіншісі «*Kir патша Даостың аңғарында мерт болды*» дегенді қазіргі Талас өзенінің аңғарымен сәйкестендірді. Келтірілген үш дерек те негізсіз. Дұрысы Геродот жазған дерек, яғни соғыс Оксус (Әмудария) өзенінің атырабында болған. Тұмар ханым Әмударияның Аралға құятын тарамынан өтіп, Қызылқұм өңіріне үш күндік жерге келіп тұрған. Сақтар мал-мұлкімен жүріп өткен қашықтық 120–150 км шамасы, бұл – Сырдарияға дейін әлі 300–400 км жер бар деген сөз. Осы жерде тас-талқан болып женілген Кир патша әскерінің қалдығымен өзен тарамының өтіп, келген жолымен Батысқа қашқан. Осы жолда Тұмар ханымның ержүрек жауынгерлері жауды қуып жетіп, Кирдің басын кескен. Қашқан жауға кім батыр емес. Жөңкіле қашқан жауға Сырттан түскен Дайсақ жауынгерлерінің буйідей тигені катты батқан болар, елдеріне келген парсылар Кир патша қалың қолымен Әмударияның дайсақтар мекендейген аңғарында мерт болды деп келген.

Кир патша сақтар елінде қыстап қалды деген дерек жок. Соған карағанда соғыс жорығы ары кетсе 4–5 айдан аспаған. Егер соғыс Ұлытау өңірінде немесе Талас аңғарында болса, ол ең кемі 1–2 жылға созылар еді. Қазақ даласына б.д.д.

329 жылы келген ежелгі гректердің ұлы қолбасшысы Александр Македонский сансыз әскермен Сырдарияның батыс жағалауында, оның шығыс жағына өте алмай 3 жылдай жүрді емес пе. Сактарды жаулап алуға келген Дарий патша да Кир жеткен аймақтардан аса алмай жеңіліс тауып, кері шегінген. Қазақ даласы мен оның халқы оларға үйреншікті Араб немесе Мысыр даласы емес екенін жүректеріне мәнгі түйіп кеткен.

11.6. Мәден тәніркүты (шамамен б.д.д. 230-174)

Шығасына Қазақ даласынан шамамен осыдан 3,5 мың жылдай бұрын қоныс аударған сактардың 26 жеке биліктерінен тұратын, ғұн мемлекетінің біртұтас дербестігін 35 жыл бойы сактап, халқы мен жері үшін жан аямай құрескен тұлға — Мәден (қытайша Мао-дунь, Мо-дэ, біздін кейбір аудармаларда Мөде) тәніркүты.

Мәдениніатыда, ежелден Тәніркүтебынғандалалықтардың салты бойынша тәніркүты (қытайша шаньюй) лауазымы да хатқа дәл түсken. Бұл қытайлықтардың оны жақсы біліп, өз атымен қоса лауазымымен де атағанын көрсетеді.

Сырттан қауіп төніп тұрғанда мемлекеттің тыныштығы мен тұтастығын сактап, билік жүргізу ерекше саяси талант пен әскери дарындылықты қажет етеді. Ел билеуді әкесі Тұманнан жиырмаға жана толғанда мұралаған Мәден тәніркүтінің бойында дәл осындағы қасиеттер бар еді. Солтүстік шекарасын Ұлы қорғанмен бекітіп алған Қытай империясы ғұн мемлекетіне ашық қысым көрсете бастаған кезде ерекше саясат жүргізіп, басына қандай күн туса да елі мен жерін сактап қалудың қажеттігін Мәден тәніркүты жақсы білді. Осы мақсат үшін саны 300 мың карулы әскер құрып, сақадай сай етіп ұстап отырды.

Ғұн мемлекетінің батыс аймағына байланысты деректер көп жағдайда ретсіз және қысынсыз баяндалады. Оның себебі ол кезде Хун (Сюнну) мемлекетінің батыс шекарасы қалай орналасып, қай жермен өткенін баяндайтын нақты мәліметтердің жоқ болуына байланысты. Мемлекеттің шығыс шеті Тынық мұхитпен шектелсе, батыс жағы Орта жазық (Ордос) пен Алтай аралығында өзгеріп отырған. Ордасын Орта жазықта тіккен Мәден тәніркүтінің халқы малын жайылым мен табиғи жағдайға байланысты Мангол Алтайы мен Ертістің басына дейін өрістетіп мекендерген. Бұл аталған жерлер Қазақ даласындағы Үйсін мемлекетінің шығыс өнірі болған. Осы аралық аймақта малы кездейсок түйіскен хун-

дар мен үйсіндер (ұлы жүздер) “мал ашуы – жан ашуы” дегендей, тегі бір сақ екендейтеріне қарамай, жанжалдастып қалатындары үйреншікті құбылыс.

Біздің заманың аудармашылары Қытай жылнамаларындағы Мәден тәніркүты туралы кейбір тиянаксыз мәліметтерді еркіндікке жол беріп, көп жағдайларда тарихи айғақтардан ауытқи баяндайды. Мысалы, Н.Бичурин (т.1, 226 б.) Мәден туралы “... б.д.д. 176 жылы Қытайдың ордасына Шығыс Түркістанды, Чжуңгари мен Мауерраннахды бағындырыдым деп өзі жазған” – дейді. Егер “турік” этонимі Қытайға алғаш Мәден тәніркүты өлгеннен жеті ғасыр өткен соң, яғни б.д. 545 жылы ғана белгілі болғанын, ал “Түркістан” термині одан да кейін қолданыла бастағанын ескерсек, бұл мағлұматтардың қисынсыз екенін көреміз. Осы аудармадағы “Шығыс Түркістан” – ғұн мемлекетінің батысындағы қазіргі Манғол жазығына, ал “Чжуңгари” – шығысындағы Сунгари өзенінің алабына сәйкес келетін ескеру керек.

Шындықпен шендерспейтін және бір мәлімет – Мәден тәніркүтының Үйсін мемлекетіндегі оқиғаларға араласуы. Мәселен, б.д.д. 178 жылы Қазақ даласының Шу мен Арыс атырабында болған тайпа аралық қактығыста Дәу би өліп, оның жаңа туған баласы Елсауды Мәден асырып алып, ер жеткен соң оны үйсіндерге қайта күнби етіп қойыпты-мыс. Бұл жерде мұрагердің ер жеткен шағын 16–18 жас десек, Мәден тәніркүты оған дейін, яғни Елсау бала 4 жасқа жетпей-ақ қайтыс болғаны белгілі.

Мәден тәніркүтының негізгі мекені Орта (Ордос) жазықта болған. Мемлекетте туындаған тайпа аралық шиеленістер мен Ұлы корғаннан әрдайым қауіп төндіріп тұрған Қытайға қарсы тұруға әскерін дайындықта ұстaudы басты мақсат еткен Мәден тәніркүтының, Орта Азияға (Тұранға) бірнеше жылдарға созылатын жорықтарға аттанып кетуге мүмкіндігі болған жок.

Мәден тәніркүты елін қалай сыйласа, елі де оны солай сыйладап, жыр-дастандар айтып, оларды кейінгі ұрпактарға жеткізіп, мәңгілік данққа бөледі.

11.6. Үйсін көсем (шамамен б.д.д. V–IV ғғ.)

Үйсін б.д.д. V–IV ғғ. шамасында өмір сүріп, көп жасаған адам]. Сол кезден қалған өлең сөздерін келтірейік [51]:

*Ұзынбұлақ – Үйсін елі қонысы,
Малға майдан Қаратаяудың сонысы...*

Халық жадында сақталған осы дерекке, көнекөз кариялардың шежіре-әңгімелеріне сүйеніп, Үйсіннің дүниеге келген жерін нактылауға болады. Қаратауда Ұзынбұлақ атты шағын өзен-бұлактар бірнешеу. Солардың ішінде Онтүстік Қазақстанның ежелгі Түркібасы жеріндегі Сарытөр ауылының шығыс жағына орналасқан Әулиесайда ағып жатқан Ұзынбұлақ, Үйсін дүниеге келген жер болуы мүмкін. Осы жер халық жадындағы деректерге мейлінше сәйкес келеді.

Ұзынбұлақ ағып жатқан сайдың Әулиесай атануы халық үшін ерекше қызмет атқарған киелі, әулие санаған Үйсінге байланысты болуы ықтимал. Басқа Ұзынбұлақ атты суларапқан жерлер әулие санаlmайды, әулие атамайды. Әулиесайды Үлкен Қаратаудың жоталары мен тау-төбелері қоршаған. Солардың бірі Құлантаудың төсінен батысқа қарай Ұзынбұлақ ағып шығады. Әулиесайдың онтүстігінде жатқан жотада Арыс сақтары болат корытқан Абайыл (дұрысы Абылай) темір кенорны бар. Абайылда сақтар кен өндірген ашық кеніштің орны казір де сақталған. Үйсін осы өнірді ежелден мекендереген Арыс тайпасы билеушісінің отбасында дүниеге келген.

Үйсін батыр ат жалын тартып мініп, ел билеу ісіне араласып, көршілес ру-тайпалардың қарым-қатынастарымен таныса келе қалыптасқан жағдайды өзгертуге бел байлады. Оның игілікті істеріне Қазақ даласын мекендереген сақтайпаларының көвшілігі мүдделі болған. Үйсін үйытқы болған қоғамдық-әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде бір орталыққа бағынған саяси тұрақты мемлекет қалыптасты.

Қытайдың жазба деректері мен халық жадындағы ауызша деректер Үйсіннің Қазақ даласын мекендереген ежелгі сақтайпаларын біріктіріп, олардың бірінші айбарлы мемлекетін құрған тұлға болғанын көрсетеді. Мемлекет сақтайпаларының Ұлы жузі (*одағы*) деп аталды. Ал, мемлекеттің халқы қауымдаған сақтар – қасақтар – қазақтар атанды. Бұл халықтар ұлы жұздер деп аталғаны да Қытай жылнамасынан белгілі. Мемлекет нығайып, билеушісі Үйсіннің айбарлы атағы кен тарап, Үйсін мемлекеттің халқы өздерін үйсіндер деп атауға көшті. Ынтымақтасып өмір сүріп, мал-жаны көбейген қазақтардың Үйсін мемлекеті осылай қалыптасты. Осы кезден қазақ халқы үшін алтын ғасырлар басталды.

Н.Аристов жинап жазған (1897) шежіредеректерінде, кейін осы деректерді пайдаланған шығармаларда, Үйсінге байланысты қате кеткен. Шежіредегі дерек Үйсін-Ойсыл емес, Үйсіл-Ойсыл, олар Үйсіннің 30-шы үрпақтары, Үйсіннен шамамен 9–10 ғасыр кейін, б.д. IV–V ғғ. өмір сүрген тұлғалар.

Үйсін туралы, құдіретті Үйсін мемлекеті мен ұлы жүздер туралы деректер Қытай тарихына Үйсін мемлекетіне Чжан Цзянь келген б.д.д. 119 жылдан көп бұрын белгілі болып, б.д.д. IV–III ғғ. жазылған [38].

11.7. Дәу би (Дәубаба) (туған жылы белгісіз – б.д.д. 178)

Қытай ша Нань-Доу-ми деп жазылған тұлғаның қазақша аты Дәу би (кейде бұрмаланып Нәнді би деп жазылып жүр). Үйсіндер б.д.д. II ғасырда Алтай, Түрфан, Жетісу, Сарыарқа, Сырдария алқабымен шектелмей, Орта Азиядан асып, Оңтүстікегі Индия, Парсы елдеріне жорық жасаған. Тарихи деректерде осы кезде, Грек-Бактрия патшалығын қирата женген соғыста Асы және Арыс тайпаларының жауынгерлері ерекше көзге түскені баяндалады [27].

Үйсіндердің негізгі әскери құштері Орта Азияда, Оңтүстікте жорықта жүргенде, б.д.д. 178 жылы Жетісудағы мемлекет ішінде тайпа аралық қырғи қабак қақтығыс басталады. Билікке таласкан Ұлы жүздің Асы және Арыс тайпаларының көсемдері Шу өзенінің бойында отырған Дәу бидің ордасына тұтқылдан шабуыл жасайды. Шағын жасақпен қаша соғысқан Дәу биді қарсыластары Арыс алабының қазіргі Дәубаба текшетауындағы шағын өзен анғарында (казір Дәубаба өзені) қуып жетіп, мерт етеді. Дәу бидің денесі осы жерде жерленген.

Өзінің туыстарының қолынан қаза тапқан Дәу бидің артында жас нәресте Елсау қалады. Дәу бидің жанашыр туыстарының бірі емізуі Елсауды жасырын түрде Жетісудың шығыс жағында, Түрфанды отырған Ұлы жұз ғұндарға жеткізіп, аман сақтап қалады.

Дәу би Үйсін мемлекетін билеген тұлға. Халық оны қастерлеп, әулие бабасы жерленген өзен мен тауды Дәубаба деп атаған. Бұл жер Оңтүстік Қазақстанның Түркібасы ауданында, Ақсу-Жабағылы қорығына жалғасып жатқан таулы алқап.

1893 жылы Түркістан өлкесіне ғылыми сапармен келген академик В.Бартольд исламға дейінгі ескерткіштерді іздейстіргенде, жергілікті адамдардың айтуымен Дәубабаның бейітін табады. Машат ауылынан 16 шақырым жерде жатқан шатқалдағы әулиенің басына қойылған ескілікті жазу бар деңгеп қыш тақтаны алғызыу үшін жол көрсетуші бірнеше сартты жібереді. Олардың біреуін беліне ұзындығы 14 аршын арқан байлап шатқалға түсіреді. Бірақ арқан қысқа болып, шатқалдың түбіне жетпей ілініп қалған сарт катты коркып,

айғай салған соң қайта тартып алған. Бұл әрекет, өкінішке орай, осымен аяқталған [13].

В. Бартольд бұл жерден көптеген аңыздарды жазып алады. Олар құпия үнгірлер, тұтін шығып тұратын үнгірлердегі ғажайып бейнелер, адамдарды жұтып қоятын айдаһар жыландар туралы. Айтылған әңгімелер ойдан шыққан киял емес, аңызға айналған шындық. Машат өзені текшеленіп көтерілген Дәубаба тауын кесіп өтіп терен шатқал-шатқалмен ағады. Құз шатқалдың, аңғардың терендігі 200–300 метрге жетеді. Аңғардың екі жағында кершетас пен құмтас қабаттары жалаңаштанып, жақсы көрінеді. Осы таужыныстардың ішінде белгілі Келтемашат кенорнының көмір қабаттары бар. Көмір жапсарлас таужыныстарға қарағанда бос келеді. Көмір қабаттары су мен желдің әсерінен үгітіліп, шайылып, жартастарда үнгірлер пайда болған.

Өзен казіргі шатқалды аңғарды шамамен 300 мың жылдан бері шаймалап, терендетумен келеді. Аңғардағы үнгірлердің пайда болуы ерте замандардан басталған. Көмір қабаттары жылуды жақсы сақтайды. Жердің бетіне жақын жатқан көмір әдетте бықсып жанып, тұтінде жатады. Үнгірлерден бір кезде тұтін шығып жатқаны сондықтан. Бұл құбылыс адамдарға түсініксіз, ғажайып болып көрінген. Үнгірлерді жылы болуына байланысты жыландар мекендеуі де осыдан.

Үлкен, жылы және тұрмыска қолайлы үнгірлер ерте замандарда алғашқы адамдардың тұрағы болған. Ал, жыландарға келсек, бұл өнірді үлкен жыландар сол ерте замандардан бері мекендерген. Кейінгі кездері олар адамдардың табиғи ортасы мейлінше толық (жер жыртып, егін салып, шөп орып) игеруіне байланысты орнаған экологиялық жағдайлардан жойылып кеткен. Дәл осы Дәубаба тауында шамамен 1958 жылы жайылып жүрген қойларға шабуылдаған ұзындығы 5–6 метр жыланды қойшылардың өлтіргені белгілі. Мүмкін осы соңғы әбжылан шығар. Бұл өлкені кобра және басқа жыландар, бабыр мен қабыландар мекендерген. Жергілікті ел билеушілер қабыланды қолға үйретіп, аң аулауға пайдаланған.

Тұтін шыққан ғажайып үнгірлер, үнгірлердегі адамдарды жұтып қоятын айдаһар жыландар туралы аңыздар осылайша тараған. Жылы үнгірлерде жатқан айдаһарларға жем (адам немесе аң) өзі келіп тұrsa, орап алып жұта бермей ме. Қазір көмір қабаттары терендей кетіп, жануы мен тұтіндеуі тоқтаған. Ал, ысталған үнгірлердегі ежелгі адамдар салған сүрет-бейнелер сакталып қалған.

Шапырашты Қазыбек бек Таусарұлының (1692–1776) дегең бойынша, бабамыздың аты Дәу болмаса керек, ол ірілігіне, батыр тұлғалылығына қарай осылай аталған. Көпшілікке Дәу би деген есіммен белгілі болған тұлға – Үйсіннің жетінші ұрпағы, Үйсін мемлекетінің жетінші ханбі. Қытай жазбаларындағы Нән-Дәу деген сөздердің мағынасы да Дәу (нән мен дәу деген сөздердің мәні бір) дегенді білдіреді.

11.8. Елсау ханби (б.д.д. 178–104)

Қазақтың тарихында өмір жолы толық хатталип, баяндалған тұлға – Елсау ханби. Атына келсек, өзіміздің ағайындар естілуі бойынша қытайша Лецзияоми немесе Лейгяоми деген жазуды кейде Елжай деп тәжімалайды. Ол дұрыс емес. Қазактар ұлына еліңе жау бол, немесе елің саған жау болсын деп ат коймайды. Атты елің сау болсын деген ізгі ниетпен Елсау деп кояды.

Қытайдың аса көрнекті дипломаты Чжан Цзянь (Жан Чиан) үш жұз адамнан құралған елшілікті бастап Жетісуға, Үйсін мемлекетінің ордасына алғаш б.д.д. 119 жылы келген. Бұл сапарға Қытай империясы 20 жыл дайындалған. Чжан Цзянь 20 жыл Үйсін мемлекетінің айналасын шолғындалап, батыс жағындағы Орта Азия мемлекеттерінен, Сырдария бойындағы Қанлы мемлекетінен, Шығыстағы Хун (Сюнду) мемлекетінен мәліметтер жинаған. Үйсін мемлекетіне бірден келуге бата алмай, айналышқытап жүруінде үлкен саяси мән бар еді. Батыс өнірлерді мекендерген елдер туралы Қытай ғасырлар бойы астыртын мәлімет жинаған. Солардың ішінде бәрінен артық санап, бірден баруға сескенген ұлы мемлекет – Үйсін мемлекеті (26 елді біркітірген империя) [53].

Қытай жылнамасында Елсаудың дүниеге келгенінен бастап, қайтыс болғанына дейінгі өмірі жазылған. Елсау өмірге келісімен шытырман оқиғалар мен аныздарға араласып кетеді. Әкесі Дәу би өзінің айналасындағы жақындарының тақталастығынан тұтанған соғыстан қайтыс болған кезде, Елсау жана туған бала екен. Шапқыншылық кезінде Дәу бидің жана шыр туысы, ордадағы билердің бірі – Бөже деген кісі баланы жасырып қалады. Амалдан алғып шығып, Арыс пен Асы тайпалары мекендерген Жетісудың шығыс жағында орналасқан Үйсін мемлекетінің құрамындағы Ғұн тайпасының биіне әкеледі.

Деректер Елсауды өз ордасынан алғып шығып, Ғұн биінің ордасына жеткенге дейінгі аралықты ежелден белгілі сақтайпаларының анызымен жалғастырады. Аныз бойынша, баланы көк бөрі (кейбір деректерде қасқыр, ит, барыс, қабылан

деп те айтылады) емізіп асырайды. Көк бөрі анға кеткенде оны көк қыран құс құрт-құмырсқадан қорып, ет пен су әкеліп тұрады. Оқиға Ғұн биіне белгілі болғанда, ол баланы киелі санаپ, пір тұтады. Ерекше көніл бөліп өсіреді.

Қытайдың бірінші елшісі Үйсін мемлекетіне осы оқиғадан 60 жыл өткеннен кейін ғана келіп, көзімен көрді. Қытай мен Үйсін елшілікке Чжан Цзянь келгенге дейін бір-бірін көріп білмеген, жат мемлекеттер еді. Олар бір-бірінің тілін де, салтын да білмейтін. Құлығына құрық бойламайтын империяның түпкі мақсаты, өзінің зымиян саясатының қомегімен Үйсін мемлекетін өздеріне қосып алу. Чжан Цзянь Аспан ұлына (императорға) дәл осы саясатты ұсынады [15].

Аспан ұлы саясаткердің айтқандарын қабылдайды. Ойлаған мақсатқа жетудің басы деп Үйсін мемлекеті хан биінің көнілін аулау үшін, Чжан Цзяньға 300 адам, оның әрқайсысына қос ат беріп, оларға 10 мын бас өғіз бен кой қосып, алып жүре алғандарынша бағалы заттар мен ары қарай баратын сапарға да керек деп көптеген буыншактар беріп, сәт сапар тілеп жолға шығарады.

Чжан Цзяньды Үйсін мемлекетінің ханбі Елсау көп келімсектің бірі деп қабылдаған. Елші ойым іске аспайтын болды деп қатты сасқан көрінеді. Бірақ бұл алдамшы дүние кімді тұзағына түсірмеген. Соншама көп қымбат заттарды көрген ханби сыйды қабылдап, бас иеді.

Айта кету керек, Чжан Цзянь жазып әкелген нақты деректердің өзін Қытай жылнамашылары кейінгі императорлардың кезінде тарихты қөшіріп жазған сайын өзгертіп отырған.

Елшінің баяндауы бойынша, Елсау бидің он баласы болған. Тұңғышы (Нұлы би), Елсау ерекше жақсы көріп тақтың мұрагері санаған ұлы, жастай ерте кезде қайтыс болған. Екінші ұлы Дұлы балуан денелі, әскер өнеріне жетік, батыр қолбасы болған, ел билеген.

Қытай елшісінің басты мақсаты, ол Елсаумен Үйсін мемлекеті арқылы Батыс елдеріне өтетін континентаралық сауда жолын ашу туралы келісім жасау болған. Елсау би бұл ұсынысты қабыл алады. Тұрған, Жетісу, Орта Азиядан Парсыға дейінгі аймақ негізінен Үйсін мемлекетінің қарамағында болғандықтан, Ұлы Жібек жолы арқылы сауда қатынас сәтті басталып кеткен.

Чжан Цзянь Елсау ханbidің ордасы орналасқан каланы Чигу деп жазған. Чигудің қазақша мағынасы Қызыл аңғардағы қала дегенді білдіреді. Бұлай атауға елші келген ма-

мыр-маусым айларында қызғалдақтар жайқалып, айналаның барлығын қызылға бояп тұрғаны себеп болған. Чигу қаласы таудың етегіндегі Есік өзені аңғарында орналасқан.

Елсау ханби картайып қайтыс болғанда, өзінің өсиеті бойынша ерте қайтыс болған тұнғыш ұлы Нұлы бидің қасына, Есік қорғанына ерекше салтанатпен жерленген. Ханның десесімен қоса қойылған алтын заттар мен асыл бүйымдардың есепсіз көптігі адамдардың есінде қалған. Елсау жерленгенде қорғанды барынша көтеріп биіктеткен. Таудай болған Есік қорғаны алыстан асқақтап көрініп тұрған.

Ұлы Жібек жолымен жақсылар да, жамандар да ғасырлар бойы тізіліп өтіп жатты. Жолаушылардың ішінде ерте замандарда Мысыр пирамidalарын тонағандар сияқты қорқау қарақшылар да болған. Үйсін мемлекетінің кейінгі хандары ордаларын басқа жерге ауыстырып, Есік қорғаны назардан тыс қалған. Осы замандарда халық арасында аныз болып айтылатын қорғандағы Елсаудың қабіріне қойылған байлық тонаушылардың қолында кетіп, ғайып болды.

Әйгілі археолог К. Ақышев Есік қорғанында (оны алғаш 1969 жылы археолог Бекмұхамбет Нұрмұхамбетов ашқан) қазба жұмысын жүргізгенде Елсау ханбидің байлығы да, белгісі де табылмаған. Бірақ халқымыздың бақытына қарай, бір шетте Нұлы бидің тұлғасы түгел сақталған екен.

11.9. Нұлы би (шамамен б.д.д. 158–136)

Үйсін мемлекетін е б.д.д. 119 жылы келген қытай елшісі Чжан Цзянь, Елсау ханбидің он ұлы болғанын айтқаны белгілі. Олардың ең ұлкені, яғни Елсаудың тұнғышы және хан тағының мұрагері, дүниеден ерте қайткан. Осы тақ мұрагерінің артында Санжар (қытайша Сэнь-Цзу деп жазылған) атты ұлы қалған. Мұрагер қайтыс боларда, әкесі Елсаудан уақыты келгенде таққа басқаларды емес, өзінің ұлы Санжарды отырғызуды өтініш еткен... Тұнғышын ерекше жақсы көрген Елсау, баласының өлердегі тілегін кабыл алады. Өзі қартайып, немересі ер жеткенде, Санжарға қытай ханшасын қосады. Оны таққа отырғызып, мемлекеттің ханбиді етеді [15].

Шапырашты Қазыбек бек Таусарұлы (1692–1776) бұл тұлғаның аты Нұлы, ол дүниеден 22 жасында кеткен деген дерек қалдырған. Нұлы ел билеу ісіне ерте араласып, парасаттылығымен еліне де, әкесі Елсауға да ұнаған. Кейінгі замандарда осы Нұлыдан көп ұрпақ тараған, жеке тайпалар құралған. Қытай жазбаларындағы Батыс Түрік хандығының

бес ок (тайпа) Нушибелер дегені осы Нулы биден тараған бес тайпа Нулы би елдері екенін көреміз. Олар кейін, VII ғ. бері қалыптаса бастаған қазіргі ру-тайпалардың құрамына кірген.

Елсау би жастай қайтыс болған ұлы Нулы биді бар ықыласымен Үйсін мемлекеттін астанасы Чигу қаласының қасына арнайы тұрғызыған Есік корғанына жерлеген. Алтын киім, ата салты бойынша сактардың ұзын шошак бөркін кигізіп, қару-жараптарымен қоса тірісінде пайдаланған заттарын бірге кояды.

«Алтын адамға» айналған Нулы бидің қабірінен жалпы саны 4 мыңдан асатын алтын заттар, зергерлік бұйымдар мен қару-жараптар табылған. Алтын, құміс, асыл тастардан жасалған әшекей заттар, қола айна, құміс тостаған мен қасық, қыш пен ағаштан жасалған ыдыстар Үйсін мемлекеттінің, сол кездегі қазақ халқы мәдениетінің өте жоғары болғанын көрсетеді (К. Акышев, 1978).

Қазақ халқының ежелгі замандардан бері өз жазуы болған. Оның дәлелі «Алтын адамның» құміс тостағанының сыртқы жағындағы екі жол жазу. Бұл көне түрік (қазақ) тілінде ерекше әріптермен жазылған қысқа да нұсқа жазуды профессор А.Аманжолов (1993) былай тәржімеледі: «*Aға, саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы), тізенді бүк! Халықтың қарны тоқ (болғай)!.*»

Шекіп жазылған бұл жазудың казір ұзын есебі 26 нұсқасы жасалған. Оның қай нұсқасы көне жазудың дәл тәржімасы екенін фалымдар алдағы уақытта нақтылай жатар. Дегенмен осы жазу сак-үйсін мәдениетінің күәсі екені даусыз.

Есік корғанынан табылған, «*Алтын адам*» деген атпен белгілі болып, әлемді таңдандырыған өрімдей жас Нулы би бабамыз араға 2200 жылдай уақыт салып құнды деректермен қазақ халқын әлемге әйгілеп, ортамызға қайта оралды. Қазір Алматының бас аланында Тәуелсіздік пен Бейбітшіліктің символы – биік тұғырда тұрған «*Алтын жауынгердің*» прототипі Нулы би деп шамалауға болады.

11.10. Дұлы би (шамамен б.д.д. II—I ғғ.)

Қытайдың ісі Чжан Цзянь, Үйсін мемлекітінің ханбі (құнбі) Елсаудың екінші ұлы Дұлыны балуан денелі, әскер өнеріне жетік, батыр қолбасы деп табына сипаттаған. Дұлы, ағасы Нулы қайтыс болғанда, әкесі Елсау тақтың мұрагері әлі жас Санжар болады деген шешіміне көнілі толмайды. Оның өзі билеген елімен бөліне көшүіне байланысты Үйсін мемлекеттінде жік туындайды. Елсау би Дұлыға көп мал-мұлік, мен-

шігіне елін қорғауға жеткілікті жауынгерлер жасақтап енші беріп, дауды басады. Мемлекеттің тұтастығын сақтап қалады [15].

Дулы би Үйсін мемлекетінің бас қолбасшысы болған. Оның елдің бірлігі мен мемлекеттің тұтастығын мақсат еткен парасатты тұлға болғанын көреміз. Әкесі Елсау би уақыты келгенде таққа інісі Санжарды отырғызғанда қарсылық білдірмеген.

Дулы бидің үрпактары да ержүрек батыр, ойлы елбасылары болып өрбіді. Олардан Шығыстағы Үлкен Хинган тауларынан Батыс Еуропа аралығындағы кеңістікті тұтастырып Түрік хандығын құрған Бұмын (Тұмен) мен Еstemес хандар, олардан кейін де хан болған үрпактар, Батыс Түрік хандығы құрамындағы бес оқ (тайпа) дулыбилер тарады.

Тарихи деректер бойынша IV–V ғғ. Батыс Еуропаның оңтүстік-шығыс алқабындағы Дунай өзенінің атырабына орналаскан елдерді біріктіріп, Батыс Фұн империясын құргандар негізінен осы Дулы бидің үрпактары. V ғасырда Батыс Фұн империясының бөлшектенуінен пайда болған көптеген өркениетті мемлекеттердің халқы Дулы биді өздерінің атасы санайды. Мәселен, Болгар хандығын құрган Аспарух (Аспарлық) хан және одан кейінгі хандар өздерін Дулының үрпағымыз деп жазып кеткен жылнама Мемлекет мұражайында сақтаулы тұр.

Батыс Фұн империясының соңғы билеушісі, аты анызға айналған Аттила патшада үйсін-көкбөрі Дулының тұқымынан шықкан көрінеді [26].

Кейінгі кездерде Үйсін мемлекетінің ішкі құрылымы өзгеріп, әлеуметтік жаңа сипаттар туындаған. Соған байланысты Елсау Дулы бидің үрпактары VII ғ. бастап Бәйдібектің немересі Дулаттың ру-тайпаларына сіңіп, біртұтас Дулатқа айналған [51].

11.11. Майқы би (шамамен б.д.д. I – б.д. I ғғ.)

Үйсін мемлекетінің б.д.д. 119–105 жж. Елсау ханbidің ордасына келген Чжан Цзянь елшінің жүргізген саясаты өзгерістер әкеле бастайды. Қытай императоры б.д.д. 107 жылы Елсауға Қытай ханшасын қалындықка жібереді. Бірақ, Елсау ханшаны еріп келген құтушілерімен ордасында бір жылдан астам уақыт тұрған сон өзі ханби тағайындаған немересі Санжарға қосады.

Қытай қыздары қазактарға ұнап қалған болар, осыдан кейін мемлекеттің ханбилері де, тайпа билері де қалындықты

Қытайдан айттыра бастаған. Қытай билеушілері бұған қуанбаса, ренжіген жок. Себебі, Қытай қыздары балаларын қытайша сөйлетіп, Қытай салты бойынша тәрбиеледі, нағашыларына жан-тәнімен берілген жиендер көптеп өсіп келе жатты.

Нағашыжанды жиендер ел билеу ісіне араласып, мемлекетте туындаған ішкі мәселелерді шешкенде шешесін сыйлайтын Қытай салтын ұстанып, империямен ақылдасып отырған. Осыны пайдаланған Қытай империясы Үйсін мемлекетін іштей кеүлей бастайды. Нәтижесінде біргұтас Үйсін мемлекеті б.д.д. 53 жылы екіге бөлінеді. Бұл процесс ары қарай жалғаса берсе қазактар жеке тайпаларға қайта бөлшектеніп, әр бөлігін басқарған жиендері ұлы нағашысының қолтығына кіріп, Қытайға сіңіп кете беруі де мүмкін еді.

Бірақ, б.д.д. I ғ. соны – б.д. I ғ. басында, яғни дәуірлер тоғысында қазактар мен қытайлардың арасындағы құдандастық қатынас империяның ішкі дағдарыстарына байланысты құрт үзілген. Қазактар үшін осындай сәтті кезде Майқы би мемлекет басына келіп, ханbi болған.

Үйсін мемлекетінің данышпан ханы болған Майқы ханbidі өзінен 12 ғасырдай кейін, Шыңғысхан мен Шағатай ханның Ордабиі болған ұрпағы Мұхаммед Хайдар Дулатидін (1499–1551) 12-ші атасы, Дулат Майқы бимен шатыстырмау керек. Деректер бойынша Дулат Майқы би Үйсін Майқы ханbidін 42-ші ұрпағы.

Империяның Үйсін мемлекетімен қатынасы толық үзіліп қалып Майқы bidің өзі де, хандық құрған кезі де Қытай тарихына жазылмай қалған. Дегенмен, Майқы би халық жадында жақсы сақталған. Бабамыздың даналық мұралары, шешендік сөздері әлі айтылып келеді.

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген мәтел сөз екі мың жылдан бері қазақ халқының аузынан түскен емес.

Майқы би туралы біршама деректі Шапырашты Қазыбек бек Tayасарұлы 1776 ж. жазып кеткен [51]. Майқы би Үйсіннің 16-шы ұрпағы, ол 89 жыл жасап дүние салыпты. Оның мемлекет билеген уақыты дәуірлер тоғысы – біздің дәуірдің I ғасырының бастауы.

Майқы bidің заманында Үйсін мемлекетінің ауқымы Тұрған, Алтайдан Арапға дейін, Тәнір тауларынан Сібір тайгасына дейін кеңейген. Бейбітшілік орнап, мал-жан мейлінше көбейген. Мүмкін, байлығы шалқыған Қарабай, Сарыбайлар осы заманда өмір сүріп, «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» дастаны да осы кезде дүниеге келген болар.

Майқы би ұзак ғұмырын Алатаудың бауырында, Іле, Шу, Талас, Арыс, Сарысу алаптарында өткізіп, Қазығұртта дүние салыпты [51].

11.12. Аттила көсем (шамамен 395—443)

Көсем әрі қолбасшы Аттила — Батыс елдеріне кеңінен таныс тұлға. Мәселен, ол туралы көлемді зерттеу жүргізген француз тарихшысы Тьери Амеди: “Аттила есімі адамзат тарихындағы ұлы адамдар Александр Македонский мен Юлий Цезарьдың катарынан орын алады”, — деген (*Париж, 1856*).

Аттила әр елде олардың тіл ерекшеліктеріне байланысты Еділ, Әділ, Атиль, Эмиль, Этцель, Атли, Артла және т.б. түрде жазыла берген. Біздің тарихи тұлғаларымыздың аты осылай бүрмалана беретіні бізге белгілі құбылыс.

Ол Еділ патша деген атпен европалық Ғұн империясының тағына 434-ші жылы отырған. Бұл империя Еуропаны Рұм (Византия) үстемдігінен азат етіп, құл иеленушіліктің жойылуына әсерін тигізді, мемлекет басқаруда әскери-саяси демократиялық құрылышты нығайтты. Аттила қайтыс болғаннан кейін ғұн тайпалық одағы ыдырап, тарап кетті. Оның негізінде қазіргі жеке мемлекеттердің негізі қаланды. Аттиланың денесі Тисса өзенінің арнасына жерленген көрінеді (*Е. Омаров, 1997*).

Аттила Еуропага мәдениет ұрығын себуші ретінде бағаланып, ол туралы Батыс елдерінің тарихшылары, ғалымдары мен өнер қайраткерлері көптеген кітаптар, зерттеулер мен көркем дүниелер жазған. Зерттеулер казір бізде де қолға алына бастады. Осы зерттеулер нәтижесінде жазылған кітаптар мен ғылыми макалалар жарық көруде. Олардың басым көпшілігі әлі алда жарық көреді деп айта аламыз (*С. Отенияз. Аттила. Алматы, 2000*).

11.13. Естемес қаған (туған жылы белгісіз—576)

Естемес Дұлы (қытайлар өзіндерінше Шидяньми, рұмдықтар — Дизавул немесе Силзавул, ал орыс тіліндегі аудармашыларда — Иштими деп жазған) 554 жылы Шығыс даласынан Қазақ даласындағы ата жұртына калың қол бастап қайтып келеді. Бұл Үйсін мемлекетінің сол кездегі билеушісінің ордасы шайқалып, ел басқаруда дағдарыс орнаған уакыт еді. Естемес келген бетте ел билеу ісіне араласып, мемлекетті қүштейтуді қолға алады. Бір жылдың ішінде, яғни 555-ші жылы мемлекетті бұрынғы аумағында: шығысы — Тұрған, батысы — Сырдарияға дейінгі аралықта қалпына келтіреді.

Ордасын Есіктен (Чигу) батысқа қарай жылжытып, Арыс өзенінің Құлан саласы құйысындағы қос өркештеген Екітаудың етегіне қала салып орналастырады. Өзі Екітаудың басына шатыр тігіп, айналаны шолып қарап отырып, басқа елдерімен қарым-қатынасын нығайту жоспарын құрған. Еstemес хан Екітауды, оның етегіндегі қаланы шамамен 556 жылдан өзі қайтыс болған 576 жылға дейін мекендеген. Осы жерде, яғни Екітауда 558 жылы Еstemес қаған (*хахан – хандардың ханы – император* дегенді білдіреді) Византияның елшісі Земархты қабылдайды. Екітауды, оның етегіне орналасқан қаланы, жалпы осы алқапты халық сол кезден *Түркібасы* деп атап кеткен.

Кейінгі кезде Еstemес қағаның ордасы Шығыс Түркістанның жерінде, Құяс немесе Текес өзендерінің бойында деп жаңсақ айттылады. Дей тұра, тарих оқулықтарында Батыс Түрік мемлекетінің ханы жазғы ыстықта Түркістанның шығыс жағындағы Мынбұлакқа келіп тұрған деп екінші мәрте қате жазылып жүр. Бұл кателіктер 558 жылы осында келген Земархтың елшілік сапарын баяндаған Менандр [18] мен шамамен 630 жылы келген Қытай сопысы Сюань Цзанның жазба деректерін [15] дұрыс түсінбеушілікten туындаған.

Земарх Византиядан шығып, Еstemес қағаның ордасына жеткенше Еділ, Жайық, Жем, Сырдария өзендерінен өткенін жазады. Еstemес қағаның жібек шатыры мен қажет болғанда бір ат сүйретіп кете беретін екі дөңгелекті алтын тағы Екітауда (Менандр аудармашысы *Эктағ* деген) тұрған... Қабылдаудан кейін Еstemес византиялық елші Земархты өзімен бірге шығыстағы Таласқа ертіп келеді, Тараз қаласында Парсы елшісімен кездесу өткізеді [18, 375 б.].

Академик В. Бартольд Земархтың барған жерлерінің шығыс шеті Таластан аспағанын, елші осы жерден кейін қайтқанын айтады.

Менандр *Эктағ* деп атаған тауды *Aқтау* деп ұғынғандар, осы тауды Земархтың аяғы баспаған қазіргі Алматы облысының шығысынан, ал енді біреулер Сарыарқадан немесе сонау Алтай тауынан іздейді. Земархтың Шығыска жасаған сапарының Таластан аспағаны белгілі, сондыктан Еstemес қағаның ордасын мемлекеттің шығыс жағында деген пікірлер негізсіз. Ақтау деп аталатын таулар мен төбелер көп. Еstemес ҳағаның ордасы тұрған Екітаудың, казіргі Түркібасы тауынын төнірегінде де бірнеше Ақтау бар.

Сюань-Цзан қазіргі Жамбыл облысының батыс шетінде Мынбұлак өнірінің жанға жайлы екендігін тәппіштеп

жазып, ыстық айларда Түркі хандары (Түркібасыдан келіп) жазғы мекені ететіндерін баяндаған. Хан ордасы орналасқан Түркібасы мен оның шығыс жағындағы Мыңбұлак жалғасып жатқан мекендер, арасы 25–30 шақырым ғана.

Сонымен, Батыс Түрік хандығын Үйсін мемлекетінің негізінде құрып, оны 554–576 жылдары билеген, Елсау ханbidін екінші ұлы Дұлының ұрпағы Естемес ханның ордасы Түрфандада да емес, Түркістанда да емес, Арыс пен Құлан өзендерінің түгіскен жеріндегі Түркібасы аталған алқапта. Бұл мекеннің Түркібасы аталғандығы туралы халық жадындағы деректі осы жерге 1893 жылы ғылыми сапармен келген ақадемик В. Бартольд жазып алған.

Естемес қаған Батыс Түрік қағанатының (*хаганат – империя*) кеңістігін Түрфанның Батыс Еуропаға дейінгі аралықта кеңейтті. Ал 576 жылы, Естемес қаған қайтыс болған соң, қағандықты оның екі баласы екіге бөледі. Жайық пен Еділдін Батыс жағындағы бөлігін Түрксанф (Түркісант) биледі. Ал, хандықтың Түрфандада дейінгі шығыс бөлігі Естемес қағанның үлкен ұлы Қарааштың билігіне өткен.

Жоғарыда жазылған деректердің барлығы жазба түпнұска-ларда кең баяндалғанымен, біздің тарихи зерттеулер мен шығармаларда әлі толық айттылмай, айтылса да бұрмаланып беріліп жүр.

11.14. Қарааш хан (530–604)

Ше жіредегі Қарааш хан немесе Қарааш би, Қытай жазба деректеріндегі Қарааш хан қазак халқының айбарлы түрғаларының бірі. Қарааш ханды қытайлар Дэньгу [15], ал Л. Гумилев [22] түрікшелеп Қара Чуриң деп атаған. Қарааш хан Үйсін елін Батыс Түрік хандығы етіп құрып, ең үлкен де қуатты мемлекетке айналдырған Естемес қағанның үлкен ұлы. Әкесі 576 жылы қайтыс болған соң Батыс Түрік хандығының шығыс бөлігіне – Сырдария, Жетісу, Сарыарқа, Алтай, Түрфандада хан болған.

Қарааш хан өзі билік жүргізген Батыс Түрік хандығының алқабын жас кезінен ерсілі-карсылы жүріп, бүліктерді тыныштандыру мен мемлекеттің кеңістігін кеңейту жорықтарына қатысқан. Әкесі Естемес қағанның тапсырмасымен кол бастап, әр түрлі жорықтарға шыққан. Ел билеу сырларын ерте ұғынып, сан соғыстарда шынықкан. Жинаған өмір тәжірибесі хан болып, таққа отырған соң өз жемісін берді. Мемлекет барынша нығайды. Қырғи қабак болған тайпа-

лар арасында бейбітшілік орнады. Көрші шағын елдер Қараң ханның канаты астына өздері келіп кіре бастады.

Қараң хан мемлекеттің ордасын әкесі Естемес қаған мекендеген Түркібасы-Мыңбулақтан Есік анғарына, Ақтаудың баурайына ауыстырады. Осы кезде Қараңтың ордасы орналасқан негізгі қонысы Ақтаудың аты өзгеріп, қазіргі Қараң тауларына айналады.

Мемлекетте тыныштық орнаған сон ел Алатау, Алтай, Сарыарқа мен Көкшетау өнірін еркін көшіп жайлап, дала маңға толған [51].

Өкінішке орай, бейбіт заман мәнгі тұрмайды. Жасы ұлғая бастаған кезде Шығыстағы азулы көршісі Қытай күшейіп, шабуылын жиілете бастайды. Оған мемлекет ішіндегі тайпа аралық қактығыстар мен ел басындағы таққа үміткер ағайындардың алауыздығы қосылады. Осындай жағдайда пайдаланып, Қытай қалың қолмен келіп соғыс ашады.

Бірлігінен ажыраған елін, бытырай бастаған билерін икемге келтіре алмаған Қараң хан ордасын тастап, шегінуге мәжбүр болған. Тараздың іргесінде өткен сұрапыл соғыста 74 жастан асқан Қараң хан 604 жылы каза тапты деп жазылған Қытай жылнамаларында [22].

Казір Тараз қаласындағы Қарахан кесенесі деп жүргеніміз кезінде осы Қараң ханның құрметіне тұрғызылған тарихи ескерткіш болуы ықтимал.

Тараздың шығыс жағындағы Қараң қорғандары деп атап жалпы саны 95 төбе тізбегінде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Өкінішке орай, қорған төбелердің барлығын археологтарға дейін ерте кездерде тонаушылар қазып, құнды заттардың бәрін алып кеткен. Тонаушыларға Қараң ханның, оның басты билерінің жатқан төбелері белгілі болған. Казір олардан белгі де калмаған. Дегенмен, жай қорғандардан табылған қыш заттардың, мәйіттердің жату реті Үйсін мәдениетіне, салтына сәйкес келетіні анықталды. Қорғандардың бірінен сол кездегі орда қызметкерлері мен ел билеушілеріне берілетін ерекшелік белгісі мөр табылған (А. Максимова, 1970).

11.15. Бәйдібек би (Байдыхан) (586-672)

Қарашаның ұлы Бәйдібек (Байдыхан) жазба де-ректерде аз кездескенімен, халық жадында жақсы сакталған тұлға. Ол дәулеті шалқыған байлығымен, ұлысты басқарған парасатты билеуші болғанымен белгілі. Жетісуды, Сыр бойы

мен Арыс өзенінің алабын, Ташкент пен Қаратай өлкелерін жайлаган елді басқарған. Ұлысындағы ел бейбіт өмір сүріп, мал-жаны еселеп өскен.

Б Ә й д і б е к б и халық арасында кең танымал, ерте заманнан бері естен шықпай әрі ауыздан тұспей айтылып келе жатқан дара тұлға. Ол қазақ халқының негізін қалаған ұлы жүз-үйсіндердің ең көп тараған жеті тайпасының – Сарыүйсін, Шапырашты, Ошакты, Үсты, Албан, Суан мен Дулаттың аталағы. Тарихи тұлғаның өзі ежелгі Үйсін мемлекетінін, оның тарихи мұрагері Батыс Түрік хандығының туын тұсірмей асқақтатқан. Бәйдібек билеген мемлекеттің, оның халқының негізінде тарих сахнасына ұлттық Қазак хандығы орнағаны белгілі. Ауызша айтылып, кең тараған мәліметтермен қатар жазбаша тарихи деректерге де қолымыз жетті. Бұл бірегей дереккөз – Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499–1551) алдымен Еуропа елдерін тәнті етіп арапап келіп, өзімге жеткен энциклопедиялық «Тарих-и Рашиди» шығармасы. Осы шығармада жазылған деректер мынадай.

Дерек: Шағатай хан дулаттардың билігіне Манлай сүбені берді. Манлай сүбе “құнгейге орналасқан өлке” дегенді білдіреді. Ол Шаш, Чалыш, Үстық көл, Сары ұйғырмен шектеседі. Бұл төрт жақтың ішінде Қашғар мен Хотан орналасқан. Дулаттардың мекеніне айналған бұл өлкенің алғашқы билеушісі әмір Байдыхан болған. Осы әмір Байдыханнан бұл иелік рудан руға, ғасырдан ғасырға, баладан балаға мирас болып, мұрагерлік жолмен ... мырза Эбу Бәкірге өткен” [366 б.]. Орысша мәтіндерде Бабдаган, Байдаган деп берілген есім парсыша қолжазбадан тікелей қазақшалағанда Байдыхан деп жазылады.

Мұхаммед Хайдар Дулати әлемге әйгілі тарихнамасында өзінің 12-ші атасы Майқы биді Шыңғысханның *Orda bii* болып, дүйім елді басқарғанын жазған. Ал, осы елге бірінші билік жүргізген бабасы Бәйдібек би еken (парсы тілінің маманы Ислам Жеменейдің тікелей аудармасы бойынша тарихи шығармада *Байдыхан* деп жазылған). Байдыханнан, яғни Бәйдібектен бері қарай... «бұл ел атадан атаға, ғасырдан ғасырға, баладан балаға мирас болып», оның билігі өзінің аталарына өткениң жазып қалдырған [37].

Қазак жеріне сұғына кірген қытайлар тұрақтап тұра алмаған. Мемлекет билігін өз қолдарына алып, елдін басын біріктірген Қараш ханның ұлдары Бәйдібек пен Байтулы (Байдолла) болған. Тараз қаласының түбінде 604 жылы әкесі Қараш хан қайтыс болғанда, дағдарыска жол бермей шешуші

сәтте мемлекет билігін оның үлкен ұлы Бәйдібек өз қолына алған. Ол әскерді жылдам тәртіпке келтіріп, әскер басыла-рын жылдам жұмылдыра білгенінің нәтижесінде екпіндеген қытай басқыншыларына ойсырата сокқы береді. Осы соғыста ерекше таланттымен танылған Бәйдібекті халқы хан сайлайды. Ол басқыншыларды Еренқабырға тауларынан асыра күп, ежелгі мекендері Тұрған өлкесіне дейінгі жерлерін қайта азат етеді. Қытай билеушісі женілгенін мойындал, толысқан жігіт Бәйдібек ханға ежелгі салт бойынша қызын беріп, бей-біт келісімге келеді. Осыдан кейін қытайлар қазақ жеріне бас сүфуга сессенген.

Тек женістерін ғана жырлайтын Қытай жылнамашылары өздерінің бұл женілісі туралы дерек келтірмеген немесе ол әлі бізге жеткен жок. Осы байтак өлкеге сол 604 жылдан өмірінің соңына дейін Бәйдібек (Байдыхан) билік етеді. Жоғарыда: “Дулаттардың мекеніне айналған бұл өлкенің алғашкы би-леушісі әмір Байдыхан болған. Осы әмір Байдыханнан бұл иелік рудан руға, ғасырдан ғасырға, баладан балаға мирас бо-лып...”, оның кейінгі ұрпактарына өткенін ғұлама осы дерек негізінде жазған.

Ұлы тарихшы бабамыз келтірген деректен кейін ақыз-әңгімелер желісінде құрылған кейбір шығармаларда Бәйдібек би 1365–1419 жж. әмір сүрді, немесе XII–XIII ғғ. тұсында әмір сүрген деген мәліметтердің шындықтан алшақ екенін көреміз.

Халық жадындағы көп деректер Бәйдібек бидің жеке өміріне байланысты. Бәйдібек би 86 жыл жасаған екен. Оның үш әйелі болған. Бірінші әйелі Сары бәйбіше Байтоқты атты ұл туып, одан Түркеш (Сарыүйсін) дүниеге келеді. Екінші әйелі Зеріп туған Жалмамбеттен Шапырашты, Ошакты, Ысты өрбиді. Үшінші әйелі Нұрила елге әулие Домалақ ана деген атпен белгілі. Домалақ анадан туған Тілеубердіден, ел арасында Жарықбас немесе Жарықшак (анасының мейірленіп Жарығым-шырағым дегенінен Жарықшырак, Жарықшак) аттынып кеткен атадан Албан, Суан, Дулат тараған. Домалақ анаға ұрпактары арнап салған аппак жұмыртқадай әсем кесенесі Үлкен Қаратаядың Қостұра бөктерінде тұр. Әулие Ананың әруағына бас ііп, тағзым етіп келушілердің қатары сирлемейді.

Бәйдібек би жерленген жerde – Үлкен Қаратаядың Балабөген өзенінің анғарындағы биік төбеде (казіргі Бәйдібек ата аулында) көрнекті кесене салынған. Қазір бұл кесене жаңартылып қайта тұрғызылды. Оның айналасына қастерлі

аналарымызға да арнағы күмбезді ғимараттар тұрғызылып, олардың барлығы қазір тұтас киелі кешенге айналды.

Бәйдібек ата ауылынан солтүстік батысқа қарай бір бел асып түскенде, Үлкен Бөгөн өзенінің бойында, оның кенже ұлы мекендереген Жарықбас ауылы орналасқан.

Бәйдібек бидің немерелері Сарыгүйсін (Түргеш), Шапырашты, Ошакты, Ысты, Албан, Суан, Дулат VII ғасырдан бері мемлекет басқарып, ел биледі, қазіргі өздері аттас казақ тайпаларын қалыптастырыды. Бұл тайпалардың аты және осы тайпалардан шыққан тұлғалар туралы Шығыс пен Батыстың жазба деректерінде, ел арасындағы көптеген ауызша мәліметтерде VII–VIII ғасырлардан бергі оқиғаларға қатысты айтылады.

Ал, Бәйдібектің бауыры *Байтулы* бабамызға келсек – ол қазіргі Ыстық көлдің батысын, Нарын өзенінің алабын, Ферғана және Ташкент аймағын қамтитын өлкені мекен етіп, билігін жүргізген. Оның есімі осы өлкедегі Алатау тауларының бірінде “Байдула тауы” деген атпен сакталған.

Ауызша айтылатын деректермен қатар ерте кездерде жазылған тарихи дүниелер де қолымызға тие бастады. Солардың бірі *албан Өтейбойдақ Тлеуқабылұлы* (1397–1487) жазып қалдырған “Шипагерлік баян” шығармасында да (Алматы, Жалын, 1996) Бәйдібек би туралы дерек жазылған. Ғұлама шипагер бабамыз бұл еңбегін Қазақ хандығын орнатып, оның алғашқы хандарының бірі болған Жәнібек ханның тапсырмасы бойынша 1467 жылы бастап жазған. Шығармада мың сан шипагерлік баяндармен қатар қазақ халқының тарихына қатысты өте құнды деректер де жазылған. Өкінішке орай бұл еңбектің көп бөлігі жоғалып кеткендіктен, халқымыздың тарихына қатысты деректер де толық әрі жүйелі түрде сакталмаған.

11.16. Корқыт ата (шамамен VIII–X ғғ.)

Тарихи процесс нәтижесінде Түрік хандығы VII ғ. біртұтастығынан айырылып, мемлекет ыдырай бастады. Бір мемлекет әлсірегенде, көрші екінші мемлекеттің қүшеюі занды құбылыс. Құдіретті Түрік мемлекетінің құрамдас бөлігі болған, Түрған мен Оңтүстік Алтай аралығын мекендейген Хун тайпалары Қытай империясының шабуылына ұшырайды. Тынымсыз соғыстардан қалжырап, жойылып кетуге айналған хундардың Сырдария өніріне қоныс аударғаны тарихтан белгілі. Жетісуды, Сарыарканы аралап келген хун-

дар Сыр бойындағы Қанұлы елін паналап тұрақтайды. Сыр бойына орналасқан жана мекенде олар түрікше *оғыздар* (ғұз-құз – өзен жағасы дегенді білдіреді) аталып, қанұлышардың елінде өмірін жалғастырады.

Оғыздар Сыр елінде атадан балаға мұра болып айтылып келе жатқан тарихи аныз-әңгімелерін қайта түлетеді. Оларды даналық сөздер мен жыр дәрежесіне көтерген, қазақ халқының арасында ғана емес, қазір дербес мемлекеттерге айналған Орта Азия, Кавказ, Таяу Шығыс пен Батыс елдеріне де белгілі Қорқыт ата еді.

Қорқыт ата халық жадындағы аныздарда 295 жыл жасаған кеменгер ел қайраткері, айрықша дана тұлға. Мүмкін Қорқыт ата осынша ұзақ жыл өмір сүрмеген болар, бірақ оның тағымы мен артында қалған мұрасы мын жылдан артық жасап келеді.

Қорқыт ата жырлаған сансыз жырдың 12-сін заман тауқыметінебайланыстытауларданасып, суларданөтіп, қазіргі Түркияның Анатолия жерін мекендейген қандастарымыз XV ғасырда «Қорқыт ата кітабы» (1986) деп атап, хатқа түсірген. Иә, бұл кітапқа кіргені жыраудың 12 жыры ғана. Ал, қазіргі күнге дейін өз елімізде, халық арасында айтылып келе жатқан күй-жырлары мен данышпандық сөздері қаншама? Оғыз хан туралы аныз-жыры өзінше бөлек дүние.

«Қорқыт ата кітабында» баяндалған оқиғалар ежелгі қазақ аныз-ертеғілермен астасып жатыр. Жыр кейіпкерлері етіп алынған кісі аттары осы оқиғалар өрбіген VIII–X ғғ. ел билеушілері мен батыр тұлғалардың кім екендіктерін білдіреді. Қаратай мен Алатау, Сыр елінің шығысы мен онтүстігі – жергілікті қанұлы-оғыздар жайлап жүрген жерлер. Кітап XV ғасырда ислам дінінің ықпалы бойынша жазылып, ал оны баспаға әзірлеген әзіrbайжан аудармашылары жер-су аттарын өздерінше бейімдеп жіберген. Әрине, Қорқыт атанаң Қап тауына (Кавказға) да, Таяу Шығысқа да бармағаны, ал жырлардағы оқиғалардың Қазақ даласынан тыс шыға коймағаны белгілі. Сондықтан кітаптағы жырларға кейін кірген жағдайларға, жер-су аттары мен тұлға атауларына дұрыс түсінік берген жөн.

Кітаптағы оқиғаларды оғыз-қыпшактар емес оғыз-қанұлышар атынан баяндау керек. Қыпшакқа байланысты түсініктер кейін кіргені көрініп түр. Оғыздар Сыр бойындағы Қанұлы еліне VIII ғасырда келген. Ал, қыпшактар Қазақ даласына XI ғасырда келіп, Сыр бойын XII ғ. ғана қоныстанған. Қорқыттың оғыз тайпасының Баят руынан шыққаны айтылады. Оның шешесі жергілікті Қанұлы тайпасынан, сонда

Қорқыт Қанлы елінің жиені болып шығады. Кітапқа кірген жырлардағы Қам-қғанұлы (канлы) Баяндұр хан VIII–IX ғғ. қанлы елінің билеушісі. Баяндұр ханға қоластындағы оғыз рулатының барлық билері мен бектері қараған.

Хатталған жырларда баяндалатын, негізінен Сыр бойында өрбитін оқиғалардан кейінгі атаулармен (мысалы, Стамбул қаласы 1453 жылдан бастап осылай аталғаны белгілі) қатар, өте ерте кездердегі аңыздар желісін де анғарамыз. Мысалы, Төбекөз – жалғыз көзді дәу (цикlop) мындаған жыл бұрынғы сақәпсаналарынан алынған. Ал, сыртқы оғыздардың (Шығыс хундары) ішкі оғыздарға (ұлы жұз одағындағы Батыс ғұндары) бас көтеруі б.д.д. болған оқиғалар көрінісі.

Сак заманындағы бабаларымыздың, ежелгі қазактардың ерліктерінің сарыны бар, кейінгі кездердегі оқиғалар араласқан, Шығыс пен Батыс елдерінің халықтарына бірдей тараған «Алпамыс» эпосын, негізінен Батыс елдеріне кең тараған ежелгі замандарда болған оқиғалардың желісі бар «Көроғлы» дастанын естіген адамдардың қүйқасын шымырлатып, санасына сініре ерекше көркем үнмен жырлаған Корқыт ата болған.

XI–XII ғғ. ішкі дағдарыстар мен Шығыстан келген қыпшақтардың тегеуріні оғыз-қанлыларды батыска қарай қоныс аударуға мәжбүр етті. Олардың біразы Орта Азия мен Кавказ елдерінің халқына айналса, ал көпшілігі олардан ары асып Рұмға дейін жетті, кейін Осман империясын қалыптастырды.

Сыр бойы елінде, дарияның он жағасындағы көрнекті жердегі Қорқыт атаның бейіті қанлы-оғыздар (қаңлы-ғұздар) қалдырған ескерткішке айналды. Уақыт салмағымен шөге берген бейіттен дарияның суы жағалауды шаймалап жақындаған сайын жыраудың тірі кезінде айтқан: «Бір кезде бүкіл әлемді шайқаған бек-батырларым енді қайда кетті? Оларды ажал олжалап, жүздері жер астына түсті. Солардың ерлігі ел аузында ғана қалды. Жалған дүниеде опа бар ма? Адам өмірі құбылмалы. Адамдар келеді, кетеді. Онын ақыры баянсыз», – деген сөздері қобыз үніндей ызындалап, ғасырлар бойы естілеп тұрды.

Сыр елінде, жақсылық атаулыға жанаширылық танытуға дайын облыс әкімдігі мен қазіргі ұрпақтары бүкіл түркі халықтарының жырауы Қорқыт ата бейітінің басына көрнекті ескерткіш орнатты. Бұдан былай жырау бабаның сәулетті ескерткішінен егемен еліміздің болашак жарқын заманын үағыздалап, имандылыққа шақырған салтанатты жыр төгілсін.

12. ЖЕР-СУ АТТАРЫ

Ж ер - с у а т т а р ы (топонимдер) – көне тарихымыздан мағлұмат беретін дерек қөздері. Бұл атаулар негізінен әр заманда орын алған елеулі тарихи оқиғаларға немесе жеке тұлғаларға байланысты шыққан. Ал, кейбір атаулар табиғи жағдайларды баяндайды.

Россия шенеуніктері жерімізде отарлау саясатын жүргізген және кеңес дәүірі жылдарында ежелгі казакша жер-су мен елді мекен аттарының барлығы дерлік өзгеріске ұшырап, орысша атаулар қаптады. Қазір жөнсіз өзгеріске ұшыраған елді мекендер мен жер-су аттары өздерінің байырғы атауларын қайта иемдене бастады. Олардың ерекше маңыздылары орналасқан жерлерде ескерткіштер орнатылуда.

Жер-су аттарын хронологиялық ретпен төрт топқа бөлуге болады: 1) көне атаулар; 2) негізінен XV–XVIII ғғ. елімізге лан салған қалмактармен болған соғыс оқиғаларына байланысты шыққан; 3) патшалық Россия отарлауы кезінде XVIII–XIX ғасырларда арнайы өзгертілген; 4) кеңестік империя кезеңінде өзгертілген немесе таңылған “жана” атаулар.

Бірінші топтағы атаулардың көпшілігі кейінгі замандарда өзгергенімен, бүгінгі күнге дейін сақталғандары да жеткілікті. Мысалы Арыс, Асы өзендерінің атауы б.д.д. мындаған жылдар бұрын мекендереген Арыс және Асы сақтарының тайпалық аттарына байланысты екенін жоғарыда айттық. Б.д.д. 178 жылы Дәу би жерленген жер Дәубаба аталды. Ал, б.д.д. заманында соңында өмір сүрген Шақпак әулие (Үйсінің 12-ші үрпағы) мекендереген жер Шақпаката болды. Алматының шығыс жағындағы Ақтау шамамен 576–604 жылдары Қараш хан мекендерендіктен, Қараш таулары – Үш Қараш деп аталып кетті. Орта ғасырларда қазіргі Алматы қаласы *Алматату* деп аталған. Ал, ежелгі Тәңір тауларын, яғни б.д.д. Үйсін тауларын қазір қытайша Тянь-Шань таулары деп жүрміз.

Екінші топқа кіретін атаулардың біразы бұрын қалай аталғаны тарихи деректерде және халық жадында сақталған. Мәселен, қалмақ басқыншыларына 1726 ж. ең алғашқы басты соққы берілген Ұлытау өніріндегі Қарасиыр мекені мен Қарасиыр өзені Қалмакқырған аталып кеткен. Сондай-ақ Орбабасы, Кіші Орда конған, Үлкен Орда конған, Аныракай және жеке тұлғалардың атына немесе сұрапыл шайқастарға байланысты койылған атаулар да көп.

Үшінші топтағы атаулардың қалай шыққаны да белгілі. Мәселен, Жайық өзенінің атын Урал өзені деп өзгерту туралы

1774 жылы Екатерина II-нің арнаулы Жарлығы шыққан. Осы кезде Еділ – Волга болды, ал Жем өзені казірге дейін Эмба болып келеді. Қазақтың қасиетті таулары ежелгі Тәніртау жоталар жүйесі Тянь-Шань болып хатталып кетті. Қазіргі Алматы (Алматай) Алатауын Россия ғалымдары Заилийский (Іленің арғы жағындағы – өзеннің шығыс жағындағы жерлерден, мәселен Алтайдан келе жатқандарға солай көрінгендіктен) Алатау деген атау тағып кетті.

Қалмақтарға дейінгі, яғни осыдан бес ғасыр бұрынғы көптеген жер-су атаулары мен олардың сипаттамасы Мұхаммед Хайдар Дулатидін (1499–1551) әйгілі “Тарихи Рашиди” атты шығармасында жазылған. Мысалы, осы шығармадан 1458 ж. бірінші үлттық Қазақ хандығының туы тігілген Қозыбасы мекенін білдік [37].

Көне атаулардың орналасуына, табиғи жағдайына байланысты олардың қай уақытта шыққанын шамалауға болады. Ең ежелгі атаулар осыдан 5–6 мың жыл бұрын, протосақ тайпалары өмір сүрген заманда қойылған. Мәселен, бұл топқа Арғанаты, Арыстанды, Білеуті, Бұланты, Бұғыты, Қалғұтты, Өлеңті, Ырғайты, Сөгеті, Теректі және т.б. кіреді.

Сақ заманындағы, яғни осыдан 2,5–3,0 мың жыл бұрынғы атаулардың мысалдары: Арыс, Асы, Беказы, Кенгір, Кендіктас, Кендітау (қазіргі Ұлытау), Қордай, Талас, Хантау (дұрысы Қантау), т.б. Қазақ халқының қалыптасуына әкелген алғашқы қазақ мемлекеттері кезінде және орта ғасырларда аталған топонимдер: Дәубаба, Қызыл аңғар (Чигу), Қараш, Мыңбұлақ, Түркібасы, Ұлытау, Шакпаката, т.б.

Қазақ даласы топонимдерге өте бай. Бір ерекшелігі бірдей немесе ұқсас жер-су аттары Қазақдаласының бір-бірімен байланыссыз орналасқан әр түрлі аймактарында кездеседі. Оның себебі ежелгі замандарда далалық тайпалар табиғи жағдайға байланысты көшіп-қонып жүріп, осынау аттарды барған жерлердің ұқастығына қарай қоя берген. Мысалы, Қалғұтты өзені Шығыс Қазақстанда (Зайсан ойпанында), Жамбыл облысында (Кендіктаста), Батыс Қазақстанда (Орал-Жем алқабында) және Каспий маңы жазығында кездеседі. Ал, Өлеңті өзені шығыстағы Ертіс маңы жазығында да, батыстағы Каспий маңы жазығында да бар. Бұл атаулар осыдан 5–6 мың жылдай бұрын, геологияда белгілі Қазақ даласының барлық жерінде (қазір шөлге айналған солтүстік Арас маңында да, Балқаш маңында да) қолайлыш табиғи жағдай орнап, өсімдік жаксы дамыған голоzen оптимумы заманында, тайпалардың ендік бағытта (кейінгі замандардағыдан меридиан бойымен емес) көшіп-қонуына байланысты шыққан.

Топонимдердің мәні мен шығу тарихы арнайы зерттеуді қажет етеді. Төменде хронологиялық ретпен орналасқан бірнеше көне атаудың мағынасы мен тарихы сипатталған.

12.1. Ілінгір (Ленгір) қаласы

Л е н г е р аталаң кеткен қаланы Қазақ даласындағы ең көне қала деп атауға болады. Халық жадындағы деректерге сүйенсек, жердің беттің топансу басқанда Нұх пайғамбар киелі кемесін осы қала орнаған жерге ілінгір (якорь, зәкір) тастап тоқтатып жан-жағын бағдарлаған. Діни кітаптарға кірген нақты дерек кейін аңызға айналып, аңыз бойынша Нұхтың кемесі Қазығұрт тауына тіреліп тоқтаған көрінеді.

«Басында Қазығұрттың кеме қалған.

Болмаса ол әулие неге қалған», –

деген өлең жолдары сол көне замандардың күәсі. Нұхтың кемесіне байланысты шыққан аңыз осыдан он мың жылдай бұрынғы замандарды қамтиды. Бұл – жербетін топансубасқан заманың уақыты. Нұх пайғамбар бұл жерге келсін-келмесін, бірақ геологиялық жағдайларға байланысты он мың жылдан астам уақыт бұрын өнірдегі сай-саланың барлығын су басқан. Осыған байланысты сол кездегі халық кемемен жүріп, оларды тоқтатуға ілінгір пайдаланған.

Осы дерек Арыс тайпасының сактарына белгілі болып, атадан балаға жетіп отырған. Батысқа қоныс аударған сактар да бұл деректі біліп кеткен. Біздің ғұлама қандасымыз Анарыс (Анахарис) б.д.д. VI ғ. теңізшілер елі Элладаға кемелерді ілінгір тастап тоқтату тәсілін бабалары жадындағы деректерге сүйеніп үйреткен деп айтуда негіз бар [21, 24].

Сонымен, өнірді топансу қаптаған заманда аңыз болып айтылатын Нұх пайғамбар кемесінің ілінгірі қалған жерге салынған Ілінгір (қазір бұрмаланып Ленгер аталған) қаласының тарихы да мындаған жылдарды қамтиды.

12.2. Арыстанды

К а р а т а у жотасынан онтүстік-батысқа қарай ағып шығып, Сыр алабының саласы болып табылатын бұл өзеннің аты оның бойын мекендерген арыстандарға байланысты қойылған. Арыстандар бұл аймақты голоцен оптимумы кезінде, яғни осыдан 5–6 мың жыл бұрын мекендерген. Осы кезде бұл аймакта өте жылы, қазіргі Африканың саванналары мен жартылай дала аумактарындағыдай тіршілікке қолайлы климаттық жағдай қалыптасқан. Жылы және ылғал

климатқа тән жан-жануарлар: арыстан, керік, піл, бөкен, т.б. сүткоректілір топ-тобымен еркін жайылып жүрген. Жергілікті адамдар осы жануарларға аңшылық жасаған.

Голоцен оптимумынан кейін салқын түсіп, құрғақшылық орнаған заманда, яғни шамамен осыдан 4,3–5 мың жыл бұрын бұл аймақтан, жалпы Қазақстан аумағынан ірі сүткоректілер мен арыстандар мәнгі ауып кеткені белгілі. Ал, көне Арыс, Арыскұм, Арыскөл, Арыстанды өзені сол заманнан қалған тарихи мекендер. Ауа райы салқындал, қазіргі климаттық жағдай орнап, қазіргіге жақын фауна мен флора қалыптаса бастайды. Осыдан кейін Қазақ даласында арыстандар мекен демеген. Бірақ “*аң патшасы*” арыстан мәнгі халық жадында сақталып, бұрын арыстандарға мекен болған жерлер жер-су атында ескерткіш болып қалған [10].

Арыстанды өзенінің жағалауы Қазақдаласындағы алғашқы адамдар мекені болғанымен белгілі. Қазақстан мен Орта Азиядағы ен көне мәдени жәдігерлер – тасмалтадан жасалған алғашқы адамдардың құралдары осы жерден табылып, біздің қасиетті жерімізде алғашқы адам пайда болғанын әйгілеп, тарихқа “*арыстанды мәдениеті*” деген атпен еніп отыр.

12.3. Арғанаты

Қазақстанда осы атты шоқылы-адырлы таулар Қарағанды облысындағы Ұлытаудың шығыс жағында және Шығыс Қазақстан мен Алматы облысында орналасқан. Бұл тауларды осылай б.д.д. ежелгі сақтайпалары атаған. Арғанаты – арқарлы (ежелгі *арға* қазіргі қазақ тіліндегі арқа-дала жануарлары – *арқар*) дегенді білдіреді. Бөкендер мен маралдар жазық далада жайылса, арқарлар адырлы биқті мекендейген. Қазір жазықтардан адамдар әрекетімен ығыстырылған маралдар тау бөктерлеп кетсе, арқарлар олардан биқтеп жартасты шындарға дейін жеткен. Арқар мекендейген ареалдар биік шоқыларда, жоталар мен құзартты тауларда орналасқан [10].

Сарыарқа мен Шығыс Қазақстандағы Арғанаты таулы адырлары ежелгі Арғанаты атын сақтаса, ал Алматы облысында Қапшағайдың солтүстік-батысында орналасқан жоталар қазіргі тілге бейімделіп Арқарлы аталады.

12.4. Білеуті және Бұланты

Білеу – білеу құйрықты құндызыдан ежелгі атауы, ал бұлантылғал орманды мекендейтін ірі жануар. Білеуті – Ұлытаудың

Қарсақпай мен Жезқазғанның онтүстік жағынан басталып, батысқа қарай ағатын шағын өзен. Білеугі өзенімен қатар, оның солтүстік қапталында Бұлантты өзені орналасқан. Бұл атаулар осыдан 5–6 мың жыл бұрынғы голоңен онтимумы заманының ескерткіштері. Қазақ даласында ерекше қолайлыштың жылы әрі ылғал жағдай орнаған заманда бұл алқапта қалың орман өсіп, мөлдір сулы бұлактар мен көлдер болған. Бұлактарды мекендеғен білеу құйрықты құндыздар ағаштардың қызып, өздеріне тоған жасап мекендеғен. Білеулер ете көп жайлаған бұл жерді адамдар осылай атап кеткен.

Зерттеулер Білеугі және Бұлантты өзендерінің алабында қалың орман өскенін, өзендер мен көлдер болғанын, оларды бұландар мен құндыздар мекендеғенін, орман ағаштары қазіргі тайгада өсетін қылқан жапырақты қарағай тұқымдастыларға жататынын көрсөтті. Өзен алабындағы сыңсыған орман арасында, қалың шөп өскен көлшікті аланқайларда бұландар еркін жайылып жүрген. Адамдар осы жерге келіп аңшылық жасап, бұландар мен білеулер көп кездесетін және олардың негізгі мекені болған өзендер алабын сол кездегі тіл ерекшелігіне сәйкес білеуті және бұлантты деп атап кеткен. Бұл атау мындаған жылдар өтсе де халық жаңында берік сакталып, бастаның айтылуынан өзгеріссіз құйде бүгінгі күнге жетіп отыр.

Жылы әрі ылғал заманды салқын әрі құрғак заман алмастырған сайын ормандар да біртіндеп солтүстікке қарай шегіне берген. Жер беті көтеріліп, су тартылып, көлдер құрғап кеткенімен, олардың орнында өткен заманының ескерткіші болып, өткен заманының тарихын әйгілеп ежелгі Білеуті және Бұлантты өзендері қалды.

Жылы және ылғал жерлерді, су алаптарын мекендеғен құндыздардың қалдығы, қылқанды ағаштардың тозан-споралары бұл жerde білеулер және басқа су жануарлары мен жәндіктері, орман жануарлары көп мекендеғенін айғақтайты. Аяу райы күрт қатайып, салқын және құрғак климат орнауынан орман жойылып, көлдер құрғап кеткен [10, 44, 45].

Казір Білеутінің солтүстік жағындағы Қарасыр өзені да тарихи атауға айналды. Бұл мекен 1726 жылы қазақ жасактары қалмақ басқыншыларына құйрете сокқы беріп, қырғынға ұшыратуына байланысты “Қалмақ қырған” аталаған кетті.

12.5. Теректі

Қазақстан аумағында Теректі аталатын мекендер көп. Олардың барлығы осы жерлерде, осындай атты өзендер бойында сыңсыған теректер өсуіне байланысты шықкан.

Мұндай мекендердің көпшілігінде қазір де теректер өссе, ал біразында – теректің өзі емес, ізі де қалмаған.

Мәселен, осындай мекендердің бірі Жезқазган қаласынан шығысқа қарай 70 км-дей жерде орналасқан. Бұл мекенде бір кезде Сарысудың солтүстікten келетін саласы болған өзеннің құрғақ арнасы қалған. Осы құрғақ арнаның алабында Теректі темір жол бекеті бар. Қазір ағаш өспейтін жартылай шөл мекенде теректер қашан бой түзеп өсіп жүр деген сұрақ туын-дайды.

Иә, Теректі өнірінде сонау ежелгі заманда, б.д.д. 5–6 мың жыл бұрын *гaloцен оптимумы* кезінде мол сулы өзен алабында ырғалған биік дінді теректер өскен. Теректінің солтүстік алабында қылқан жапырақты ағаштардан тұратын ну орман орналасқан. Осы аралықтан тайга текті орман мен қалың жапырақты ағаштар өскен белдеудің шекарасы өткен. Бұл шекарадан оңтүстікке қарай, Сарысу алабында терек тұқымдас ағаштар жайқалған. Мұндай ағаштар голоцен оптимумынан кейінгі замандарда да сакталған. Оған Сарысу өзені алабының мол сулылығы мен ылғалдығы себеп болған [44, 45].

Теректіге жақын жерде Жезқазған мыс кенорны бар екендігі белгілі. Академик Әлкей Марғұлан Жезқазғанда осыдан 4–5 мың жыл бұрын кен өндіріліп, мыс қорытулғанын анықтады. Мыс қорытуға қажет отын көзі осы Теректі мекенінің қызулы ағаштары болған. Бұл жерде өнеркәсіп жанданған. Біртіндеп ауа райы құрғап, ағаштар қурап, мыс және басқа металдарды қорытуға қажет отынның жоқ болуына байланысты, Жезқазғанда осыдан кейін ежелгі сак заманындағы кен-металлургия өнеркәсібі токтаған. Ортағасырлық заманың басында Жезқазғанға түскен Ұлы Жібек жолының тармағымен келген кірешілер сомтума мыс пен өте бай кенді, әшекей бұйымдар жасауға пайдаланыла-тын малахит пен азуритті тиеп әкететін болған.

12.6. Кенгір

Бастауын Сарыарқадағы Арғанаты адырынан алатын Қарақентір, Желді адырларынан – Сары Кенгір болып ағатын қос өзеннің тармағы бірігіп, оңтүстікке қарай Кенгір өзені болып ағып, Сарысуға құяды. Осы өзеннің бойында бұрынғы Кенгір ауылы, казіргі кеншілер астанасы Жезқазған қаласы орналасқан. Кенгірдің атын академик Әлкей Марғұлан «*кенди өзен*» дегеннен шығарса, ғалым А.Сейдімбек «*кең үңгір*» болар деген пікір айтады. Кенгір өзенінің алабы жазық жер. Өзендер бастауын алатын Арғанаты мен Желдіадыр өте берік

граниттен тұрады. Бұл аймақта үңгір пайда болатын табиғи жағдай шектеулі.

Кенгір атаяу кенді өнірден (кенді өнгір – кенгір) шықканы көрініп тұр. Мәселен, қазіргі Ұлытау жазба деректерде XIII ғ. дейін Кендіртағ (яғни Кендітау) аталғаны белгілі. Бұл өнірде Арғанатыдан бастап Жезқазғанға дейін көптеген әр түрлі кенорындар кездеседі. Олардың ішінде көмір де, темір де бар, негізгісі алтын-күмісі бар түсті металдар. Әлемдік маңызы бар Жезқазған кенорнында энеолит (мыс) заманында, б.д.д. 4–3-ші мыңжылдықтарда сактар кен өндіріп, мыс пен кола балқытқан. Біздің дәуірдің басында Ұлы Жібек жолының арнағы бір тармағы Шу, Сарысу, Кенгір өзендерін бойлап Жезқазғанға келген. Жезқазғаннан мыс, алтын, күміс, малахит (жасыл тас) пен азурит (көк тас) тиеген кірешілер Батыс пен Шығысқа үздіксіз ағылып жатқан.

Кенгір алабындағы кенорындардың қазір де, болашақта да халқымызға берері көп.

12.7. Қазығұрт

А д а м з а т тарихындағы ежелден белгілі мекендердің бірі – Шымкент өніріндегі Қазығұрт мекені. Бұл топонимнің дәл мағынасын әлі толық пайымдай алмай келеміз. Оның себебі қоған түркі сөздерінің алғашқы мағынасы жадымыздан, ал олардың көбі қазір қолданудан шығып қалуынан.

Қазығұрт сактардан жеткен қоған сөз, оның дәл мағынасы “Қаз құрт – қасқыр қазған” дегенді білдіреді. Құрт – қасқыр немесе бәрі сөзі ретінде кейбір түркі халықтарында қазір де қолданылып келеді. Ал, неге “қасқыр қазған” деп аталатынын б.д.д. тарих беттерінде жазылып қалған мәліметтерден білеміз. Мәселен, Қытай жылнамаларында Қазақ даласы туралы алғашқы мәліметті көрнекті дипломат Чжан Цзянь жазып қалдырығаны белгілі. Ол б.д.д. 119 жылы Үйсін мемлекетінің билеушісі Елсау ханбидің (б.д.д. 178–104) Есік қорғаны маңындағы ордасына келген. Үйсін мемлекетінде, Елсау ханбидің ордасында он бес жылдай тұрған Қытай елшісі өзіне керек мәліметтермен бірге үйсіндер туралы ежелден айтылып келе жатқан аныздарды да жазып жүрген. Солардың бірі – “қасқыр немесе көк бәрі асырап алған бала” туралы аныз. Анызды әкесі Дәу биден (Дәубаба) сәби кезінде қалған Елсау биге қатысты баяндайды. Шын мәнінде бұл аныз одан көп бұрын, шамамен б.д.д. XV ғ. дейін сак тайпаларының арасында айтылып келген.

Адамдардың жабайы аңдардан қолға алғаш үйреткені қасқыр екені белгілі. Ол осыдан 5–6 мың жыл бұрын-ақ адамдардың сенімді серігі әрі көмекшісі итке айналған. Ит адамдармен бірге үнгірді мекендей, өзіне ыңғайлы жерді қазып алуына байланысты “қазғыр – қасқыр” аталған.

Егер “Қасқыр асырап алған бала” туралы анызды қытайлар Қазак даласына келгенде біліп, жылнамаларына косса, ал онтүстік (Индия, Иран) және батыс (Рұм, Грекия) елдеріне бұл анызды сақ тайпаларының өздері таратқан.

Геологиялық тарихтан осыдан 3,5 мың жылдай бұрын Суббореал кезеңінің соңғы бөлігінде (SB-3), Қазак даласына жұт әкелген орасан қатты сұық ауа райы орнағаны белгілі. Табиғаттың қысымына шыдамаған жерлестеріміз, онтүстікке және батысқа қоныс аударған сақ тайпаларының бір руы өздерін *ит асырап алған баладан* таратқан. Бұл аныздың негізінде адамдар арасында тұрған иттің (казғырдың, яғни үрғашы қасқыр – құртқаның) бір себептермен ата-анасыз қалған сәбиді үнгірге әкеліп, қамкорлық жасағаны туралы шындық жатыр.

Түркістан өнірін, Қазығұрт пен Қаратая жотасы аралығындағы Арыс алабын мекендереген сақ тайпасының бір бөлігі табиғи жағдайларға байланысты Индияның онтүстігіне қоныс аударған. Олар жергілікті тайпалар арасында *дравид* (драу ит) деген атпен белгілі. Ағылшын жаратылыстанушысы Р. Киплинг өзінін “Маугли” атты әңгімесін осы халықтың арасында ежелден айтылып келе жатқан аныз желісінде жазған.

Батысқа кеткендер арасында олар итру сактары – *эт-руск* деген атпен белгілі. Олардың қасқыр терісін жамыльып би билейтінін Геродот [21] жазып кеткен. Ал, Рұмға барып мекендереген итру сактары әйгілі Рим қаласын б.д.д. 754–753 жж. салғаны белгілі. Бұл қаланы салғандар да өздерін *қасқыр (құртқа) асырап алған бала туралы анызben* байланыстырады. Олар кейін құдіретті Рұм мемлекетін қалыптастырып, оны ғасырлар бойы билеген белгілі әулет болған. Олардың кейінгі үрпактары бастапқы анызға айналған оқиғаны атадан балаға жеткізіп, мемлекет астанасы Рим қаласына қасқырдың және ол асырап алған баланың ескерткішін де орнатты.

Парсы деректерінде сақ сөзі *ит (қасқыр, бөрі)* деген мағынаны білдіреді деп, осы анызға негіздел айтылатыны көрініп тұр. Таяу Шығысқа келген сақ тайпалары өздерінің ежелгі анызын ұмытпай жадында сактап, ғасырлар бойы айтып жүрген. Олардың басты бөлігі Таяу Шығыстың жергілікти халқына айналса, ал біраз бөлігі Қазак даласында қолайлы

жағдай қалыптасқанда, тарихи отанына қайта оралған. Осы қоныс аударуға байланысты кейбір тарихи мәліметтерде Қазақстанның бос жатқан мекендеріне адамдар алғаш рет Таяу Шығыстан көшіп келіп қоныстанған деген деген жансақ пікір айтылып қалады. Шын мәнінде олар бір кезде осы жерден кетіп, қайта оралған жергілікті адамдар.

Жалпы, бұл аңыздар мен деректер тек сақ тайпалары өкілдерінің арасында ғана айтылады, ал осы елдердің байырғы жергілікті халқы (Индия болсын, Рұм болсын) оны білмейді.

Сонымен Қазығұрт, яғни қасқыр қазған мекені ежелден белгілі. Бұл атау осыдан 3,5 жылдай бұрын (мүмкін, голоцен оптимумы кезінде, яғни осыдан 5 мың жылдай бұрын) шықкан. Ол – түркі әлемінің тарихи көне мәдени ескерткіші.

12.8. Чигу (Қызыл анғардағы қала)

Чигу қаласы ежелгі Қытай жазбаларынан белгілі, Алатаудың бөктерінде қазіргі Есік анғарына орналасқан қала – ежелгі Үйсін мемлекетінің астанасы. Бұл қала тұралы алғашкы дерек осы жерге Елсау хандидің ордасына елшілік мақсатпен б.д.д. 119 жылы келіп, он бес жылдай тұрған Қытайдың әйгілі дипломаты Чжан Цзянь (немесе Жаң Чиан) тәппіштеп жазып кеткен [15].

Чигудың казакша мағынасы Қызыл (қызыл анғарда орналасқан) қала дегенді білдіреді. Бұлай атауға Қытай елшісі келген мамыр-маусым айларында қызғалдақтар жайқалып, айналаның барлығын қызылға бояп тұрғаны себеп болған. Чигу қаласы таудың етегінде, Есік өзенінің анғарында орналасқан.

Чигу (Чеку) қаласы, яғни ежелгі Үйсін мемлекетінің астанасы маңында мемлекет билеушілері жерленіп, олардың басына үлкен қорған төбелер жасалған. Қорған төбелердің ең үлкенін және көрнектісін Елсау хандидің ұлы Нұлы би жастай қайтыс болғанда, әкесі сүйікті баласының басына орнатқан. Елсау ханби де осы қалада қайтыс болып (б.д.д. 104 жылы), оның басына Нұлы бидін қорғанымен біркітіріле таудай қорған жасалған.

Чигу қаласы ұзақ жылдар мемлекет астанасы болған. Мысалы, Қытайдың Дун Дин деген саясатшысы – дипломаты 453 жылы осы қалаға келген [28]. Чигу қаласы арқылы б.д.д. II ғасырда басталып, Қытай мен Батыс елдерін байланыстырған Ұлы Жібек жолы өткен. Естемес хаған 555 жылы мемлекет астанасын Чигу қаласынан батысқа қарай 650 км жердегі Түркібасыға көшіреді. Осыған байланысты Чигу қаласының

мәні төмендеп, Ұлы Жібек жолының ең басты тармағы Үстүк көлдің солтүстік жағалауымен, Күнгей Алатаудың бөктерімен өтетін болған. Қытай дегдары Сюань Цзан 628–630 жж. батысқа, Қазак даласына жасаған сапарында Үстүк көлдің жағалауымен жүргенін жазған.

Кейір шығармаларда Чигу қаласы Үстүк көлдің жағасында деп жаңсақ жазылады. Чжан Цзянь алғаш Елсау ханbidін ордасына келгендегі тарихи жазбаларында Үстүк көл туралы мәлімет жок (ол мүмкін бұл туралы білмеген немесе таудың арғы жағындағы көлге мән бермеген болар). Кейінгі кездері (шамамен VI f. сонынан) Ұлы Жібек жолының Үстүк көлдің жағасын бойлаған тармағымен өткендер атакты қаланың қайда екенін сұрағандарға, Чигу қаласы осы көлдің солтүстіндегі таудың арғы жағында, Іле өзенімен аралықтағы Қызыл аңғарда қалды деген. Осыны дұрыс ұғынбағандар Чигу қаласы Үстүк көлдің солтүстік жағасында деп қате жазып жіберген.

12.9. Тұркібасы

Арыспен Құлаң өзендерінің құйысындағы кос өркешті тау мен қазір бұрмаланып Тұлкібас аталып жүрген ауданның ежелгі аты – Тұркібасы. Қытай жылнамаларында түркілері *түкілер* деп жазған, оның себебі қытай әліппесінде *p* әрпі жок. Осыған байланысты қытайша *Тұ-кібасы* деп айтылған сөзден **Тұркібасы** – қытай ынғайымен Тұлкібасы болып кеткен.

Бұл атая Батыс Түрік хандығының Басы болған Естемес хағанға байланысты шыққан. Естемес хаған шамамен 556 жылы сол кездегі Екітауға шатырын тігіп, оның етегіне ордасын орналастырып қала салған. Тұркібасы болған Естемес хақанның ордасына, Екітаудың басындағы алтын-жібек шатырына 558 жылы Византия империясының елші Земарх нөкерлерімен келген [18].

Сюань-Цзянның дерегі бойынша (шамамен 630 ж.), ыстық басталғанда Тұркі хандары (*Естемес хаған және одан кейінгі хандар*) Тұркібасыдан Арыс өзені бастау алатын қонырсалқын Мынбұлак мекеніне келіп тұратын болған.

Тұркібасы өлкесін тас дәүірі замандарында алғашқы адамдар мекендеген. Тұркібасы тауынан 40 шақырымдай батыс жағындағы Қараңгірді осыдан 7 мың жыл бұрын неолит адамдары тұрактанған. Арыс өзенінің басы мен орта ағысы аралығында 1964–1970 жж. кең ауқымды жүргізілген археологиялық жұмыстар 20-дан аса тас, қола, темір замандарында өмір сүрген адамдар тұрағын ашқан.

Түркібасыда ежелгі замандардан киелі танылып, адамдар Тәнірге табынған жерлер қөп. Сарытөр мен Құлантай жоталарының етегіндегі Әулиесай шатқалындағы Ұзынбұлақта б.д.д. V–IV ғғ. шамасында Үйсін мемлекетін құрған Үйсін дүниеге келген деген дерек бар. Б.д.д. 178 жылы Дәубабада Үйсін мемлекетінің ханбі Дәуби жерленген. Құлантайдын шығыс етегінде б.д.д. I ғ. өмір сүрген Шакпақ әулиенің қорған төбесі жатыр.

Ұлы Жібек жолының бойындағы Түркібасы тауына ислам дініне дейін де, мұсылмандық қалыптасқаннан кейін де, бүгінгі күні де өткен-кеткендер мен арнайы келгендер Тәнірге, Аллаға құлшылық етеді. Осы деректер негізінде Түркібасы өлкесінің Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының жерін камтитының көреміз. Аталған екі облысқа ортақ тарихи өлке Шығысында Жуалы ауданының Теріс өзені алабындағы Күркіреусудан бастап, Кіші және Үлкен Қаратая жоталары мен Арыс өзенінің алабындағы ежелгі Сайрам, Шымкент мекендеріне дейінгі аймақта орналасқан.

Түркібасы өлкесінде ежелден мал шаруашылығымен және егіншілікпен қатар әр түрлі кәсіпшілік дамыған. Күйік асуының басында Шауғар қаласы орналасып, оның шеберханасында Қаратайдын тақтатастарынан кайрақ тас дайындалған. Арыс тайпасының сақтары б.д.д. Абайыл (Абылай) темір кенорнында болат қорытқан. Орта ғасырларда болаттан жасалған қару-жараптар мен тұрмыстық заттардың Ұлы Жібек жолымен өткен саудагерлер үшін маңызы өте жоғары болған. Алтын мен күміс өндірілгені туралы да деректер бар [12, 19].

Арыс бойындағы Ұлы Жібек жолымен шамамен 846 жылы өткен Араб географы, саяхатшы ибн Хордадбек Түркібасы ауданында Шараб, Бадухкет, Тамтадж (*tam – сарай, fumarat, ал тадж – тас, яғни тастан салған қала*) – бұрынғы Түркібасы, одан шығысқа қарай 25 шақырым жердегі Мыңбұлақта Абарджағадж (*Abadtas – тастан абатталған қала*) – бұрынғы Мыңбұлақ қалаларын жазып кеткен. Одан бір ғасырдан кейін, X ғ. басында Бағдад халифінің сарай қызметкери Кудама ибн Жафар Тамтадж (*Түркібасы*) қаласы қамыс өскен өзен (*Арыс*) бар ашық жерде деген [19].

Археологиялық қазба зерттеулер Түркібасы өнірінен көптеген көне қалалар мен мекендерді, оларда сакталған мәдени ескеркіштерді ашты.

1893 ж. ғылыми сапармен келген академик В. Бартольд бұл өнірдің Түркібасы аталғаны туралы халық жадында сакталған

деректі жергілікті халықтың айтуымен жазып алған [13]. Қазіргі Азатлық ауылы кеңес үкіметі кезінде колхоз болып құрылғанға дейін *Түркібасы* аталған.

12.10. Мыңбулақ

Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Теріс өзенінің алабы ежелден осылай аталған. Мыңбулақтың алғашқы толық сипатын Қытай жиһангез-сопысы Сюань-Цзян шамамен 630 ж. өзінің сапарнамасында: «...Мыңбулақ елінің аумағы шамамен 200 шаршы ли (1 ли = 450 м). Оның онтүстігін қарлы таулар (Алатай) шектейді, ал қалған үш жағы біркелкі жазық. Бұл жер өте ылғал және оның орман-тогайы керемет. Көктем айының соңына қарай шығатын әр түрлі гүлдердің көптігінен көз тұнады, жердің беті масаты кілемдей құлпырады. Бұл жерде көусар сұлы сансызы бұлактар ағып жатады, сол себепті «Мың бұлақ» аталған. Жыл сайын жаздың аптағында Тұ-киу (*Tүркі*) ханы осы жерді паналайды. Бұл төңіректе елікмаралдар көптеп кездеседі...» деп тамсана жазған [15].

Мыңбулақ туралы Араб жиһангездері Убейдаллах ибн Абдаллах ибн Хордадбек (846 жылы) және Кудама ибн Жафар (Х.ғ. басында) өздерінің құнделіктерінде: «...Бұл Абарджадж үлкен төбе, оның айналасынан мындаған бұлактар ағып шығады. Олар қосылып бір өзен құрайды. Өзен шығыска қарай ағады, сондықтан оның аты Баркуаб; бұл сөздің аудармасы «кері бағытта ағатын өзен»...Баркуабтың (*қазіргі Теріс өзені*) екі жағасындағы тұтасқан орман-тогайлары мен қалың құракты шалшықтарынан қара қырғауылдарды аулайды» деген [19].

Бізге Араб жиһангездерінің шығармалары арқылы VIII ғ. басынан белгілі болған, тастан тұрғызған жақсы бекіністері мен мұнаралары бар Абарджадж (*Абаттас—Мыңбулақ*) қаласын Батыс Түрік хандығының ханы Ызбарлы Халық (Ышбара, Шебало Хэлу) 651 ж. салып, өзінің ордасын осында көшіріп әкелген. Қаланың әуел бастағы аты Мыңбулақ болған. Осы Мыңбулақ мекенінде, Құлантаудың етегіндең көп бұлакты қоңырсалқын жазықта 1223 жылы Орта Азияға жасаған жорықтардан қатты қалжыраған Шыңғысхан нөкерлерімен демалып, үлкен той жасап сауық құрған [22].

Мыңбулақ қазір де табиғаты жайлы, жері шұрайлы, жайқалған өлке. Қытай жазбаларында баяндалғандай сансызы бұлактар үш бағытта жарыса ағып жатады. Алатаудың етегінен бастау алған бұлактар солтүстікке қарай құлдиласа, Құлантаудың қойнауларынан шықкан бұлактар шығыска, ал

Кіші Қаратай жотасының беткейлерінен – онтүстік бағытта сыйлдырай ағады. Барлық бұлақтардың табысатын жері – Теріс өзенінің арнасы. Өзен аңғарында бітік өскен ағаштар мен бұталар, суындағы тайдай тулаған балықтар, таза ауасы – барлығы табиғаттың бізге жасаған баға жетпес сыйы.

Батыс жағында Шақпақ белі мен Құлантай жотасы арқылы жапсарласып, іргелес жатқан Түркібасы мен Арыс алабының негізгі құретамыры Арыс өзені басын осы Мынбұлақтың бұлақтарынан алады. Мынбұлақ көне мәдениеттің де ошағы. Оның жартастарынан тас заманы мен қола заманының адамдары қашап салған суреттер мен тарихи жәдігерлер көптеп кездеседі.

12.11. Қозыбасы

Егер ұлы тарихшы-ғұлама Мұхаммед Хайдар Дулати қазақ халқының өз алдына шанырақ көтеріп, жеке хандық құру турагы мәліметті «Тарих-и Рашиди» шығармасында жазып қалдырмаған болса, басқа тарихи шығармалардан таба алар ма едік жоқ па? Мырза Мұхаммед Хайдар былай деп жазған [37]:

...Сол күндері Әбліхайыр хан Дешті Қыпшакты түгел иеленді. Ол Жошы әuletінің сұлтандарын тықсыра берді. Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып, Моголстанға келді. Есенбұға хан оларды жақсы қарсы алып, Моголстанның батыс жағынан, Шу өзені тарапындағы Қозыбасыны берді. Олар мұнда тыныш өмір сүріп жатқанда, өзбектер ұлысы Әбліхайыр хан қайтыс болып (1468 ж. – Ә.Б.) ыдырай бастады. Бұл жерде алауыздық орнап, көптеген адамдар Керей хан мен Жәнібек ханға кетті, олардың саны екі жұз мың адамға жетті және оларды “өзбек-қазақтар” деп ататын болды. Қазақ сұлтандарының билігі 870 (1465–1466) жылдан бастап өркендеген, <Алла оны бізден артық біледі>. Ал 940 (1533–1534) жылға дейін казактар Өзбекстанның (Өзбек ханның ұлысы болған Ақ Орданың – Ә.Б.) көп бөлігіне толық билік жүргізген (105–106 бб.).

...855 (1451–1452) жылы Шыңғысханның ұлы Жошы ханның жұрты болған Дешті Қыпшактың билеушісі Жошының үрпағы Әбліхайыр болған. Ол уақытта бұл жұртта одан құдіретті билеуші болмаған. Айтылып кеткендей, ол қайтыс болған соң оның адамдарының арасында алауыздық басталуынан көп адам Керей хан мен Жәнібек ханға – қазаққа келіп қосылады. Бір жағынан, Керей хан мен Жәнібек ханның, ал екінші жағынан, Әбліхайыр хан ұлдарының арасында ежелден келе жатқан қастық болған. Әбліхайыр ханның ұлдары могол хандарын да жау санаған. Оның себебі – могол ханда-

ры Керей ханмен және Жәнібек ханмен бірігіп әрекет жасайтын. Әбілхайыр хан өлген соң оның адамдары мен үлдары Әбілхайыр ханның ұлкен ұлы Бұрыж оғланның төнірегіне жиналады. Керей хан мен Жәнібек хан толық құшінде болғандыктан бұл Бұрыж оғлан олардан алыс барып, Түркістан қаласының айналасында қоныстанады (116 б.).

...Әбілхайыр хан Дешті Қыпшакты толық иемденген кезде Жошы әулетінің кейбір сұлтандары одан жаксылық күтүге болмайтынын күні бұрын сезіп, оның көзін жоюға шешім қабылдайды. Керей хан, Жәнібек сұлтан және басқа кейбір сұлтандар аз адаммен Әбілхайыр ханнан қашып шығып, Моголстанға келеді. Бұл уақытта Моголстанды билеу кезеңі Есенбұға ханға жеткен еді. Есенбұға хан оларға көп құрмет көрсетіп, Моголстанның бір бұрышын береді. Олар бұл жерден қауіпсіздік тауып, олардың күндері тыныш сырғып өтіп жатады.

Әбілхайыр хан өлген соң өзбектер ұлысында (*Ak Ordada – Ә.Б.*) алауыздық орнайды. Әркім өзінің қауіпсіздігі мен тыныштығы үшін мүмкіндігіне қарай Керей хан мен Жәнібек ханның көмегіне сүйеніп келе бастаған сайын, олар да қүшіле түседі. Алғашында олар адамдардан алыстап, елдерден алыс жерлерде қашып жүргендіктен, оларды “қашақтар” деп атап кетеді. Бұл атаяу оларға осылай таңылып калады (348 б.).

Осы келтірілген тарихи деректерді басқа да белгілі мәліметтермен салыстыра сараптасақ, Қазақ ұлттық мемлекетінің алғаш қай жылы және қай жерде ту тіккенін, сонымен қатар “қазақ” атауының қашан шыққанын да нақтылауға мүмкіндік тудады. Қазақ хандығының құрылуына жағдай жасап, бұл тарихи құбылысқа негізгі алғышарт болған – сол кездегі мемлекеттер арасында қалыптаскан саяси жағдай. Моголстан (билиуці Есенбұға хан), Мауареннахр (Жұніс хан) мен Әбілхайыр хандығының арасындағы саяси жағдайдың шиеленісіне және әлеуметтік жағдайдың нашарлап кетуіне қалмақтардың шапқыншылығы да әсер етті.

Атап айтқанда, “...1456–1457 жж. Сығанақ түбінде қалмақтардан қүйрей женілген Әбілхайыр Түркістанның талан-таражға түскен қалаларын тастан шығып, “кейін өзін-өзі ұзақ жұбатып, жаугершіліктен әбден титыктап қалған даладағы істерін тәртіпке келтірумен айналысқан”, Дешті Қыпшакқа кетүге мәжбүр болды. Тек 1460-жылдардың басында ғана Әбілхайырдың Сырдария бойына қарай қайта қозғалып, мұнда бұрын өзі жаулап алған қалаларға енуіне мүмкіндік туды.

Әбілхайырдың қалмақтардан женілуінің басты себебі оның мемлекетінің ішкі әлсіздігінде жатыр еді. Шынғыс әuletі арасындағы толассыз қырқыстар мен алауыздықтар, рулар мен тайпалардың көшпелі ақсүйектерінің оқшаулыққа ұмтылуы, феодалдық жоғары тайпалар мен қатардағы көшпелі және жартылай көшпелі бұқара арасындағы қайшылықтардың шиеленісуі, ішкі және сыртқы соғыстар — мемлекеттің шаңырағын шайқалтып, күйреу дәрежесіне жеткізген еді. 1468 жылы Жетісу жорығы кезінде Әбілхайыр қаза тапты. Қазак хандығының құрылып, нығаюына байланысты Шайбани әuletінің Шығыс Дешті Қыпшактағы билігі токтады” (Қазақстан тарихы, т. 2, Алматы, 1998).

Қалмақтардан женіліп, билігі әлсіреген Әбілхайыр хан қарамағындағы сұлтандарды жұмылдыруға, ал ырқына қөнбекендеріне ашық қысым жасауға көшті. Бірақ алауыздық орнаған ұлысты қайта қалпына келтіру іске аспауға айналды. Жәнібек пен Керей сұлтандар туындаған жағдайды пайдаланып ханнан арасын аша бастайды. Олар 1457 жылы Түркістан аймағынан шығысқа қарай көшіп, Әбілхайыр ұлысының қыыр шетіндегі Мойынқұмға келіп қыстаған. Қалмақтар шабуылның жилеме мен мемлекет ішіндегі іріткі салдарынан өздеріне қараған елді соңдарына ертіп, алғыс аймақтарға көш түзей бастаған сұлтандарды тәртіпке салуға Әбілхайыр ханың мүмкіндігі болмады.

Жәнібек пен Керей сұлтандар Әбілхайыр ханың орда-сынан алғыс, оның хандығынан тыс жерде тұруды ойластырады. Тұратын мекен тандағанда, олар өздеріне көзқарасы тұзу Есенбұға ханнан Моголстанды паналатуды сұраған. Есенбұға Моголстанның Шу атырабындағы билігін Жұніс ханың 860 (1455–1456) жылдан әлсірете бастаған әрекеттеріне қандай амал жасауды ойлап жүргенде, Әбілхайыр ханнан қашқан сұлтандардың тілегін орында арқылы осы мәселені шешудің де орайы келді деп ойлаған болар. Онда, Жәнібек пен Керей сұлтандарға Моголстанның батыс жағын беріп, Жетісу мен Шудың Кендіктасқа (сақ заманында кен өндіріп, металл қорыткан кенді тасты ежелгі мекен – Ә.Б.) дейінгі жерін қауіпсіз аймаққа айналдыруды көздеңені де айқын. Осы мақсатын іске асыру үшін Есенбұға хан Керей мен Жәнібекті жақсы қабылдап, оларға Қозыбасы мекенін береді. Мойынқұмның жылы өнірінде ерте көктемде малдарын төлдетіп, өздері біршама тынығып, саяси мәселенің сәтті шешілуіне байланысты қөнілдері жайланған Керей мен Жәнібек сұлтандар Қозыбасыға көшеді. Қоныс аудару мерзімі сөүір-мамыр айларына сай ке-

леді. Өйткені жана төлдеген малға биік текшетауда орналасқан Қозыбасы жайлауы сәуір айының сонына дейін салқын әрі жайылымға қолайсыз. Ал одан кеш қалса, жаз шыға жортұыл жасайтын қалмақтардың жолында қалу қаупі бар.

Қозыбасы жайлауын мекендеу Керей мен Жәнібек сұлтандарға да тиімді еді. Бұл – Әбілхайыр ханның колы жетпейтін жер. Оның оңтүстігіне, яғни Шу атырабындағы Жұніс ханының әскерлерінен екі арадағы биік тау жоталары – Алматы Алатауының Суыктөбе және Жетіжол (Жотажол) атты сілемдері сенімді қалқан боларлықтай.

Қозыбасы жайлауы қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданында, Тарғап ауылынан оңтүстік-шығыс бағыты бойынша 10 шақырымдай жерден басталып, батысқа қарай созылып Қордайға ұласатын текшетау. Қозыбасы текшетаулы мекенінің солтүстігі биік жарқабакты, турасынан өлшегендे 5 шақырым қашықтықта Ұлы Жібек жолының сүрлеуі, яғни қазіргі халықаралық автокөлік жолы өтеді. Текшетауда айнала төнірек алақандағыдай көрінетін дәңгеленген төбелер де көп. Олар хан ордасын тігіп, кенес өткізуге, ал оның айналасына халық жиналып жарлық тыңдауға әдейі жаратылғандай. Төнірегіндегі жазық пен сай-салалар мал жайылымына қолайлы. Оңтүстігінде қалқан болып тұрған таулардың ең биігі Суыктөбе шынына дейінгі аралық 30 шақырымдай. Қозыбасы текшетауынан биік тауларға дейінгі аралықта малға да, жанға да жайлы кең шатқалдар баршылық. Сол шатқалдарда қазір де көптеген ауылдар орналасқан. Жетіжол тауларынан асып түскенде немесе Қара Қыстак анғары арқылы өткенде Шу өзенінің анғары мен Ыстық көл алабы жатыр. Ал солтүстік жағындағы жазық – Іле өзенінің анғары, Құлжабасы, Далатай мен Кендіктас жоталарының аралығы, яғни қалмақтар жиі жортұылдайтын жерлер өте жақсы көрінеді.

Осы Қозыбасы мекенінде 1458 ж. мамырда Қазақ хандығының көк байрағы тігіліп, Керей сұлтан алғашқы Қазақ ұлттық мемлекетінің ханы сайланған. Қазақ хандығының туы астына, Керей хан мен Жәнібек сұлтанның айналасына Әбілхайыр ханнан кеткен сұлтандар, жергілікті Жетісу мен Шу елінің адамдары бірігіп, тарихи шығармада айтылған 870 (1465–1466) жылы Қазақ хандығы ірі мемлекетке айналған. Қазактардың алғашқы ұлттық мемлекеті – Қазақ хандығы тарих саянсына осындай жағдайда шығып, осылай қалыптасқан.

Енді “*Қазақ хандығы*” мен оның халкы “*қазақтар*” деген атауларға келейік. Қазактар ежелгі замандардан Қазақ даласында қалыптасып, оның шығысы – Алтай мен Тұрған,

оңтүстігі – Жетісу, Ыстық көл, Сырдария мен Әмудария алабы, батысы – Каспий теңізінің атырауы аралығындағы жазираны мекендерген. Олар осыдан екі жарым мың жылдай бұрын сақ тайпаларының ынтымақтасып бірігіп, қауымдасуы нәтижесінде өмірге келіп, өздерінің аталары сактардың атын мұралап ежелден қазақтар атанған халық. Естемес хан орнатқан Ұлы Батыс Түрік қағанаты заманында (VI–VII ғғ.) қазақтар – түріктер атанды Қазақ Даласының аумағынан асып, шығысы – Манғол жазығы, батысы – Кавказ тауларының солтүстігі мен Шығыс Еуропа жазығын жайлаған. Батыс Түрік қағанаты ыдырағаннан кейін қазақтар барған жерлерінде өздерінің атын жоғалтпай, осы атпен өмір сүруін жалғастырған. Бірақ олар мекендерген жерлерін меншіктеген жеке тайпаларға жіктеле бастайды. Осыған байланысты кейін бұл қазақтар мекендерген жерлеріне қарай тайпалардың жаңа атымен аталатын болған.

Осы себепті ортағасырларда орыс жылнамашылары – Шығыс Еуропаны мекендерген халықтарды, ал Батыс және Араб тарихшылары – Кавказды мекендерген халықтарды олардың дұрыс атымен казактар (әрине, өзтілдерінің ынғайына қарай бұрамалап) деп атаған. Ал, Қазақ даласына, Сырдария мен Әмудария алабына келген саяхатшылар мен ғалымдар халықтарды жалпылама қазақ есімімен атамай, жергілікті тайпалық, рулық немесе кәсіпшілік аттарымен хатқа түсірген. Қазақ халқын әр замандардағы мемлекеттердің атымен, мәселен, VI ғасырдан – түріктер, ал XI ғасырдан – қыпшақтар деп атаған. Осы атаулардың әр түрлі тарихи құжаттарға жазылғанын білеміз. Халқымыздың осылай атала берген ерекшеліктері өзімізге белгілі жағдай.

Қазақ хандығы орнаған 1458 ж. бастап еліміздің халқы өзінің тарихи дұрыс атымен атальп, қазақ ұлты қалыптаса бастады. Керісінше, осы заман шамасында Қазақстаннан тыс аймақтарды мекендерген қандастарымыз жіктеліп, қазіргі жаңа атауларды иемдене бастаған. Мың өліп, мың тірліген “қазақ” атауы замандар ағымында тарих сахнасына бірде көтеріліп, бірде түсіп отырған. Күні кеше ғана Қазақ даласында отарлау саясатын жүргізген патшалық Россия бізді біліп тұрса да өз атымызбен қазақ деп атамай, “қырғыз” немесе ашық түрде “жабайылар” дегені есімізде.

Осыдан кейін кейбір зерттеушілердің “қазақ” этнонимін XV ғ. бастап “кашак” деген сөзден шығарып алғып жүргені қисынға келмейтіні айдан анық көрініп тұр. Олар бұл тұжырымға Мұхаммед Хайдар Дулати “Тарих-и Рашиди” шығармасында баяндаған Керей мен Жәнібек сұлтандардың өздеріне тізесін

батырған Әбілхайыр ханның қол астынан сонына ерген аз адамдарымен қашып шығарған оқиғасын негіз етіп алады. Ол Керей мен Жәнібекті қашақтар деп атаған.

Енді Қазақ хандығы қашан құрылған деген сауалдың жауабын кейде тарихи шығармада айтылған 870 (1465–1466) жылмен байланыстырады. Сол кездегі тарихи және саяси деректерді сараптай келе хандықтың туы алғаш 1458 тігілген деген тұжырым шындыққа келеді. Өйткені Керей мен Жәнібек сұлтандар 1457 ж. қалмақтардан жеңілген дағдарыстан кейін Әбілхайыр ханнан алыстал, оның хандығының шығыс шетінде Мойынқұм алқабына келіп қоныстанады. Бірақ мұнда тұракты қалу қауіпті еді.

Біріншіден – бұл мекендер ол кезде қалмақ жасақтарының жолында әрі қалмақтардың қол астында болған. Тынымсыз жортуылдаған жаудың жолында отыру қауіпті екені даусыз. Сондыктан мұнда қалмақтарға “қыр көрсетіп”, олардың жолындағы Мойынқұмда жаңа мемлекет құру кімнің ойына келе қойсын.

Екіншіден – бұл аумақ Әбілхайыр ханның билігінде. Ал Әбілхайыр хан қанша әлсіреп, дәрменсіз қүйге түскенімен “үй ішінен отау тігуге” өздері қашқын жағдайында жүрген Керей мен Жәнібектің күші де әлі жеткіліксіз емес пе?

Ал, үшіншіден – Керей және Жәнібек сұлтандарды жылы қабылдап, оларға мекендеуге жер берген Есебұға хан 1462 жылы, яғни 870 (1465–1466) жылға дейін қайтыс болған.

Осылайда обьективтік жағдайларға байланысты олар Әбілхайыр хандығынан біржолата кетеді. Моголстанға келіп, Есенбұға хан берген Шу алабының шығысы мен Жетісудың батыс жағындағы Қозыбасы мекенінде Қазақ хандығының туын тігеді. Осылайша өмірге тұракты ұлттық мемлекет келген.

Әбілхайыр хан өзінің билігінен қашып кеткен сұлтандарды, олардың сонына ерген адамдарды “қашақтар” деп қала берген. Ол үшін бұдан басқа айтатын сезде, сол уақыттағы саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты жасайтын әрекет те қалған жок еді. Ғұлама бабамыз Мұхаммед Хайдар Дулати тарихи шығармасында осыған байланысты мәліметтерді жазған. Та-рихи деректерде кездесетін “қашақ” сезі қашқындар, яғни Әбілхайыр ұлысынан қашып кеткендер деген мағынаны ғана білдіреді, оның “қазақ” атауымен сырттай дыбыстық ұқсастығынан басқа ортақ ештенесі жок. Ал қазақ атауы ежелден белгілі.

Оның бір айғакты дәлелі – қазақ атауы Әбілхайыр ханға дейін, яғни оның өзінің қарамағынан сонына ерген аз ғана

топпен қашып кеткен Керей және Жәнібек сұлтандарды “қашақтар” деп атағанынан бұрын осы өнірде белгілі болғаны. Мәселен, “Тарих-и Рашиди” шығармасында Шарафаддин Эли Язды жазған накты деректер бойынша Әндижан аумағында қазақ ауылдары мекендеп, Әмір Темір әскерінің құрамында “қазақ мындықтары” болғаны жазылған. Әмір Темірдін баласы Омар Шейх жаугершілік сапарларға шыққанда ержүректігімен танылған “Ходжент қазактары”, “Әндижан қазақтары” деген жасақ топтарын ілестіріп жүрген. Академик Әлкей Марғұлан: “...Бұлар негізінен дулат, жалайыр, арғын, қанлы, сіргелі, қонырат руларынан еді”, – дейді. Бір қызығы, Омар Шейхтін төнірегін сагалаған әлгі “ходжент”, “әндижан” қазақтары Моголстанның билеушісі Қамараддин дулат Әндижанды шамамен 1376 ж. басып алғанда олар түгелімен Қамараддинге ілескен. Бұл туралы “Тарих-и Рашиди” шығармасында жазылғаны: “Сар Әұға мен Әділ шах Қамараддинге қосылғаннан кейін олар оның кеудесіне өзінің табиғатына тән қастандық отын үрлеп жаға бастайды. Қамараддин әскерімен жорыққа аттанып, солармен бірге Әндижан аймағына келеді. Қазақ мындықтары Омар Шейхті тастанап, Қамараддинге келіп қосылады” (73 б.).


Осы деректен қазақтарды алғаш 1457 жылы, яғни Мұхаммед Хайдар Дулати “Тарих-и Рашиди” шығармасының 73-ші бетінде жазған мәліметтен бір ғасырдан кейін ғана пайда болған деп қазіргі айтушылардың категесетінін немесе шындықты бұрмалап айтатынын көреміз.

“Қазақ хандығы” мен оның “қазақ халқына” келсек, бұл атауларды таңдап алған Керей мен Жәнібек хандар хандықтың туы тігілген Жетісу мен Шу өнірі ежелден осы қазақ халқының ата мекені екендігі негізінде қабылдаған. Жоғарыда келтірілген деректер, мәліметтер мен айғақтар бойынша қазақтардың ұлт болып қалыптасуына, ұлттық мемлекет Қазақ хандығының құрылуына ықпал еткен тарихи қажеттілікті осылай тұжырымдау керек екенін көрсетеді.

Соңғы кездері Қазақ хандығының – біздін ұлттық мемлекетіміздің құрылғанын айғақтайтын оқиға қашан болады деген саяул қөвшілікті толғандыра бастады. Сонымен қатар Қозыбасы Шу өзенінің жағасында немесе Мойынқұмда, ал енді бірде Қордайда деген шындықтан алшак алыпқашты мәліметтер де айтылып қалады. Оның дәлелі ретінде Қозыбасы атты төбе бер екенін алға тартады. Мемлекет орналасу үшін төбе емес, байтақ мекен керек. Қозыбасы атты мекен Мойынқұм алқабында да, Қордай жотасында да жок.

Шу өзенінің жағалауы Буым шатқалының онтүстігінде Жұніс ханның әскері, ал солтүсігіндегі Мойынқұм аумағында

қалмактар жортқан жер. Соңдықтан Шу өзенінің бойы жаңа мемлекет күруды айтпағанда, уақытша тұрактауға да аса қауіпті. Тарихи деректе Қозыбасы Шу өзені жағында (тарапында) деп көрсетіледі, яғни ол Моголстан ханының ордасы орналасқан Қашғарда да, Әндижан мен Ташкентте де белгілі Шу алабы аумағындағы мекен. Бұл мекен, яғни Қазак хандығының туы тігілген Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Қозыбасы жайлауы 1940 ж. жасалған масштабы 1:100 000 топографиялық картада анық берілген. Бұл мекенінің Дегереске асатын бөлігі Басбатыр (1729 жылы Анырақай шайқасында қолбасы болған Наурызбай батырдың құрметіне осылай аталған – Ә.Б.) деп аталатыны да картада көрсетілген (12.1-сурет).



12.1-сурет. Қозыбасы текшетаулы мекені топографиялық картасының фрагменті

Осы Қозыбасы мекенінде 1458 жылы Қазақ хандығының көк байрағы тігіліп, Керей сұltан алғашқы Қазақ ханы болып сайланған. Қазақ хандығының туы астында, Керей хан мен Жәнібек сұltандардың айналасына Әбілхайыр ханнан кеткен сұltандар жергілікті Жетісу мен Шу елінің халқы бірігіп, 870 (1465–1466) жылға дейін-ақ Қазақ хандығы іргелі мемлекетке айнала бастаған. Қазақ халқының алғашқы мемлекеті – Қазақ хандығы тарих сахнасына осындай жағдайда шығып, осылайша қалыптасқан.

Сонымен, 1458–1468 жж. аралығы жаңа құрылған Қазақ хандығының нығайып, саяси және әлеуметтік негізі бекіген кезең. Айтарлықтай іргелі мемлекетке айналған Қазақ

хандығының айбарынан сескенген калмактар 1470 жылға дейін-ақ Шудың Мойынқұм және Хантау мекендерімен коса Дешті Қыпшакты да тастап кете бастайды. Осыған байланысты Қазак хандығы қанатын еркін жайып, Жетісу мен Шу алабын толығымен иемденіп, Хантау мен Балқаштан асып, Сарыарқаны да өзіне каратады. Шу бойындағы Құзорда, Жайсан және Хантау қазак хандарының ордасы орналасқан қастерлі мекендерге айналды. Қазак хандары өздеріне камкорлық көрсетіп, қолдау жасап, тұракты мекен-жай берген Моголстан хандарын құрметтеп, олармен жақсы қарым-қатынаста болады. Мұны Қазак хандығының құдіретті билеушісі Қасым ханның 1513 жылы Шу алабындағы Жайсан жайлауында орналасқан ордасына келген Моголстан билеушісі жас Саид ханды ерекше құрметпен қабылдап, айрықша сый-сияп жасап шығарып салғанынан көреміз. Қасым хан осы кездесуден кейін өзінің Аспарадағы тұракты қыстай ордасына кетеді.

Ғұлама тарихшы «Тарих-и Рашиди» шығармасында өзі өмір сүрген кезеңдегі Қазак хандығының хандары туралы да мәліметтер жазып қалдырған. Қазак хандығының бірінші ханы болып Керей хан жарияланғаны белгілі. Алғаш Шу өнірі мен Жетісу фана қараған Қазак хандығына Әбілхайыр ханның басқада сұлтандары келіп қосылуына байланысты, хандықтың аясы кенейіп, хан ордасы Хантау мекеніне көшкен. Керей хан Хантауда қайтыс болып, осында жерленген.

Қазак хандығының екінші ханы Жәнібек ханның ордасы Шу бойындағы Құзорда (*ежелгі Баласағұн қаласының маңы*) болған көрінеді. Ол 1472 жылы қайтыс болған.

Керей хан мен Жәнібек ханнан кейін Қазақ хандығының тағына Керей ханның баласы *Бұрындық хан* отырады, одан кейін – Жәнібек ханның баласы Қасым хан келеді. Қасым барлық Дешті Қыпшакты билеген құдіретті хан болған, оның әскерінің саны бір миллионнан (он лектен немесе жүз түменнен) асқан екен. Қасым хан негізінен Жетісуды (Қаратал), Шуды (Жайсан, Аспара), Сайрам мен Түркістанды мекендейген. Қазақ хандығын Қасым ханнан кейін оның ұлы *Мамашхан*, одан кейін *Тайырхан* (Жәнібек ханның ұлы Әдіктің баласы) билеген. Тайыр хан билеген кезде қазактардың саны [Моголстан аумағындағы] азаяды. Одан кейін өзінің інісі *Бүйдаш хан* болған. 940 (1533–1534) жылдан кейін бұл жерден (Моголстан аумағынан – Ә.Б.) Бүйдаш ханның өзі де және қазақтардың барлығы дерлік коныс аударған [37].

13. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

Трансконтиенттік Ұлы Жібек жолы – б.д.д. II ғ. соңында сол кездегі Үйсін мемлекетінің ханбі Елсаудың колдауымен басталып, Қытай мен Батыс елдерін байланыстырған Тынық мұхит пен Жерорта теңізі аралығындағы сауда және мәдени қарым-қатынастардың күре тамыры. Алғаш Тұрған, Іле өзенінің басы мен Алатрудың Чигу қаласы (Есік корғаны) орналасқан солтүстік бектерімен өткен Ұлы жол, уақыт өте тарамдалған. Тарамдары Ыстықкөлдің жағаларымен, үлкен өзендерді бойлап Қазақ даласының барлық аймактарымен өткен (13.1-сурет).


Ұлы Жібек жолының негізгі арнасында орналасқан қалалар мен керуен бекеттері туралы алғашқы толық деректі Араб географы және мемлекеттің байланыс қызметкері Убейдаллах ибн Абдаллах ибн Хордадбек 846–847 жж. жазған шығармасында келтіреді [19].

Осы деректердің кейір мекендердің сол кездегі бұрмаланған транскрипциясын сактай отырып, толығымен келтірейік. Жақшада біздін түзетулер мен ескерпелер берілген.

Шастан (*Tашкент*) темір қақпаға дейін екі миль, одан Құбылға дейін 2 фарсах, одан Қазығұртқа дейін 6 фарсах. Одан Исбиджабқа (*Сайрам*) дейін даламен жүргенде 4 фарсах. Шаш пен Исбиджабтың арасы 13 фарсах. Одан Шарабқа дейін 4 фарсах. Одан Бадухкетке дейін 5 фарсах. Одан Тамтаджға (*ежелгі Түркібасы*) дейін 4 фарсах. Одан Абарджаджға (*бұрынғы Абаттас–Мыңбулақ бекініс қаласы*) дейін 4 фарсах, одан өзеннің (*Теріс*) бойындағы бекетке дейін 6 фарсах. Абарджаджда үлкен төбе бар, оның айналасынан мындаған бұлактар шығып, шығыска қарай ағатын Баркуаб (*Теріс*) өзенін құрайды. Қамысты, шалшықты осы өзеннің бойынан кара қырғауылдар аулайды.

Одан 5 фарсахтағы Жувикетке өтеді. Одан Таразға дейін 3 фарсах. Исбиджабтан Таразға дейін 26 фарсах (*Ал, бірақ, Исбиджаб пен Тараздың арасындағы келтірілген қалалардың ара қашықтығын қоссақ 31 фарсах болады*). Тараздан Кавакетке дейін 7 фарсах. Одан (солтүстік жактағы) қимактардың ханы тұратын (*қазіргі Павлодар қаласының маңы*) жерге дейін жедел жүрген салт аттыға 80 күндік жок.

Тараздан тәменгі Барсханға дейін 3 фарсах. Одан Касрибасқа (*Ақыртас*) 2 фарсах. Ол жылы жер, мұнда қаралактар қыстаиды, ал оған жақын жерде халадждардың қыстағы орналасқан. Одан Құлшұбқа (*Кулсұт*) дейін 4 фар-



13.1-сурет. Ұлы Жыбек жолының картасы (К.М. Байпаков бойынша)

сах. Одан Жулшұбке дейін 4 фарсах. Одан Құланға, бай ауылға дейін 4 фарсах. Одан Меркіге, үлкен ауылға дейін 4 фарсах. Одан Аспараға дейін 4 фарсах. Одан Нұзкетке (Нуркет), үлкен ауылға дейін 8 фарсах. Одан Каражуанға (Ихванжуан), үлкен ауылға дейін 4 фарсах. Одан Жұлге (Жол) дейін 4 фарсах. Одан Сарыға, үлкен ауылға дейін 7 фарсах. Одан түркештер ханының қаласына (ордасына) дейін 4 фарсах. Одан Навакетке дейін 4 фарсах. Одан Құбалға (Қабыл) дейін 3 фарсах. Одан Қытайдың шекарасындағы жоғарғы Барсханға дейін жайылымдық жермен жүретін керуенге 15 күндік жол, ал түріктердің пошташыларына 3 күндік жол.

Дәл осындай деректі Х ғ. басында Бағада халифінің сарай қызыметкері Кудама ибн Жафар (958 немесе 948 жылы қайтыс болған) қайталайды. Осыған қарап, Кудама мен ибн Хордадбек өздерінен бұрын жазылған (шамамен VIII ғасырда) бір түпнұсқаны пайдаланған деген де пікір бар.

Дегенмен, Кудаманың жазбасында біршама өзгерістер де бар. Мысалы, Исбиджаб пен Шарабтың арасында екі үлкен өзен бар, олардың бірі Мава (*мұмкін Mashat*) екіншісі Юран (*Сайрам немесе Арыс*) деп аталады... Өзен (*Teris*) бойындағы бекеттегі өткелден Шаугарға, Кайрактас тауына (*Karatay*) дейін елсіз даламен 3 фарсах. Жувикеттен Таразға дейін жайылым мен елді жермен жүргенде 2 фарсах... Түрік (*Түркеш*) ханы тұрған жерден Кирмирауға дейін 2 фарсах. Кирмирадан Навакет қаласына дейін 2 фарсах. Навакет қаласынан Бунжикетке дейін 2 фарсах, ол үлкен ауыл, оның касында ауыл бар... Навакет үлкен қала, одан Барсханға жол бар. Бунжикеттен Суябқа дейін 2 фарсах. Суяб – екі ауыл, оның бірінін аты Құбал; ал екіншісі – Сағур Құбал. Сағур Құбалдан Барсханға, яғни Қытайдың шекарасындағы жоғарғысына дейін, жайылымдар мен сулар арқылы жүрген керуенге 15 күндік жол, ал түрік пошташыларына 3 күндік жол.

Әл-Макдисидің 985 ж. жазған шығармасында Ұлы Жібек жолының негізгі арнасынан басқа жана тарауларындағы қалалар аталады. Жолдың бір тармағы Кіші Қаратаудың солтүстік бөктерімен өткен [19].

И с б и д ж а б – үлкен аймактық қала. Одан басқа қалалар: Хурлуг, Жумишлилагу, Ұсбаникет (Арсубаникет), Бараб, Шауғар (*Каратай*), Сауран, Тұrap, Зерах, Шагилжан, Баладж, Барукет, Бурух, Яканкет, Азахкет, Жамукет, Шелжі, Құл, Сус, Такабкет, Дех Нави, Құлан, Меркі, Нұшкет (Нұзкет), Лакра, Жамук, Орда Навакет, Баласағұн, Лабан, Шу, Абалығ (Обалық), Маданкет, Барсиан, Балаг (Балық), Жақарған, Яг,

Якалық, Раванджам, Қатак, Шур, Чашма, Діл, Ауас, Жаркерд.

Исбиджабтан Шавабқа (Шараб) дейін екі пошта бекеті, одан Бадухкетке дейін де осындай жер, одан Тамтаджға дейін күндік жол, одан Барджахқа (Абарджадж) дейін екі пошта бекеті, одан Теріс өзеніндегі бекетке дейін күндік жол, одан Шауғарға дейін жарты күн, Таразға дейін екі пошта бекеті.

Аталған қалалардың барлығы дерлік 1219—1220 жылдары Шынғысхан шапқыншылығынан қираған деген дерек бар. Ол туралы 1246 жылы Арыс өзенінің бойындағы Ұлы Жібек жолының сүрлеуімен жүріп өткен римдік Плано Карпини «бұл жерде біз қиратылған, талан-таражға түскен көп қақпала сарайлары бар сансыз қалалар мен қаңыраған бос көптеген ауылдарды таптық» деп жазған.

Ұлы Жібек жолының Қазақстан үшін маңызы өте үлкен. Осы жол арқылы тарихымызды танимыз. Осы жолды көру, жүріп өту үшін алыс-жақын шетелдерден арнайы көптеген саяхатшылар келеді. Сондықтан, Ұлы Жібек жолының бойындағы қазірге дейін жетпей қирап кеткен қалалардың орнына тарихы жазылған ескерткіштер орнату керек. Сонымен қатар, Ұлы Жібек жолының бойындағы қазіргі қалалар мен елді мекендердің барлығының негізгі көлік жүретін күре көшелерін «**Ұлы Жібек жолы**» деп атаған дұрыс.

КОРЫТЫНДЫ

Қазақдаласының, оның халқы қазактардың ежелгі тарихы ерте замандардан бері аныз-әнгімелер мен шежірелер ретінде айтылып келеді. Ежелгі тарихымызға байланысты деректер кейінгі кездері жүргізілген саясатқа байланысты өзгерістерге түсті. Тәнірge табынған халқымыздың, Қазак даласының көне тарихы кейінгі замандарға сәйкестене бүрмаланды.

Дегенмен, көне тарихымызға байланысты шежіре деректер үздіксіз айтылып келеді. Осы деректерді алғашқылардың бірі болып Ш. Уәлиханов, Н. Аристов, Э. Диваев, Шәкәрім және басқалар жинал жазған. Шежіре деректерінің басты кемшілігі, оқиғалардың болған уақыты мен тарихи тұлғалардың өмір сүрген жылдары көрсетілмейді.

Еуропалық үлтімен жоғары білім алған Э.Бекейханов, А. Байтұрынов, М. Дулатов, С. Асфандияров, М. Тынышбаев, басқа да зиялы тұлғалар тарихи тақырыпта зерттеу жүргізді. Олар, Батыс және Шығыс әдебиеттеріндегі жазба деректердің негізінде, халқымыздың тарихы туралы шығармалар жазды. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов жазған көлемі мын беттен асатын тарихи дүние жоғалып кеткен.

Кеңес үкіметі заманында қазактардың ежелгі тарихына байланысты ғылыми тақырыптар жабылды. Шындықты жазмын деп талпынған ғұлама Е. Бекмахановтың қандай күнге үшырағанын білеміз. Тарихшылар үшін бір ғана тақырып белгіленді. Ол – коммунистік партия тарихы. Осы себепті, тарихи зерттеулер мен енбектер жазу бір бағытта ғана дамыды. Тарихшыларымыздың барлығы дерлік Қазақстан, Одак, шетелдер компартиясының пүшпағын илеумен шұғылданды. Ірі тарихшы-ғалым деп мақтан тұтқан жерлес-қандастарымыз негізінен қысқа ғұмырлы компартия тарихының білгір мандары мен Кеңес үкіметінің уағызыдаушылары болып, тар шенбердің құрсауында қалды. Өкінішке орай, осы ғалымдардың көптеген ғылыми тұжырымдары мен енбектері өмір сынына төтеп бере алмады. Ал, сондай-ақ *Сармат-Ғұн* тарихын зеттеудің де бізге бергені шамалы болды. Өйткені Сармат тарихына катысты зерттеулер негізінен Батыс даласына ойысса, ал Ғұн тарихы – Шығыс даласына алып кетеді. Екі ортасындағы Қазак даласының тарихы актаңдақ болып кала берді. Тіпті осыны дұрыс деп санаушылар да болды.

Кеңес үкіметі кезіндегі тұжырымдама бойынша қазақ халқының тарихы жоқ, сондыктан оның болашағы да жоқ деп таныла бастады. Қазақтарды «тарихы бай, мәдениеті жоғары халыққа қосып, соларға сініру арқылы сактап қалу» саясаты жүргізілді. Академик Ә. Марғұланың батыл пікіріне көніл бөліп, көшілікке ой туғызуға талпынған мұдделілер қолдау тапқан жоқ. Геологиялық зерттеу мен археологиялық қазба жұмыстары берген айғақтар назардан тыс қалып жатты немесе бұрмаланып пайдаланылды.

Қазақстан егемен республика болып (1990 жылы 25 қазанды жарияланып, 1991 жылы 16 желтоқсанда Конституациялық заң қабылданған), әлемге танылды. Ендігі мақсат, еліміздің экономикасын көтерумен катар, қазақ халқының тарихын түбекейлі зерттеу мен ежелден келе жатқан салт-дәстүрін жоғары мәдени деңгейге көтеруді жолға қою.

Геологиялық және археологиялық деректер Қазақ даласы планетамыздағы алғашқы адамдар шықкан бірнеше ошактың бірі екендігін дәлелдеді. Алғашқы адамдар елімізде 2 млн жылдан астам уақыт бұрын пайда болғанын көрсетті. Олар тас дәүірлерінің азапты даму сокпактарынан өтіп, өркениет дәүіріне жетті. Қазақ даласында пайда болған алғашқы адамдардан жергілікті қазақ халқы мен казақ ұлтты ғана емес, қазіргі әлем халқының ширек бөлігі шықты десек қателеспейміз.

Қазақ даласында пайда болған гоминидтер (алғашқы қарапайым адамдар) табиғи жолмен саналы адамдар дәрежесіне көтерілді. Осыдан 20–25 мың жыл шамасы бұрын олар қоршаған орта табиғатының күрт өзгеруіне байланысты Орталық Азияның аумағынан асып, Оңтүстік пен Солтүстік бағыттарда қоныс аударды. Осы кезде қандастарымыздың бір бөлігі Сібір арқылы Америка континентіне өтіп кетті. Қоныс аударудың үлкен дүрмегі шамамен осыдан 3,5 мың жылдай бұрын орын алды. Табиғат өзгеріп, тіршілікке қолайсыз болуына байланысты сақ тайпалары шығысы – Тынық мұхит, оңтүстігі – Индия мен Алдынғы Азия, ал батысы – Батыс Еуропа кеңістігін қамтыған Ұлы далаға тарады.

Батысқа қоныс аударған жерлестеріміз туралы деректерді тарих атасы Геродот жазып кетті. Сақ (скиф) тайпалары өздеріне көршілес Батыс елдері мәдениетінің дамуына иғі әсерін тигізген. Өсіп-өнген сақтар Қара теңіз жағалауынан Солтүстік Мұзды мұхитқа дейінгі кеңістікті мекендеген. Қазіргі Солтүстік Мұзды мұхит сол кезде Скиф мұхиты деп аталған. Еуропаның солтүстігінде сақтар мәдениетінін ізі қалған финн-угор халықтары қалыптасқан. Бір ғажабы, Ге-

родот осыдан екі жарым мың жыл бұрын жазған сактардың тіршілігі мен салты, мысалы, биенің сүтінен қымыз ашыту мен қойдың етін қарынға салып, оттың табына көміл пісіру, казақ халқында бүгін де бар.

Онтүстікке қоныс аударған жерлестеріміз біздің халыққа тән мәдени ескерткіштерімен қазір де танылады.

Шығысқа қоныс аударған қандастарымыз туралы деректер Қытай тарихына кірді. Бірақ Қытай жылнамашылары тарихты империяның мұддесіне бейімдеп жазғаны белгілі. Барлық деректерде қытайлар өздерін биіктетіп, ал басқа халықтар мен мемлекеттердің мәртебесін төмендетіп көрсетеді. Л. Гумилев [22] Қытай тарихындағы көп оқиғаларда олардың өздерін үлкейту коэффициентінің мәні 9–10 болатынын ескеру керек деп осыған байланысты айтқан.

Мысалы, Үйсін мемлекеті мен билеріне қатысты деректерді алғаш ауызша мәліметтерден жинап, жылнамаларына өздеріне тиімді етіп, ынғайлап жазған. Сондықтан Қытай жылнамаларындағы жер-су мен адам аттары ғана емес, оқиғалардың мағынасына да сақтықпен қарап, сын көзбен сараптамаса, қазақ халқы өзінің тарихын ешқашан дұрыс біле алмайды.

Қазақдаласының тарихын зерттеп жүрген алыс және жақын шетелдердегі тарихын қандастарымыздабаршылық. Москвалық ғалым Мурад Аджи ежелде Тәнірге табынған далалықтардың Еуропа елдерінде көп екенін, ал ортағасырларда *Киев Русінің мемлекеттік тілі – түркі тілі* болғанын, құжаттарының түрік тілінде жазылғанын анықтаған.

Белгілі ақын-ғалым О. Сүлейменов орыс жазба әдебиетінін басы саналатын «*Игорь полкі туралы сөзді*» қазақ тіліндегі біздің сол кезде өмір сүрген қандасымыздың жазғанын дәлелдеп берді.

Орхондағы Күлтегін мен Білге хандарға арналған жазуларды алғаш 1893 ж. оқыған дат ғалымы В. Томсен түркілерді финн-угор халықтарынан шыққан деген пікір айтты. Ол өзінің, яғни финн-угорлардың сақ тайпаларының үрпактары екенін бәлкім білмегендіктен болар. Бірақ осы тубі бір халықтың өкілі болғандықтан алыстағы Дания елінің ғалымы бірінші болып түрік жазуларын оқуға кілт тапты. Россияның түркі текті ғалымдары XIX ғасырда түркі мәдениетін арнайы зерттеп, тарихқа елеулі үлестерін қости.

Н. Бичурин әр халықтың тарихын сол халықтың өкілдері зерттеп, жазғанда ғана жан-жақты және дұрыс болып шығатынын айтқан. Өзі Қытай тарихын аудару үшін, тілді

жетік білгеніне қарамай сол елге барып 15 жылдай тұрып, салт-дәстүрін игерген.

Қазақ халқы жер бетіндегі ең ежелгі халықтардың бірі. Ерекше салт-дәстүрі бар. Қазақ ұлтының ерекшелігін толық біліп, түсіну үшін казак болып туып қана коймай, тілі мен тағымын жетік менгеру міндет. Бұдан шығатын корытынды – қазақтың тарихын казақ халқының төл перзенттері ғана танып, толық біле алады. Қазақ тарихында актаңдактар мен бос аралықтар әлі көп. Мысалы, ежелден белгілі санап жүрген Адай, Алшын және басқа тайпалар туралы толық деректер әлі жоқ. Саны жағынан ең көп Арғын тайпасының тарихы да көмескі. Шежіре шебері Мәшіһүр Жүсіп деректердің бәрі Арғынның атына келіп токтайды, ал оның қашан шыққаны, Арғы жағы беймәлім деген.

Сақтарды, қазақтарды өздерінің ататегі деп танығандар, олардың шартарапқа тараған үрпактары, зерттеулер мен ауызша-жазба деректердің негізінде тарих көленкесінде қала бастаған ұлы аталарын таба бастады. Олар – өздерін сах (сак) деп атаған Сібірдегі якуттер, өздерін қазақтардың-түріктердің үрпактарымыз деп ашық жариялад жүрген түркиялыктар мен венгрлер. Уақыт өте мұндай елдердің тізімі көбейіп, олардың халқы, яғни далалық сак-казақ-түріктерден тарағандардың жалпы саны әлі еселең артанын көреміз.

Тарихи зерттеулерді халық жадындағы мәліметтер мен жазба деректерді археологиялық қазба жұмыстарымен үйлестіре жүргізіп, ежелгі тарихымызға қатысты басқа елдердің тарихшылары жазған бір жері дұрыс, көп жері бұрыс болып келетін деректерді таза шындық деп қабылдай бермей сын көзben қарап, өз халқымыздың жадындағы ауызша деректермен салыстыра сараптаған жөн.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Авеста: Избранные гимны из Видевдата. М., 1992.
2. Алпысбаев Ҳ. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. Алма-Ата, 1979.
3. Акпанбек Ф.А. Қазактардың дүниетанымы. Алматы, 1996.
4. Археология. Труды ИИАЭ АН КазССР, т. I. Алма-Ата, 1956.
5. Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата, 1973.
6. Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата, 1980.
7. Ахметов Ә. Байырғы американалықтардың алтайлық тегі. Астана, Педагогика-Пресс. 2011. - 176 б.
8. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы, 1992.
9. Әбішев Х. Аспан сыры. Алматы, 1966.
10. Бажанов В.С., Кожамкулова Б.С. Атлас руковоziящих форм млекопитающих антропогена Казахстана. Алма-Ата, 1962.
11. Байбатша Ә.Б. Қазақ даласының ежелгі тарихы. Алматы, 1998.
12. Байпаков К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы, 1992.
13. Бартольд В.В. Сочинения. М., т. 1 – 1963, т. 3 – 1965, т. 4 – 1966, т. 5 – 1968, т. 6 – 1966.
14. Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата, 1941.
15. Бичурин А.Н. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.-Л., т. 1 – 1950, т. 2 – 1950, т. 3 – 1953.
16. Великие ученые Средней Азии и Казахстана (VIII–XIX вв.). Алма-Ата, 1965.
17. Величко А.А. Природный процесс в плейстоцене. М., 1973.
18. Византийские историки. Пер. с греческого С.Дестуниса. СПб., 1861.
19. Волин С. Сведения арабских источников IX–XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах /Тр. ИИАЭ АН КазССР, т. 8. 1960.
20. Геология СССР. М., т. XL, Южный Казахстан, кн. 1,2 – 1971, т. XX, Центральный Казахстан, кн. 2 – 1972, т. XXI, Западный Казахстан, ч. 1, кн. 1 – 1970, т. XLI, Восточный Казахстан, ч. 1 – 1974.
21. Геродот. История. Л., 1972.
22. Гумилев Л.Н. Древние Тюрки. М., 1993.
23. Диваев Ә. Тарту. Алматы, 1992.
24. Диоген Лаэртский. О жизни, учениях и изречениях знаменных философов. М., 1979.
25. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, 1990.
26. Жұртбаев Т. Дұлыға. 1 және 2 кітап. Алматы, 1994.
27. Зуев Ю.А. К этнической истории усуней/ Тр. ИИАЭ АН КазССР, т. 8, 1960.

28. Зуев Ю.А. Тамги лошадей из вассальных княжеств/ Тр. ИИАЭ АН КазССР, т. 8, 1960.
29. Изох Э.П. Австрало-Азиатские тектиты и глобальная катастрофа около 10 000 лет тому назад, вызванная столкновением Земли с кометой/Геология и геофизика. Новосибирск, т. 38, 1997.
30. История Казахстана, т. 1, Алматы, 1996.
31. Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Карагатай. Алма-Ата, 1977.
32. Кшибеков Д., Кшибеков Т. Речь и письменность: предпосылки происхождения. Алматы, 2000.
33. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985.
34. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Алматы, 1994.
35. Медоев А.Г. Геохронология палеолита Казахстана. Алма-Ата, 1982.
36. Мелларт ДЖ. Древнейшие цивилизации Ближнего Востока. М., 1982.
37. Мирза Мухаммад Хайдар (1499–1551). Тарих-и Рашиди. Ташкент, 1996.
38. Мынжан Н. Қазактың қысқаша тарихы. Алматы, 1994.
39. Нейхард А.А. Скифский рассказ Геродота в отечественной историографии. Л., 1982.
40. Окладников А.П., Абрамова З.А. Палеолит Центральной Азии-Монголии. СПб., 1994.
41. По следам культур Казахстана. Алма-Ата, 1970.
42. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Алма-Ата, 1935.
43. Отейбойдақ Тілеуқабылұлы (1397–1487). Шипагерлік баян. Алматы, 1996.
44. Развитие ландшафтов и климата Северной Евразии, вып. 1. Региональная палеогеография. М., 1993.
45. Развитие природы территории СССР в позднем плейстоцене и голоцене. М., 1982.
46. Сулайменов О. Язык письма. Алматы-Рим, 1998.
47. Тынышбаев М. История казахского народа. Алматы, 1993.
48. Четвертичные оледенения на территории СССР. М., 1987.
49. Чокан Валиханов. Алма-Ата, т. 1 – 1984, т. 2 – 1986.
50. Шакарим Кудайбердыұлы. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. Алма-Ата, 1990.
51. Шапырашты Қазыбек бек Таусарұлы (1697–1776). Тұптықияннан өзіме шейін. Алматы, 1993.
52. Шер Я.А. Петроглифы Средней и Центральной Азии. М., 1980.
53. Ежелгі үйін елі: Қытай деректері мен зерттеулер/Құрастырушы Ш. Ахметұлы. Үрімжі, КХР Шынжан қалық баспасы, 2005. – 390 б.
54. Қинаятұлы З. Монгол үстіртін мекен еткен соңғы түрік тайпалары (IX–XII ғғ.). Астана, Елорда, 2001. – 206 б.
55. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. Астана, Елорда, 2004. – 336 б.
56. Қазақстан туралы монғол деректемелері. I том. Монғолдың құпия шежіресі. Алматы, Дайк-Пресс, 2006 – 400 б.

ГЛОССАРИЙ

Антропоген дәуірі – адамзат пайда болып, дамыған кезең, ұзактығы 3,0 млн жылдай. Қазіргі ғылыми деректерде әлемде алғашқы адам пайда болған үш жер белгілі. Олар – Шығыс Африка, Оңтүстік Индоқытай және Қазақ даласы.

Артефакт – алғашқы адамдар қолмен өндеп жасаған құралдар, бұйымдар.

Арыстанды мәдениеті – Қаратай жотасының Арыстанды өзені аңғарынан (Шымкенттен солтүстікке қарай 100 км-дей жерде) табылған ең қоңе тас құралдар, уақыты 2,0 млн жыл дан асады. Ол белгілі *олдувай* археологиялық мәдениетіне сәйкестендіріліп, Қазақ даласы алғашқы адам пайда болған жерлердің бірі деген тұжырымға негіз болды.

Голоцен – төрттік дәуірінің қазіргі тарауы, ұзактығы 12 мын жылдай.

Голоцен оптимумы – осыдан 5–6 мын жыл бұрын орнаған тіршілікке өте қолайлы жылы кезең. Осы кезде Қазақ даласында субтропик климат орнап, қазіргі Аral маңы шөлі мен Бетпақдалада да өсімдік жайқалып өсken. Эдете мұндай оптимумнан кейін климат құрт салқындауға алмасып, жұт орнап отырған.

Гоминид – ежелгі қарапайым адамдар.

Кайнозой эрасы – Жер тарихындағы ең жаңа кезең, ұзактығы 65,5 млн жыл. Ол палеоген, неоген және төрттік (квартер) дәуірлеріне жіктеледі.

Қола ғасыры – осыдан 4 мын жылдай бұрынғы археологиялық мәдениет. Адамдар кен өндіріп, қола қорытып алуды менгерген.

Лёсс – ұзак құрғақшылық болған кезеңдерде жел көтерген тозандың жел тоқтаған жерлерлерде отыруынан түзілген сарғыш түсті саз таужыныс.

Ли – Қытайдың ұзындық өлшемі, 450 м-ге тең.

Мезозой эрасы – Жер тарихында кайнозой мен палеозойдың аралығындағы кезең, ұзактығы 185,5 млн жыл. Ол триас, юра және бор дәуірлеріне бөлінеді.

Мезолит – осыдан 7–10 мын жыл бұрынғы уақыт шамасын қамтитын археологиялық мәдениет. Адамдар тастан жасаған құралдарымен ағаш өндеп, құрылым сала бастаған.

Миоцен – неоген дәуірінің бастапқы бөлімі, ұзактығы 17,7 млн жыл.

Мусте мәдениеті – адамдар тас құралдарды жетік жасаумен қатар қарапайым кәсіпті, отжағуды менгерген. Бұлархеологиялық мәдениет осыдан 40–200 мын жыл бұрынғы уақытқа сәйкес келеді.

Мұзбасу – климаттың құрт салқындауынан континенттерді тұтас мұз жабыны құрсаپ жатуына әкелетін жаһандық құбылыс. Төрттік дәуірінде ірі төрт мұзбасу болған. Оның әрқайсысы 15–30 мын жылға созылған. Ең соңғысы осыдан 12–25 мын жылдай

бұрын болып, мұзбасу Шығыс Еуропаны солтүстікten Қара теңіз алқабына дейін қамтыған, ал мұздың қалындығы Скандинавияда 3 мың метрден асқан.

Неоген – кайнозой әрасының екінші дәуірі, ұзактығы 21,3 млн жыл. Ол екіге – миоцен мен плиоценге бөлінеді.

Неолит – осыдан 4–7 мың жыл бұрынғы уақытты қамтилын археологиялық мәдениет. Адамдар әр түрлі кәсіпті менгеріп, мал шаруашылығы мен егіншілікті игереп бастаған.

Нуклеус – шақпақтасты үстінен жаңқалап шауып өндеген тас құрал. Диск пішінді жетілген мұндай артефакт негізінен мұстөе мәдениетіне тән.

Палеозой әрасы – Жер тарихында мезозойдың алдындағы көне кезең, ұзактығы 291 млн жыл. Ол алты дәүірге бөлінеді.

Палеолит – көне тас ғасыры заманы, ол үшке бөлінеді: бастанапқы (шамамен 0,2–3,0 млн жыл бұрын); ортаңғы (40–200 мың жыл бұрын); соңғы (12–40 мың жыл бұрын). Бұл заманда адамдар қарапайым тас құралдар жасауды менгерген.

Плейстоцен – төрттік дәуірінің ортаңғы тарауы, ұзактығы 0,8 млн жылдай. Ол үшке бөлінеді.

Плиоцен – неоген дәуірінің соңғы бөлімі, ұзактығы 3,53 млн жыл.

Регрессия – теңіздің қайтуы, осының нәтижесінде бұрын судың астында қалған жерлер құрлыққа айналады.

Тектоника – жер қыртысының геологиялық қозғалыстарын және құрылымын зерттейтін ғылым саласы.

Темір ғасыры – осыдан 2300–2700 жыл бұрын адамдар темір қорытуды үйреніп, темір бүйімдар жасап қазіргі мәдениетке жол ашқан.

Төрттік (квартер) дәуірі – кайнозой әрасының қазірге жалғасып жатқан дәуірі, ұзактығы 1,8 млн жыл. Ол үш тарауға (бөлімге): эоплейстоцен, плейстоцен мен голоценге жіктеледі.

Трансгрессия – теңіздің тасуы, осының нәтижесінде бұрынғы жағалаудағы құрлықты су басып қалады.

Фарсаҳ (фарсанг) – Арабтың ұзындық өлшемі, керуендерінде жүк артқан аттың шамамен 1 сағатта жүріп өтетін жолына тең (5,5–6,5 км мөлшерінде).

Шель-ашель мәдениеті – бастанапқы палеолит заманы Арыстанды археологиялық мәдениетінен жоғары келесі сатысы. Тас құралдардың өткірлене жетілдірілгендейімен сипатталады. Бұл археологиялық мәдениет осыдан 200–800 мың жылдай бұрынғы уақытты қамтиды.

Энеолит немесе мыс ғасыры – осыдан 4–5 мың жыл бұрын адамдар сомтума мыстан құралдар жасауды менгерген.

Әолдық бедер – шөл аймақтарда жел суырған құмнан пайда болған бедер пішіндері: барқан, дюна, құм жалдар, т.б.

Эоплейстоцен – төрттік дәуірінің бастанапқы тарауы, ұзактығы 1,0 млн жылдай.

МАЗМУНЫ

Кіріспе	257
1. Жерде тіршілік Әлемінің дамуы	260
1.1. Тарихи геологиялық мағлұмат	260
1.2. Антропогендегі табиғи жағдай мен тіршілік әлемі....	267
1.3. Қазақстанның геологиялық тарихы	271
1.4. Қазақ даласының антропогендегі табиғи сипатты	275
2. Адамзат жарапалының табиғи шарттары	282
2.1. Биологиялық фактор.....	282
2.2. Геологиялық-географиялық жағдайлар.....	282
2.3. Экологиялық ахуал.....	285
3. Табигаттағы геологиялық-тектоникалық өзгерістер.....	286
3.1. Неоген	286
3.2. Квартер (төрттік дәүір).....	288
3.2.1. Эоплейстоцен заманы	288
3.2.2. Бастапқы плейстоцен	289
3.2.3. Ортаңғы плейстоцен	290
3.2.4. Соңғы плейстоцен	292
3.2.5. Голоцен заманы	294
3.3. Арал теңізі мен Балқаш көлінің тарихы	298
4. Қазақ даласы мен Солтүстік Еуразия арасындағы табиғи байланыс	301
4.1. Антропогеннің бастауы	301
4.2. Соңғы плейстоцен	303
4.3. Голоцен заманы	306
4.3.1. Бореалалды кезеңі	307
4.3.2. Бореал кезеңі	307
4.3.3. Атлант кезеңі	308
4.3.4. Суббореал кезеңі	309
4.3.5. Субатлант кезеңі	310
5. Алғашқы адам қоныстары	313
5.1. Палеолит	315
5.1.1. Арыстаны мәдениеті.....	315
5.1.2. Ашель мәдениеті.....	320
5.1.3. Мустье мәдениеті.....	338
5.1.4. Соңғы палеолит мәдениеті.....	349
	493

5.2. Мезолит	351
5.3. Неолит.....	352
5.4. Энеолит (мыс ғасыры)	354
5.5. Қола ғасыры.....	355
5.6. Темір ғасырының бастауы	356
6. Адамдардың таралуы мен нәсілдердің қалыптасуы.....	357
6.1. Адамдардың қоныс аударуларының табиги себептері	357
6.2. Нәсілдердің қалыптасуы	362
7. Протосақ және сақ тайпалары.....	367
7.1. Протосақ тайпалары.....	367
7.2. Сақ тайпалары	368
7.2.1. Тыссак (Тиссагет) және Жырақ (Йирк) тайпалары.....	370
7.2.2. Гиперборей тайпасы	371
7.2.3. Дай тайпасы	371
7.2.4. Сармат тайпасы	372
7.2.5. Масысак тайпасы	372
7.2.6. Арыс тайпасы.....	373
7.2.7. Асы тайпасы.....	374
7.2.8. Невр тайпасыжәне этруск-итрусақтар	376
7.2.9. Будин және Динлин тайпалары	377
7.2.10 Хансақ тайпасы.....	377
7.2.11. Ғұн тайпасы	378
7.2.12. Шығыс даласын мекендеғен сақ тайпалары....	379
8. Сақ жүздері (қауымдары) және қазактар.....	383
8.1. Ұллы жүз (ұлкен қауым)	383
8.2. Кіші жүз (кіші қауым)	385
8.3. Қазақ халқы	386
8.4. Ежелгі қазақ мемлекеттері	392
9. Ежелгі далалықтардың, сақ-қазақтардың мәдениеті	401
9.1. Әлеуметтік жағдайы	401
9.2. Кәсібі	406
9.3. Тілі.....	408
9.4. Жазуы.....	409
9.5. Діни нанымы	412
9.6. Өнері	414
9.7. Ғылымы	417

10. Шежіреден – тарихқа	422
11. Тарихи тұлғалар.....	432
11.1. Зороаташтра (Зората) пайғамбар	432
11.2. Аристей жиһангер.....	434
11.3. Анахарсис кеменгер.....	435
11.4. Мәди көсем	437
11.5. Тұмар (Томирис) ханым	438
11.6. Мәден тәніркүты	440
11.7. Үйсін көсем	441
11.8. Дәу би (Дәубаба)	443
11.9. Елсау ханби	445
11.10. Нулы би	447
11.11. Дұлы би.....	448
11.12. Майқы би	449
11.13. Аттила көсем	451
11.14. Естемес хаған	451
11.15. Қараш хан.....	453
11.16. Бәйдібек би (Байдыхан)	454
11.17. Қорқыт ата	457
12. Жер-су аттары.....	460
12.1. Лінгір (Ленгір) қаласы	462
12.2. Арыстанды	462
12.3. Арғанаты	463
12.4. Білеуті және Бұланты	463
12.5. Теректі	464
12.6. Кенгір	465
12.7. Қазығұрт	466
12.8. Чигу (Қызыл аңғардағы қала)	468
12.9. Түркібасы	469
12.10. Мыңбулақ.....	471
12.11. Қозыбасы	472
13. Ұлы Жібек жолы	481
Кортынды	485
Список литературы	491
Глоссарий	489

Әділхан Бекділдәұлы БАЙБАТША

АНТРОПОГЕНОВАЯ ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

ҚАЗАҚСТАН АНТРОПОГЕНДІК ТАРИХЫ

Редакторы *Байгулова Б.*

Корректор *Жунусова Б.*

Технический редактор *Касымжанов М.*

Верстка *Жумагалиев А.*

Подписано в печать 20.07.2011. Формат 84x108 1/32.

Гарнитура “DS Times”. Печать офсетная.

Печ.л. 31,0. Тираж 3000 экз. Заказ № 5746.

ТОО “Сөздік-Словарь”. Республика Казахстан,

г.Алматы, ул.Жандосова 7-11.

Тел: +7 (727) 274 59 23

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы

“Полиграфкомбинат” ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.